



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСІ

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Кодексі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Кодекстің қолданысқа енгізілу тәртібін 263-б. қараңыз.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

Ескертпе!

ҚР Конституциялық Сотының 08.04.2023 № 8 нормативтік қаулысын қараңыз.

ЖАЛПЫ БӨЛІК

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) абилитация – мүгедектігі бар адамдардың бойында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіптік қызметке қабілеттілікті қалыптастыруға және дамытуға бағытталған шаралар кешені;

2) адамға (отбасына) көмектің жеке жоспары (бұдан әрі – жеке жоспар) – мансап орталығы атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге жүгінген адаммен және (немесе) оның отбасы мүшелерімен бірлесіп жасаған жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) әлеуметтік бейімдеу жөніндегі іс-шаралар жоспары;

3) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

4) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер – адамның тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын негіздерді еңсеру үшін адамға (отбасына) жағдай жасауды қамтамасыз ететін және оның қоғам өміріне басқа азаматтармен бірдей қатысу мүмкіндіктерін жасауға бағытталған көрсетілетін қызметтер кешені;

5) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге арналған бағаның шектері – арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген мемлекеттік құнын қамтамасыз етуге арналған тарифтердің ең жоғары және ең төмен деңгейлері;

6) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж адам (отбасы) – осы Кодекстің 133-бабында көзделген, адамның тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, оны өз бетінше еңсере алмайтын негіздер бойынша осындай деп танылған адам (отбасы);

7) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушы – арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж деп танылған адам (отбасы);

8) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілер – арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған лицензия негізінде ұсыну жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларда жұмыспен қамтылған жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

9) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтары – жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылған және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж адамдарға (отбасыларға) стационар, жартылай стационар, уақытша болу жағдайларында және үйде арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар;

10) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары – арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынудың сапасына, көлеміне және шарттарына қойылатын ең төмен талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілер;

10-1) арнаулы әлеуметтік төлем – еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарға жүзеге асырылатын ақшалай төлемдер;

11) арнаулы жүріп-тұру құралдары – мүгедектігі бар адамның жүріп-тұруын қамтамасыз ететін техникалық көмек түрі;

12) ассистент – мансап орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультантқа және кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне консультациялар, әңгімелесулер өткізуде, сондай-ақ әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалуына мониторинг жүргізуде жәрдем көрсету жөніндегі функцияларды орындайтын жұмыскері;

13) асыраушы – өзінің асырауындағы отбасының еңбекке қабілетсіз мүшелерін өз кірісі есебінен асырайтын адам;

14) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі уәкілетті орган – республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы;

15) әлеуметтік аударымдар – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеушілер төлейтін ақша;

16) әлеуметтік аударымдар бойынша берешек – осы Кодексте белгіленген мерзімдерде есептелген және төленбеген әлеуметтік аударымдар сомалары, сондай-ақ төленбеген өсімпұл сомалары;

17) әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі – әлеуметтік аударымдар есептелетін объектінің шамасына пайыздық қатынаспен көрсетілген, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін міндетті төлемдердің тіркелген мөлшері;

18) әлеуметтік аударымдарды төлеуші (бұдан әрі – төлеуші) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын жұмыс беруші, дара кәсіпкер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалығы, жеке практикамен айналысатын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған, нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар төлеуді жүзеге асыратын салық агенттері.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 319-бабы 2-тармағы 31) тармақшасының тоғызыншы абзацына сәйкес жергілікті атқарушы органдар немесе жеке көмекшілерге материалдық пайда төлеген кезде өзге де заңды тұлғалар, сондай-ақ осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында аталған адамдар үшін әлеуметтік аударымдарды төлейтін, осы Кодекстің 102-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған интернет-платформа операторы әлеуметтік төлемдерді төлеушілер деп танылады;

19) әлеуметтік бейімделудің бұзылуы – жеке адамның әлеуметтік ортамен өзара іс-қимылының бұзылуы;

20) әлеуметтік депривация – адамның (отбасының) негізгі өмірлік қажеттіліктерін өз бетінше қанағаттандыру мүмкіндігін шектеу және (немесе) одан айыру;

21) әлеуметтік еңбек саласындағы бірыңғай ақпараттық жүйе – уәкілетті мемлекеттік органның, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың, еңбек мобильділігі орталықтарының, мансап орталықтарының, Еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған ақпараттандыру объектісі;

22) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант – мансап орталығының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауға және табысы аз адамның (отбасының) кедейлік шегінде болуға байланысты жағдайдан шығуына жәрдемдесуді жүзеге асыратын жұмыскері;

23) әлеуметтік жұмыскер – арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін және (немесе) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындауды жүзеге асыратын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін қажетті біліктілігі бар жұмыскер;

24) әлеуметтік кәсіптік бағдарлау – кәсіп таңдауда, қызмет түрін ауыстыруда және кәсіптік білімді, дағдыларды, жеке басының мүдделерін және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып біліктілігін арттыруда практикалық көмек көрсетуге бағытталған өзара байланысты іс-шаралар кешені;

25) әлеуметтік келісімшарт – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушы мен еңбек мобильділігі орталығы (мансап орталығы) арасындағы, ал осы Кодексте көзделген жағдайларда жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын ұйымдастыруға тартылған жеке немесе заңды тұлғалармен арадағы, тараптардың құқықтарын және міндеттерін айқындайтын, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы келісім;

26) әлеуметтік тәуекел – еңбекке қабілеттіліктен айырылуға және (немесе) жұмысынан айырылуға, асыраушысынан айырылуға, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға және бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылуға алып келген оқиғаның туындауы, соның нәтижесінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы не ол қайтыс болған жағдайда, оның асырауында болған отбасы мүшелері осы Кодекске сәйкес әлеуметтік төлемдерді алу құқығына ие болады;

27) әлеуметтік төлемдер – Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры әлеуметтік төлемді алушының пайдасына жүзеге асыратын төлемдер;

28) әлеуметтік төлемді алушы – әлеуметтік тәуекел жағдайы туындағанға дейін өзі үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар жүргізілген және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры оған қатысты әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы шешім шығарған жеке тұлға, ал міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы болып табылатын адам қайтыс болған жағдайда – қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелері;

29) әртараптандыру – зейнетақы активтерінен айрылу тәуекелін төмендету мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген талаптарға сәйкес оларды түрлі қаржы құралдарына орналастыру;

30) баспасөз басылымы – тізбесін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын мерзімді баспасөз басылымдары;

31) биометриялық сәйкестендіру – жеке тұлғаның физиологиялық және биологиялық өзгермейтін белгілері негізінде оның жеке басын анықтау рәсімі;

32) бос орын – жұмыс берушідегі бос жұмыс орны (лауазым);

33) біржолғы зейнетақы төлемі – осы Кодексте белгіленген тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы (зейнетақы төлемдерін алушы) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан алатын, міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары сомасы;

34) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры – зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті, сондай-ақ осы Кодексте айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын заңды тұлға;

35) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясы – инвестициялау объектілерінің тізбесін, зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің мақсаттарын, стратегияларын, қойылатын шарттары мен шектеулерін, зейнетақы активтерін хеджирлеуге және әртараптандыруға қойылатын шарттарды айқындайтын құжат;

36) бірыңғай төлемді төлеуші – "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 776-1-бабына сәйкес айқындалған салық агенті;

37) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын және "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің және жарғының негізінде депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

38) ең төмен күнкөріс деңгейі – шамасы бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс;

39) еңбек нарығы – жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысты қалыптастыратын сала;

40) еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесі – жұмыс күшіне деген болжамды сұраныс пен ұсынысты айқындауға мүмкіндік беретін, қолданылатын әдістер мен тәсілдер кешені;

41) Еңбек ресурстарын дамыту орталығы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша уәкілетті мемлекеттік органның жанынан құрылатын, еңбек нарығын ақпараттық-талдамалық жағынан сүйемелдеуді, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын, жұмыспен қамту қызметтерін әдіснамалық жағынан қолдауды, әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесін дамыту мен қолдап отыруды қамтамасыз ететін заңды тұлға;

42) еңбек мобильділігі орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын әзірлеу және іске асыру мақсатында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

43) еңбекке қабілетті адам (отбасының еңбекке қабілетті мүшесі) – бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды және (немесе) екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі белгіленуі мүмкін аурулары бар адамдарды қоспағанда, он сегіз жастан бастап осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында көзделген жасқа дейінгі адам немесе отбасы мүшесі;

44) еркін таңдап алынған жұмыспен қамту – Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың, Қазақстан Республикасында тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың еңбекке, кәсіп пен қызмет түрін таңдауға деген қабілетін еркін пайдалану арқылы өздері таңдап алған қызметі;

45) ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы негізінде ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;

46) ерікті зейнетақы жарналары – ерікті зейнетақы жарналарының салымшылары Қазақстан Республикасының заңнамасында және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта айқындалатын тәртіппен зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына өз бастамасы бойынша салатын ақша және (немесе) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударатын кепілдік берілген депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы;

47) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт – ерікті зейнетақы жарналарына, жинақтарға және зейнетақы төлемдерін алуға байланысты құқықтық қатынастарды белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы шарт, оның қойылатын шарттарын салымшы (алушы) ұсынылған шартқа тұтастай қосылу жолымен ғана қабылдайды;

48) ерікті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін төлемнің ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта айқындалатын мөлшері, оны ерікті зейнетақы жарналарының салымшысы өзі дербес айқындайды және өз қалауы бойынша өзгертуі мүмкін;

49) ерікті зейнетақы жарналарының салымшысы – ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа сәйкес зейнетақы төлемдерін алушының пайдасына ерікті зейнетақы жарналарын өзінің меншікті қаражаты есебінен жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ кепілдік берілген депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен жүзеге асыратын жеке тұлға

;

50) жалақыны субсидиялау – жұмыс берушінің субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеуге жұмсаған шығындарын толық немесе ішінара өтеу;

51) жалдамалы жұмыскер – жұмыс істелген уақыт не өндірілген тауардың бірлігі үшін не көрсетілген қызметтер үшін тәртіп пен төлемді тапсырыс беруші айқындайтын еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын не азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

52) жан басына шаққандағы орташа кіріс – отбасының жиынтық кірісінің айына отбасының әрбір мүшесіне тура келетін үлесі;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

53) тармақша 01.01.2028 бастап қолданысқа енгізіледі - осы Кодекстің 263-бабын қараңыз.

53) жасына байланысты зейнетақының ең төмен мөлшері – республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына арнап белгіленген жасына байланысты зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері;

54) жеке зейнетақы шоты – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның (зейнетақы төлемдерін алушының) міндетті зейнетақы жарналары не міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары не ерікті зейнетақы жарналары, инвестициялық кіріс, өсімпұл және өзге де түсімдер есепке алынатын және зейнетақы төлемдері жүргізілетін жеке атаулы шоты;

55) жеке көмекші – жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды бірге алып жүру және объектілерге барған кезде көмек көрсету бойынша қызметтер көрсететін адам;

56) жеке практикамен айналысатын адам – жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат және кәсіби медиатор;

57) жиынтық кіріс – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау кезінде ескерілетін кіріс түрлерінің сомасы;

58) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен агенттер меншікті қаражаты есебінен шартты зейнетақы шотына аударған ақша;

59) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі – агенттің бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төлемінің жұмыскердің кірісіне пайыздық қатынаста көрсетілген, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын мөлшері;

60) жұмыс күші – жұмыспен қамтылған және жұмыссыз халық;

61) жұмыс күшінің құрамына кірмейтін адамдар – жұмыспен қамтылған немесе жұмыссыз болып табылмайтын адамдар;

62) жұмыс орны – жұмыскердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындауы кезінде тұрақты немесе уақытша болатын орны;

63) жұмыс іздеуші адам – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін мансап орталығына жүгінген жеке тұлға;

64) жұмысқа орналастыру – халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге ықпал етуге арналған ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық іс-шаралар кешені;

65) жұмысқа орналастырудың жеке жоспары – жұмыссыздың жеке деректері, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша жоспарланатын және іске асырылатын іс-шаралар көрсетілетін құжат;

66) жұмыспен қамтудың жекеше агенттігі – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген, еңбек делдалдығын көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

67) жұмыссыз – жұмыс іздеуші және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға;

68) зейнетақы – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің және (немесе) жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және (немесе) еңбек сіңірген жылдары үшін және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдерінің және (немесе) зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру ұйымы төлейтін сақтандыру төлемдерінің жиынтығы;

69) зейнетақы активтері – зейнетақы төлемдерін, аударымдарды қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға, сондай-ақ осы Кодексте көзделген өзге де мақсаттарға арналған ақша, бағалы қағаздар, өзге де қаржы құралдары;

70) зейнетақы активтерінің инвестициялық кірісі – зейнетақы активтерін инвестициялау нәтижесінде алынған (алынуға жататын) ақша;

71) зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі – зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарының жиынтығы;

72) зейнетақы аннуитеті шарты – сақтандыру шарты, оған сәйкес бір тарап (сақтанушы) сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарының сомасын (сатып алу сомасын) беруге міндеттенеді, ал екінші тарап (сақтандыру ұйымы) сақтанушының және (немесе) сақтандырылушының сақтандырылушылардың) пайдасына өмір бойы немесе белгілі бір уақыт кезеңі ішінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға міндеттенеді;

73) зейнетақы және жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

74) зейнетақы жинақтары – шарттарға, осы Кодекске, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті

кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның (зейнетақы төлемдерін алушының) жеке зейнетақы шотында есепке алынатын, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын, инвестициялық кірісті, өсімпұлды және өзге де түсімдерді қамтитын ақшасы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

75) тармақшаның 01.01.2028 бастап қолданыста енгізілетін редакциясын осы Кодекстің 263-бабынан қараңыз.

75) зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегі – республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен зейнетақы мөлшерінен төмен емес ай сайынғы зейнетақымен қамсыздандыруға қажетті, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен әдістемеге сәйкес айқындалған, міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының ең төмен мөлшері;

76) зейнетақымен қамсыздандыру – азаматтарды зейнеткерлік жас басталған кезде зейнетақы төлемдерімен қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, экономикалық және әлеуметтік шаралар және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар жиынтығы;

77) зейнетақы төлемдері:

жасына байланысты зейнетақы төлемі – 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек өтілі бар жеке тұлғаларға еңбек өтіліне пропорционалды түрде жүзеге асырылатын ақша төлемдері;

еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемі – әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік органдардың және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға осы Кодекске сәйкес төленетін ақша төлемі;

бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемі – өздері үшін міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және (немесе) ерікті зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғаларға төленетін ақша төлемі;

сақтандыру ұйымынан төленетін зейнетақы төлемі – зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес жеке тұлғаларға сақтандыру ұйымынан төленетін ақша төлемі;

ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемі – өздері үшін ерікті зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғаларға төленетін ақша төлемі;

78) зейнетақы төлемдерін алушы – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі және (немесе) жасына байланысты зейнетақы төлемдері және (немесе) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдері және (немесе) зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру ұйымынан сақтандыру төлемдері тағайындалған жеке тұлға;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

79) тармақшаның 01.01.2028 бастап қолданыста енгізілетін редакциясын осы Кодекстің 263-бабынан қараңыз.

79) зейнетақының ең төмен мөлшері – республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген зейнетақының ең төмен мөлшері;

80) инвестициялық портфельді басқарушы – "Бағалы қағаздар рыногы туралы" және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензия негізінде өз атынан және клиенттің мүдделеріне орай және оның есебінен инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыру үшін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органының талаптарына сәйкес келетін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;

81) интернет-платформа – интернет-платформа операторы, тапсырыс беруші мен орындаушы арасындағы қызметтерді көрсету және жұмыстарды орындау бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыруға арналған интернет-ресурс;

82) кастодиан-банк – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның кастодиандық қызметке арналған лицензиясына ие екінші деңгейдегі банк;

83) кастодиандық шарт – кастодиан-банк пен оның клиенті жасасатын, кастодиандық қызмет көрсету бойынша клиентке көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәртібін айқындайтын сақтау және тапсырма беру шарты;

84) кәсіптік бағдарлау – мүгедектігі бар адамға еңбек қызметінің түрлерін таңдауда көмек көрсетуге бағытталған шаралар жүйесі;

85) кәсіптік оқыту – осы Кодексте көзделген жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары шеңберінде жаңа мамандықтарды (кәсіптерді), дағдыларды меңгеру және біліктілікті арттыру мақсатында кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды қамтитын оқыту;

86) кедейлік шегі – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін айқындау үшін өлшемшарт ретінде белгіленетін, бір адамға шаққандағы ақшалай кірістің шекті ең төмен шамасы;

87) күтім жасайтын адам – бірінші топтағы мүгедектігі бар адаммен туыстық байланысы барына қарамастан, оған тікелей күтім жасайтын жеке тұлға;

88) кірісті алмастыру коэффициенті – әлеуметтік тәуекел жағдайына қарай айқындалатын коэффициент;

88-1) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл (бұдан әрі – омбудсмен) – Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын және халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасай отырып, олардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру мақсатында өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асыратын адам;

89) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

90) қатысу өтілінің коэффициенті – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне жалпы қатысу өтіліне қарай айқындалатын коэффициент;

91) мансап орталығы – еңбек мобильділігі орталығының функцияларын аудандарда, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда, астанада орындауды жүзеге асыратын филиалы;

92) медициналық абилитация – мүгедектігі бар балалардың қалыптаспаған функциялар мен дағдыларды меңгеруіне немесе қалпына келтіруге және оларды қоғамға интеграциялауға бағытталған медициналық оңалту процесі;

93) медианалық кіріс – оған қатысты халықтың жартысында кірісі жоғары, ал халықтың жартысында кірісі төмен болатын кіріс шамасы;

94) медициналық оңалту – организмнің бұзылған және (немесе) жоғалтқан функцияларын сақтауға, ішінара немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтер кешені;

95) медициналық-әлеуметтік сараптама – мүгедектікті және (немесе) еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілеп (белгілемей), куәландырылатын адамның организмі функцияларының тұрақты бұзылуынан туындаған тыныс-тіршілігінің шектелуін бағалау, сондай-ақ оның әлеуметтік қорғау шараларын қажетсінуін айқындау;

96) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі – уәкілетті мемлекеттік органның медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізетін құрылымдық бөлімшесі;

97) медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшысы – уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын талаптарға сәйкес келетін және медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшыларының тізілімінде тұратын жеке тұлға;

98) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – атаулы әлеуметтік көмек) – жан басына шаққандағы орташа айлық кірісі облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен жеке тұлғаларға (отбасыларға) мемлекет беретін көмек;

99) мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар – азаматтарға мүгедектік туындаған және асыраушысынан айырылған кезде берілетін ақшалай төлемдер;

100) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (бұдан әрі – Қор) – әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды, асыраушысынан айырылған жағдайда, отбасы мүшелерін – асырауындағыларды қоса алғанда, өздеріне қатысты әлеуметтік тәуекел жағдайы туындаған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік төлемдерді тағайындауды және жүзеге асыруды жүргізетін, құрылтайшысы және жалғыз акционері мемлекет болып табылатын, акционерлік қоғам нысанындағы коммерциялық емес ұйым;

101) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтері (бұдан әрі – Қордың активтері) – осы Кодексте көзделген мақсаттарға арналған ақша, бағалы қағаздар, өзге де қаржы құралдары;

102) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының инвестициялық декларациясы (бұдан әрі – Қордың инвестициялық декларациясы) – Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде инвестициялау үшін мақсаттарды, стратегияны, объектілер тізбесін, Қордың активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің шарттары мен шектеулерін, Қордың активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттарын айқындайтын құжат;

103) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының инвестициялық кірісі (бұдан әрі – Қордың инвестициялық кірісі) – Қордың активтерін инвестициялау нәтижесінде алынған (алынуға жататын) ақша;

104) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі – осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толуына байланысты берілетін ай сайынғы ақшалай төлем;

105) мүгедектік – организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығының нашарлауы салдарынан адамның тыныс-тіршілігінің шектелу дәрежесі;

106) мүгедектігі бар адам – тыныс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне алып келетін, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, бұзылуларына байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам;

107) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік жағынан оңалту – мүгедектігі бар адамдардың тыныс-тіршіліктің шектелуін еңсеруіне жағдай жасауға, олардың әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіруге, әлеуметтік-тұрмыстық және ортаға бейімделуіне бағытталған шаралар кешені;

108) мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік жағынан оңалту – мүгедектігі бар адамдардың бұзылған не жоғалтқан кәсіптік дағдыларын, білімі мен машықтарын меңгеруіне немесе қалпына келтіруіне және оларды бейімдеу мен жұмысқа орналастыруға бағытталған шаралар кешені;

109) мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі – жеке бағдарлама) – мүгедектігі бар адамды абилитациядан және оңалтудан өткізудің нақты көлемін, түрлері мен мерзімдерін оның жеке қажеттіліктері негізінде белгілейтін құжат;

110) мүгедектігі бар бала – тыныс-тіршілігінің шектелуіне және әлеуметтік жағынан қорғау қажеттігіне алып келетін, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, бұзылуына байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі адам;

111) міндетті әлеуметтік сақтандыру – осы Кодексте көзделген әлеуметтік тәуекел жағдайы туындаған кезде әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру мақсатында әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген кірістің бір бөлігін өтеу үшін мемлекет ұйымдастыратын, бақылайтын және кепілдік беретін шаралар жиынтығы;

112) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі – мемлекет белгілейтін және кепілдік беретін, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің субъектілері арасындағы қатынастарды реттейтін нормалар мен қағидалар жиынтығы;

113) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне жалпы қатысу өтілі – әлеуметтік аударымдар түскен айлардың жалпы саны;

114) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы – өзі үшін әлеуметтік аударымдар төленетін және осы Кодексте көзделген әлеуметтік тәуекел жағдайлары туындаған кезде әлеуметтік төлемдерді алуға құқығы бар жеке тұлға;

115) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің субъектілері – төлеуші; міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы; алушы; Мемлекеттік корпорация; Қор; Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі; уәкілетті мемлекеттік орган; мемлекеттік кіріс органдары; еңбек мобильділігі орталығы;

116) міндетті зейнетақы жарналары – осы Кодекске сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына енгізілетін ақша;

117) міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек – осы Кодекске сәйкес белгіленген мерзімдерде есептелген, ұсталған (есепке жазылған) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылмаған міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, сондай-ақ төленбеген өсімпұл сомалары;

118) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт – міндетті зейнетақы

жарналарының салымшысы, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлға (зейнетақы төлемдерін алушы) талаптарын ұсынылған шартқа тұтастай қосылу арқылы ғана қабылдай алатын қосылу шарты;

119) міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент (бұдан әрі – агент) – Қазақстан Республикасындағы қызметін шетелдік заңды тұлғалардың тұрақты мекемесі, филиалдары, өкілдіктері арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаны қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын есептейтін, ұстап қалатын (есепке жазатын) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударатын жеке немесе заңды тұлға.

Сақтандыру ұйымы агент ретінде қарастырылады.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 776-1-бабына сәйкес айқындалған салық агенттері жұмыскерлер үшін бірыңғай төлемді есептеу (есепке жазу), аудару жөніндегі агент ретінде қаралады.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалған салық агенттері (бұдан әрі – салық агенттері) нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын жеке тұлғалар үшін міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент ретінде қарастырылады;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

119) тармақшаның бесінші абзацының 01.01.2026 бастап қолданыста енгізілетін редакциясын осы Кодекстің 263-бабынан қараңыз.

Осы Кодекстің 102-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған интернет-платформа операторы осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында аталған адамдар үшін міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент ретінде қарастырылады.

120) міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі – салымшының міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын кірісіне және (немесе) жалақыны (кірісті) жоғалтуға байланысты зиянды өтеу ретінде жүзеге асырылатын сақтандыру төлемдеріне пайыздық қатынаста көрсетілген, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін төлемнің мөлшері;

121) міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін жеке зейнетақы шоты бар жеке тұлға;

122) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары – агенттер меншікті қаражатының есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына еңбек жағдайлары зиянды

жұмыстармен айналысатын, кәсіптері жұмыскерлер өндірістерінің, жұмыстарының, кәсіптерінің тізбесінде көзделген жұмыскерлердің пайдасына аударған ақша;

123) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі – жұмыскердің міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын кірісіне пайыздық қатынаста көрсетілген, агенттің бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төлейтін төлемінің мөлшері;

124) оңалту – мүгедектігі бар адамның тұрмыстық, қоғамдық, кәсіптік және өзге қызметке қабілетін толық немесе ішінара қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешені;

124-1) өмірдегі қиын жағдай – осы Кодексте көзделген негіздер бойынша адамның тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын деп танылған, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын жағдай;

124-2) өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарға (отбасыларға) мемлекеттік органдардың құзыреті шегінде жан-жақты қолдау көрсетудің интеграцияланған моделі (бұдан әрі – интеграцияланған модель) – ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту мақсатында уәкілетті мемлекеттік органның үйлестіруімен мемлекеттік органдардың қатысуын көздейтін ұйымдастырушылық және функционалдық тәсіл;

125) тыныс-тіршіліктің шектелуі – адамның өзіне-өзі қызмет көрсету, өздігінен жүріп-тұру, бағдарлай алу, қарым-қатынас жасау, өзінің мінез-құлқын бақылау, оқу және еңбек қызметімен айналысу қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айрылуы;

126) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшасы – ұялы байланыстың абоненттік құрылғысында орнатылған және іске қосылған және интернет-платформа арқылы көрсетілетін қызметтер мен жұмыстарға қолжетімділік беретін бағдарламалық өнім;

127) протездік-ортопедиялық көмек – мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз ету жөніндегі медициналық-техникалық көмектің мамандандырылған түрі және оларды пайдалануды үйрету;

128) сақтандыру жөніндегі дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, дауыс беретін акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

129) сақтандыру ұйымы – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде "өмірді сақтандыру" саласында сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

130) сатып алу сомасы – зейнетақы аннуитеті шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде сақтанушының жаңадан жасалған зейнетақы аннуитеті шарты бойынша аударуды жүзеге асыру үшін пайдалануына немесе егер ол Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен, сақтандыру ұйымына Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету фактісін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам болса, сақтандыру ұйымынан алуға құқығы болатын ақша сомасы;

131) субсидияланатын жұмыс орны – жалақысын толық немесе ішінара субсидиялай отырып, жұмыссыздарды, сондай-ақ оқудан бос уақытта денсаулығына зиян келтірілмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысқа қатысатын студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларын жұмысқа орналастыру үшін, еңбек мобильділігі орталығымен (мансап орталығымен) шарт негізінде жұмыс беруші құратын жұмыс орны;

132) табысы аз адамдар (отбасылар) – бір айда жан басына шаққандағы орташа табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен адамдар (отбасылар);

133) тәуелсіз жұмыскер – дара кәсіпкерлерді, жеке практикамен айналысатын адамдарды, шаруашылық серіктестігінің құрылтайшыларын (қатысушыларын) және акционерлік қоғамның құрылтайшыларын, акционерлерін (қатысушыларын), өндірістік кооперативтің мүшелерін қоспағанда, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру (өткізу) жөніндегі қызметті өзі дербес, кіріс алу мақсатында, өз қызметін мемлекеттік тіркеусіз жүзеге асыратын жеке тұлға;

134) техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар:

протездік-ортопедиялық құралдар – аяқ-қолдың жоқтығын немесе дененің басқа да мүшелерін алмастыратын, аурудың немесе денсаулыққа зақым келудің салдарынан организмнің бұзылған немесе жоғалтқан функцияларының орнын толтыратын құралдар ;

сурдотехникалық құралдар – есту қабілетінің бұзылуын түзеуге және оның орнын толтыруға арналған техникалық құралдар, сондай-ақ дыбысты күшейтетін байланыс және ақпарат беру құралдары;

тифлотехникалық құралдар – мүгедектігі бар адамдардың көру қабілетінің бұзылуы салдарынан жоғалтқан мүмкіндіктерін түзеуге және олардың орнын толтыруға бағытталған құралдар;

міндетті гигиеналық құралдар – табиғи физиологиялық мұқтаждықтарды және қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған құралдар;

135) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, Қордың қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

136) уәкілетті оператор – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдеріне арналған арнаулы шоттарды ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын заңды тұлға (заңды тұлғалар), сол шоттарға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан біржолғы зейнетақы төлемдерін аударуды жүзеге асырады;

137) учаскелік комиссия – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасаған адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттеп-қарау жүргізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия;

138) үлестес тұлғалар – шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындауға және (немесе) бір-бірінің (тұлғалардың бірінің) қабылдайтын шешімдеріне ықпал етуге, оның ішінде жасалған мәміленің күшіне қарай ықпал етуге мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды және ұлттық басқарушы холдингті қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің құрамында ұлттық басқарушы холдингтің болуы тұлғаларды бір-біріне қатысты үлестес деп айқындауға негіз болып табылмайды;

139) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган – облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы бағыттарды айқындайтын жергілікті атқарушы органы;

140) халықты жұмыспен қамту – Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, жалақы немесе кіріс әкелетін, жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға байланысты еңбек қызметі;

141) халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтер аутсорсингі – еңбек мобильділігі орталықтарының көрсетілетін қызметтерді халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтер аутсорсингі туралы шарт негізінде жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктеріне беруіне бағытталған іс-шаралар кешені;

142) шарт қойылатын ақшалай көмек – табысы аз адамдардың (отбасылардың) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына және (немесе) қажет болған жағдайда әлеуметтік бейімдеу шараларына міндетті түрде қатысуы шартымен оларға ай сайынғы ақшалай төлемдер нысанында көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек түрі;

143) шартсыз ақшалай көмек – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысу мүмкіндіктері шектеулі табысы аз адамдарға (отбасыларға) ай сайынғы ақшалай төлемдер нысанында көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек түрі;

144) шартты зейнетақы міндеттемелері – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес өзге де түсімдер есебінен төленетін зейнетақы төлемдері бойынша міндеттемелері;

145) шартты зейнетақы шоты – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жеке тұлғаның атына ашылған, жұмыс берушінің келіп түскен міндетті зейнетақы жарналары және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де түсімдер туралы мәліметтер, сондай-ақ тиісті қаржы жылы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері туралы мәліметтер есепке алынатын шот;

146) ымдау тілі маманы – мүгедектігі бар адамдар үшін қандай да бір тілден дактильді әліпбиге және (немесе) ымдау тілінде сурдоаударма жасау бойынша қызмет көрсететін маман.

2. Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасының басқа да арнаулы ұғымдары мен терминдері осы Кодекстің тиісті баптарында айқындалатын мағыналарда пайдаланылады.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.12.2023 № 49-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 50-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.04.2024 № 72-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 01.07.2024 № 104-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Кодекстен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Кодекстен басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасы аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

3. Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында реттелген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасының күші қолданылмайды.

4. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына және "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізілген ерекше реттеу режимінің шеңберінде қызметті жүзеге асыратын өзге де заңды тұлғаларға осы Кодекстің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау

жөніндегі уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы Кодекске сәйкес қабылданатын нормативтік құқықтық актілерінің нормалары ерекше реттеу режимінде қойылатын шарттарда көзделген шектерде қолданылады.

5. Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы әлеуметтік қорғау туралы заңнамасының сақтандыру ұйымдарына қатысты қолданылатын ережелері Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының Қазақстан Республикасының аумағында қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде "өмірді сақтандыру" саласында сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын филиалдарына қолданылады.

6. Қазақстан Республикасының медициналық-әлеуметтік сараптама саласындағы халықты әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында реттелген құқықтық қатынастарға медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшылары көрсететін қызметтерді сатып алу бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының күші қолданылмайды.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-бап. Әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттары

Әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясат:

1) әлеуметтік қорғау саласында адам мен азаматтың тең құқықтылығы және олардың құқықтарын шектеуге жол бермеу;

2) алдын алушылық;

3) атаулылық, қолжетімділік және сараланған тәсіл;

4) мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіндегі ынтымақтастығы және ұжымдық жауапкершілігі;

5) экономикалық ресурстарды пайдаланудың ашықтығы мен әділдігі, сондай-ақ әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясат міндеттеріне мөлшерлес болу қағидаттарына негізделеді.

4-бап. Әлеуметтік қорғау саласында адам мен азаматтың тең құқықтылығы және олардың құқықтарын шектеуге жол бермеу

Әркім әлеуметтік қорғау саласында өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда тең мүмкіндіктерге ие болады. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына, денсаулық жағдайына, оның ішінде мүгедектігіне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Алдын алушылық

1. Алдын алушылық экономикалық, физиологиялық, өндірістік, демографиялық сипаттағы әлеуметтік тәуекелдерді ерте анықтауды және олардың туындауына септігін тигізетін себептер мен жағдайларды жоюды көздейді.

2. Әлеуметтік тәуекелдерді төмендету жөніндегі алдын алу шараларын мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, жұмыс берушілер, азаматтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

6-бап. Атаулылық, қолжетімділік және сараланған тәсіл

1. Әлеуметтік қорғау дербестендірілген сипатта болады және осы Кодекске сәйкес құқығы бар адамдардың жеке-дара айқындалған тобына ғана қолданылады.

2. Әлеуметтік қорғау шаралары және оларды азаматтарға ұсыну шарттары олардың еңбек үлесі, еңбекке қабілетсіздік себептері мен дәрежесі, сондай-ақ әлеуметтік қорғауды қажетсінуі ескеріле отырып, сараланған тәсіл негізінде айқындалады.

7-бап. Мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіндегі ынтымақтастығы және ұжымдық жауапкершілігі

1. Мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың әлеуметтік қорғау саласындағы ортақ жауапкершілігі өмір сапасы, әлеуметтік әл-ауқат, сондай-ақ әлеуметтік тәуекелдерді төмендету үшін жауапкершілікті тепе-тең бөлу арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік органдар, жұмыс берушілер және азаматтар әлеуметтік қамсыздандыру шараларын бюджет қаражаты, міндетті әлеуметтік сақтандыру қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қаржыландыру көздері есебінен іске асыруға бірлесіп қатысады.

8-бап. Экономикалық ресурстарды пайдаланудың ашықтығы мен әділдігі, сондай-ақ әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясат міндеттеріне мөлшерлестігі

1. Мемлекеттік органдардың әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде экономикалық ресурстарды пайдалану жөніндегі қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде жария және ашық болуға тиіс.

2. Мемлекеттік органдар әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру кезінде мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіндегі мүдделерінің әділ теңгерімін, сондай-ақ экономикалық ресурстар мен әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясат міндеттерінің мөлшерлес болуын қамтамасыз етеді.

2-тарау. АДАМДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ

9-бап. Ең төмен әлеуметтік стандарттар және адамдардың әлеуметтік саладағы құқықтары

1. Еңбек, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, отбасы және балалар, денсаулық сақтау, мәдениет, дене шынықтыру және спорт салаларында ең төмен әлеуметтік стандарттармен қамтамасыз ету, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету "Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Алып тасталды – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-бап. Әлеуметтік қорғалу құқығы

1. Осы Кодексте белгіленген жағдайлар туындаған кезде адамдарға (отбасыларға) әлеуметтік қорғау:

- 1) балалы отбасыларды әлеуметтік қорғау;
- 2) жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету шаралары, сондай-ақ міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысқан жағдайда жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер;
- 3) жан басына шаққандағы орташа кірісі кедейлік шегінен аспайтын адамдарға (отбасыларға) атаулы әлеуметтік көмек;
- 4) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынылуға мұқтаж деп танылған адамдарға (отбасыларға) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;
- 5) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау;
- 6) осы Кодекске және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу арқылы азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек;
- 6-1) еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау;
- 7) зейнетақымен қамсыздандыру;
- 8) асыраушысынан айырылған адамдарды әлеуметтік қорғау;
- 9) жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алушы немесе мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушы қайтыс болған жағдайда оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға жерлеуге арналған біржолғы төлем түрінде беріледі.

2. Осы бапта көзделген құқықтар осы Кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген тәртіппен және шарттарда іске асырылады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.12.2023 № 49-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-1-бап. Омбудсменнің құзыреті

1. Халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз ету мақсатында омбудсмен:

1) халықтың әлеуметтік осал санаттары құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына қатысты жолданымдарды және орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарайды;

2) халықтың әлеуметтік осал санаттарының бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру бойынша жәрдем көрсетеді;

3) халықтың әлеуметтік осал санаттары құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктері бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне жібереді;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметіне және өзге де мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарына, өзге де ұйымдар мен лауазымды адамдарға халықтың әлеуметтік осал санаттары құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуының профилактикасына бағытталған шараларға қатысты ұсынымдар мен ұсыныстар береді;

5) мемлекеттік құпияларды және Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, жолданымдарды қарау үшін қажетті халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін қозғайтын ақпаратты, құжаттар мен материалдарды мемлекеттік органдардан, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары мен ұйымдардан сұратады және алады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Халықтың әлеуметтік осал санаттарына осы Кодекс шеңберінде әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер алатын адамдар жатады.

Ескерту. 10-1-баппен толықтырылды – ҚР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ

11-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қордың комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын белгілейді;

2) еңбекке қабілеттіліктен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін арттыру туралы шешім қабылдайды;

3) Қордың активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізбесі мен лимиттерін айқындайды;

4) Қордың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен лимиттерді белгілейді;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекітеді;

6) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;

7) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;

8) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін айқындау және оны жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

9) судья теріс себептер бойынша лауазымнан босатылған жағдайда, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары, судьялар үшін қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын алып қою және бюджетке аудару қағидаларын бекітеді;

10) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларын, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін, алушының орташа айлық кірісін зейнетақы төлемдерімен алмастыру коэффициентін айқындау әдістемесін, зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесін бекітеді;

11) әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасының 50 пайызын қайтару қағидаларын бекітеді;

12) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне жеңілдіктерді сақтау қағидаларын бекітеді;

13) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

14) зейнетақы төлемдерін алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы бойынша мемлекет кепілдіктерін инфляцияның деңгейін ескере отырып, орындау қағидаларын бекітеді;

15) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын құру, қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімдер қабылдайды;

16) мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін бағалау тәртібін бекітеді;

17) әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекітеді.

12-бап. Уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті

Уәкілетті мемлекеттік орган:

1) медициналық-әлеуметтік сараптаманы және мүгедектігі бар адамдарды оңалтуды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жалпы қағидағтарын белгілейді;

2) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады, сондай-ақ оның жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

3) Қордың комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шамасын жыл сайын, бірақ жылына екі реттен асырмай белгілейді;

3-1) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерге арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған лицензияны береді;

4) мыналарды:

бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларын, зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін, алушының орташа айлық кірісін зейнетақы төлемдерімен алмастыру коэффициентін айқындау әдістемесін, зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесін;

міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидаларын;

зейнетақы төлемдерін алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы бойынша мемлекет кепілдіктерін инфляция деңгейін ескере отырып, орындау қағидаларын;

мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктерін бағалау тәртібін;

әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын;

әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасынан 50 пайызын қайтару қағидаларын;

міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін;

жасына байланысты зейнетақы төлемдерін бір жарым есе мөлшерде тағайындауға еңбек өтілін жеңілдікпен есептеу үшін сот-медициналық сараптаманы және патологиялық-анатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын ұйымдардағы жұмыстардың тізбесін;

толық маусым ішіндегі жұмыс жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін бір жылғы жұмыс өтіліне есепке алынатын өнеркәсіптің маусымдық салаларының тізімін;

Қордың активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізбесі мен лимиттерін;

Қордың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен лимиттерді;

Қордың комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын белгілеу туралы ұсынысты;

еңбекке қабілеттіліктен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру туралы ұсынысты әзірлейді;

4-1) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекітеді;

5) мыналарды:

атаулы әлеуметтік көмек саласындағы есептілік құжаттама нысандарын;

тексеру парақтарының нысандарын, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын;

мүгедектігі бар адамдарға арналған жұмыс орнының стандарттарын;

халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандарттарын;

бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін халықты жұмыспен қамту саласындағы қызметтерге тарифтерді қалыптастыру әдістемесін және тарифтердің шекті деңгейін;

жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын;

халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтердің аутсорсингін ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын;

халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтердің аутсорсингіне қатысуға үміткер жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктеріне қойылатын біліктілік талаптарын;

халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтердің аутсорсингі шеңберінде ұсынылатын көрсетілетін қызметтердің тізбесін;

атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық кірісін есептеу қағидаларын;

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарының жасына байланысты, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды пайдалану қағидаларын;

Қордың комиссиялық сыйақы алу қағидаларын;

әлеуметтік аударымдарды есептеу мен Қорға төлеу және олар бойынша өндіріп алу қағидаларын;

артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды қайтаруды жүзеге асырудың қағидалары мен жағдайларын;

міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат беру қағидаларын;

атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын;

мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларын;

мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес есту қабілетіне байланысты мүгедектігі бар адамдарға ымдау тілі маманының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидалары;

мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидаларын;

мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға санаторийлік-курорттық емдеуді ұсыну қағидаларын;

медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын;

тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы мүгедектігі бар адамдарға өткізу кезінде олардың құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу қағидаларын;

тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді берушілерді әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеу немесе оларды тіркеуден шығару, сондай-ақ, тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталына жіберу қағидаларын;

мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышын;

мүгедектігі бар адамдар әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы сатып алатын тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің құнын өтеу ретінде ұсынылатын кепілдік берілген соманы айқындау әдістемесін;

білім беру және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау қағидаларын;

халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қаржыландыру және мониторингтеу қағидаларын;

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларын;

халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мамандарға біліктілік санатын беру туралы куәлікті беру және кері қайтарып алу қағидаларын, мерзімдерін;

арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін;

білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әлеуметтік жұмыскерлерді аттестаттау қағидаларын;

әлеуметтік жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптарын;
ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша отбасының (адамның) әлеуметтік саламаттылығын айқындау әдістемесін;
арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесін;
еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер меншікті қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асыратын жұмыскерлер өндірістерінің, жұмыстарының, кәсіптерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

б) мыналарды:

арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен, денсаулық сақтау, білім беру саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасауды;

өз құзыреті шегінде Мемлекеттік корпорацияның қызметін тексеруді;

Қордың қаржылық орнықтылығын талдауды, бағалауды және бақылауды;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен Қордың қызметін ішкі бақылауды жүзеге асырады;

7) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді қолдана отырып электрондық қызметтерді көрсетеді;

8) Қазақстан Республикасындағы кедейлік шегінің мөлшерін айқындайды;

9) әлеуметтік қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

9-1) медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен үйлестіруді жүзеге асырады;

10) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.04.2024 № 72-VIII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

13-бап. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган:

1) халықтың саламатты өмір салтын қалыптастыру және мүгедектіктің профилактикасы саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді және іске асырады;

2) уәкілетті мемлекеттік органмен және білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын әзірлейді және бекітеді;

3) мыналарды:

арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну саласында бақылауды;

арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен, уәкілетті мемлекеттік органмен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

4) өз құзыреті шегінде әлеуметтік қорғау саласындағы нормативтік құқтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

5) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

14-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Білім беру саласындағы уәкілетті орган:

1) мүгедектігі бар адамдардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім алуын қамтамасыз етеді;

2) білім беру саласында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

3) білім беру және балалардың құқықтарын қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын әзірлейді және бекітеді;

4) мыналарды:

арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну саласындағы бақылауды;

арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен, уәкілетті мемлекеттік органмен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

5) өз құзыреті шегінде әлеуметтік қорғау саласындағы нормативтік құқтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

6) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

15-бап. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның құзыреті

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган:

1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау бөлігінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

3) зейнетақы жинақтарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан бірыңғай

жинақтаушы зейнетақы қорына, сондай-ақ бір ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына аудару қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының комиссиялық сыйақы алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

5) зейнетақы аннуитетінің үлгілік шартын әзірлейді және бекітеді, зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан төленетін сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесін белгілейді;

6) сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу және зейнетақы аннуитеті шарты бойынша зейнетақы жинақтарын (сатып алу сомасын) сақтандыру ұйымына, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

7) осы Кодекстің 37-бабына сәйкес зейнетақы активтері сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін инвестициялық портфельді басқарушыға қойылатын талаптарды, сондай-ақ осы зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін әзірлейді және бекітеді;

8) зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыру үшін уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін инвестициялық портфельді басқарушылардың тізілімін жүргізеді және өзінің интернет-ресурсында орналастырады;

9) зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру және зейнетақы активтерін бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру қағидалары мен мерзімдерін әзірлейді және бекітеді;

10) инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналды кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең төмен мәні арасындағы теріс айырманы есептеу қағидаларын, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушының теріс айырманы өз капиталы есебінен өтеу қағидалары мен мерзімдерін әзірлейді және бекітеді;

11) өз құзыреті шегінде әлеуметтік қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

11-1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтар мен нысаналы активтерді есепке алуды жүргізуі тәртібін бақылауды жүзеге асырады;

12) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.11.2023 № 40-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. Еңбек ресурстарын дамыту орталығының құзыреті

Еңбек ресурстарын дамыту орталығы:

1) уәкілетті мемлекеттік органға:

еңбек нарығының жай-күйін бағалау, жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысты болжау;

халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын іске асыру барысын мониторингтеу және оларды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды бағалау мен тұжырымдау;

азаматтарды әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту, еңбек көші-қоны мәселелері бойынша ведомстволық және әкімшілік статистикалық есептілікті жинауды ұйымдастыру;

Электрондық еңбек биржасы арқылы жұмыссыздарды кәсіптік оқыту үшін оқыту курстарын алу;

жергілікті атқарушы органдардың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелерін үйлестіруді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерін, сондай-ақ жұмыспен қамту және атаулы әлеуметтік көмек мәселелері жөніндегі еңбек мобильділігі орталықтарын (мансап орталықтарын) әдіснамалық жағынан қолдау;

мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ақпараттық, консультациялық, әдістемелік жағынан қолдау көрсету және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында қызметті берушілер мәлімдеген оналтудың техникалық құралдары мен қызметтерінің бағаларына талдау жүргізу;

Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша ақпараттық, консультациялық, әдістемелік жағынан қолдау көрсету;

кәсіптік стандарттарды сараптау;

зейнетақы жүйесіне, міндетті әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне қатысушыларға, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға және жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік көмекті алушыларға, арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны, зейнеткерлік алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін, жұмыс берушінің қаражаты есебінен кәсіптік төлемді алушыларға проактивті және электрондық мемлекеттік қызметтер көрсету тетіктерін дамыту;

жинақтаушы зейнетақы жүйесіне, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушылардың, бірыңғай жиынтық төлем және бірыңғай төлем төлеушілердің дербестендірілген дерекқорын қалыптастыру, сүйемелдеу және дамыту бойынша қызметтерді көрсетуді;

2) жергілікті атқарушы органдар мен еңбек мобильділігі орталықтары (мансап орталықтары) мамандарының біліктілігін арттыруды;

3) "Электрондық еңбек биржасы" жұмыспен қамтудың бірыңғай цифрлық платформасын дамыту жөніндегі жобаларды сүйемелдеуді, оған жүйелік-техникалық жағынан қызмет көрсетуді және басқаруды;

4) даму бойынша жобаларды сүйемелдеуді, басқаруды, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді және әлеуметтік-еңбек саласы ақпараттандыру объектілерінің қолжетімділігін бақылауды, телекоммуникацияның бағдарламалық-аппараттық құралдары мен желілерінің үздіксіз жұмыс істеуін және оларға жүйелік-техникалық жағынан қызмет көрсетуді, өзге ақпараттандыру объектілерімен интеграциялауды ұйымдастыруды, сондай-ақ әлеуметтік-еңбек саласының деректерін талдау мен өңдеуді ;

5) уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен және жағдайларда әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің отбасы мүшелерін, сондай-ақ олардың асырауындағы, еңбек қызметін жүзеге асырмайтын адамдарды жұмыссыз ретінде тіркеуді және есептен шығаруды;

6) Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, жеке және заңды тұлғаларға әлеуметтік-еңбек саласындағы ақпараттық және консультациялық көрсетілетін қызметтерді ұсынуды;

7) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.12.2023 № 49-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Мемлекеттік корпорацияның құзыреті

1. Мемлекеттік корпорация мемлекеттік монополияға жататын мынадай қызмет түрлерін:

1) уәкілетті мемлекеттік органмен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, жәрдемақыларды, біржолғы, әлеуметтік және өзге де төлемдерді тағайындауға, тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарауға, тоқтата тұруға, тоқтатуға, қайта бастауға және қайта есептеуге, арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы төлемдерін аударуға, тоқтата тұруға, қайта бастауға және тоқтатуға, зейнеткерлік алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін, жұмыс берушінің қаражаты есебінен кәсіптік төлемді аударуға немесе қайтаруға арналған құжаттарды қабылдау, істер макеттерін қалыптастыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасуды;

2) автоматтандырылған орталықтандырылған дерекқорды толықтыру мен жаңартуды және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, зейнетақы төлемдерін,

жәрдемақыларды, біржолғы әлеуметтік төлемдерді және өзге де төлемдерді алушылардың дербестендірілген есебін;

3) әлеуметтік қамсыздандыру, міндетті әлеуметтік сақтандыру салаларындағы ақпараттық жүйелердің деректерін толықтыру мен жаңартуды;

4) уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерінде өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғалардың және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алушылардың деректерін толықтыру мен жаңартуды;

5) міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және (немесе) өсімпұлдың дербестендірілген есебін жүзеге асыруды;

6) зейнетақы төлемдерінің, жәрдемақылардың, біржолғы және өзге де төлемдердің ай сайынғы қажеттілігін, оларды төлеуді жүзеге асыру графиктерін қалыптастыруды және уәкілетті мемлекеттік органға бюджет қаражатына қажеттілік туралы өтінім жіберуді;

7) әлеуметтік төлемдердің ай сайынғы қажеттілігін және оны жүзеге асыру графигін қалыптастыруды, Қорға қаражат қажеттілігі туралы өтінім жіберуді;

8) атаулы әлеуметтік көмектің, өзге де төлемдердің ай сайынғы қажеттілігін, оларды жүзеге асыру графиктерін қалыптастыруды және уәкілетті мемлекеттік органға бюджет қаражатына қажеттілік туралы өтінім жіберуді;

9) Мемлекеттік корпорацияның шотына аударылған және Мемлекеттік корпорациядан агентке қайтарылған міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының және (немесе) олар жөніндегі өсімпұлдың сомалары бойынша агенттердің төлем құжаттарының тізілімдерін қалыптастыруды және салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға ұсынуды;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін, жәрдемақы төлемдерін, біржолғы және өзге де төлемдерді ұйымдастыруды және жүзеге асыруды;

11) Қордың қаражатынан төленетін әлеуметтік төлемдерді ұйымдастыруды;

12) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қаражатынан төленетін зейнетақы төлемдерін ұйымдастыруды және жүзеге асыруды;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек пен өзге де төлемдерді төлеуді жүзеге асыруды;

14) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушыларға қосымша белгіленген,

бюджет қаражаты есебінен субсидияланатын міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуды;

15) зейнетақы жарналарын және (немесе) олар бойынша өсімпұлды есепке алу, аудару, қайтару мәселелері бойынша агенттермен, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен өзара іс-қимыл жасауды;

16) зейнетақы төлемдерін есепке алу, аудару, қайтару, тоқтату мәселелері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен өзара іс-қимыл жасауды;

17) инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманың мөлшерін айқындауды;

18) агенттерден түсетін міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуды;

19) Қордың қаражаты есебінен төленетін әлеуметтік төлемдерден ұсталған міндетті зейнетақы жарналарын ұйымдастыруды және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуды;

20) зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы ақпараттық жүйелерден алынған ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органға және оның ведомстволарына беруді;

21) деректемелерінде қате жіберілген тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарын агентке қайтаруды;

22) агентке және (немесе) Мемлекеттік корпорацияға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан оның өтініші бойынша міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарды қайтаруды;

22-1) уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен және жағдайларда, осы Кодекстің 102-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған интернет-платформа операторы төлеген сомаларды бөлуді және Қорға, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және төлеушінің тұрған жері бойынша тиісті бюджетке аударуды;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

22-2) тармақшаның 01.01.2026 бастап қолданыста енгізілетін редакциясын осы Кодекстің 263-бабынан қараңыз.

22-2) уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен және жағдайларда, әлеуметтік аударымдардың, міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) оларды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың қате (артық) төленген сомаларын осы Кодекстің 102-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған интернет-платформа операторына қайтаруды жүзеге асыруды;

23) 01.01.2024 дейін қолданыста болды - осы Кодекстің 263-бабымен.

24) 01.01.2024 дейін қолданыста болды - осы Кодекстің 263-бабымен.

25) 01.01.2024 дейін қолданыста болды - осы Кодекстің 263-бабымен.

26) 01.01.2024 дейін қолданыста болды - осы Кодекстің 263-бабымен.

27) зейнетақы жинақтарының құпиясын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Мемлекеттік корпорация қызметінің түрлері бойынша жеке және заңды тұлғаларға ақпараттық қызметтер ұсынуды;

28) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларды, олардың әлеуметтік аударымдары мен әлеуметтік төлемдерін дербестендірілген есепке алуды;

29) төлеушілерден түскен әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды аударуды, олардан ұсталған әлеуметтік төлемдер мен міндетті зейнетақы жарналарының артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларын олар Мемлекеттік корпорацияның шотына түскен күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей, Қорға қайтаруды;

30) уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен және жағдайларда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы үшін төленген әлеуметтік аударымдардың сомасын төлеушіге қайтаруды;

31) уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен және жағдайларда Қор қаражаты Мемлекеттік корпорацияның шотына түскен күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей төлеушілерге әлеуметтік аударымдардың және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдың артық (қате) төленген сомаларын қайтаруды қамтамасыз етуді;

32) мемлекеттік кіріс органына төлеушілердің келіп түскен және қайтарылған әлеуметтік аударымдарының тізілімдерін ұсынуды;

33) уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен төлеушілерге – әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы, сондай-ақ міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға тағайындалған әлеуметтік төлемнің сомасы туралы не оны тағайындаудан бас тарту туралы ақпарат беруді;

34) уәкілетті мемлекеттік органға статистикалық және өзге есептік ақпаратты беруді жүзеге асырады;

35) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік корпорация:

әлеуметтік аударымдарды және әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдарды;

әлеуметтік аударымдардың және олар бойынша өсімпұлдардың артық (қате) төленген сомаларын қайтаруды;

әлеуметтік төлемдерді және олардан ұсталатын міндетті зейнетақы жарналарын;

әлеуметтік төлемдердің және олардан ұсталған міндетті зейнетақы жарналарының артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларын қайтаруды есепке алу және аудару мәселелері бойынша Қормен өзара іс-қимыл жасайды және ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

2-1. Мемлекеттік корпорация зейнеткерлік алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін есепке алу және аудару мәселелері бойынша сақтандыру ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасайды және ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік корпорацияның осы Кодексте көзделген қызметтерді көрсеткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражатын алуға құқығы бар.

Мемлекеттік корпорация өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын орталық мемлекеттік органдар арасынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалатын уәкілетті мемлекеттік орган уәкілетті мемлекеттік органмен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша белгілейді.

4. Мемлекеттік корпорация:

1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, жәрдемақыларды, әлеуметтік және өзге де төлемдерді тағайындауға, тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарауға, қайта есептеуге, тоқтата тұруға, қайта бастауға, тоқтатуға қажетті құжаттарды қабылдауды және олардың толықтығын тексеруді жүзеге асыруға, тағайындауға арналған іс макеттерін қалыптастыруға және оларды уәкілетті мемлекеттік органға, Қорға беруге;

2) алушыны әлеуметтік төлемдердің артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларын қайтару қажеттігі туралы хабардар етуге;

3) жүгінген адамдарға қызмет көрсетудің тең жағдайларын қамтамасыз етуге;

4) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін, жәрдемақыларды, әлеуметтік және өзге де төлемдерді алушыларға уақтылы және толық аударуды қамтамасыз етуге;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа да, әлеуметтік аударымдардың, әлеуметтік төлемдердің жұмыс берушінің қаражаты есебінен кәсіптік төлемнің, зейнеткерлік алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемінің жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

6) Қордың шешімі негізінде әлеуметтік төлемді жүзеге асыруға, тоқтата тұруға, қайта бастауға және тоқтатуға;

7) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпарат беруге;

8) міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша қажетті түсіндірмелер беруге;

9) әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған электрондық іс макетін қалыптастыру кезінде сот актілері мен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының актілері негізінде заңсыз деп танылған, бұрын әлеуметтік төлемдердің мөлшерін айқындау кезінде ескерілген кезең үшін төленген кірістен түскен әлеуметтік аударымдардың сомаларын есепке алмауға міндетті.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 21.12.2023 № 49-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 01.07.2024 № 104-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

18-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын:

1) облыстағы және республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысты талдау, болжау және уәкілетті мемлекеттік органға хабарлау;

2) өңірлік жұмыспен қамту карталарын бекіту және іске асыру;

3) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ететін іс-шараларды өткізу;

4) жұмыс орындарының босау және қысқару тәуекелдері бар ұйымдарды мониторингтеу;

5) кәсіпкерлік бастаманы дамыту арқылы жұмыс орындарын құруды қолдау;

6) жұмыссыздарға, жұмыс іздеуші адамдарға әлеуметтік көмек көрсетуді мониторингтеу;

7) мүгедектігі бар адамдар үшін ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызына дейінгі мөлшерде жұмыс орындарына квота белгілеу;

8) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) және өңірлік комиссиялар туралы ережелерді бекіту;

9) ұлттық жобалар, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарлары, өңірлік жұмыспен қамту карталары шеңберінде жұмыс орындарының құрылуын мониторингтеуді жүзеге асыру;

10) жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуына арналған елді мекендердің тізбесін бекіту;

11) еңбек мобильділігі орталығының басшысын лауазымға тағайындау және лауазымнан босату;

12) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

13) өздерінің қарауындағы арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді құру және олардың қызметі;

14) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілердің арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынуы;

15) халықтың арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілігіне талдау жүргізу;

16) халықтың арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілігіне статистикалық талдау, болжау жүргізуді қамтамасыз ету;

17) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді кадрмен қамтамасыз етуді, әлеуметтік жұмыскерлерді кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

18) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жүйесін дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

19) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілгеннен тыс көлемінің тізбесін және оларды ұсыну тәртібін әзірлеу және облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) жергілікті өкілді органдарына бекітуге ұсыну;

20) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру;

21) мүгедектігі бар адамдарды оңалтуды жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарды құру;

22) мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша әлеуметтік қорғау шараларын ұсыну;

23) мүгедектігі бар адамдарды оңалтуды жүзеге асыратын ұйымдарды құруға ықпал ету;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оқытуды (қайта оқытуды) ұйымдастыру;

25) мүгедектігі бар адамдарды оңалту жөніндегі мамандарды, оның ішінде ымдау тілі мамандарын, Брайльдің бедерлі-нүктелік қарпімен оқу және жазу жөніндегі мамандарды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

26) осы Кодекске сәйкес тиісті аумақта медициналық, әлеуметтік, кәсіптік оңалтудың орындалуын ұйымдастыру;

27) мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар балаларды жеке бағдарламаға сәйкес санаторийлік-курорттық емдеуді қамтамасыз ету;

28) мүгедектігі бар адамдарды жеке бағдарламаға сәйкес техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету;

29) мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы ұсынылатын тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді берушілер мәлімдеген олардың сипаттамаларының мүгедектігі бар адамдарға ұсынылатын техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышына сәйкестігін мониторингтеу;

30) мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мәдени, ағарту және өзге де іс-шараларын ұйымдастыру;

31) мүгедектігі бар адамдарға қайырымдылық және әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіру;

32) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы өңірлік үйлестіру кеңесінің қызметін қамтамасыз ету;

33) мыналарды:

денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің ұсынылуына мониторинг жүргізуді;

халықтың денсаулық сақтау саласындағы арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілігіне талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

34) денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну аясында денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

34-1) өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) мемлекеттік органдардың құзыреті шегінде жан-жақты қолдаумен қамту жөніндегі жұмысты уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен үйлестіру;

34-2) уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізу;

35) Қазақстан Республикасының заңнамасында облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру арқылы қамтамасыз етеді.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.04.2024 № 72-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-бап. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

1. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын:

1) аудандардағы (облыстық маңызы бар қалалардағы) жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысты талдау, болжау және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органына хабарлау;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары бойынша ұсыныстар енгізу;

3) өңірлік жұмыспен қамту картасын және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру;

4) ұлттық жобалар, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарлары, өңірлік жұмыспен қамту картасы шеңберінде жұмыс орындарының құрылуын мониторингтеуді жүзеге асыру;

5) кәсіпкерлік бастаманы дамыту арқылы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыс орындарын құруды қолдау;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына жұмыс күшінің мобильділігін арттыру мақсатында адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы үшін елді мекендерді айқындау бойынша ұсыныстар енгізу;

7) жұмыс орындарының босау және қысқару тәуекелдері бар ұйымдарды мониторингтеуді жүзеге асыру;

8) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ету мақсатында еңбек мобильділігі орталықтарымен өзара іс-қимыл жасау;

9) өздерінің қарауындағы арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді құру және олардың қызметі;

10) арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсынатын субъектілердің арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынуы;

11) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді кадрмен қамтамасыз етуді, әлеуметтік жұмыскерлерді кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

12) халықтың арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттіліктеріне талдау жүргізу;

13) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі

көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру;

14) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жүйесін дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

15) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

16) мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көмек көрсету және қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіру;

17) мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар балаларды жеке бағдарламаға сәйкес санаторийлік-курорттық емдеуді қамтамасыз ету;

18) мүгедектігі бар адамдарды жеке бағдарламаға сәйкес техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету;

19) жеке бағдарламаға сәйкес жүріп-тұруы қиын, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының көрсетілетін қызметтерімен қамтамасыз ету;

20) мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша әлеуметтік көмек шараларын ұсыну;

20-1) өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) мемлекеттік органдардың құзыреті шегінде жан-жақты қолдаумен қамту жөніндегі жұмысты үйлестіру;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру арқылы қамтамасыз етеді.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.04.2024 № 72-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-бап. Еңбек мобильділігі орталығының құзыреті

1. Еңбек мобильділігі орталығы:

1) жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысты талдайды, болжайды, халыққа, жергілікті атқарушы органдарға және Еңбек ресурстарын дамыту орталығына облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың еңбек нарығының жай-күйі туралы хабарлайды;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органына жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары жөніндегі ұсыныстарды және өңірлік жұмыспен қамту картасының жобасын енгізеді;

3) ұлттық жобалар, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарлары, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өңірлік жұмыспен қамту картасы шеңберінде жұмыс орындарының құрылуын есепке алуды жүзеге асырады;

4) жергілікті атқарушы органдардың білім беру мәселелері жөніндегі құрылымдық бөлімшелерінен, білім беру ұйымдарынан, кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын, білім беру қызметіне құқығы бар ұйымдар жанындағы оқу орталықтарынан түлектердің жұмысқа орналасуы туралы мәліметтерді, оқыту жүргізілетін кәсіптер (мамандықтар) туралы, нақты кәсіптер (мамандықтар) бойынша даярланған және даярлануы мен бітіруі жоспарланған мамандардың саны туралы ақпаратты сұратады;

5) жұмыс берушілерден жұмыс күшіне деген болжамды қажеттілік туралы ақпаратты сұратады;

6) жұмыс берушілер Электрондық еңбек биржасында орналастыратын, ұлттық жобалар мен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың даму жоспарлары, сондай-ақ жеке сектордың бастамалары шеңберінде іске асырылатын жобалардағы ағымдағы бос орындар мен құрылатын жұмыс орындарының болжамы туралы бос жұмыс орындарының есебін жүргізеді;

7) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыруды жүзеге асырады;

8) атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу мәселелері бойынша аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

9) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орындарын құру бойынша жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жасайды;

10) уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтерге аутсорсингті жүзеге асырады;

11) халықты жұмыспен қамту саласында көрсетілетін қызметтердің аутсорсингі туралы шарттың іске асырылу барысын мониторингтеуді және бақылауды жүзеге асырады;

12) жұмыс іздеуші және жұмыссыздар ретінде жүгінген адамдарды тіркейді;

13) мансап орталықтары жұмыскерлерінің кәсіби тұрғыдан дамуы мен біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;

14) осы Кодекске және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын көрсетеді.

2. Еңбек мобильділігі орталығы өз функцияларын аудандарда, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда, астанада филиалдар түрінде құрылатын мансап орталықтары арқылы жүзеге асырады.

Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларымен қамтуды қамтамасыз ету үшін еңбек мобильділігі орталығы мобильді (жылжымалы) мансап орталықтарын құрады.

3. Еңбек мобильділігі орталығы өз функцияларын іске асыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, оның ішінде Электрондық еңбек биржасын пайдаланады.

Еңбек мобильділігі орталығы жүгінген адамдарға өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтарында Электрондық еңбек биржасына тегін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

4. Еңбек мобильділігі орталықтарының қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

21-бап. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия

1. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында жергілікті атқарушы орган халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияны (бұдан әрі – өңірлік комиссия) құрады.

2. Өңірлік комиссия облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейіндегі аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өңірлік кәсіпкерлер палаталарының, өзге де мүдделі мемлекеттік органдардың және басқа да ұйымдардың өкілдерінен жасақталады.

3. Өңірлік комиссия облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) аумағында орналасқан мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың халықты жұмыспен қамту бөлігінде облыстың даму жоспарын, өңірлік жұмыспен қамту және әлеуметтік көмек картасын іске асыру мәселелері бойынша қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

4. Өңірлік комиссияның қызметі облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын тиімді түрде іске асыруды қамтамасыз етуге және оларды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдауға бағытталған.

22-бап. Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) комиссия

1 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында жергілікті атқарушы орган халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) комиссияны (бұдан әрі – аудандық (қалалық) комиссия) құрады.

2. Аудандық (қалалық) комиссия ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының, аудан, қала деңгейіндегі аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің және тиісті облыстардың, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аудандарындағы өңірлік кәсіпкерлер палаталары

филиалдарының, өзге де мүдделі мемлекеттік органдардың және басқа да ұйымдардың өкілдерінен жасақталады.

3. Аудандық (қалалық) комиссия ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында орналасқан мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің халықты жұмыспен қамту бөлігінде облыстың даму жоспарын, өңірлік жұмыспен қамту және әлеуметтік көмек картасын іске асыру мәселелері бойынша қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

4. Аудандық (қалалық) комиссияның қызметі ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын тиімді түрде іске асыруды қамтамасыз етуге және оларды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдауға бағытталған.

23-бап. Электрондық еңбек биржасы

1. Электрондық еңбек биржасы – осы Кодекске сәйкес жұмыс іздеуді және персоналды іріктеуге жәрдемдесуді, жұмыспен қамту саласында электрондық және проактивті форматта қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін, жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілерге арналған жұмыспен қамтудың бірыңғай цифрлық платформасын білдіретін ақпараттандыру объектісі.

2. Электрондық еңбек биржасын қолдап отыруды және оған жүйелі-техникалық қызмет көрсетуді Еңбек ресурстарын дамыту орталығы жүзеге асырады.

24-бап. Отбасының цифрлық картасы

1. Отбасының цифрлық картасы – "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасында іске асырылған, отбасылардың (адамдардың) тізімдерін олардың әлеуметтік саламаттылығының деңгейі бойынша қалыптастыруға және сегменттеуге мүмкіндік беретін талдамалық шешім.

2. Отбасының цифрлық картасының мәліметтері осы Кодекске және (немесе) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әлеуметтік қорғау шараларына әлеуетті мұқтаж адамдарды (отбасыларды) айқындау, оның ішінде мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың проактивті мемлекеттік қызметтер көрсетуі үшін негіз болып табылады.

3. Отбасының (адамның) әлеуметтік саламаттылығын айқындау әдістемесін ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті мемлекеттік орган әзірлейді және бекітеді.

2-БӨЛІМ. ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ СУБЪЕКТІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

4-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

25-бап. Қордың қызметі

Қор өз қызметін Қордың комиссиялық сыйақысы есебінен жүзеге асырады.

Қордың комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шамасын уәкілетті мемлекеттік орган жыл сайын, бірақ жылына екі реттен асырмай белгілейді.

Қордың комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын уәкілетті мемлекеттік органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қордың комиссиялық сыйақысы уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін тәртіппен, келіп түскен әлеуметтік аударымдардан, әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдан, инвестициялық кірістен алынады.

Қордың меншікті қаражаты Қордың жарғылық капиталынан, комиссиялық сыйақыдан қалыптастырылады және тұрады.

Қор мынадай қызмет түрлерін:

- 1) әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды;
- 2) әлеуметтік аударымдардың, әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың, артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлды қайтарудың, сондай-ақ инвестициялық кірістің есебін жүргізуді;
- 3) осы Кодексте көзделген тәртіппен әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеуді (айқындауды), оларды тағайындауды, жүзеге асыруды, тоқтата тұруды, қайта есептеуді, қайта бастауды, тоқтатуды және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарауды;
- 4) әлеуметтік төлемдердің және әлеуметтік төлемдердің артық есепке жазылған (төленген) сомаларын қайтарудың есебін жүргізуді;
- 5) міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық және түсіндіру жұмысын жүргізуді;
- 6) міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы ақпараттық жүйені құруды және дамытуды жүзеге асырады.

Қорды құру, қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен қабылдайды.

Осы Кодексте реттелмеген бөлікте Қордың қызметіне Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасы қолданылады.

26-бап. Қордың құқықтары мен міндеттері

1. Қордың:

1) осы Кодексте белгіленген тәртіппен бағалы қағаздарға және басқа да қаржы құралдарына байланысты қызметпен айналысуға;

2) Қордың қызметін қамтамасыз етуге комиссиялық сыйақы алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің субъектілерінен Қордың қызметін қамтамасыз етуге қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

4) Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар ашуға;

5) уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, төлеушіге және өтініш берушіге сұрау салу арқылы әлеуметтік төлемдерді тағайындауға, қайта есептеуге, тоқтата тұруға, қайта бастауға, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарауға қажетті құжаттардың (мәліметтердің) анықтығына тексеру жүргізуге;

6) әлеуметтік төлемдерді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы қабылданған шешімдерді уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен және жағдайларда қайта қарауға;

7) осы Кодекске және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Қор:

1) Мемлекеттік корпорацияның әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыруы үшін қаражаттың уақтылы аударылуын қамтамасыз етуге;

2) уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен және жағдайларда төлеушіге әлеуметтік аударымдардың артық (қате) төленген сомаларын және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды қайтаруды жүзеге асыруға, сондай-ақ әлеуметтік төлемдердің және олардан ұсталған міндетті зейнетақы жарналарының артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларын қайтаруды қамтамасыз етуге;

3) әлеуметтік төлемді тағайындау кезінде сот актілері мен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының актілері негізінде заңсыз деп танылған кірістен түскен, бұрын әлеуметтік төлемдердің мөлшерін айқындау кезінде ескерілген кезең үшін төленген әлеуметтік аударымдардың сомаларын есепке алмауға;

4) Қордың уақытша бос қаражатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы қаржы құралдарына орналастыруға;

5) жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізуді қамтамасыз етуге;

6) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржылық орнықтылығына бес жылда бір рет тәуелсіз актуарлық бағалау жүргізуді қамтамасыз етуге;

7) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен мәліметтер алынған жағдайда, әлеуметтік төлемдерді қайта есептеу, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату үшін шешімдердің жобаларын қалыптастыруға;

8) әлеуметтік төлемдерді тағайындау, қайта есептеу, тоқтата тұру, қайта бастау, тоқтату не тағайындаудан бас тарту туралы шешімдер қабылдауға;

9) әлеуметтік төлемдерге деген қажеттілікті есептеу жөніндегі болжамды деректерді қалыптастыруға;

10) график бойынша әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру үшін Мемлекеттік корпорацияны күнделікті қаржыландыруды жүргізуге;

11) әлеуметтік төлемдерді тағайындау және алу мәселелері бойынша қажетті түсіндірмелер беруге;

12) Қор активтерін есепке алуды жүзеге асыру үшін бағдарламалық қамтылым түрінде Қордың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің болуына, сондай-ақ ақпараттың сақталуы мен санкцияланбаған қол жеткізуден қорғалуын қамтамасыз етуге ;

13) ақпаратты сақтауға арналған резервтік орталығы болуына;

14) ақпараттық жүйелерден алынған әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдердің сомалары туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

15) Мемлекеттік корпорацияға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сот актілері мен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы актілерінің негізінде заңсыз деп танылған кірістен түскен әлеуметтік аударымдардың сомалары туралы ақпаратты ұсынуға;

16) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпаратты ұсынуға;

17) осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

3. Қор:

1) Қордың активтерін кепілге беруге;

2) кәсіпкерлікпен және осы Кодексте көзделмеген өзге де қызметпен айналысуға құқылы емес.

27-бап. Төлеушінің құқықтары мен міндеттері

1. Төлеушінің:

1) уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен және жағдайларда әлеуметтік аударымдардың артық (қате) төленген сомаларын және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды қайтарып алуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мемлекеттік корпорациядан төленген әлеуметтік аударымдардың сомалары және (немесе) олар бойынша өсімпұл туралы қажетті ақпаратты сұратуға және тегін алуға;

3) осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес басқа да құқықтарды іске асыруға құқығы бар.

2. Төлеуші:

1) әлеуметтік аударымдарды және әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлды уақтылы және толық көлемде төлеуге;

2) әлеуметтік аударымдар сомасын есептеуді және қайта есептеуді, сондай-ақ әлеуметтік аударымдар уақтылы және (немесе) толық төленбеген жағдайда өсімпұлды есептеуді өзі дербес жүзеге асыруға;

3) мемлекеттік кіріс органдарына Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде салық есептілігін ұсынуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне әрбір қатысушы бойынша есептелген және төленген әлеуметтік аударымдар және (немесе) өсімпұл сомаларының бастапқы есебін жүргізуге;

5) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы тиісті кезең үшін өзіне тиесілі жалақының құрамдас бөліктері туралы ай сайын хабардар етілген кезде Қорға төленетін әлеуметтік аударымдардың есептелген сомалары туралы мәліметтерді оған ұсынуға;

6) Қордың сұрау салулары бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындауға қажетті ақпаратты (құжаттарды, мәліметтерді) беруге;

7) мемлекеттік кіріс органдарының талап етуі бойынша осы Кодекстің 256-бабында белгіленген тәртіппен өз пайдасына әлеуметтік аударымдар бойынша берешек өндіріп алынатын міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың тізімін ұсынуға;

8) осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

28-бап. Қордың активтерін құру

1. Қордың активтері Қордың комиссиялық сыйақысы, әлеуметтік төлемдерге және әлеуметтік төлемдердің артық (қате) төленген сомаларын және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды қайтаруға бағытталған қаражат шегеріле отырып, әлеуметтік аударымдар, әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұл, инвестициялық кіріс, әлеуметтік төлемдердің артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларын қайтару және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, Қорға түсетін өзге де түсімдер есебінен қалыптастырылады.

2. Қордың активтері тек қана мынадай:

1) осы Кодекске сәйкес әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру;

2) тізбесі мен лимиттерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын активтерді инвестициялау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы қаржы құралдарына орналастыру;

3) әлеуметтік аударымдардың артық (қате) төленген сомаларын және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды, сондай-ақ өзге де қате есепке жатқызылған қаражат сомаларын қайтару мақсаттары үшін пайдаланылуы мүмкін.

3. Қордың активтері:

- 1) кепіл нысанасы бола алмайды;
- 2) кредиторлардың талап етуі бойынша өндіріп алынбайды;
- 3) мүлікке тыйым салу немесе өзге де ауыртпалық салу нысанасы бола алмайды;
- 4) Қордың және үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша инкассалық өкіммен өндіріп алынбайды;
- 5) осы Кодекстің 30-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, сенімгерлік басқаруға берілмейді;
- 6) мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету нысанасы бола алмайды.

29-бап. Қор активтерінің сақталуын қамтамасыз ету

1. Мемлекет Қор активтерінің сақталуына және нысаналы пайдаланылуына кепілдік береді.

2. Қор активтерінің сақталуы:

1) Қордың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тиісті нормалар мен лимиттерді белгілеу арқылы оның қызметін реттеу;

2) инвестициялық қызметті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы жүзеге асыру;

3) Қордың активтерін инвестициялық басқару жөніндегі барлық операцияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есепке алу;

4) Қордың меншікті қаражаты мен активтерінің бөлек есебін жүргізу;

5) Қордың қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстарға шектеу енгізу;

6) жыл сайынғы аудит жүргізудің міндеттілігі;

7) Қордың тұрақты қаржылық есептілігі арқылы қамтамасыз етіледі. Қордың қаржылық және өзге де есептілігінің тізбесін, нысандарын, Қордың оларды ұсыну мерзімдерін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қор активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізбесі мен лимиттерін айқындауы;

9) Экономикалық саясат жөніндегі кеңес мақұлдаған инвестициялық декларацияда Қордың активтерін орналастыру кезінде әртараптандыру және тәуекелдерді азайту жөніндегі талаптарды белгілеу;

10) осы Кодекске сәйкес Қордың басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды белгілеу арқылы қамтамасыз етіледі.

30-бап. Қордың активтерін басқару тәртібі

1. Қордың активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Экономикалық саясат жөніндегі кеңес мақұлдаған инвестициялық декларация және Қор мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қордың активтерін инвестициялау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған қаржы құралдарының тізбесі мен лимиттеріне сәйкес Қордың активтерін орналастыруды жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қордың активтерін шоғырландыру және орналастыру, инвестициялық кіріс алу жөніндегі барлық операциялардың есебін жүргізеді және жасалған шартқа сәйкес Қорға тоқсан сайын оның шоттарының және Қор активтерімен жүргізілетін инвестициялық қызметтің жай-күйі туралы есепті ұсынады.

31-бап. Қордың есепке алуы және есептілігі

1. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бухгалтерлік есепке алуды жүргізеді және Қордың меншікті қаражаты мен активтері бойынша қаржылық есептілікті бөлек-бөлек ұсынады.

2. Қор бухгалтерлік есепке алуды және есептілікті жасау кезінде пайдаланылатын құжаттардың есепке алынуы мен сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Сақталуға жататын негізгі құжаттардың тізбесі және оларды сақтау мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

32-бап. Қордың аудиті

1. Қордың жылдық қаржылық есептілігінің аудитін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізуге құқылы аудиторлық ұйымдар жүргізеді.

2. Аудиторлық есеп коммерциялық құпия болып табылмайды.

3. Қордың жылдық қаржылық есептілігіне жүргізілген міндетті аудиттің нәтижелері бойынша аудиторлық ұйым:

1) Қордың меншікті қаражаты;

2) Қордың активтері бойынша екі аудиторлық есеп жасайды.

4. Қордың жылдық қаржылық есептілігінің міндетті аудиті бойынша шығыстар Қордың меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

33-бап. Қордың басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптар

1. Атқарушы органның бірінші басшысы мен оның орынбасарлары, бас бухгалтер Қордың басшы қызметкерлері болып танылады.

2. Қордың басшы қызметкерлеріне мынадай талаптар белгіленеді:

1) атқарушы органның бірінші басшысы мен оның орынбасарлары үшін:

білімі – жоғары кәсіби (заңгерлік, қаржылық, экономикалық);

халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшы лауазымдарда кемінде алты жыл жұмыс өтілі;

2) бас бухгалтер үшін:

білімі – жоғары кәсіби (қаржылық, экономикалық);

қаржы-бухгалтерлік саладағы басшы лауазымдарда кемінде бес жыл жұмыс өтілі.

3. Қордың басшы қызметкері болып мынадай:

1) мінсіз іскерлік беделі жоқ адам тағайындалмайды.

Кәсібилігін, адалдығын, алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығының болмауын, оның ішінде қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқару және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан өмір бойына айыру түріндегі қылмыстық жазаны қолдану туралы заңды күшіне енген сот үкімінің болмауын растайтын фактілердің болуы мінсіз іскерлік бедел болып табылады;

2) бұрын осы адам заңды тұлғаның бірінші басшысы, бірінші басшысының орынбасары, бас бухгалтері лауазымында болған кезеңде банкрот деп танылған немесе санацияға, консервациялауға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған заңды тұлғаның бірінші басшысы, бірінші басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған;

3) заңда белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған;

4) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін өзіне қатысты соттың заңды күшіне енген айыптау үкімі бар немесе сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

5) тағайындалған күнге дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған адам тағайындалмайды.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-тарау. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ

34-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін ұйымдастыру

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлік қоғам нысанында құрылады, коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының атауында "бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" деген сөздер болуға тиіс.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының атауында "БЖЗҚ" деген аббревиатура пайдаланылып, оның атауын қысқартуға жол беріледі.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, заңды тұлғалардың өз атауында "бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" деген сөздерді қандай тілде болмасын, толық және қысқартылған түрінде пайдалануына тыйым салынады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жалғыз акционері болып табылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын құру, қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдайды.

5. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиесілі акцияларын сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

6. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының органдары, олардың функциялары мен өкілеттіктері, олардың шешімдерді қалыптастыруы мен қабылдауының тәртібі осы Кодексте, Қазақстан Республикасының Үкіметімен, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жарғысында және ішкі құжаттарында айқындалады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және уәкілетті мемлекеттік органның өкілдері бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының директорлар кеңесінің құрамына дауыс беру құқығымен тұрақты негізде кіреді.

7. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған, кепілдік берілетін депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке жатқызуды және есепке алуды жүзеге асырады және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Өзге тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын тартуына, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған, кепілдік берілетін депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке жатқызуына және есепке алуына тыйым салынады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтарды нысаналы жинақтау шоттарына есепке алу мен есепке жатқызуды, нысаналы жинақтарды алушыға нысаналы жинақтау шотынан нысаналы жинақтарды алушылардың нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызуға арналған банктік шоттарына нысаналы жинақтарды төлеуді, нысаналы жинақтардың қайтарылуын есепке алуды жүзеге асырады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры нысаналы жинақты алушы он сегіз жасқа толғаннан кейін он жыл ішінде пайдаланылмаған нысаналы жинақтарды алушының нысаналы жинақтарын нысаналы жинақтау шоттарынан ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотына аударады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында нысаналы жинақтары бар нысаналы талаптарға қатысушы немесе нысаналы жинақтарды алушы қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда, мұндай нысаналы жинақтар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

8. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін жүзеге асыру қағидаларын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 34-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.11.2023 № 40-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

35-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының құқықтары мен міндеттері

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының:

- 1) ерікті зейнетақы жарналарын тартуға;
- 2) өз қызметі үшін комиссиялық сыйақы алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сотта зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты мәселелер бойынша міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның, зейнетақы төлемдерін алушының мүдделерін білдіруге;

4) мүлікті жалға беруге;

5) филиалдар мен өкілдіктер ашуға;

6) меншікті активтерді инвестициялау нәтижесінде инвестициялық кіріс алуға;

7) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжатында айқындалған тәртіппен биометриялық сәйкестендіру рәсімі немесе өзге де сәйкестендіру құралдары арқылы зейнетақы қызметтерін көрсетуге;

8) зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттарға, кастодиандық шарттарға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры:

1) міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын тартуға;

2) "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған, кепілдік берілетін депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке жатқызуды және есепке алуды жүзеге асыруға;

3) зейнетақы төлемдерін алушыларға және (немесе) уәкілетті операторға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға;

4) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен зейнетақы жинақтарын, оның ішінде инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын және төлемдерді жеке есепке алуды жүзеге асыруға;

5) өз атына жеке зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаға осы Кодекстің 55-бабында көзделген ережелерді ескере отырып:

оның ішінде осы Кодекстің 262-бабы 5-тармағының ережелерін ескере отырып, оның сұрау салуы бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шоты ашылған күннен бастап кез келген сұрау салынатын күнге зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы;

міндетті зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарының біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру үшін қолжетімді сомасы туралы;

міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарының инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру үшін қолжетімді сомасы туралы ақпаратты ақы алмай беруге міндетті.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының көрсетілген зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты беру тәсілі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжаттарында айқындалады;

6) зейнетақы төлемдерін есепке алу, аудару, қайтару, тоқтату мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Мемлекеттік корпорациямен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

7) біржолғы зейнетақы төлемдерін есепке алу, аудару, төлеу және қайтару мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен уәкілетті оператормен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

8) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым арасында жасалған келісімде белгіленген тәртіппен

депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйыммен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

9) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде зейнетақы активтері есебінен қалыптасқан бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді өзінің интернет-ресурсында жариялауға;

10) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және көлемде инвестициялық портфельді басқарушылар туралы ақпаратты, оның ішінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттар жасасқан инвестициялық портфельді басқарушылардың тізбесін ашуға;

11) жыл сайын келесі қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң ресми жарияланғаннан кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей, алдағы жылға есептелген және қолданыста болатын зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шектерін кемінде екі баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде, сондай-ақ өзінің интернет-ресурсында жариялау арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға;

12) міндетті зейнетақы жарналарының салымшыларына, өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаларға (зейнетақы төлемдерін алушыларға) зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет мәселелері бойынша өтеусіз консультациялық қызметтер көрсетуге;

13) міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның (зейнетақы төлемдерін алушының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

14) осы Кодекстің нормаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болуға;

15) міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның (зейнетақы төлемдерін алушының) зейнетақы жинақтарын осы Кодексте және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен сақтандыру ұйымына аударуға;

16) осы Кодексте және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген

тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беруге;

17) осы Кодексте және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына аударуды жүзеге асыруға;

18) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт жасасуға;

19) инвестициялық портфельді басқарушымен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушымен және кастодиан-банкпен кастодиандық шарт жасасуға;

20) өзі үшін ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның (зейнетақы төлемдерін алушының) ерікті зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарын осы Кодексте және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға;

21) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік пен аудиторлық есепті, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өзге де есептілік пен өзінің қызметі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға және өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті. Бұл ретте бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жарналар бойынша кірістерге берілетін кепілдіктер немесе уәделер қамтылған ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған өзге де мәліметтерді жариялауға жол берілмейді;

22) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің қарауы үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі туралы жыл сайынғы есепті ұсынуға;

23) міндетті зейнетақы жарналарының барлық салымшыларына, өздері үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаларға (зейнетақы төлемдерін алушыларға) тең жағдайларды қамтамасыз етуге;

24) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру жөніндегі дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйыммен зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша деректер алмасуды жүзеге асыруға;

25) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен сақтандыру жөніндегі дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйыммен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

26) өз қызметінде сертификатталған жабдық мен бағдарламалық қамтылымды пайдалануға;

27) ақпаратты сақтауға арналған резервтік орталығы болуына;

28) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өз қызметінде пайдаланатын ақпараттық, коммуникациялық жүйелер мен технологияларды қоса алғанда, бағдарламалық-техникалық қамтылымға кемінде үш жылда бір рет аудит жүргізуге;

29) өз атына шартты зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаға ақы алмай жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары туралы ақпарат беруге;

30) "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының көрсетілген ақпаратты беру тәсілі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжаттарында айқындалады.

3. Міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, өздері үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының:

1) осы Кодексте көзделген қызмет түрлерін қоспағанда, өзге де кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына;

2) зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген мақсаттарға пайдалануына;

3) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 100 еселенген мөлшерінен аспайтын сомада өзінің жұмыскерлеріне берілетін қаржылай көмекті қоспағанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері есебінен өтеусіз негізде қаржылай көмек беруіне;

4) ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу кезінде маржалық немесе өзге де қамтамасыз етуді енгізу жағдайларын қоспағанда, зейнетақы активтерін кепілге беруіне;

5) ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу кезінде маржалық немесе өзге де қамтамасыз етуді енгізу, сондай-ақ тендерлерге және (немесе) конкурстарға қатысу кезінде қамтамасыз етуді енгізу жағдайларын қоспағанда, меншікті активтерді кепілге беруіне;

6) акциялардан басқа бағалы қағаздарды шығаруына;

7) қарыз қаражатын тартуына;

8) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарын сатып алуды, сондай-ақ қамтамасыз ету аясында бағалы қағаздармен қарыз беру жөніндегі операцияларды жүзеге асыруды қоспағанда, кез келген тәсілдермен қарыздарды беруіне;

9) кез келген түрдегі кепілгерліктер мен кепілдіктерді беруіне;

10) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры еңбек шартын жасамаған не Ұлттық пошта операторымен шарт жасаспаған адамдарды осы баптың 2-тармағының 12) тармақшасында көрсетілген міндеттерді орындау үшін тартуына;

11) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғаларды құруына және олардың қызметіне қатысуына тыйым салынады.

Осы тармақтың талаптары зейнетақы активтері және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті активтері есебінен жүзеге асырылатын бағалы қағаздармен "репо" операцияларына қолданылмайды.

Ескерту. 35-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.11.2023 № 40-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

36-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару тәртібі. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясы

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры арасында жасалатын сенімгерлік басқару туралы шарттың негізінде жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбесін әзірлейді, сондай-ақ бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясын әзірлейді және бекітеді.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі активтерді инвестициялық басқаруға арналған шартқа және осы Кодекске сәйкес өзіне сеніп тапсырылған зейнетақы активтерін басқаруға қажетті әрекеттер жасауды басқа тұлғаға тапсыра алады. Бұл ретте сенімгерлік басқарушы өзі таңдап алған сенім білдірілген тұлғаның әрекеті үшін оны өзі жасағандай түрде жауап береді.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару бөлігіндегі функциялары:

1) басқару тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау;

- 2) инвестициялау бағыттары бойынша ұсыныстарды қарау және тұжырымдау;
- 3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін айқындау бойынша ұсыныстарды тұжырымдау;
- 4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметі туралы жыл сайынғы есепті қарау болып табылады.

5. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі ескеріле отырып жасалады.

37-бап. Инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін басқару, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтау және есепке алу тәртібі

1. Инвестициялық портфельді басқарушының зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық портфельді басқарушының арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт (бұдан әрі – зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт) негізінде жүзеге асырылады.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры инвестициялық портфельді басқарушымен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт жасасады және зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт жасасқаннан кейін бір жұмыс күні ішінде осы Кодекстің 35-бабы 2-тармағының 10) тармақшасына сәйкес осындай инвестициялық портфельді басқарушы туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

3. Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттың үлгілік нысаны қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Осы баптың 11-тармағында көрсетілген зейнетақы активтері кастодиан-банктегі шоттарға келіп түскен күннен бастап зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт күшіне енеді.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес есептелген, инвестициялық портфельді басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең аз мәні арасында теріс айырма пайда болған жағдайда, инвестициялық портфельді басқарушы кейіннен осы соманы өтеу жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың соңындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтары осы инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруында болған міндетті зейнетақы жарналарының салымшыларына, өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы

жарналары аударылған жеке тұлғаларға аудару үшін осы теріс айырманы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде меншікті капитал есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына өтейді.

5. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына беруді мынадай шарттар бір мезгілде орындалған кезде:

1) міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша және құжаттарды қоса бере отырып, инвестициялық портфельді басқарушыны таңдауы (өзгертуі) туралы жазбаша өтініші болған;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, инвестициялық портфельді басқарушы және кастодиан-банк арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт, сондай-ақ кастодиандық шарт болған;

3) міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына берілуге жататын зейнетақы жинақтары:

міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның инвестициялық портфельді басқарушыны таңдауы (өзгертуі) туралы өтініші келіп түскен күнге осы тұлғаның жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары сомасының елу пайызынан аспаған кезде жүзеге асырылады.

Инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына одан кейін беру кезінде зейнетақы жинақтарының көлемі инвестициялық портфельді басқарушының инвестициялық кірісі ескеріле отырып, бұрын берілген зейнетақы жинақтары есепке алынып айқындалады (өтініш беру зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына берген күннен бастап жылына бір реттен жиілетпей жүргізіледі);

не

сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шарты болған жағдайда олардың жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарының мөлшерінен аспаған;

4) инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беруге жататын ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотында бар зейнетақы жинақтарынан аспаған;

5) міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның өтінішінде көрсетілген инвестициялық портфельді басқарушы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде жүзеге асырылады.

6. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беруді осы баптың 5-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген өтініш келіп түскен күннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде, осы баптың 5-тармағының 3) және 4) тармақшаларында белгіленген шектеулерді ескере отырып, осы өтініште көрсетілген зейнетақы жинақтарының сомасына сәйкес келетін сомада жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шарттар орындалмаған және (немесе) толық емес құжаттар топтамасы ұсынылған жағдайларда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры осы баптың 5-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген өтініш келіп түскен күннен кейін бес жұмыс күні ішінде зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына беруден бас тартады.

7. Инвестициялық портфельді басқарушы өзінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін басқа тұлғаға сенімгерлік басқаруға беруге құқылы емес.

8. Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт:

1) инвестициялық портфельді басқарушы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген мерзімде қадағалап ден қою шараларын қолданудың негіздерін жоймаған жағдайда;

2) инвестициялық портфельді басқарушы осы Кодекстің 15-бабының 7) тармақшасына сәйкес зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыру үшін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда (инвестициялық портфельді басқарушы зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыру үшін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның талаптарына сәйкес келетін инвестициялық портфельді басқарушылар тізілімінен шығарылған жағдайда);

3) инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруында зейнетақы активтері мен олар жөніндегі міндеттемелер болмаған жағдайда, оның бастамасы бойынша;

4) инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды жүзеге асыратын кастодиан-банк лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған не одан айырылған және

кастодиан-банктің лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған не ол одан айырылған күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде басқа кастодиан-банкпен жаңа кастодиандық шарт жасалмаған жағдайда бұзылады.

9. Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт бұзылған кезде инвестициялық портфельді басқарушы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына беру жөніндегі рәсімдерді жүзеге асырады.

10. Инвестициялық портфельді басқарушыға осы Кодекске қайшы келмейтін бөлігінде Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының нормалары қолданылады.

11. Инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері инвестициялық портфельді басқарушы таңдайтын кастодиан-банктегі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының шоттарында сақталады және есепке алынады.

Бір инвестициялық портфельді басқарушыға инвестициялық басқаруға берілген зейнетақы активтерін сақтауды және есепке алуды бір кастодиан-банк жүзеге асыруға тиіс.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, инвестициялық портфельді басқарушы мен кастодиан-банк арасында жасалған кастодиандық шарттың үлгілік нысаны қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін сақтау және есепке алу ерекшеліктері Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленеді.

12. Инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері есебінен алуға рұқсат етілген қаржылық құралдардың тізбесін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

38-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен жасалатын салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар және шартты зейнетақы шоттары

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және өзге де құқықтық қатынастарын белгілейтін, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен

қамсыздандыру туралы шарттар қосылу шарттары болып табылады, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры осы Кодекстің негізінде әзірлейді, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжатымен бекітіледі және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының интернет-ресурсында орналастырылады.

2. Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шотын ашу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын немесе өсімпұлды аудару кезінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына агенттер ұсынатын жеке тұлғалардың тізімдері негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген функцияларын іске асыруға қажетті жеке тұлғаның азаматтығы, мәртебесі, әрекетке қабілеттілігі, жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері, Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері бойынша тіркелуі, "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының телефон нөмірі туралы мәліметтерді және болған жағдайда, ол туралы өзге де мәліметтерді бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алады.

Міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы, агент және өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударылған жеке тұлға міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу үшін ашылған жеке зейнетақы шотына міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын немесе өсімпұл есепке жазылған күннен бастап міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылған болып есептеледі. Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналарын есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылу үшін кәмелетке толмаған адамның заңды өкілінің келісімі талап етілмейді.

3. Жеке тұлғаның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу үшін ашылған жеке зейнетақы шоты болған жағдайда, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотын қайтадан ашу жүзеге асырылмайды.

Бұл ретте жеке тұлғаның пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеген агент міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу үшін бұрын ашылған жеке зейнетақы шотына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын немесе өсімпұл есепке жазылған күннен бастап міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылған болып есептеледі.

4. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында шартты зейнетақы шоттарын ашу бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі қағидаларында белгіленген тәртіппен жұмыс

берушінің міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезінде агент бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына ұсынатын жеке тұлғалар тізімінің негізінде жүзеге асырылады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жеке тұлғаның атына ашылған шартты зейнетақы шоты болған жағдайда, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бұрын ашылған шартты зейнетақы шотына аударылады.

39-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін сақтау және есепке алу

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры арасында жасалатын кастодиандық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шоттарда сақталады және есепке алынады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін есепке алу және сақтау мақсатында шетелдік кастодиандарда шоттар ашуға құқылы.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің нысаналы орналастырылуын бақылауды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен зейнетақы активтерін шоғырландыру, оларды орналастыру, инвестициялық кіріс алу жөніндегі барлық операциялардың есебін жүргізеді және ай сайын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына оның шоттарының жай-күйі туралы хабарлайды.

40-бап. Міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, өздері үшін міндетті зейнетақы жарналары енгізілген, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың, зейнетақы төлемдерін алушылардың және агенттердің құқықтары мен міндеттері

1. Міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, өздері үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алушылардың:

1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының интернет-ресурсындағы және (немесе) "электрондық үкімет" веб-порталындағы жеке кабинеті арқылы, сондай-ақ Кодекстің 55-бабында және 262-бабының 5-тармағында көзделген ережелерді ескере отырып, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жеке жүгінген кезде жеке зейнетақы шоты ашылған күннен бастап кез келген сұрату күніне өзінің зейнетақы жинақтарының

жай-күйі туралы ақпаратты ақы төлемей алуға, сондай-ақ бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алу тәсілін өзгертуге;

2) біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру үшін қолжетімді міндетті зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтары туралы ақпарат алуға;

3) инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру үшін қолжетімді зейнетақы жинақтарының сомасы туралы ақпарат алуға;

4) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары туралы ақпарат алуға;

5) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

6) зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алуға;

7) өзінің зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өсиет етуге;

8) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына осы Кодекстің 37-бабы 5-тармағының 3) тармақшасында көзделген сомада зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру үшін инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау туралы өтінішті беруге;

9) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына өзінің зейнетақы жинақтарын бір инвестициялық портфельді басқарушыдан басқа инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру үшін инвестициялық портфельді басқарушыны өзгерту туралы өтініш беруге (зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға берген күннен бастап бір жылдан кейін) ;

10) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға қайтаруға өтініш беруге құқығы бар (зейнетақы жинақтары инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға берілген күннен бастап бір жылдан кейін).

Егер зейнетақы жинақтары инвестициялық портфельді басқарушыны таңдау туралы өтінішке сәйкес сол бір инвестициялық портфельді басқарушыға бірнеше рет сенімгерлік басқаруға аударылған болса, онда зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруға қайтару зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға бастапқы берген күннен бастап бір жылдан кейін жүзеге асырылады;

11) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан инвестициялық портфельді басқарушылар туралы ақпаратты және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжаттарында көзделген өзге де ақпаратты алуға;

12) өзінің зейнетақы жинақтары есебінен сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға;

13) ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының нақты сомасынан аспайтын сомада ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру үшін оны таңдау туралы өтінішті бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына беруге;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары, өздері үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғалар және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алушылар:

1) зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кезінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының міндеттемелерін орындауына әсер ететін барлық өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына немесе Мемлекеттік корпорацияға осындай өзгерістер туралы хабарлауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

3. Өзі үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғада осы Кодекстің 222-бабының 1-тармағында көзделген шарттар болмаған кезде шартты зейнетақы шотында есепке алынатын қаражат осы Кодекстің 57-бабының 4-тармағына сәйкес қалыптастырылған резервтік қорларға жіберіледі.

4. Агенттердің Мемлекеттік корпорациядан жұмыскерде жеке зейнетақы шотының бар екендігі туралы растауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен алуға құқығы бар.

5. Агенттер:

1) міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын уақтылы есептеуге, ұстап қалуға (есептеуге) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төлеуге;

2) пайдасына міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек өндіріп алынатын жеке тұлғалардың тізімдерін осы Кодекстің 255-бабының 5-тармағында белгіленген мерзімдерде мемлекеттік кіріс органдарына ұсынуға міндетті.

Ескерту. 40-бапқа өзгеріс енгізілді – осы Кодекстің 263-бабымен (01.01.2024 бастап қолданыста енгізіледі).

41-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен жасалатын ерікті зейнетақы жарналары салымшысының (зейнетақы төлемдерін алушының) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт

1. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының (зейнетақы төлемдерін алушылардың) құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және өзге де құқықтық қатынастарын белгілейді.

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасасу тәртібі және оның үлгілік нысаны қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотын ашу қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен ерікті зейнетақы жарналарын аудару кезінде агенттер бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына ұсынатын жеке тұлғалардың тізімдері негізінде жүзеге асырылады.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотын ашу қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен ерікті зейнетақы жарналарын аудару кезінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жеке тұлғадан өз пайдасына немесе үшінші тұлғаның пайдасына түскен бастапқы жарнаның негізінде жүзеге асырылады.

4. Ерікті зейнетақы жарналарының салымшысы (зейнетақы төлемдерін алушы) ерікті зейнетақы жарнасының сомасы келіп түскен күннен бастап ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылған болып есептеледі.

Бұл ретте ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылу үшін кәметке толмаған адамның заңды өкілінің келісімі талап етілмейді.

5. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына салымшының (алушының) кепілдік берілетін депозиті бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасын аударған жағдайда, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бірыңғай

жинақтаушы зейнетақы қоры мен депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым арасында жасалған келісімде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым ұсынған кепілдік берілетін депозиттер бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомалары бар салымшылардың (алушылардың) тізімі негізінде жасалады.

6-тарау. ЕРІКТІ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫ

42-бап. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін ұйымдастыру

1. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлік қоғам нысанында құрылады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры қызметті қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензия негізінде жүзеге асырады және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленген тәртіппен және талаптарда ерікті зейнетақы жарналарын тартады.

2. Қазақстан Республикасының резидент-жеке тұлғалары, заңды тұлғалар ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшылары және (немесе) акционерлері бола алады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының құрылтайшысы немесе акционері бола алмайды.

3. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының атауы "ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры" деген сөздерді қамтуға тиіс.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының атауында "ЕЖЗҚ" деген аббревиатура пайдаланылып, оның атауын қысқартуға жол беріледі.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қоспағанда, заңды тұлғалардың өз атауында "ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры" деген сөздерді қандай тілде болмасын, толық және қысқартылған түрінде пайдалануына тыйым салынады.

4. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін жүзеге асыру қағидаларын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

43-бап. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының құқықтары мен міндеттері

1. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары:

- 1) ерікті зейнетақы жарналарын тартуға;
- 2) өзінің қызметі үшін комиссиялық сыйақы алуға;

3) салымшының (алушының) жазбаша жүгінуі бойынша сотта зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты мәселелер бойынша оның мүддесін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білдіруге;

4) меншікті мүлкін жалға беруге;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен жасалған активтерді инвестициялық басқаруға арналған шартқа сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқаруға;

6) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган беретін лицензия негізінде бағалы қағаздар нарығында номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті өзі дербес жүзеге асыруға;

7) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжатында айқындалған тәртіппен биометриялық сәйкестендіру рәсімі арқылы зейнетақы қызметтерін көрсетуге;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың талаптарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары:

1) алушыларға ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта белгіленген тәртіппен зейнетақы төлемдерін жүргізуге;

2) зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асыруға;

3) салымшыға (алушыға) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта көзделген тәртіппен оның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат беруге және осы Кодекстің 55-бабында көзделген ережелерді ескере отырып, оның зейнетақы жинақтары туралы ақпаратқа қол жеткізуінің электрондық және өзге де тәсілдерін қамтамасыз етуге міндетті.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты беру тәсілі салымшымен (алушымен) келісу бойынша айқындалады;

4) салымшыларға (алушыларға), сондай-ақ ерікті жинақтаушы зейнетақы қорымен ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасуға ниеттенген адамдарға жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет мәселелері бойынша өтеусіз консультациялық қызметтер көрсетуге;

5) салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

6) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы заңнамасын және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болуға;

7) осы Кодексте және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударуға;

8) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік пен аудиторлық есепті, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өзге де есептілік пен өзінің қызметі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға және өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті. Бұл ретте ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына жарналар бойынша кірістерге берілетін кепілдіктер немесе уәделер қамтылған ақпаратты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған өзге де мәліметтерді жариялауға жол берілмейді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың талаптарына сай өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

3. Салымшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының:

1) салдарынан Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясында белгіленген талаптар бұзылатын мәмілелерді жасасуына;

2) осы бапта белгіленген қызмет түрлерін қоспағанда, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына;

3) зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген мақсаттарға пайдалануына;

4) зейнетақы активтерін иеліктен өтеусіз шығару бойынша инвестициялық шешімдерді қабылдауына;

5) зейнетақы портфелін басқару жөніндегі қызметке байланысты емес өзінің міндеттемелерін немесе үшінші тұлғалардың міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін зейнетақы активтерін пайдалануына;

6) өзіне тиесілі активтерді зейнетақы активтерінің құрамына сатуына (беруіне);

7) активтерді кредитке сатуына;

8) инвестициялық декларацияға сәйкес сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сауда жүйелерінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу жағдайларын қоспағанда, зейнетақы активтері есебінен қайтарылуға жататын ақшаны немесе өзге де мүлікті қарыз шарттарының талаптарымен алуына;

9) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясына сәйкес шығыстарды өтеу және сыйақы алу жағдайларын қоспағанда, өзі басқаратын зейнетақы активтерін сатып алуына;

10) жарнамада және бұқаралық ақпарат құралдарында ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің бір жылға жетпейтін кезең ішіндегі кірістілігі туралы ақпаратты көрсетуіне;

11) зейнетақы активтерін және (немесе) меншікті активтерді кепілге беруіне;

12) акциялардан басқа, бағалы қағаздарды шығаруына;

13) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының борыштық бағалы қағаздарды сатып алуын қоспағанда, кез келген тәсілмен қарыз беруіне тыйым салынады.

4. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржылық орнықтылығын және төлем қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында сақталуы міндетті пруденциялық нормативтер белгіленеді. Пруденциялық нормативтердің тізбесі, олардың нормативтік мәндері, есептеу әдістемесі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесі, нысандары, оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсыну мерзімдері мен тәртібі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

44-бап. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидалары мен инвестициялық декларациясы

1. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларында:

1) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды өзгерту және тоқтату тәртібі;

2) зейнетақы жарналары мен төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары;

3) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылар (алушылар) алдындағы міндеттемелері бойынша жауапкершілігі;

4) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарлау тәртібі;

5) салымшыларға (алушыларға) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының және кастодиан-банктің акционерлері туралы мәліметтер ұсыну;

6) ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшылар (алушылар) арасындағы құқықтық қатынастардың өзге де ерекшеліктері қамтылады.

2. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры ерікті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы активтерін инвестициялауды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу,

бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне және инвестициялық декларацияға сәйкес өзі дербес жүзеге асырады.

3. Зейнетақы қағидаларын және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясын, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басқарушы органы бекітеді.

45-бап. Салымшы (алушы) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорымен жасайтын ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшы (алушы) арасында ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгілік шартқа сәйкес жазбаша нысанда жасалады.

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасасу тәртібі және оның үлгілік нысаны қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

46-бап. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін кастодиан-банкте сақтау және есепке алу

1. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері кастодиандық шартқа сәйкес ерікті жинақтаушы зейнетақы қорымен үлестес емес кастодиан-банктің шоттарында сақталады және есепке алынады.

2. Кастодиандық шарт кастодиан-банк пен ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры арасында жасалады.

3. Кастодиандық шарттың үлгілік нысанын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

4. Кастодиан-банк ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің нысаналы орналастырылуын бақылауды жүзеге асырады және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын және мәміле қор биржасының сауда жүйесінде жасалса, қор биржасын жасалған мәміленің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтіні туралы дереу хабардар етуге міндетті.

5. Кастодиан-банк зейнетақы активтерін шоғырландыру, оларды орналастыру, инвестициялық кіріс алу жөніндегі барлық операцияларды есепке алуды жүргізеді және ай сайын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына оның шоттарының жай-күйі туралы хабарлайды.

6. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының бір кастодиан-банкі болуға тиіс.

7. Кастодиандық шарт ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры атқарушы органының тиісті шешімі негізінде шартты бұзудың белгіленген күніне дейін күнтізбелік жиырма күн ішінде кастодиан-банкте хабардар ете отырып және зейнетақы активтерін жаңа кастодиан-банкке беру рәсімін аяқтай отырып, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының талабы бойынша біржақты тәртіппен бұзылады.

8. Жаңа кастодиан-банкпен кастодиандық шарт жасасқан кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры бұл туралы екі баспасөз басылымында және өзінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде тиісті жарияланымдар жасау арқылы өзінің салымшылары мен агенттерін хабардар етеді.

9. Кастодиандық шарт бұзылған кезден бастап алты айға дейінгі мерзімге ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, бұрынғы және жаңа кастодиан-банктер арасында бұрынғы кастодиан-банктің оған келіп түсетін зейнетақы жарналарын жаңа кастодиан-банкке аударуы туралы тиісті шарт жасалады.

47-бап. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыру

1. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыру акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның рұқсатымен қосылу нысанында жүзеге асырылады. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру шарттары мен тәртібі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Мемлекеттің, ұлттық әл-ауқат қорының және (немесе) уәкілетті органның қатысуымен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруды жүргізу ерекшеліктері қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

2. Қайта ұйымдастырылған ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры өзіне басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қосып алған ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының лицензиясы негізінде ерікті зейнетақы жарналарын тартуға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға құқылы.

3. Қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелері қайта ұйымдастырылған ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен берілуге жатады.

48-бап. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға рұқсат беруден бас тарту

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта ұйымдастыруға рұқсат беруден бас тартуы мынадай негіздердің кез келгені:

1) ұйғарылып отырған қайта ұйымдастырудың нәтижесінде салымшылардың (алушылардың) мүдделерінің бұзылуы;

2) ұйғарылып отырған қайта ұйымдастырудың нәтижесінде Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасы талаптарының бұзылуы;

3) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қайта ұйымдастыруға рұқсатын алу үшін ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі бойынша жүргізіледі.

49-бап. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын тарату

1. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры:

1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның өзі белгілеген тәртіппен берген рұқсаты болған кезде ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлері жалпы жиналысының шешімі бойынша;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда соттың шешімі бойынша таратылады.

2. Ерікті түрде немесе мәжбүрлеп таратуды жүргізу, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру қағидалары қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен бекітіледі.

50-бап. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беруден бас тарту

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын ерікті түрде таратуға рұқсат беруден бас тартуы мынадай негіздердің кез келгені:

1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның таратуға рұқсатын алу үшін ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі;

2) лицензияланатын қызмет түрлері бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттардың болуы;

3) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының барлық кредиторларының талаптарын қанағаттандыру үшін қаражатының жеткіліксіздігі бойынша жүргізіледі.

51-бап. Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияның қолданысын тоқтатудың ерекшеліктері

1. Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензиядан айырылған жағдайда, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры салымшылардың (алушылардың) ерікті зейнетақы жинақтарын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуды жүзеге асырады.

2. Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияны ерікті түрде қайтару ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының өтініші негізінде жүзеге асырылады және ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры осы қызмет түрі бойынша барлық міндеттемелерін орындағаннан кейін ғана жүргізіледі.

3. Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияны ерікті түрде қайтару, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді беру қағидалары қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

7-тарау. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЖӘНЕ ЕРІКТІ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

52-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері

1. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері комиссиялық сыйақы шегеріле отырып, зейнетақы жарналарын, инвестициялық кірісті, өсімпұл және залалдардың өтемі ретінде түскен қаражатты қамтиды.

2. Жеке және заңды тұлғалардың міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтеріне деген құқықтары осы Кодексте көзделген заттық құқықтар қатарына жатады.

3. Міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың, зейнетақы төлемдерін алушылардың, Мемлекеттік корпорацияның, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, кастодиан-банктің және өзіне зейнетақы активтері осы Кодекстің 36-бабының 3-тармағына және 37-бабына сәйкес активтерді инвестициялық басқаруға арналған шарт негізінде берілген тұлғалардың борыштары бойынша міндетті

зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына, өсімпұлдарға, зейнетақы активтеріне және зейнетақы жинақтарына тыйым салуға немесе өндіріп алуды қолдануға, оның ішінде санамаланған субъектілер таратылған және (немесе) банкрот болған жағдайларда, жол берілмейді.

4. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері тек қана:

1) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қаржы құралдарына орналастыруға;

2) осы Кодекстің 37-бабына сәйкес инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға берілген зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарына орналастыруға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін, оның ішінде біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға;

4) зейнетақы жинақтарын осы Кодексте және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымына ауыстыруға;

5) зейнетақы активтерін осы Кодекстің 37-бабына сәйкес инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беруге;

6) ерікті зейнетақы жарналары есебінен құралатын зейнетақы жинақтарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, сондай-ақ бір ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына ауыстыруға;

7) қате есепке жатқызылған зейнетақы жарналарын және өзге де қате есепке жатқызылған ақшаны қайтаруға;

8) осы Кодексте белгіленген жағдайларда және мөлшерде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, инвестициялық портфельді басқарушыға комиссиялық сыйақы төлеуге;

9) "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұсынылған депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның хабарламасы негізінде өзі үшін ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның (зейнетақы төлемдерін алушының) жеке зейнетақы шотынан кепілді өтемнің талап етілмеген сомасын қайтаруға;

10) брокерлік комиссияларды, биржалық алымдарды және ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарықтарында қаржы құралдарын сатып алуға немесе сатуға байланысты өзге де шығыстарды төлеуге пайдаланылады.

53-бап. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері

1. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері комиссиялық сыйақы шегеріле отырып, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, инвестициялық кірісті, өсімпұл және залалдардың өтемі ретінде түскен қаражатты қамтиды.

2. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері агенттің және (немесе) өзі үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғаның меншігі болып табылмайды.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, өз атына шартты зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаның, Мемлекеттік корпорацияның, кастодиан-банктің және инвестициялық портфельді басқарушының борыштары бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарына, өсімпұлдарға, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтеріне тыйым салуға немесе оларға өндіріп алуды қолдануға, оның ішінде санамаланған субъектілер таратылған және (немесе) банкрот болған жағдайларда, жол берілмейді.

4. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері тек қана мынадай мақсаттарға:

1) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясында айқындалатын қаржы құралдарына орналастыруға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға;

3) осы Кодексте белгіленген жағдайларда және мөлшерде инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы төлеуге;

4) қате есепке жатқызылған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын қайтаруға пайдаланылады.

54-бап. Есеп айырысулары бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының меншікті қаражаты және (немесе) зейнетақы активтері есебінен жүзеге асырылатын бас қаржылық келісім

Осы Кодекстің 51-бабы 1-тармағының, 62-бабының ережелері есеп айырысулары бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының

меншікті қаражаты және (немесе) зейнетақы активтері есебінен жүзеге асырылатын бас қаржылық келісім шеңберіндегі мәміле (мәмілелер) бойынша талаптарды есепке жатқызуға және (немесе) тарату неттингіне қатысты қолданылмайды.

Бас қаржылық келісімнің тараптары бас қаржылық келісімнің шеңберіндегі мәміле (мәмілелер) бойынша талаптарды есепке жатқызуды және (немесе) тарату неттингін бас қаржылық келісімде айқындалған тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырады (қолданады).

Бас қаржылық келісімде айқындалған тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырылған (қолданылған) талаптарды есепке жатқызу және (немесе) тарату неттингі нәтижесінде туындаған (есептелген) нетто-талап осы Кодексте және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген кредиторлармен есеп айырысу қағидаларына сәйкес жалпы негіздерде қанағаттандырылады.

55-бап. Зейнетақы жинақтарының құпиясы

1. Зейнетақы жинақтарының құпиясы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы ақша қалдықтары туралы және оның қозғалысы туралы мәліметтерді қамтиды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары және Мемлекеттік корпорация зейнетақы жинақтарының құпиялығына кепілдік береді.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының, Мемлекеттік корпорацияның лауазымды адамдары, жұмыскерлері және өздерінің қызметтік және функционалдық міндеттерін жүзеге асыруға байланысты зейнетақы жинақтарының құпиясын құрайтын мәліметтерге қолжетімділік алған өзге де адамдар, осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, зейнетақы жинақтарының құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етуге құқылы емес және оларды жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган арасында зейнетақы жинақтарының құпиясын құрайтын ақпарат, оның ішінде мәліметтер алмасуды жүзеге асыру зейнетақы жинақтарының құпиясын жария ету болып табылмайды.

Мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқарушылық функцияларды орындайтын адамның қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабар жіберілген кезде растау құжаттары мен материалдары ретінде зейнетақы жинақтарының құпиясын қамтитын құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы зейнетақы жинақтарының құпиясын жария ету болып табылмайды.

3. Зейнетақы жинақтарының құпиясы міндетті зейнетақы жарналарының салымшысына, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы

жарналары аударылған жеке тұлғаға, зейнетақы төлемдерін алушыға, міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның, зейнетақы төлемдерін алушының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген жазбаша келісімінің негізінде кез келген үшінші тұлғаға ашылуы мүмкін.

4. Жеке зейнетақы шоттарындағы ақша қалдықтары мен оның қозғалысы туралы анықтамалар:

1) сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарына – олардың іс жүргізуінде жатқан қылмыстық істер бойынша;

2) соттарға – сот ұйғарымының негізінде олардың іс жүргізуінде жатқан істер бойынша;

3) сот орындаушыларына – прокурор санкциялаған сот орындаушысының қаулысы негізінде олардың іс жүргізуінде жатқан атқарушылық құжаттар бойынша;

4) мемлекеттік кіріс органдарына – міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеуге, ұстап қалуға (есепке жазуға) байланысты мәселелер бойынша;

5) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға – міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның, зейнетақы төлемдерін алушының өтінішіне байланысты не оның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін тексеруді жүзеге асыруына байланысты туындаған мәселе бойынша;

6) прокурорға – оның қарауында жатқан материал бойынша өз құзыреті шегінде тексеру жүргізу туралы қаулы негізінде;

7) қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға – "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мақсаттарда және тәртіппен;

8) міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның, зейнетақы төлемдерін алушының өкілдеріне – нотариат куәландырған сенімхаттың немесе заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде;

9) Мемлекеттік корпорацияға – міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың дерекқорын қалыптастыру және алушының зейнетақы төлемдеріне құқық алған кездегі инфляция деңгейін ескере отырып, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуын есептеу үшін, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін алушының не

нотариат куәландырған сенімхат немесе заңды күшіне енген сот шешімі бойынша оның өкілінің өтініші негізінде мемлекеттік қызметтер көрсету үшін;

10) уәкілетті мемлекеттік органға – міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның, зейнетақы төлемдерін алушының өтінішіне байланысты туындаған мәселе бойынша;

11) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының жыл сайынғы міндетті аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымдарға;

12) мұрагерлерге – міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлға, зейнетақы төлемдерін алушы қайтыс болған жағдайда – мұрагерлікке құқық туралы куәлікті бере отырып, сұрау салу бойынша;

13) нотариустарға және шетелдік консулдық мекемелерге – міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы, өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлға, зейнетақы төлемдерін алушы қайтыс болған жағдайда, олардың іс жүргізуінде жатқан мұрагерлік істер бойынша – сұрау салу бойынша берілуі мүмкін.

56-бап. Шартты зейнетақы шоттарының құпиясы

1. Жеке тұлғалардың атына ашылған шартты зейнетақы шоттарының құпиясы жұмыс берушінің аударылған міндетті зейнетақы жарналарының мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де түсімдер туралы мәліметтерді, сондай-ақ тиісті қаржы жылы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленген зейнетақы төлемдерінің мөлшері туралы мәліметтерді қамтиды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік корпорация шартты зейнетақы шоттарының құпия болуына кепілдік береді.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, Мемлекеттік корпорацияның лауазымды адамдары, жұмыскерлері және өздерінің қызметтік және функционалдық міндеттерін жүзеге асыруына байланысты шартты зейнетақы шоттарының құпиясын құрайтын мәліметтерге қолжетімділік алған өзге де адамдар, осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оларды жария етуге құқылы емес.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган арасында шартты зейнетақы шоттарының құпиясын құрайтын ақпарат, оның ішінде мәліметтер алмасуды жүзеге асыру шартты зейнетақы шоттарының құпиясын жария ету болып табылмайды.

Мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқарушылық функцияларды орындайтын адамның қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық

бұзушылық туралы хабар жіберілген кезде растау құжаттары мен материалдары ретінде шартты зейнетақы шоттарының құпиясын қамтитын құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы шартты зейнетақы шоттарының құпиясын жария ету болып табылмайды.

3. Шартты зейнетақы шоттарының құпиясы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өзінің атына шартты зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаға, өз атына шартты зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаның жазбаша келісімімен кез келген үшінші тұлғаға ашылуы мүмкін.

4. Шартты зейнетақы шоттарының құпиясын құрайтын мәліметтер:

1) сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарына – олардың іс жүргізуінде жатқан қылмыстық істер бойынша;

2) соттарға – сот ұйғарымы негізінде олардың іс жүргізуінде жатқан істер бойынша;

3) мемлекеттік кіріс органдарына – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеуге (есепке жазуға) және аударуға байланысты мәселелер бойынша;

4) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға – өз атына шартты зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаның өтінішіне байланысты не оның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметіне тексеруді жүзеге асыруына байланысты туындаған мәселе бойынша;

5) прокурорға – оның қарауында жатқан материал бойынша өз құзыреті шегінде тексеру жүргізу туралы қаулы негізінде;

6) Мемлекеттік корпорацияға – өздері үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленген жеке тұлғалардың дерекқорын қалыптастыру үшін;

7) уәкілетті мемлекеттік органға – өз атына шартты зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаның өтінішіне байланысты туындаған мәселе бойынша;

8) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жыл сайынғы міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға;

9) өзінің атына шартты зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаның өкілдеріне – нотариат куәландырған сенімхаттың немесе заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде беріледі.

57-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларындағы есепке алу және есептілік

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бухгалтерлік есепке алуды жүргізеді және қаржылық есептілікті жасайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне :

1) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері;

2) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қаржы-шаруашылық қызметін қамтамасыз етуге арналған меншікті қаражаты;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан аударылатын аударымдар есебінен қалыптастырылған нысаналы жинақтар мен нысаналы активтер бойынша қаржылық есептілікті және бастапқы статистикалық деректерді бөлек-бөлек ұсынады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры бухгалтерлік есепке алуды жүргізеді және қаржылық есептілікті жасайды, сондай-ақ меншікті қаражаты мен ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша қаржылық есептілікті және бастапқы статистикалық деректерді қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бөлек-бөлек ұсынады.

2. Міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) жеке зейнетақы шоттарында міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарын есепке алу қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бөлек-бөлек жүргізіледі.

3. Шартты зейнетақы міндеттемелерін есепке алу қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізіледі.

4. Резервтік қорларды қалыптастыруды және пайдалануды қоса алғанда, шартты зейнетақы міндеттемелерін қалыптастыру тәртібі, оларды есептеу әдістемесі мен құрылым қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

5. Жеке зейнетақы шотында зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алуды жүзеге асыру және ақпараттың сенімділігін, сақталуын және санкцияланбаған қол жеткізуден қорғалуын қамтамасыз ету үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының бағдарламалық қамтылымы түріндегі автоматтандырылған ақпараттық жүйелер пайдаланылады.

Зейнетақы активтері мен жинақтарын есепке алуға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын ескере отырып белгілейді.

6. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары өздері үшін ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың (зейнетақы төлемдерін алушылардың) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алуды қаржы нарығы мен қаржы

ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізеді.

7. Зейнетақы жарналарын есепке алудың дұрыс жүргізілуін және міндетті зейнетақы жарналарының салымшыларына, өздері үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаларға (зейнетақы төлемдерін алушыларға) инвестициялық кірістің есепке жазылуын бақылауды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

8. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары бухгалтерлік есепке алуда және есептілікті жасау кезінде пайдаланылатын құжаттардың есепке алынуын және сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Сақталуға жататын құжаттардың тізбесін және олардың сақталу мерзімдерін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 57-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.11.2023 № 40-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

58-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, инвестициялық портфельді басқарушының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақылары

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының комиссиялық сыйақысының шамасы айына зейнетақы активтерінің 0,08 пайызы мөлшерінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын, 0,04 еселенген айлық есептік көрсеткіштің және тиісті күнтізбелік айдың 1-і күнгі жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша зейнетақы жинақтары бар жеке зейнетақы шоттары санының көбейтіндісі ретінде айқындалатын шамадан аспайтын болып белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің комиссиялық сыйақысының шекті шамасы инвестициялық кірістің 2,0 пайызынан аспайтын шекте белгіленеді.

3. Инвестициялық портфельді басқарушының комиссиялық сыйақысының шекті шамасы инвестициялық кірістің 7,5 пайызынан аспайтын шекте белгіленеді.

4. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының комиссиялық сыйақысының шекті шамасы инвестициялық кірістің 15 пайызынан аспайтын шекте белгіленеді.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының комиссиялық сыйақысын өндіріп алу тәртібі және оның шамасы ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен камсыздандыру туралы шартта белгіленеді.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің комиссиялық сыйақысының шамасын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасы жыл сайын бекітеді.

Инвестициялық портфельді басқарушының комиссиялық сыйақысының шамасын осы ұйымның басқарушы органы жыл сайын бекітеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, инвестициялық портфельді басқарушының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының комиссиялық сыйақысының шамасы жылына бір реттен жиі өзгертілмейді.

59-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының тәуекелдерін басқару және ішкі бақылау жүйесі

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастырады, онда:

1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының директорлар кеңесінің, басқармасының, бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі өкілеттіктері мен функционалдық міндеттері, олардың жауапкершілігі;

2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі ішкі саясат пен рәсімдер;

3) тәуекелдердің жол берілетін мөлшеріне арналған лимиттер;

4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары органдарының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі есептілікті ұсынуының ішкі рәсімдері;

5) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалаудың ішкі өлшемшарттары қамтылуға тиіс.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

60-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына аудит

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына аудитті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізуге құқығы бар аудиторлық ұйым жүргізеді.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржылық есептілігінің аудиторлық есебі коммерциялық құпияны құрамайды.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жыл сайынғы міндетті аудитінің нәтижелері бойынша аудиторлық ұйым:

1) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері;

2) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері;

3) меншікті қаражат;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан аударылатын аударымдар есебінен қалыптастырылған нысаналы жинақтар мен нысаналы активтер бойынша төрт аудиторлық есеп жасайды.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының жыл сайынғы міндетті аудитінің нәтижелері бойынша аудиторлық ұйым:

1) меншікті активтер жөніндегі қаржылық есептілік;

2) зейнетақы активтері жөніндегі қаржылық есептілік бойынша екі аудиторлық есеп жасайды.

4. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша жыл сайынғы аудиторлық есеп бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтеріне қатысты бухгалтерлік есепке алуды жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеруді қамтиды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының жыл сайынғы міндетті аудиті бойынша шығыстар бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 60-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.11.2023 № 40-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

61-бап. Шындыққа сай келмейтін жарнамаға тыйым салу

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының жариялаған күнгі шындыққа сай келмейтін қызметті жарнамалауына тыйым салынады.

2. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан шындыққа сай келмейтін жарнамаға өзгерістер енгізуді, жарнаманы тоқтатуды немесе оны теріске шығаруды жариялауды талап етуге құқылы.

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган осы талап өзі белгілеген мерзімде орындалмаған жағдайда, жарнамада қамтылған мәліметтердің шындыққа сай келмейтіні туралы ақпаратты жариялауға не оларды осындай жарнаманы жариялаған бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының есебінен нақтылауға құқылы.

3. Зейнетақы активтерінің кірістілігі туралы ақпарат тиісті инвестициялық кіріс алынған кезеңді көрсете отырып қана берілуі мүмкін.

62-бап. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган қолданатын шектеулі ықпал ету шаралары және санкциялар

1. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықты анықтаған, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының лауазымды адамдары мен жұмыскерлерінің құқыққа сыйымсыз әрекеттерін немесе әрекетсіздігін, сондай-ақ осы Кодексте көзделген өзге де талаптардың орындалмағанын анықтаған жағдайларда, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына мынадай шектеулі ықпал ету шараларының бірін қолдануға:

- 1) орындау үшін міндетті жазбаша нұсқама беруге;
- 2) жазбаша ескерту шығаруға;
- 3) жазбаша келісім жасауға құқылы.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына шектеулі ықпал ету шараларын қолданудың тәртібі мен шарттары қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

3. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияның қолданысын мынадай негіздердің кез келгені бойынша алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы:

- 1) лицензия беруге негіз болған ақпараттың анық еместігі;
- 2) ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры қызметінің басталуын лицензия берілген кезден бастап бір жылдан астам уақытқа кідірту;
- 3) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша міндеттемелерді жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп жағдайда) орындамауы немесе тиісінше орындамауы;
- 4) уәкілетті орган белгілеген нормативтердің және ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры орындауға міндетті басқа да нормалар мен лимиттердің жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп жағдайда) бұзылуы;
- 5) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, зейнетақы қағидаларында және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясында көзделген ережелердің жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп жағдайда) бұзылуы;

б) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган қолданған шектеулі ықпал ету шаралары талабының орындалмауы;

7) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен жасалған жазбаша келісімге қол қоюдан бас тарту;

8) ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры аудиторлық есепті алған күннен бастап үш ай ішінде аудиторлық ұйымның жүргізілген аудит туралы есебінде көрсетілген бұзушылықтарды ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының жоймауы;

9) есептілік пен мәліметтерді ұсынбау немесе көрінеу анық емес есептілік пен мәліметтерді ұсыну;

10) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген талаптарды жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп жағдайда) бұзуы.

4. Лицензияның қолданысын тоқтата тұру жаңа салымшыларды тартуға тыйым салуға алып келеді.

63-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптар

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары міндетті түрде ішкі аудит қызметін құрады және мынадай алқалы органдарды:

1) басқару органы – директорлар кеңесін;

2) атқарушы орган – басқарманы қалыптастырады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының оқшауланған бөлімшесінің бірінші басшысы мен бас бухгалтерін қоспағанда, басқару органының басшысы мен мүшелері, атқарушы органның басшысы мен мүшелері, бас бухгалтер, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының бір немесе бірнеше құрылымдық бөлімшесінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген, уәкілетті органға ұсынылатын құжаттарға қол қою құқығына ие бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының өзге де басшылары бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының басшы қызметкерлері болып танылады.

2. Осы баптың мақсаттары үшін басшы қызметкер лауазымына кандидат деп бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері лауазымын атқаруға ниеті бар жеке тұлға немесе басқару органының басшысы немесе мүшесі лауазымына сайланған, тәуелсіз директор болып табылатын адам түсініледі.

3. Мынадай:

1) жоғары білімі жоқ;

2) осы бапта белгіленген мынадай:

тізбесін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін халықаралық қаржы ұйымдарында;

және (немесе) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау саласында;

және (немесе) қаржылық көрсетілетін қызметтерді ұсыну саласында;

және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу бойынша;

және (немесе) экономика және қаржы саласында реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарда;

және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді реттеу саласында;

және (немесе) қаржы ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын бағдарламалық қамтылымды әзірлеу саласында;

және (немесе) қызметін осы тармақшада санамаланған салаларда жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаларда еңбек өтілі жоқ;

3) мінсіз іскерлік беделі жоқ;

4) осы және (немесе) өзге қаржы ұйымында, банк, сақтандыру холдингінде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалында, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалында, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерiнiң филиалында басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) берiлген келiсiмi керi қайтарып алынған және (немесе) қызметтiк мiндеттерiн орындаудан шеттетiлген адам бiрыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерiктi жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерi лауазымын атқара алмайды (оған тағайындала алмайды немесе сайлана алмайды).

Көрсетiлген талап қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) берген келісімін кері қайтарып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін қатарынан он екі ай бойы қолданылады;

4-1) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін өзіне қатысты соттың күшіне енген айыптау үкімі бар немесе сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

5) өзін басшы лауазымына келісу туралы өтінішхат берілген күнге дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жазаға тартылған адам бiрыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерiктi жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерi лауазымын атқара алмайды (оған тағайындала алмайды немесе сайлана алмайды).

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры басшы қызметкерлерді тағайындау (сайлау) кезінде олардың осы баптың талаптарына сәйкестігін, оның ішінде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылатын ақпаратты ескере отырып, өзі дербес тексереді.

Басшы қызметкерлерге және басшы қызметкерлердің лауазымдарына кандидаттарға қатысты мінсіз іскерлік беделінің болуы не болмауы тұрғысынан іскерлік беделді бағалауды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган, оның ішінде уәжді пайымдауды пайдалана отырып жүзеге асырады.

4. Осы баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген талапқа сәйкес келу үшін:

1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының атқарушы органының басшысы лауазымына кандидаттар үшін – кемінде бес жыл, оның ішінде басшы лауазымында кемінде үш жыл;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басқару органының басшысы лауазымына кандидаттар үшін – кемінде бес жыл, оның ішінде басшы лауазымында кемінде екі жыл;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының атқарушы органының мүшесі лауазымына кандидаттар үшін – кемінде үш жыл, оның ішінде басшы лауазымында кемінде екі жыл;

4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басқару органының мүшесі лауазымына кандидаттар үшін – кемінде екі жыл, оның ішінде басшы лауазымында кемінде бір жыл;

5) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының бас бухгалтері лауазымына кандидаттар үшін – кемінде үш жыл;

6) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының өзге де басшылары лауазымдарына кандидаттар үшін – кемінде бір жыл еңбек өтілінің болуы қажет.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының атқарушы органының қауіпсіздік мәселелеріне, әкімшілік-шаруашылық мәселелеріне, ақпараттық технологиялар мәселелеріне ғана жетекшілік ететін мүшелерінің лауазымдарына кандидаттар үшін осы баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген еңбек өтілінің болуы талап етілмейді.

Осы тармақта айқындалған еңбек өтіліне қаржы ұйымының бөлімшелеріндегі оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, әкімшілік-шаруашылық қызметті жүзеге асыруға, ақпараттық технологияларды дамытуға (ақпараттық технологияларды дамыту және (

немесе) ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесінің басшысын қоспағанда) байланысты жұмыс, өзара сақтандыру қоғамындағы және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдағы жұмыс кірмейді.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе орналастырылған акцияларының елу пайызынан астамы мемлекетке және (немесе) ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама түрде тиесілі ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басқару органы басшысының лауазымына кандидат болып табылатын Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесі, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы басшысының орынбасары үшін осы бапта көзделген өтіл талап етілмейді.

5. Осы баптың 4-тармағының бірінші бөлігі 1), 2), 3), 4) тармақшаларының мақсаттары үшін басшы лауазым деп басқару органы басшысы мен мүшелерінің, атқарушы орган басшысы мен мүшелерінің, дербес құрылымдық бөлімшенің, сондай-ақ қызметін осы баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 2-тармақшасында көрсетілген салаларда жүзеге асыратын ұйымдардың оқшауланған бөлімшесінің басшысының, басшысы орынбасарының лауазымдары түсініледі.

6. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) келісім алу үшін құжаттарды басшы қызметкер лауазымына кандидат не бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры ұсынуы мүмкін.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісімі, басшы қызметкер лауазымына кандидат осы лауазымдарға қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда, бір не бірнеше лауазымға берілуі мүмкін.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісімі басшы қызметкер лауазымын қайта келісусіз атқару құқығын береді және ол мынадай:

1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорындағы басшы қызметкер лауазымына келісілген кандидат келісім алынған не басшы қызметкер лауазымынан босатылған (өкілеттіктері тоқтатылған) күннен бастап он екі ай ішінде тағайындалмаған (сайланбаған);

2) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшысы лауазымына тағайындауға (сайлауға) берген келісімін кері қайтарып алған жағдайларда өз қолданысын тоқтатады.

7. Басшы қызметкер лауазымына кандидат қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісімінсіз тиісті функцияларды жүзеге асыруға құқылы емес.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген тыйым салу басқару органының басшысы немесе мүшесі лауазымына сайланған, тәуелсіз директор болып табылатын, өзі сайланған күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде тиісті функцияларды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісімінсіз жүзеге асыруға құқылы болатын адамға қолданылмайды.

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру үшін ұсынылған құжаттарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес құжаттардың толық топтамасы ұсынылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қарайды.

Басқару органы басшысының міндеттерін атқаруды басқару органының мүшесіне немесе атқарушы орган басшысының міндеттерін атқаруды атқарушы органның мүшесіне күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімге жүктеу жағдайларын қоспағанда, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) берген келісімі жоқ адамның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерінің міндеттерін атқаруына (уақытша болмағанда оны ауыстыруына) тыйым салынады.

8. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басқару органының тәуелсіз директор болып табылатын басшысы немесе мүшесі лауазымына кандидат өзін аталған лауазымға сайлағанға дейін де, одан кейін де келісілуі мүмкін.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басқару органының тәуелсіз директор болып табылатын басшысын немесе мүшесін келісу кезінде, оны сайлағаннан кейін келісуге арналған құжаттар осы баптың 7-тармағының екінші бөлігінде белгіленген мерзімде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға ұсынылуға тиіс.

Осы тармақта көрсетілген мерзім өткеннен кейін және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға келісу үшін құжаттардың толық топтамасы ұсынылмаған не қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган келісуден бас тартқан жағдайда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры осы басшы қызметкердің өкілеттіктерін тоқтату жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

9. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-5-бабына сәйкес басшы қызметкер лауазымына кандидатқа қатысты уәжді пайымдауды пайдаланған кезде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына кандидатты келісуге құжаттарды ұсынған тұлғаға басшы қызметкер лауазымына кандидатқа қатысты уәжді пайымдауды қалыптастыру туралы хабарлама жібереді.

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган осы басшы қызметкерлер лауазымдарына кандидаттарға қатысты уәжді пайымдауды қалыптастырған кезде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлері лауазымдарына кандидаттарды тағайындауға (сайлауға) келісім алу үшін ұсынылған құжаттарды қарау мерзімін тоқтата тұрады. Бұл мерзім бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері лауазымына кандидатты келісу үшін құжаттарды ұсынған тұлғаға уәжді пайымдау жобасы жіберілген күннен бастап қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган уәжді пайымдауды пайдалана отырып, шешім қабылдаған күнге дейін тоқтатыла тұрады.

10. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісім беру тәртібі, оған қоса мінсіз іскерлік беделінің болмау өлшемшарттары, келісімді алуға қажетті құжаттар қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

11. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беруден мынадай:

1) басшы қызметкерлер лауазымына кандидаттардың осы бапта, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында, 54-бабының 4-тармағында және 59-бабының 2-тармағында және "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабында немесе қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

2) тестілеудің теріс нәтижесі негіздері бойынша бас тартады.

Мыналар:

басшы қызметкер лауазымына кандидатты тестілеу нәтижесі дұрыс жауаптардың жетпіс пайызынан аз болуы;

басшы қызметкер лауазымына кандидаттың қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тестілеу тәртібін бұзуы;

қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына кандидатты келісіп жатқан мерзім ішінде белгіленген уақытта тестілеуге келмеуі тестілеудің теріс нәтижесі болып табылады;

3) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ескертулерін жоймау немесе қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып пысықталған құжаттарды қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсыну;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқару органының тәуелсіз директор болып табылатын басшысының немесе мүшесінің лауазымына кандидатты сайлау (тағайындау) тәртібін бұзу;

5) осы баптың 8-тармағының екінші бөлігінде белгіленген, басқару органының тәуелсіз директор болып табылатын басшысы немесе мүшесі лауазымына кандидат өз лауазымын қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісімінсіз атқаратын мерзім өткеннен кейін құжаттарды ұсыну;

6) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда басшы қызметкер лауазымына кандидаттың бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған және (немесе) үшінші тұлғаға (үшінші тұлғаларға) нұқсан келтіруге алып келген деп танылған әрекеттерді жасағаны туралы мәліметтердің (фактілердің) болуы негіздері бойынша бас тартады.

Бұл талап санамаланған оқиғалардың ең алдыңғысы басталған:

қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына кандидаттың әрекеттерін бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп таныған;

қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган осындай әрекеттерді жасау салдарынан үшінші тұлғаға (үшінші тұлғаларға) нұқсан келтірілгенін растайтын фактілерді алған күннен бастап бір жыл ішінде қолданылады;

7) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда басшы қызметкер лауазымына кандидаттың өзіне қатысты қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті

орган қадағалап ден қою шараларын қолданған және (немесе) оған Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 259-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін, бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп танылған әрекеттерді жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған қаржы ұйымының жұмыскері және (немесе) әрекеттері мәмілеге қатысушы қаржы ұйымына және (немесе) үшінші тұлғаға (үшінші тұлғаларға) нұқсан келтіруге алып келген қаржы ұйымының жұмыскері екендігі туралы мәліметтердің болуы негіздері бойынша бас тартады.

Бұл талап санамаланған оқиғалардың ең алдыңғысы басталған:

қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган қаржы ұйымының әрекеттерін бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалды деп таныған;

қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына кандидаттың әрекеттерінің салдарынан қаржы ұйымына және (немесе) үшінші тұлғаға (үшінші тұлғаларға) нұқсан келтірілгенін растайтын фактілерді алған күннен бастап бір жыл ішінде қолданылады.

Осы тармақшаның мақсаттары үшін қаржы ұйымының жұмыскері деп өз құзыретіне жоғарыда көрсетілген бұзушылықтарға алып келген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кірген басшы қызметкер не оның міндеттерін атқарған адам және (немесе) қор биржасының трейдері түсініледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген мәліметтерге, оның ішінде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органынан алған мәліметтері де жатады.

12. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының тиісті органының шешімі қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, басшы қызметкерлерді тағайындауды (сайлауды), басқа лауазымға ауыстыруды, еңбек шартын бұзуды және (немесе) өкілеттіктерін тоқтатуды қоса алғанда, олардың құрамында болған барлық өзгеріс туралы, басшы қызметкерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы, сондай-ақ растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, басшы қызметкердің тегіндегі, атындағы, әкесінің атындағы (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) өзгерістер туралы хабардар етуге міндетті.

Басшы қызметкер қылмыстық жауаптылыққа тартылған жағдайда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті

органды осы ақпарат бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына белгілі болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

13. Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкері лауазымына тағайындауға (сайлауға) берген келісімін мынадай:

1) келісім беруге негіз болған анық емес мәліметтердің анықталуы;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген талаптарды жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан көп рет) бұзуы;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының аталған басшы қызметкерінің (жұмыскерлерінің) әрекеттерін (әрекетсіздігін) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді деп тану үшін жеткілікті деректер негізінде қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның осы бапта көрсетілген адамдарды қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетугі;

4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының аталған басшы қызметкерінің (жұмыскерлерінің) әрекеттерін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай келмейді деп тану үшін жеткілікті деректер негізінде, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган оларды қызметтік міндеттерін орындаудан шеттеткенге дейін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры осы адамдарды шеттеткен немесе жұмыстан шығарған жағдайда қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның осы бапта көрсетілген адамдарды қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетугі;

5) алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығының болуы;

6) басшы қызметкерлердің осы бапта, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында, 54-бабының 4-тармағында, 59-бабының 2-тармағында және "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабында немесе қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіздері бойынша кері қайтарып алады.

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті

жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) берген келісімін кері қайтарып алуы өзге қаржы ұйымдарында, банк, сақтандыру холдингтерінде, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарында, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарында, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарында осы басшы қызметкерге бұрын берілген келісімді (келісімдерді) кері қайтарып алуға негіз болып табылады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры:

1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) берген келісімін кері қайтарып алған;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басшы қызметкер лауазымына кандидатты сайлау (тағайындау) тәртібі бұзылған жағдайларда, басшы қызметкермен еңбек шартын бұзуға не еңбек шарты болмаған жағдайда басшы қызметкердің өкілеттіктерін тоқтату жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

Ескерту. 63-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-тарау. ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСҚЕРЛЕР

64-бап. Әлеуметтік жұмыскерлердің мәртебесі және жұмыс ерекшеліктері

1. Адам арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласында кәсіптік қызметті жүзеге асырған кезде әлеуметтік жұмыскер мәртебесіне ие болады.

2. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік жұмыскер арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж адамдардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну туралы қорытынды дайындайды және адамның денсаулық жағдайы, ауруының диагнозы, тыныс-тіршілігінің шектелу дәрежесі және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушылардың дербес деректері туралы мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етеді.

3. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын әлеуметтік жұмыскер арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік жұмыскердің қорытындысын ұстанады және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес қызметтер көрсетеді.

4. Әлеуметтік жұмыскер арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушының немесе оның заңды өкілінің хабардар етілген келісімімен оналту іс-шараларын жүргізу үшін арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушы туралы мәліметтерді ұсынуға құқылы.

5. Әлеуметтік жұмыскерге нормативтік жүктемені халықты әлеуметтік қорғау, білім беру және денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар, сондай-ақ арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып белгілейді.

6. Мемлекеттік ұйымдарда кәсіптік қызметті жүзеге асыратын әлеуметтік жұмыскердің еңбегіне ақы төлеу жүйесі, лауазымдық айлықақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдер лауазымдар тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.

Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын әлеуметтік жұмыскерлерге жыл сайынғы негізгі ақы төленетін еңбек демалысы және сауықтыруға арналған жәрдемақы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес беріледі.

Жекеше ұйымдарда кәсіптік қызметті жүзеге асыратын әлеуметтік жұмыскердің еңбегіне ақы төлеуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың құрылтайшылары немесе осыған уәкілеттік берілген тұлға айқындайды.

7. Әлеуметтік жұмыскер кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша тиісті уәкілетті органдар бекіткен кәсіптік стандарттарда айқындалатын біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

8. Әлеуметтік жұмыскерлер кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін аттестаттаудан өтеді, оның нәтижесі бойынша оларға уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен біліктілік санаттары беріледі (расталлады).

9. Әлеуметтік жұмыскерлерді аттестаттау бағдарламасын уәкілетті органдар кәсіптік стандартқа сәйкес әзірлейді.

65-бап. Әлеуметтік жұмыскерлердің кәсіптік қызметті жүзеге асыру кезіндегі құқықтары мен міндеттері

1. Әлеуметтік жұмыскерлердің кәсіптік қызметті жүзеге асыру кезінде:

1) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын сақтау шартымен арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну саласындағы қызметті ұйымдастыру тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды адамдар мен басқа да адамдар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;

3) өзінің кәсібіне арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушылар мен олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан құрметпен қаралуына және тиісті мінез-құлыққа;

4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайларының жасалуына;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық қызметті жүзеге асыруға, әлеуметтік жұмыс практикасына жаңа әдістемелер мен технологияларды ендіру туралы ұсыныстарды әзірлеуге және енгізуге;

6) әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде әлеуметтік жұмыскердің кәсіптік қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

7) бес жылда кемінде бір рет біліктілігін арттыруға;

8) кәсіби тұрғыдан үздіксіз дамуға;

9) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;

10) кәсіптік қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын қолдау және арттыру үшін халықаралық стипендиялар мен гранттар бойынша тағылымдамадан өтуге;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға құқығы бар.

2. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілікті бағалауды және айқындауды жүзеге асыратын әлеуметтік жұмыскер осы баптың 1-тармағында белгіленген құқықтардан басқа:

1) мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардан қажетті ақпаратты, оның ішінде ақпараттық жүйелер арқылы сұратуға және алуға;

2) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілікке бағалау жүргізу және оны айқындау үшін қажетті мамандарды тартуға;

3) консультация үшін басқа бейіндегі немесе біліктілігі анағұрлым жоғары қажетті мамандарды тартуға құқылы.

3. Әлеуметтік жұмыскерлер:

1) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушыларға өз қызметтері үшін сыйақы алудағы жеке мүддесі мақсатында дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды бөлшек саудада өткізудің белгілі бір объектілерін, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді немесе оңалту іс-шараларын ұсынатын ұйымдарды ұсынуға;

2) ғылыми-практикалық конференциялар мен мамандандырылған семинарлар өткізуді қоспағанда, өнім берушілердің қатысуымен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің және оңалту іс-шараларының түрлерін ілгерілетуге құқылы емес.

4. Әлеуметтік жұмыскерлер:

1) өзінің біліктілігіне, қызметтік және лауазымдық міндеттеріне сәйкес арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж болудың профилактикасын жүргізуге;

2) өзінің біліктілігіне, лауазымдық міндеттеріне сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге;

3) ұсынылатын арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз етуге;

4) кәсіптік құпияны жария етпеуге;

5) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушыға қатысты кемсітушілікке жол бермеуге;

6) құқық қорғау органдарына халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушының қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасау фактілері немесе осы әрекеттердің оларға қатысты жасалу фактілері туралы, сондай-ақ кәсіптік қызметіне байланысты өздеріне белгілі болған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілері туралы дереу хабарлауға;

7) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушылардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша консультация беруге;

8) үш жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге;

9) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша жеке жоспар жасауға;

10) әлеуметтік жұмыскердің кәсіптік мінез-құлық әдебінің нормаларын сақтауға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өтуге;

12) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушылар мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

13) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

66-бап. Әлеуметтік жұмыскердің кәсіптік құпиясы

1. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушылардың жеке ерекшеліктері, денсаулық жағдайы, ауруының диагнозы, тыныс-тіршілігінің шектелу дәрежесі туралы мәліметтер, сондай-ақ дербес деректері әлеуметтік жұмыскердің кәсіптік құпиясын құрайды.

2. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушының немесе оның заңды өкілінің хабардар етілген келісімімен оңалту іс-шараларын жүргізу үшін әлеуметтік жұмыскердің кәсіптік құпиясын құрайтын мәліметтерді үшінші тұлғаларға беруге жол беріледі.

3. Әлеуметтік жұмыскердің кәсіптік құпиясын құрайтын мәліметтерді арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушының келісімінсіз ұсынуға мынадай жағдайларда:

1) заңды өкілі болмаған жағдайда, өз еркін білдіруге қабілетсіз адамды зерттеп-қарау және емдеу мақсатында медициналық қызметті жүзеге асыратын субъектілерге ұсынуға;

2) сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының, прокурордың, адвокаттың және (немесе) соттың тергеп-тексеруді немесе сот талқылауын жүргізуге байланысты сұрау салуы бойынша;

3) кәмелетке толмаған немесе әрекетке қабілетсіз адамға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету кезінде оның заңды өкіліне хабарлау үшін;

4) прокуратура органдары "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында белгіленген тәртіппен заңдылықтың сақталуына тексеру жүргізген кезде жол беріледі.

4. Мыналар:

1) электрондық ақпараттық ресурстарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес берілетін барлау, қарсы барлау қызметіне және күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шараларына байланысты ақпарат қамтылған жағдайларды қоспағанда, мұндай электрондық ақпараттық ресурстың резервтік көшірмесін ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке және мерзімдерге сәйкес электрондық ақпараттық ресурстарды резервтік сақтаудың бірыңғай платформасына сақтауға беру;

2) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметін жүзеге асыру мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып ақпарат алмасу әлеуметтік жұмыскердің кәсіптік құпиясын жария ету болып табылмайды.

67-бап. Әлеуметтік жұмыскердің кәсіптік мінез-құлық әдебі

1. Әлеуметтік жұмыскердің кәсіптік мінез-құлық әдебі заңдылық, адалдық, жауапкершілік, жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

2. Әлеуметтік жұмыскердің кәсіптік мінез-құлық әдебін бұзу Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес әлеуметтік жұмыскердің тәртіптік жауаптылығына алып келеді.

3. Әлеуметтік жұмыскердің кәсіптік мінез-құлық әдебін бұзуды Әлеуметтік жұмыскерлердің кәсіптік мінез-құлық әдебі жөніндегі кеңес арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйым айқындайтын тәртіппен қарайды.

68-бап. Әлеуметтік жұмыскердің кәсіптік қызметін орындауға байланысты шектеулер

Мынадай:

- 1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес әлеуметтік жұмыскердің кәсіптік қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған адамдар;
- 2) сот шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдар;
- 3) медициналық қарсы көрсетілімдері бар, сондай-ақ психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты бұзылушылықтары бар, психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған адамдар;
- 4) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген өзге де шектеулер негізінде әлеуметтік жұмыскерлердің кәсіптік қызметіне жіберілмейді.

69-бап. Әлеуметтік жұмыскерлердің кәсіптік қызметін қамтамасыз ету

Әлеуметтік жұмыскерлер кәсіптік қызметті жүзеге асырған кезде:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оларды кәсіптік міндеттеріне байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға;
- 2) олардан Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау саласындағы заңнамасында көзделмеген есептілікті не ақпаратты талап етуге;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген тексерулерді жүргізуге жол берілмейді.

70-бап. Әлеуметтік жұмыскерлерге берілетін әлеуметтік кепілдіктер

1. Әлеуметтік жұмыскерлерге:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғынжайға, оның ішінде қызметтік тұрғынжайға және (немесе) жатақханаға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелеріне кепілдік беріледі. Кәсіптік қызметін ауылдық елді мекендерде жүзеге асыратын әлеуметтік жұмыскерлерге жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін беру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басым тәртіппен жүзеге асырылады;
- 3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысына;
- 4) кезекті еңбек демалысын беру кезінде күнтізбелік жылда бір рет кемінде бір лауазымдық айлық мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақыға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге;
- 6) үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін әлеуметтік жұмыскерлер үшін жол жүруге байланысты көлік шығыстарын жұмыс берушінің өтеуіне кепілдік беріледі.

2. Кәсіптік қызметін ауылдық елді мекенде жүзеге асыратын әлеуметтік жұмыскерге:

1) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қалалық жағдайларда кәсіптік қызметін жүзеге асыратын әлеуметтік жұмыскерлердің мөлшерлемелерімен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленеді;

2) коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша бюджет қаражаты есебінен, жергілікті өкілді органдар бекіткен тәртіппен және мөлшерде әлеуметтік көмек көрсетіледі.

3. Ауылдық елді мекендерге кәсіптік қызметін жүзеге асыру және тұру үшін келген әлеуметтік жұмыскерге жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша көтерме жәрдемақы беріледі және тұрғын үйді сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік көмек көрсетіледі.

4. Жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік жұмыскерге тұрғынжайды жалдау (жалға алу) және коммуналдық көрсетілетін қызметтер үшін өтемақы төлемдерін, санаторийлік-курорттық емделуге және демалуға жолдамалар сатып алу үшін толық немесе ішінара төлемдерді, сондай-ақ әлеуметтік жұмыскерге әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған өзге де жеңілдіктерді белгілеуге құқылы.

5. Әлеуметтік жұмыскерге адал еңбегі және өзінің кәсіптік міндеттерін үлгілі атқарғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымның ішкі тәртіптеме қағидаларында көзделген көтермелеулер қолданылады.

6. Жергілікті атқарушы органдар біржолғы сыйақы төлей отырып немесе онсыз, жергілікті ерекшелік белгілері мен құрметті атақтарды және өзге де ынталандыру нысандарын тағайындау арқылы, оның ішінде Қазақстан Республикасында белгіленген мереке күндеріне орай әлеуметтік жұмыскерлерді көтермелеудің қосымша шараларын белгілеуге құқылы.

Жергілікті ерекшелік белгілерінің және құрметті атақтардың сипаттамасын, оларды беру тәртібін, оның ішінде біржолғы сыйақы төлемдерінің мөлшерін жергілікті атқарушы орган айқындайды.

ЕРЕКШЕ БӨЛІК

3-БӨЛІМ. ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

9-тарау. БАЛАЛЫ АДАМДАРДЫ (ОТБАСЫЛАРДЫ) ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

1-параграф. Жалпы ережелер

71-бап. Балалы адамдардың (отбасылардың) әлеуметтік қорғалу құқығы

1. Балалы адамдардың (отбасылардың):

1) жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылуы жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер;

2) бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – бала туғанда берілетін жәрдемақы);

3) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – бала күтіміне байланысты жәрдемақы);

4) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем (бұдан әрі – бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем);

5) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді алушылардың пайдасына қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау (бұдан әрі – бюджеттік субсидиялар);

6) бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақы);

7) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – наградталған анаға берілетін жәрдемақы) түрінде әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

2. Осы бапта көзделген құқықтар осы Кодексте көзделген тәртіппен және шарттарда іске асырылады.

3. Жұмыс беруші, егер еңбек және (немесе) ұжымдық шарт талаптарында, жұмыс берушінің актісінде көзделсе, орташа жалақыны сақтай отырып, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдердің сомасын шегере отырып, жүктілікке және босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге берілетін демалысқа ақы төлейді.

4. Жергілікті атқарушы органдардың шешімімен балалы отбасыларға қосымша әлеуметтік көмек шаралары ұсынылуы мүмкін.

72-бап. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді, бала туғанда берілетін

жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру тәртібі

1. Әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларға құқығы бар адамның немесе оның заңды өкілінің өтініші жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді, бала туғанда берілетін жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны (бұдан әрі – әлеуметтік төлемдер және балалы отбасыларға берілетін жәрдемақылар) тағайындауға негіз болып табылады.

Әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақылар " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы тағайындалған кезде оларды тағайындау туралы өтініш беру талап етілмейді.

2. Уәкілетті мемлекеттік орган:

бала туғанда берілетін мемлекеттік жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеуді жүзеге асыру;

жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оларды тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау;

бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау тәртібін айқындайды.

73-бап. Әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды тағайындауға арналған өтінішті қабылдаудан және оны тағайындаудан бас тарту

1. Әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды тағайындауға арналған өтінішті қабылдаудан бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды тағайындау, жүзеге асыру, проактивті көрсетілетін қызмет арқылы оларды тағайындауға өтініш беру немесе келісім беру фактісін растайтын мәліметтерді алу;

2) өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды және (немесе) қолданылу мерзімі әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған күні аяқталатын құжаттарды ұсыну;

3) жеке басты куәландыратын құжат бойынша мәліметтердің (мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтермен расталатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны ауыстырудан басқа) оларды тағайындауға қажетті құжаттарға сәйкес келмеуі;

4) әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақылар тағайындауға құқығының болмауы;

5) өтініш берушінің әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды тағайындау үшін талап етілетін, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.

2. Әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақылар тағайындаудан бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды тағайындауға қажетті, оның ішінде мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттардың және (немесе) мәліметтердің анық емес екенін анықтау;

2) әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды тағайындауға қажетті құжаттардың және (немесе) мәліметтердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) тексеру кезінде Қор сұратып отырған, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындауға қажетті құжатты және (немесе) мәліметтерді ұсынбау.

74-бап. Әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды алушының құқықтары мен міндеттері

1. Әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды алушының:

1) Мемлекеттік корпорация мен Қордан әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды тағайындау және алу тәртібі туралы ақпаратты сұратуға және тегін алуға;

2) мемлекеттік органдардың, Мемлекеттік корпорацияның және Қордың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.

2. Әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды алушы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды тағайындау үшін толық және анық мәліметтер ұсынуға;

2) әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыларды алу кезеңінде Мемлекеттік корпорацияға бала туғанда берілетін жәрдемақының, бала күтіміне байланысты жәрдемақының, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақының, наградталған анаға берілетін жәрдемақының, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшерін өзгертуге негіз болатын мән-жайлар туралы осындай өзгерістер туындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

Алушы бала туғанда берілетін жәрдемақының, бала күтіміне байланысты жәрдемақының, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақының, наградталған анаға берілетін жәрдемақының, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшеріне әсер ететін мән-жайлар туралы уақтылы хабарламаған жағдайда, олардың мөлшері көрсетілген мән-жайлар туындаған кезден бастап, бірақ олар тағайындалған кезден кейін қайта қаралады;

3) әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақылардың артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларын ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда – соттың заңды күшіне енген шешімінің негізінде сот тәртібімен қайтаруды жүргізуге міндетті.

75-бап. Алушының өзгеруі

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттар негізінде баланы (балаларды) мемлекеттің толық қамтамасыз етуіне беру жағдайларын қоспағанда, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны алушы қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған), ата-ана құқықтарынан айырылған немесе оның ата-ана құқықтары шектелген, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген, соттың хабарсыз кетті деп тану туралы шешімінің күші жойылған жағдайларда, төлем баланың (балалардың) заңды өкіліне не оларды алу үшін негіздер сақталған кезде қорғаншы (қамқоршы) болып тағайындалған адамға жүргізіледі.

76-бап. Әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақылардан ұстап қалу

1. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерден, бала

күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнен 10 пайыз мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналары ұсталады және осы Кодекске сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жіберіледі.

2. Әлеуметтік төлемдер мен балалы отбасыларға берілетін жәрдемақылардан атқарушылық іс жүргізу тәртібімен ұстап қалу жүргізілмейді.

3. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің артық есепке жатқызылған (төленген) сомалары алушы оларды кейіннен алған кезде оның өтініші негізінде төленуге тиіс сомалардан ұсталады.

2-параграф. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер

77-бап. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді алу құқығы

1. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға әлеуметтік төлемді алу құқығы туындаған күннен бастап тағайындалады.

2. Әлеуметтік төлемдерді алу құқығы:

жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша – еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақта көрсетілген жүктілігі және босануы бойынша демалыс берілген күннен бастап;

жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша – еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақта көрсетілген, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге демалыс берілген күннен бастап туындайды.

3. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен берілген еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақта көрсетілген бүкіл кезеңге тағайындалады.

Байқоңыр қаласының міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы болып табылатын тұрғындарына жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген тәртіппен берілген немесе Ресей Федерациясының федералдық денсаулық сақтау ұйымдары мен олардың Байқоңыр қаласы аумағында орналасқан бөлімшелері берген еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ негізінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс кезеңіне тағайындалады.

4. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындауға, сондай-ақ қиын босанған, екі және одан көп бала туған кезде жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді қайта есептеу үшін жүгіну мерзімдері әлеуметтік төлемдерді алу құқығы туындаған күннен бастап он екі айдан аспайды.

Жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді қайта есептеу уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін жүгінген күннен кейін Қорға оларды есептеуге қабылданған кезең үшін әлеуметтік аударымдар түскен жағдайда, алушыға жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша тағайындалған әлеуметтік төлемдердің мөлшерін қайта есептеу жүргізілмейді.

6. Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) Қордың кінәсінен уақтылы алынбаған не толық алынбаған жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдердің сомалары әлеуметтік төлемдерді алу құқығы туындаған күннен бастап өткен уақыт үшін мерзімдері шектелместен төленеді.

78-бап. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшері

1. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшері уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген орташа айлық кіріс мөлшерін еңбекке қабілетсіздік күндері санының тиісті коэффициентіне көбейту жолымен айқындалады және Қордың активтері есебінен төленеді.

2. Әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген орташа айлық кіріс мөлшері әлеуметтік төлемді алу құқығы туындаған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік он екі ай ішінде (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) әлеуметтік аударымдар жүргізілген кірістер сомасын он екіге бөлу жолымен айқындалады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне 0 түзету коэффициенті қолданылған қызмет түрлері

бойынша еңбек, кәсіпкерлік қызмет, жеке практикамен айналысу кезеңдерінде алынған кіріс төлеуші беретін кірістер туралы анықтаманың негізінде орташа айлық кіріс мөлшерін айқындау кезінде ескеріледі.

Төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары қолданылған кезеңде қызметтің шектелуіне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді алу кезеңдері орташа айлық кіріс мөлшерінің есебінен алып тасталады және орташа айлық кіріс мөлшерін айқындау кезеңі басталардың тура алдындағы басқа айлармен ауыстырылады.

Егер осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында аталған адамдар әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесін бір пайыз мөлшерінде айқындаса, онда жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылуы жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді есептеу кезінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір айдағы кіріс айына нақты түскен әлеуметтік аударымдар сомасын осы Кодекстің 244-бабының 1-тармағында белгіленген әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне бөлу арқылы айқындалады.

Еңбекке қабілетсіздік күндері санының коэффициенті жүктілікке және босануға, сондай-ақ жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты еңбекке уақытша жарамдылық туралы парағы берілген күндер санын күнтізбелік отыз күнге бөлу жолымен айқындалады.

3. Сот актілері мен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының актілері негізінде заңсыз деп танылған кірістен түскен, әлеуметтік төлемдердің мөлшерін айқындау кезінде ескерілген кезең үшін төленген әлеуметтік аударымдар міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін кейінгі жүгінуі кезінде есепке алынбайды.

4. Егер төлеуші уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын мерзімдерде және жағдайларда артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды қайтаруды жүзеге асырмаған болса, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу кезінде артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың сомасы есепке алынбайды.

Ескерту. 78-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.07.2024 № 104-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-параграф. Бала туғанда берілетін жәрдемақы

79-бап. Бала туғанда берілетін жәрдемақыны алу құқығы

1. Бала туғанда берілетін жәрдемақы Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға, сондай-ақ жәрдемақы алу құқығы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта көзделген және өзінің туған, асырап алған, сондай-ақ қорғаншылыққа алған балалары бар шетелдіктерге бала туған күннен бастап беріледі.

2. Бала туғанда берілетін жәрдемақы жүгінген күннен бастап тағайындалады. Екі және одан көп бала туған кезде бала туғанда берілетін жәрдемақы әрбір балаға тағайындалады және төленеді.

3. Бала туғанда берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін жүгіну мерзімдері бала туған күннен бастап он сегіз айдан аспайды.

80-бап. Бала туғанда берілетін жәрдемақының мөлшері

1. Бала туғанда берілетін жәрдемақы бюджет қаражаты есебінен мынадай: бірінші, екінші, үшінші балаға – 38,0 айлық есептік көрсеткіш; төртінші және одан кейінгі балаларға – 63,0 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді.

2. Бала туғанда берілетін жәрдемақы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгеруі ескеріле отырып төленеді.

4-параграф. Бала күтіміне байланысты жәрдемақы

81-бап. Бала күтіміне байланысты жәрдемақыны алу құқығы

1. Бала күтіміне байланысты жәрдемақы Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға, сондай-ақ жәрдемақы алу құқығы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта көзделген шетелдіктерге беріледі.

2. Балаға күтім жасайтын адам міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы болып табылмаған жағдайда, тірі туған, асырап алған, сондай-ақ қорғаншылыққа алған балалары бар, егер олар басқа ата-ананың отбасында ескерілмесе, өгей балалары бар адамдардың (отбасылардың) бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем алуға құқығы бар.

3. Бала күтіміне байланысты жәрдемақыны тағайындау кезінде отбасы құрамында ата-аналары ата-ана құқықтарынан айырылған немесе ата-ана құқықтары шектелген балалар есепке алынбайды.

Бала күтіміне байланысты жәрдемақы мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі балаларға тағайындалмайды.

4. Бала күтіміне байланысты жәрдемақы:

1) баланың туу туралы куәлігінде көрсетілген туған күнінен бастап ол бір жарым жасқа толғанға дейінді қоса алғанда;

2) асырап алған, сондай-ақ қорғаншылыққа алған балалары бар адамдарға (отбасыларға) – соттың баланы (балаларды) асырап алу туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап немесе қорғаншылық белгіленген күннен бастап ол бір жарым жасқа толғанға дейін;

3) қандастарға – бала туған күннен бастап, бірақ қандас мәртебесі белгіленген күннен кейін тағайындалады.

5. Бір жарым жасқа толмаған екі және одан көп балаға күтім жасалған жағдайда, бала күтіміне байланысты жәрдемақы әр балаға тағайындалады және төленеді.

6. Бір жарым жасқа толмаған бала қайтыс болған жағдайда, төлемдер баланың қайтыс болған айына қоса жүргізіледі.

7. Бір жарым жасқа толмаған бала қайтыс болғаннан кейін бала күтіміне байланысты жәрдемақы тағайындау үшін жүгінген жағдайда, бала күтіміне байланысты жәрдемақы баланың қайтыс болған айына қоса тағайындалады.

8. Бала күтіміне байланысты жәрдемақы тағайындау үшін жүгіну мерзімдері бала туған күннен бастап он сегіз айдан аспайды.

82-бап. Бала күтіміне байланысты берілетін жәрдемақының мөлшері

1. Бала күтіміне байланысты берілетін жәрдемақы бюджет қаражаты есебінен ай сайын мынадай:

бірінші балаға – 5,76 айлық есептік көрсеткіш;

екінші балаға – 6,81 айлық есептік көрсеткіш;

үшінші балаға – 7,85 айлық есептік көрсеткіш;

төртінші және одан кейінгі балаларға – 8,90 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді.

2. Бала күтіміне байланысты жәрдемақы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгеруі ескеріле отырып төленеді.

83-бап. Бала күтіміне байланысты жәрдемақы төлеуді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату

1. Бала күтіміне байланысты жәрдемақыны төлеу мынадай мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты жәрдемақы төлеу ол тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

2) бала күтіміне байланысты жәрдемақыны алушының Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кетуі туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты жәрдемақыны төлеу Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен және бала бір жарым жасқа толғанға дейін кері оралған, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны алушыға Қазақстан Республикасының аумағына тұрақты тұруға келген күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

3) бала күтіміне байланысты жәрдемақыны алушының сот бас бостандығынан айыру түрінде тағайындаған қылмыстық жазаны өтеуі туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты жәрдемақы баланың (балалардың) заңды өкіліне осы жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен бастап не қорғаншы болып тағайындалған адамға қорғаншылық белгіленген күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін төленеді;

4) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілгеннен тыс көлемі ұсынылатын адамды қоспағанда, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны алушының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында тұратыны және мемлекеттің толық қамтамасыз етуінде болуы туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты жәрдемақыны төлеу оны алушы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығынан шығарылған күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

5) бала күтіміне байланысты жәрдемақыны алушыға қатысты хабарсыз кеткен адамдарды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің болуы туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты жәрдемақы баланың (балалардың) заңды өкіліне осы жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен бастап не қорғаншы болып тағайындалған адамға қорғаншылық белгіленген күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін төленеді;

6) бала күтіміне байланысты жәрдемақыны алушыда шетелдіктің жеке басын куәландыратын құжаттың немесе қандас куәлігінің қолданылу мерзімінің өтуі туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты жәрдемақыны төлеу шетелдіктің жеке басын куәландыратын құжат немесе қандас куәлігі берілген күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

7) алушының қайтыс болғанын растайтын құжаттың болуы туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты жәрдемақы баланың (балалардың) заңды өкіліне осы жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен бастап не қорғаншы болып тағайындалған адамға қорғаншылық белгіленген күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін жүргізіледі.

2. Бала күтіміне байланысты жәрдемақыны төлеу ақпараттық жүйелерден алынған, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны тоқтата тұруға себеп болған мән-жайлардың

аяқталғанын растайтын құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде өтініш бойынша қайта басталады.

3. Бала күтіміне байланысты жәрдемақыны төлеуді тоқтатуға:

1) баланың қайтыс болуы;

2) баланы мемлекеттің толық қамтамасыз етуіне беру;

3) өтініш берушінің бала күтіміне байланысты жәрдемақыны заңсыз тағайындауға алып келген анық емес мәліметтерді ұсынуы;

4) бала күтіміне байланысты жәрдемақыны алушыға қатысты Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату фактісінің анықталуы;

5) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру немесе ата-ана құқықтарын шектеу, бала асырап алуды жарамсыз деп тану немесе оның күшін жою, қорғаншыларды өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету негіз болып табылады.

Бала (балалар) қайтыс болған жағдайда бала күтіміне байланысты жәрдемақыны төлеу бала (балалар) қайтыс болған ай өткен соң тоқтатылады.

Бала күтіміне байланысты жәрдемақыны төлеу осы тармақтың 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген мән-жайлар басталған күннен бастап тоқтатылады.

Ескерту. 83-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-параграф. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем

84-бап. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем алу құқығы

1. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем осы әлеуметтік төлемді алуға құқығы бар және қоса алғанда бала (балалар) бір жарым жасқа толғанға дейін оған күтім жасауды жүзеге асыратын міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға тағайындалады

Бұл ретте, егер балаға күтімді міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне бірнеше қатысушы жасаса, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем көрсетілген адамдардың біреуіне ғана тағайындалады.

Екі және одан көп бала туған кезде бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем әр балаға жеке тағайындалады.

2. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем алу құқығы баланың туу туралы куәлігінде көрсетілген туған күнінен бастап, баланы (балаларды) асырап алған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, бір жарым жасқа дейінгі балаға қорғаншылық тағайындалған жағдайларда, соттың баланы (балаларды) асырап алу туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап немесе қорғаншы тағайындалған күннен бастап туындайды.

3. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тағайындау кезінде отбасы құрамында ата-аналары ата-ана құқықтарынан айырылған немесе ата-ана құқықтары шектелген балаларды қоспағанда, тірі туған, асырап алған, егер олар басқа ата-ананың отбасында ескерілмесе, өгей балалар, сондай-ақ қорғаншылыққа алынған балалар ескеріледі.

Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау кезеңінде отбасының құрамында ескерілмеген бала (балалар) анықталған жағдайда, Қор уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен балалардың жалпы санын ескере отырып, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшерін қайта есептеу туралы шешім қабылдайды.

4. Бір жарым жасқа толмаған бала қайтыс болғаннан кейін бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тағайындау үшін жүгінген жағдайда, әлеуметтік төлем баланың қайтыс болған айына қоса тағайындалады.

5. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тағайындау, сондай-ақ қайта есептеу үшін жүгіну мерзімдері бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді алу құқығы туындаған күннен бастап он сегіз айдан аспайды.

6. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау үшін жүгінген күннен кейін Қорға оны есептеуге қабылданған кезең үшін әлеуметтік аударымдар түскен жағдайда, алушыға бала күтіміне байланысты тағайындалған әлеуметтік төлемнің мөлшері қайта есептелмейді.

7. Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) Қордың кінәсінан уақтылы алынбаған не толық алынбаған бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің сомалары әлеуметтік төлемді алу құқығы туындаған күннен бастап өткен уақыт үшін мерзім шектелместен төленеді.

8. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі балаларға тағайындалмайды.

85-бап. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшері

1. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшері уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген орташа айлық кіріс мөлшерін кірісті алмастыру коэффициентіне көбейту жолымен айқындалады және ай сайын Қордың активтері есебінен төленеді.

Әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген орташа айлық кіріс мөлшері бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем алу құқығы туындаған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) әлеуметтік аударымдар жүргізілген кірістер сомасын жиырма төртке бөлу жолымен айқындалады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне 0 түзету коэффициенті қолданылған қызмет түрлері

бойынша еңбек, кәсіпкерлік қызмет, жеке практикамен айналысу кезеңдерінде алынған кіріс төлеуші беретін кірістер туралы анықтаманың негізінде орташа айлық кіріс мөлшерін айқындау кезінде ескеріледі.

Төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары қолданылған кезеңде қызметтің шектелуіне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді алу кезеңдері орташа айлық кіріс мөлшерінің есебінен алып тасталады және орташа айлық кіріс мөлшерін айқындау кезеңі басталардың тура алдындағы басқа айлармен ауыстырылады.

Егер осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында аталған адамдар әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесін бір пайыз мөлшерінде айқындаса, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді есептеу кезінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір айдағы кіріс айына нақты түскен әлеуметтік аударымдар сомасын осы Кодекстің 244-бабының 1-тармағында белгіленген әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне бөлу арқылы айқындалады.

Кірісті ауыстыру коэффициенті 0,40-ті құрайды.

2. Бала күтіміне байланысты ай сайынғы әлеуметтік төлемнің мөлшері осы Кодекстің 76-бабына сәйкес ұсталуға жататын міндетті зейнетақы жарналарын қосымша есептей отырып, осы Кодекстің 82-бабына сәйкес бала туу кезектілігіне қарай белгіленген бала күтіміне байланысты жәрдемақының мөлшерінен кем болмайды.

Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің ең жоғары мөлшері бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемге құқық туындаған күнге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақының 7 еселенген мөлшерінің 40 пайызынан аспауға тиіс.

3. Сот актілері мен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының актілері негізінде заңсыз деп танылған кірістен түскен, әлеуметтік төлемдердің мөлшерін айқындау кезінде ескерілген кезең үшін төленген әлеуметтік аударымдар міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тағайындау үшін кейінгі жүгінуі кезінде есепке алынбайды.

4. Егер төлеуші уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын мерзімде және жағдайларда артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды қайтаруды жүзеге асырмаған болса, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу кезінде артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың сомасы есепке алынбайды.

Ескерту. 85-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.07.2024 № 104-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

86-бап. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату

1. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем мынадай мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы мәлімет. Бұл ретте әлеуметтік төлем ол тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

2) әлеуметтік төлемді алушының Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кетуі туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем кері оралған алушыға:

кеткен елінде төлем алынбаған жағдайда – төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап;
кеткен елінде төлем алынған жағдайда – кеткен елінде төлем тоқтатылған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап қайта басталады;

3) бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді алушының сот бас бостандығынан айыру түрінде тағайындаған қылмыстық жазаны өтеуі туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем баланың (балалардың) заңды өкіліне осы төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап не қорғаншы болып тағайындалған адамға қорғаншылық белгіленген күннен бастап, бірақ әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күннен кейін жүргізіледі;

4) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың, қандас куәлігінің қолданылу мерзімінің өтуі туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат, қандас куәлігі берілген күннен бастап қайта басталады;

5) бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді алушыға қатысты хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің болуы туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем баланың (балалардың) заңды өкіліне төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап не қорғаншы болып тағайындаған адамға қорғаншылық белгіленген күннен бастап, бірақ әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күннен кейін жүргізіледі;

6) бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді алушы болып табылатын хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының тоқтатылуын немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің күшін жою туралы сот актісінің күшіне енгенін растайтын құжаттың болуы туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем баланың (балалардың) заңды өкіліне не қорғаншы болып тағайындалған адамға төлем тоқтатыла тұрған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап қайта басталады;

7) бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді алушының "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген

негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуы туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат берілген күннен бастап қайта басталады;

8) өтініш берушінің бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшерін негізсіз айқындауға алып келген анық емес мәліметтерді ұсынуы туралы мәлімет. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күнінен бастап осы Кодекске сәйкес айқындалған мөлшерде қайта басталады.

2. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем төмендегі жағдайлар туындаған ай өткен соң тоқтатыла тұрады:

1) бала (балалар) мемлекеттің толық қамтамасыз етуіне берілген жағдай. Бұл ретте бала (балалар) отбасына берілген күннен бастап бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем қайта басталады;

2) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда ата-ананың ата-ана құқықтарынан айырылған немесе ата-ана құқықтары шектелген жағдай. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем баланың (балалардың) заңды өкіліне осы төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап не қорғаншы болып тағайындалған адамға қорғаншылық белгіленген күннен бастап, бірақ әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күннен кейін жүргізіледі. Ата-ана құқықтары қалпына келтірілген кезде бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем соттың ата-ана құқықтарын қалпына келтіру немесе ата-ана құқықтарын шектеудің күшін жою туралы шешімі күшіне енген күннен бастап қайта басталады;

3) қорғаншылар Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда өз міндеттерін атқарудан босатылған немесе шеттетілген жағдай. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем қорғаншы болып тағайындалған адамға немесе қорғаншы мәртебесі қалпына келтірілген адамға әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап жүргізіледі;

4) алушы қайтыс болған (соттың оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі күшіне енген) жағдай. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем баланың (балалардың) заңды өкіліне осы төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап не қорғаншы болып тағайындалған адамға қорғаншылық белгіленген күннен бастап, бірақ әлеуметтік төлемді тоқтата тұрған күннен кейін жүргізіледі.

3. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем осы төлемді алу құқығы сақталған жағдайда, бала бір жарым жасқа толғанға дейін ақпараттық жүйелерден алынған, бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тоқтата тұруға себеп болған мән-жайлардың аяқталғанын растайтын құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде өтініш бойынша қайта басталады.

4. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем мынадай негіздер бойынша:

1) бала (балалар) қайтыс болған ай өткен соң;

2) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда , бала асырап алу туралы шешім жарамсыз деп танылған немесе оның күші жойылған ай өткен соң;

3) бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді алушының бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тоқтатуға өтініш беруіне байланысты тоқтатылады. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем өтініш берілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады;

4) бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді алушының бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тағайындау туралы шешім қабылдауға негіз болған анық емес құжаттарды (мәліметтерді) ұсынуына байланысты тоқтатылады. Бұл ретте бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем ол тағайындалған күннен бастап тоқтатылады.

Ескерту. 86-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-параграф. Бюджеттік субсидиялар

87-бап. Бюджеттік субсидиялар алу құқығы

1. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдерді алушылар үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары қосымша белгіленеді, олар уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен бюджет қаражаты есебінен субсидиялануға жатады.

2. Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді алушыға, егер мүгедектік мерзімсіз болып белгіленсе, бюджеттік субсидиялар оның осы Кодекстің 248-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем сомасынан міндетті зейнетақы жарналарын ұстауға келісімі болған кезде жүзеге асырылады.

3. Егер бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдерден ұсталатын міндетті зейнетақы жарналарының мөлшері әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген орташа айлық кірістің 10 пайызынан асатын болса, міндетті зейнетақы жарналарын бюджеттік субсидиялау жүргізілмейді.

4. Бюджеттік субсидиялар баланың туу туралы куәлігінде көрсетілген туған күнінен бастап, ал баланы (балаларды) асырап алған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, бір жарым жасқа дейінгі балаға қорғаншылық тағайындалған жағдайларда – соттың баланы (балаларды) асырап алу туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап немесе қорғаншы тағайындалған күннен бастап бала бір жарым жасқа толған күнге дейін не қорғаншы (асырап алушы) осы Кодекстің 207-бабында көзделген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін жүргізіледі.

88-бап. Бюджеттік субсидиялардың мөлшері

1. Ай сайынғы бюджеттік субсидиялардың мөлшері әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген орташа айлық кіріс мөлшерінен есептелген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы мен бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнен ұсталатын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

2. Бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгеруіне байланысты қайта есептелген жағдайда міндетті зейнетақы жарналарының ай сайынғы бюджеттік субсидияларының мөлшері қайта есептелуге жатады.

89-бап. Бюджеттік субсидияларды тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату

Әлеуметтік аударымдар және (немесе) міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары түскен жағдайда бюджеттік субсидиялар тоқтатыла тұрады.

Бұл ретте бюджеттік субсидиялар осы Кодекстің 86-бабында көзделген тәртіппен бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді тоқтата тұрумен, қайта бастаумен және тоқтатумен бір мезгілде тоқтатыла тұрады, қайта басталады және тоқтатылады.

7-параграф. Көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы

90-бап. Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны алу құқығы

1. Көп балалы отбасына берілетін жәрдемақы Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға, сондай-ақ жәрдемақы алу құқығы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта көзделген шетелдіктерге беріледі.

2. Бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасылардың көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы алуға құқығы бар.

3. Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны тағайындау кезінде отбасы құрамында туған, асырап алған, сондай-ақ қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алынған балалар, егер басқа ата-ананың отбасында ескерілмесе, өгей балалар ескеріледі.

Бұл ретте отбасы құрамында ата-аналары ата-ана құқықтарынан айырылған немесе ата-ана құқықтары шектелген балалар ескерілмейді.

4. Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақы мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі балаларға тағайындалмайды.

5. Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеу барлық растайтын құжаттар болған кезде жүгінген күннен бастап ағымдағы ай үшін және осы жәрдемақы тағайындалған жағдайлар сақталатын кезеңге жүргізіледі. Осы Кодекстің 75-бабына сәйкес жәрдемақыны алушы өзгерген жағдайларды қоспағанда, оны алушы қайтыс болған жағдайда көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақы оның қайтыс болған айына қоса төленеді.

6. Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақының есепке жазылған, алушы уақтылы талап етпеген сомасы өткен уақыт үшін, бірақ оларды алуға жүгіну алдындағы 3 жылдан аспайтын уақытқа төленеді.

7. Өтініш беруші балалардың бірге тұратын көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақы тағайындауға арналған өтініште бірге тұратын балаларды көрсету арқылы өз бетінше растайды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 16-бабына сәйкес он төрт жасқа толмаған балалардың заңды өкілдерінің тұрғылықты жері олардың тұрғылықты жері болып танылады.

Ерлі-зайыптылар арасында неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған жағдайда балалардың ата-анасының біреуімен бірге тұруы сот шешімімен расталады.

8. Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны тағайындау кезінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалардың бірге тұру фактісіне қарамастан, олар отбасы құрамында ескеріледі.

91-бап. Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақының мөлшері

1. Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақы ай сайын бюджет қаражаты есебінен мынадай:

төрт балаға – 16,03 айлық есептік көрсеткіш;

бес балаға – 20,04 айлық есептік көрсеткіш;

алты балаға – 24,05 айлық есептік көрсеткіш;

жеті балаға – 28,06 айлық есептік көрсеткіш;

сегіз және одан көп балаға – әрбір балаға 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді.

Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгеруі ескеріле отырып төленеді.

2. Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақының мөлшері кәмелетке толмаған балалар, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін

уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалар санының өзгеруіне байланысты қайта есептеледі.

Көпбалалы отбасы алатын жәрдемақының мөлшерін ұлғайтуға немесе азайтуға ықпал ететін отбасының құрамы өзгерген жағдайда, көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақының мөлшерін өзгерту жәрдемақы мөлшерін өзгерту құқығы туындаған күннен бастап, бірақ оны тағайындаған кезден кейін жүргізіледі.

92-бап. Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату

1. Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеу мынадай мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы мәлімет. Бұл ретте көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеу ол тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

2) көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны алушының Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кетуі туралы мәлімет. Бұл ретте көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағына тұрақты тұруға келген күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

3) көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны алушының сот бас бостандығынан айыру түрінде тағайындаған қылмыстық жазаны өтеуі туралы мәлімет. Бұл ретте көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақы балалардың заңды өкіліне осы жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен бастап не қорғаншы болып тағайындалған адамға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленген күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін төленеді;

4) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілгеннен тыс көлемі ұсынылатын адамды қоспағанда, көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны алушының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында тұратыны және мемлекеттің толық қамтамасыз етуінде болуы туралы мәлімет. Бұл ретте көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеу оны алушы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығынан шығарылған күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

5) баланың он сегіз жасқа толуы туралы мәлімет. Бұл ретте көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеу:

бала жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша оқуын жалғастырған жағдайда, жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен бастап (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін);

он сегіз жасқа толған бала жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша оқуға түскен күннен бастап (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) қайта басталады;

б) көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны алушыға қатысты хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің болуы туралы мәлімет. Бұл ретте көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеу балалардың заңды өкіліне осы жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен бастап не қорғаншы (қамқоршы) болып тағайындалған адамға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленген күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін жүргізіледі;

7) көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны алушыда шетелдіктің жеке басын куәландыратын құжаттың немесе қандас куәлігінің қолданылу мерзімінің өтуі туралы мәлімет. Бұл ретте көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеу шетелдіктің жеке басын куәландыратын құжат немесе қандас куәлігі берілген күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

8) алушының қайтыс болғанын растайтын құжаттың болуы туралы мәлімет. Бұл ретте көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеу балалардың заңды өкіліне осы жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен бастап не қорғаншы (қамқоршы) болып тағайындалған адамға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленген күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін жүргізіледі.

Осы Кодекстің 75-бабына сәйкес көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны алушыны өзгерту жағдайларын қоспағанда, оны алушы қайтыс болған жағдайда, көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақы оның қайтыс болған айын қоса алғанда, ал көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны алушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда, оның кеткен айына қоса төленеді.

2. Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеу ақпараттық жүйелерден алынған, көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны тоқтата тұруға себеп болған мән-жайлардың аяқталғанын растайтын құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде өтініш бойынша қайта басталады.

3. Көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеуді тоқтатуға:

1) баланың қайтыс болуы;

2) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін

немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын баланы ол он сегіз жасқа толғаннан кейін оқудан шығару;

3) баланы мемлекеттің толық қамтамасыз етуіне беру;

4) өтініш берушінің көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны заңсыз тағайындауға алып келген анық емес мәліметтерді ұсынуы;

5) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру немесе ата-ана құқықтарын шектеу, бала асырап алуды жарамсыз деп тану немесе оның күшін жою, қорғаншыларды (қамқоршыларды) өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету;

6) көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны алушыға қатысты оның Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату фактісінің анықталуы негіз болып табылады.

4. Осы баптың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеу оны тағайындау үшін негіздер сақталған кезде осы баптың 3-тармағында көрсетілген мән-жайлар туындаған күннен бастап тоқтатылады.

5. Бала (балалар) қайтыс болған жағдайда көпбалалы отбасына берілетін жәрдемақыны төлеу бала (балалар) қайтыс болған ай өткен соң тоқтатылады.

Ескерту. 92-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-параграф. Наградталған анаға берілетін жәрдемақы

93-бап. Наградталған анаға берілетін жәрдемақыны алу құқығы

1. Наградталған анаға берілетін жәрдемақы "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған аналарға тағайындалады.

"Мемлекеттік наградалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр Ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең дәрежеде наградталған анаға берілетін жәрдемақыны алу құқығын пайдаланады.

2. Наградталған анаға берілетін жәрдемақыны төлеу барлық растайтын құжаттар болған кезде жүгінген күннен бастап ағымдағы ай үшін және осы жәрдемақы тағайындалған жағдайлар сақталатын кезеңге жүргізіледі.

3. Наградталған анаға берілетін жәрдемақының есепке жазылған, алушы уақтылы талап етпеген сомасы өткен уақыт үшін, бірақ оларды алуға жүгіну алдындағы 3 жылдан аспайтын уақытқа төленеді.

94-бап. Наградталған анаға берілетін жәрдемақы мөлшері

1. Наградталған анаға берілетін жәрдемақы ай сайын бюджет қаражаты есебінен мынадай:

"Күміс алқа" алқасымен наградталған аналарға – 6,40 айлық есептік көрсеткіш;

"Алтын алқа" алқасымен наградталған немесе бұрын "Батыр Ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған аналарға – 7,40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді.

2. Наградталған анаға берілетін жәрдемақы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгеруі ескеріле отырып төленеді.

95-бап. Наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату

1. Наградталған анаға берілетін жәрдемақыны төлеу мынадай мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы мәлімет. Бұл ретте наградталған анаға берілетін жәрдемақыны төлеу ол тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

2) наградталған анаға берілетін жәрдемақыны алушының Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кетуі туралы мәлімет. Бұл ретте наградталған анаға берілетін жәрдемақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағына тұрақты тұруға келген күнінен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

3) наградталған анаға берілетін жәрдемақыны алушының сот бас бостандығынан айыру түрінде тағайындаған қылмыстық жазаны өтеуі туралы мәлімет. Бұл ретте наградталған анаға берілетін жәрдемақыны төлеу наградталған ана қылмыстық-түзеу жүйесі мекемесінен босатылған күннен бастап қайта басталады;

4) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілгеннен тыс көлемі ұсынылатын адамды қоспағанда, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны алушының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында тұратыны және мемлекеттің толық қамтамасыз етуінде болуы туралы мәлімет. Бұл ретте наградталған анаға берілетін жәрдемақыны төлеу алушы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығынан шығарылған күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

5) наградталған анаға берілетін жәрдемақыны алушыға қатысты хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің болуы туралы мәлімет. Бұл ретте наградталған анаға берілетін жәрдемақыны төлеу хабарсыз кеткен

адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шаралары тоқтатылған немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің күшін жою туралы сот актісі күшіне енген күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

б) наградталған анаға берілетін жәрдемақыны алушыда шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың, қандас куәлігінің қолданылу мерзімінің өтуі туралы мәлімет. Бұл ретте наградталған анаға берілетін жәрдемақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат, қандас куәлігі берілген күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады.

2. Наградталған анаға берілетін жәрдемақыны төлеу ақпараттық жүйелерден алынған, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тоқтата тұруға себеп болған мән-жайлардың аяқталғанын растайтын құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде өтініш бойынша қайта басталады.

3. Наградталған анаға берілетін жәрдемақыны төлеуді тоқтатуға:

1) өтініш берушінің наградталған анаға берілетін жәрдемақыны заңсыз тағайындауға алып келген анық емес мәліметтерді ұсынуы;

2) наградталған анаға берілетін жәрдемақыны алушыны "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасынан айыру;

3) наградталған анаға берілетін жәрдемақыны алушыға қатысты оның Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату фактісінің анықталуы;

4) наградталған анаға берілетін жәрдемақыны алушының қайтыс болуы негіз болып табылады.

4. Наградталған анаға берілетін жәрдемақыны төлеу осы баптың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген мән-жайлар туындаған күннен бастап тоқтатылады.

5. Наградталған анаға берілетін жәрдемақыны алушы қайтыс болған жағдайда, ол оның қайтыс болған айына қоса төленеді.

Ескерту. 95-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-тарау. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

1-параграф. Жалпы ережелер

96-бап. Халықты жұмыспен қамту саласындағы құқықтар

1. Халықты жұмыспен қамту саласындағы құқықтар:

1) консультация және әлеуметтік кәсіптік бағдар алу;

2) еңбек делдалдығы;

3) жергілікті атқарушы органдар белгілеген квоталар шеңберінде жұмысқа орналасу

;

4) мүгедектігі бар адамдар үшін құрылған арнаулы жұмыс орындары шеңберінде жұмысқа орналасу;

5) мыналар:

кәсіптік оқу;

кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу;

субсидияланатын жұмыс орындарына жіберу;

жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін ерікті қоныс аударуға жәрдемдесу кіретін жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысу;

6) жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді алу құқықтарын қамтиды.

2. Осы бапта көзделген құқықтар осы Кодексте көзделген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.

97-бап. Жұмыспен қамтылған адамдар

1. Ақы үшін немесе мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру және сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы кіріс алу жолымен қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға жұмыспен қамтылған адам болып табылады.

2. Жұмыспен қамтылған адамдарға мыналар:

1) жалдамалы жұмыскерлер, сондай-ақ ақы төленетін өзге де жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген) адамдар;

2) дара кәсіпкерлер;

3) жеке практикамен айналысатын адамдар;

4) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша қызметті жүзеге асыратын, жалдамалы жұмыскерлерге жатпайтын жеке тұлғалар;

5) шаруашылық серіктестіктерінің құрылтайшылары (қатысушылары) және акционерлік қоғамдардың құрылтайшылары, акционерлері (қатысушылары), сондай-ақ өндірістік кооперативтердің мүшелері болып табылатын жеке тұлғалар;

6) тәуелсіз жұмыскерлер;

7) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарында қызмет атқарып жүргендер;

8) шаруа немесе фермер қожалығы нысанындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалар жатады.

98-бап. Жұмыс іздеуші адамдар

1. Жұмысы және (немесе) табысы (кірісі) жоқ, жұмыс іздеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен жұмыс іздеуші адам ретінде тіркеледі.

2. Мансап орталығы жұмыс іздеуші адамға жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен консультацияларды өтеусіз негізде ұсынады, жұмысқа орналасуға жәрдем көрсетеді және (немесе) әлеуметтік кәсіптік бағдарлау бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсынады.

3. Мансап орталығынан, оның ішінде Электрондық еңбек биржасы арқылы жұмыс туралы ұсыныс алған жұмыс іздеуші адам мансап орталығын ұсынылған жұмысқа келісетіні немесе одан бас тартатыны туралы хабардар етуге тиіс.

99-бап. Жұмыссыздар

1. Жұмыс іздеуші адам уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен оның деректері мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелері арқылы тексерілгеннен кейін жұмыссыз адам ретінде тіркеледі.

2. Мансап орталығынан, оның ішінде Электрондық еңбек биржасы арқылы жұмыс туралы ұсыныс алған тіркелген жұмыссыз адам мансап орталығын ұсынылған жұмысқа келісетіні немесе одан бас тартатыны туралы уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен хабардар етуге тиіс.

3. Мыналар:

1) он алты жасқа толмаған;

2) жұмыспен қамтылған адамдар;

3) осы Кодекстің 207-бабының 1 – 3-тармақтарында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған адамдар;

4) жұмысы мен табысының (кірісінің) жоқ екендігі туралы көрінеу жалған мәліметтерді қамтитын құжаттарды, сондай-ақ басқа да анық емес мәліметтерді ұсынған адамдар;

5) осы Кодекске сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға үміткер студенттер мен жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары;

6) сот шешімі бойынша түзеу жұмыстарына не қоғамдық жұмыстарға, сондай-ақ бас бостандығынан айыру түріндегі жаза шартты түрде тағайындалмаған жағдайда, осындай жазаға сотталған адамдар жұмыссыз адам ретінде тіркелмейді.

4. Жұмыссыздар:

1) жұмыс берушінің өтінімі бойынша кәсіптік оқытуды аяқтағаннан кейін ол мәлімдеген жұмыс орнына жұмысқа орналасуға;

2) осы Кодекске және жұмыс іздеуші адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және мансап орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидаларына сәйкес

мансап орталығына бару немесе оны хабардар ету тәртібін, шарттары мен мерзімдерін сақтауға;

3) мансап орталығы хабардар еткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмысқа орналасу мәселесі бойынша жұмыс берушіге жүгінуге;

4) мансап орталығына:

тұрғылықты жерін ауыстыруды;

тұрақты, уақытша жұмысқа, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмысқа орналасуды;

кәсіпкерлік қызметпен айналысуды;

ұйымдық-құқықтық нысаны мен меншік нысанына қарамастан, ұйымға құрылтайшы (ортақ құрылтайшы) болуды;

мүгедектік тобын белгілеуді немесе оның өзгеруін;

зейнетақы төлемдерін тағайындауды қоса алғанда, жұмыссыз адаммен одан әрі жұмыс істеу тәртібіне әсер ететін өзгерістер туралы мәліметтерді уақтылы, бес жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

5. Осы баптың 4-тармағының 1) тармақшасында көзделген жұмысқа орналастыру жөніндегі міндет:

1) басқа тұрақты жұмысқа орналасқан жағдайда;

2) жұмыссыз адамның тиісті құжаттармен расталатын қайтыс болуына байланысты;

3) әскери қызметке шақырылуға байланысты;

4) сот шешімі бойынша бас бостандығынан айырылған жағдайда;

5) жүктілікке байланысты;

6) үш жасқа дейінгі баланы (балаларды) өзі тәрбиелеген жағдайда;

7) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға түсуге байланысты тоқтатылады.

100-бап. Жұмыссыз адамды есептен шығару

1. Мансап орталығы жұмыссыз адамды (әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің отбасы мүшелерін, сондай-ақ олардың асырауындағы, еңбек қызметін жүзеге асырмайтын, уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен тіркелетін және есептен шығарылатын адамдарды қоспағанда) мынадай жағдайларда:

1) мансап орталығы ұсынған лайықты жұмыстың үш нұсқасынан бас тартқанда немесе жұмыссыз адам ретінде тіркелгеннен кейін лайықты жұмыстың ұсынылған нұсқаларымен келісетіні немесе одан бас тартатыны туралы мансап орталығын, ал ауылдық елді мекендерде тұратын адам – кент, ауыл, ауылдық округ әкімін уақтылы хабардар етпегенде;

2) мынадай:

мансап орталығы хабардар еткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған жұмысқа орналасу немесе оқу орны бойынша;

мансап орталығына жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу үшін шақыру бойынша үш жұмыс күні ішінде дәлелді себептерсіз келмегенде;

3) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуды өз бетінше тоқтатқанда;

4) жұмыссыз адамның осы Кодексте және жұмыс іздеуші адамдарды, жұмыссыздарды тіркеу және мансап орталықтары көрсететін еңбек делдалдығын жүзеге асыру қағидаларында көзделген мансап орталығына бару немесе оны хабардар ету мерзімдерін дәлелді себептерсіз бұзғанда;

5) егер бас бостандығынан айыру түріндегі жаза шартты түрде тағайындалмаса, жұмыссыз адам заңды күшіне енген сот шешімі бойынша бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға сотталғанда не мәжбүрлеп емдеуге жіберілгенде;

6) осы Кодекстің 99-бабының 4-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайларда;

7) көрінеу жалған немесе қолдан жасалған құжаттар бергенде есептен шығарады.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) – 4) тармақшаларына сәйкес есептен шығарылған жұмыссыздар есептен шығарылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң ғана мансап орталығына жұмыссыз адам ретінде қайта тіркеле алады.

101-бап. Лайықты жұмыс

1. Кәсіптік даярлығына, еңбек өтіліне және бұрынғы мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесіне, денсаулық жағдайына, жұмыс уақытының режиміне, жұмыс орнына көлікпен жетудің қолжетімді болуына сәйкес келетін, оның ішінде уақытша сипаттағы жұмыс лайықты жұмыс деп есептеледі.

2. Жұмыс іздеуші адамның немесе жұмыссыз адамның келісуімен ғана тұрғылықты жерін өзгертуге байланысты лайықты жұмыс ұсынылуы мүмкін.

Тұрғылықты жерден лайықты жұмысқа көлікпен жетудің қолжетімділігін мансап орталықтары қоғамдық көлік қозғалысы маршруттарының болуын және лайықты жұмыстың тұрғылықты жерден қашықтығын ескере отырып айқындайды.

3. Бірінші рет жұмыс іздеп жүрген, бірақ кәсібі (мамандығы) жоқ, сондай-ақ екі жылдан артық жұмысы болмаған адамдар үшін алдын ала кәсіптік даярлауды талап ететін жұмысты, ал оны ұсыну мүмкін болмаған жағдайда – адамдардың жас шамасы мен өзге де ерекшеліктері және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптары ескеріле отырып, ақы төленетін басқа жұмысты (уақытша сипаттағы жұмысты қоса алғанда) лайықты жұмыс деп есептеуге болады.

4. Мүгедектігі бар адам үшін оның тыныс-тіршілігінің шектелу дәрежесі ескеріле отырып, оған қолжетімді болуы қамтамасыз етілген жағдайдағы жұмыс, ал үш жасқа

дейінгі балаларды күтумен айналысатын адамдар үшін икемді және толық емес жұмыс уақыты режиміндегі жұмыс лайықты жұмыс деп есептеледі.

5. Алдын ала даярлықты талап ететін немесе талап етпейтін (азаматтардың жас шамасы мен өзге де ерекшеліктерін ескере отырып) уақытша сипаттағы жұмыс:

1) бірінші рет жұмыс іздеп жүрген (бұрын жұмыс істемеген) және бұл ретте біліктілігі жоқ;

2) жазғы демалыс кезеңінде студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары;

3) тоқтап тұруға байланысты жұмыспен қамтамасыз етілмеген адамдар;

4) ұзақ (екі жылдан астам) үзілістен кейін еңбек қызметін қайта жалғастыруға талпынғандар, сондай-ақ мансап орталықтары оқуға жібергендер және дәлелсіз себеппен оқуын тоқтатқандар;

5) жұмысынан айырылу жағдайы бойынша төленетін әлеуметтік төлем тоқтатылғаннан кейін кәсіптік оқытудан немесе қосымша білім алудан бас тартқан адамдар қатарындағы жұмыс іздеуші адамдарға және жұмыссыздарға лайық деп есептеледі.

102-бап. Платформалық жұмыспен қамту

1. Платформалық жұмыспен қамту интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызмет түрін білдіреді.

2. Платформалық жұмыспен қамтудың тараптары:

1) интернет-платформаның операторы (бұдан әрі – Оператор) – интернет-платформада тіркелген орындаушылар мен тапсырыс берушілер арасында қызметтер көрсету және жұмыстарды орындау бойынша байланыстар орнату және мәмілелер жасасу үшін ақпараттық технологиялар мен жүйелерді қолдана отырып, техникалық, ұйымдастырушылық (оның ішінде жұмыстарды немесе қызметтерді көрсету үшін үшінші тұлғаларды тарта отырып көрсетілетін қызметтерді), ақпараттық және өзге де мүмкіндіктерді ұсыну жөніндегі қызметтерді интернет-платформаны пайдалана отырып көрсететін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

2) тапсырыс беруші – интернет-платформада тіркелген, онда қызметтер көрсетуге немесе жұмыстарды орындауға тапсырыс орналастыратын жеке немесе заңды тұлға;

3) орындаушы – интернет-платформада тіркелген, жария шарт негізінде интернет-платформаларды пайдалана отырып, тапсырыс берушілерге қызметтер көрсететін немесе жұмыстарды орындайтын жеке тұлға, дара кәсіпкер немесе заңды тұлға.

3. Платформалық жұмыспен қамтуды жүзеге асыру үшін тапсырыс беруші мен орындаушы интернет-платформада және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшасында тіркеледі.

Оператор мен тапсырыс беруші, сондай-ақ орындаушы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес реттеледі.

4. Интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильдік қосымшаларын пайдалана отырып қызметтер көрсету және жұмыстарды орындау үшін орындаушы-заңды тұлға жұмыскерлерді тартқан жағдайда, олармен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес ресімделеді.

102-1-бап. Интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильдік қосымшаларын пайдалана отырып, қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын адамдарды әлеуметтік қамсыздандыру

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақтың 01.01.2026 бастап қолданыста енгізілетін редакциясын осы Кодекстің 263-бабынан қараңыз.

1. Оператор арнаулы мобильдік қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер болып табылатын орындаушылардың кірістерінен осы Кодекске сәйкес міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарды және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес жеке табыс салығын ұстап қалуды және ұсталған сомаларды аударуды жүргізеді.

2. Арнаулы мобильдік қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер болып табылатын орындаушылар үшін Оператор төлеуге тиісті әлеуметтік аударымдардың мөлшерлемесі орындаушының өзінің таңдауы бойынша әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің бір пайызы мөлшерінде немесе осы Кодекстің 244-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерде айқындалады.

Арнаулы мобильдік қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер болып табылатын орындаушылардың көрсетілген қызметтер немесе орындалған жұмыстар үшін алған кірісі олар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі болып табылады.

Бұл ретте айына әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін алынатын кіріс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген жалақының 7 еселенген ең төмен мөлшерінен аспауға тиіс.

3. Арнаулы мобильдік қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер болып табылатын орындаушылар үшін Оператор төлеуге тиісті міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі орындаушының өзінің таңдауы бойынша міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кірістің бір пайызы мөлшерінде немесе осы Кодекстің 249-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген мөлшерде айқындалады.

Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кіріс деп арнаулы мобильдік қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер болып табылатын орындаушылардың көрсетілген қызметтер немесе орындалған жұмыстар үшін алған кірісі түсініледі.

Бұл ретте айына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кіріс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген жалақының 50 еселенген ең төмен мөлшерінен аспауға тиіс.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тармақтың 01.01.2026 бастап қолданыста енгізілетін редакциясын осы Кодекстің 263-бабынан қараңыз.

4. Орындаушының осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес әлеуметтік аударымдар мен міндетті зейнетақы жарналарының, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналардың мөлшерлемелерін айқындауының, сондай-ақ Оператордың осы бапта көрсетілген жеке табыс салығын, міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдар мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарды ұстап қалуы мен аударуының тәртібін денсаулық сақтау саласында, салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету, ақпараттандыру салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органдармен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

Ескерту. 102-1-баппен толықтырылды – ҚР 01.07.2024 № 104-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

103-бап. Жұмыс берушілердің халықты жұмыспен қамтуға қатысуы

1. Жұмыс берушілер халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға:

1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек және ұжымдық шарттардың талаптарын сақтай отырып, жұмысқа орналасуға жәрдем көрсету;

2) персоналды кәсіптік оқыту жүйесін дамыту;

3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары арқылы кадрлар даярлау;

4) құрылымдық өзгерістер барысында білікті жұмыскерлердің кадрлық әлеуетін сақтау және ұтымды пайдалану;

5) субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін жұмыс орындарын ұсыну;

6) жұмысқа орналасу мәселесі бойынша жүгінген, оның ішінде мансап орталықтары , сондай-ақ жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктері жіберген адамдарды бар бос орындарға ұйымдарда белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес қабылдау;

7) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орындарын құру;

8) мансап орталықтарына (еңбек мобильділігі орталығына) және (немесе) Электрондық еңбек биржасына сұранысқа ие мамандықтар бөлінісінде ағымдағы бос орындарды және жұмыс орындарының болжамды құрылуы туралы деректерді беру;

9) жұмыс орындарын құру жолымен қатысады.

2. Жұмыс беруші:

1) мемлекеттік қызметшілердің, сайланбалы мемлекеттік лауазымдардың, Қазақстан Республикасы Парламенті және мәслихаттары депутаттарының, судьяларының, әскери қызметтегі адамдардың, арнаулы мемлекеттік органдар, құқық қорғау органдары және мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен оның ведомстволары, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жұмыскерлерінің бос лауазымдарын қоспағанда, бос орындар пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бос орындардың бар-жоғы туралы мәліметтерді Электрондық еңбек биржасына еңбек жағдайлары мен төлемін көрсете отырып орналастыруға;

2) мансап орталығына (еңбек мобильділігі орталығына) жұмыс беруші- жеке тұлғаның қызметінің тоқтатылуына не жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына, жұмыскерлер санының немесе штатының қысқаруына, жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына алып келген өндірістер және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуіне байланысты алдағы уақытта жұмыскерлердің жұмыстан босатылатыны туралы, босатылу қатысты болуы ықтимал жұмыскерлердің саны мен санаттары туралы ақпаратты жұмыстан босатылатын жұмыскерлердің лауазымдары мен кәсіптерін, мамандықтарын, біліктілігі мен еңбегіне төленетін ақының мөлшерін және олар босатылатын мерзімдерді көрсете отырып, босату басталғанға дейін бір айдан аз уақыт бұрын жазбаша немесе Электрондық еңбек биржасы арқылы толық көлемде беруге;

3) жұмыс беруші-заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны немесе штаты қысқартылған, жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына алып келген өндірістердің және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі төмендеген жағдайларды қоспағанда, жұмыссыз адам оқуын аяқтағаннан кейін оны өз өтінімі бойынша мәлімделген жұмыс орнына орналастыруға немесе мансап орталығының (еңбек мобильділігі орталығының) оқытуға жұмсаған шығыстарын өтеуге;

4) жұмыс беруші-заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған, жұмыскерлер саны немесе штаты қысқартылған, жұмыс берушінің

экономикалық жай-күйінің нашарлауына алып келген өндірістердің, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі төмендеген жағдайларды қоспағанда, мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін белгіленген квотаны орындауға;

5) жұмысқа қабылдау үшін бос орындар туралы ақпаратта еңбек саласындағы кемсітушілік сипаттағы талаптарға жол бермеуге;

6) осы Кодекске сәйкес зейнетақы аударымдары мен әлеуметтік аударымдарды жүргізуге;

7) осы Кодекске және Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес жұмыскерлердің аударымдарын және (немесе) жарналарын есептеуге (ұстап қалуға) және аударуға (төлеуге) міндетті.

3. Жұмыс берушінің:

1) өзіне тікелей жүгінген адамдарды мансап орталықтары, сондай-ақ жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктері жіберген адамдармен теңдей жағдайда жұмысқа қабылдауға;

2) еңбек нарығының жай-күйі туралы ақпаратты өтеусіз негізде алуға;

3) мансап орталықтарынан жұмыссыздарды іріктеу және жұмысқа орналасуға жіберу бойынша көрсетілетін қызметтерді алуға;

4) уақытша жұмыс орындарын ұйымдастыруға қатысуға;

5) мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орындарын құруға субсидия алуға құқығы бар.

2-параграф. Консультация және әлеуметтік кәсіптік бағдарлау

104-бап. Мансап орталықтары жұмыскерлерінің консультациясы

Мансап орталықтарының жұмыскерлері жүгінген адамдарға:

1) бос тұрған (бос) жұмыс орындарының болуы және сұранысқа ие мамандықтар бөлінісінде жұмыс орындарының болжамды құрылатыны туралы;

2) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу мүмкіндіктері мен шарттары;

3) жұмыс іздеуші адамдар мен жұмыссыздардың кепілдіктері, құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат береді.

105-бап. Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау

1. Жұмыс іздеуші адамдардың, жұмыссыздардың, қандастардың, сондай-ақ студенттердің, жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік кәсіптік бағдар алуға құқығы бар.

2. Әлеуметтік кәсіптік бағдар:

1) еңбек қызметі, еңбек нарығының жай-күйі, меңгерген кәсібі (мамандығы) бойынша жұмысқа орналасу немесе кәсіптік оқытудан өту мүмкіндіктері туралы кәсіби ақпарат беруді;

2) адамның кәсіптік білімдерінің, дағдыларының, қызығушылықтарының, денсаулық жағдайының және еңбек нарығындағы қажеттіліктердің негізінде жұмыс орны мен кәсіп таңдауда кәсіби консультацияны;

3) адамдардың нақты кәсіп (мамандықтар) түрлері және лауазымдар үшін айқындалған біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау арқылы кәсіби іріктеуді қамтиды.

3. Әлеуметтік кәсіптік бағдарлау уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен жүргізіледі.

4. Мансап орталықтары әлеуметтік кәсіптік бағдарлаудан өткен адамдар туралы мәліметтерді әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесінде және (немесе) Электрондық еңбек биржасында орналастырады.

3-параграф. Еңбек делдалдығы

106-бап. Еңбек делдалдығын көрсету

1. Мансап орталықтарына және (немесе) жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктеріне жүгінген жұмыс іздеуші адамдардың, жұмыссыздардың немесе жұмыс берушілердің еңбек делдалдығына құқығы бар.

2. Мансап орталықтары:

жұмыс берушілер үшін:

1) персоналды іріктеуді жүзеге асырады;

2) субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландыру және кәсіптік оқыту мәселелері бойынша консультация береді;

3) олардың өтінімдері бойынша кәсіптік оқытуды ұйымдастырады және әлеуметтік келісімшарт жасасады;

4) субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру мен қаржыландыруға шарт жасасады;

5) субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған адамдардың жалақысын толық немесе ішінара субсидиялайды;

ізденушілер үшін:

1) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу мәселелері бойынша консультация береді;

2) жұмыссыздарды еңбек нарығына орнықты интеграциялау мақсатында оларды жұмысқа орналастырудың жеке жоспарын қалыптастырады;

3) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар береді.

3. Мансап орталықтары уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен еңбек делдалдығын көрсетеді.

4. Еңбек мобильділігі орталығы жұмыспен қамтудың жекеше агенттігімен халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтердің аутсорсингі туралы шарт жасасуға құқылы.

Еңбек мобильділігі орталығы халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтердің аутсорсингі туралы шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Электрондық еңбек биржасында оның жасалғаны туралы ақпаратты орналастырады.

Халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтердің аутсорсингіне қатысуға үміткер жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктерінің халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтердің аутсорсингі туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті тиісті тәжірибесі, материалдық және еңбек ресурстары болуға тиіс.

Көрсетілетін қызметтердің аутсорсингін ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын, көрсетілетін қызметтердің аутсорсингіне қатысуға үміткер жұмыспен қамтудың жекеше агенттіктеріне қойылатын біліктілік талаптарын, аутсорсинг шеңберінде ұсынылатын көрсетілетін қызметтердің тізбесін, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтердің аутсорсингі туралы шарттың үлгілік нысанын уәкілетті мемлекеттік орган әзірлейді және бекітеді.

5. Жұмыспен қамтудың жекеше агенттігінің:

1) халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша жүгінген адамдарға консультация беруге;

2) жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы ақпарат беруге және еңбек делдалдығы бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсынуға;

3) бос жұмыс орындары бар жұмыс берушілер мен жұмысқа орналасқысы келетін адамдар туралы мәліметтерді қалыптастыруға;

4) жұмыскерлерді жұмыс берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келуін ескере отырып, іріктеуді жүзеге асыруға;

5) жүгінген адамдарды кейіннен жұмысқа орналастыра отырып, кәсіптік даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыруға;

6) еңбек мобильділігі орталығынан еңбек нарығының жай-күйі туралы ақпаратты өтеусіз негізде алуға;

7) жұмысқа орналастыру, жұмыс орындарын құру, кәсіптік оқыту мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, еңбек мобильділігі орталықтарымен, мансап орталықтарымен, жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жасауға;

8) осы Кодекске сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтердің аутсорсингіне қатысуға құқығы бар.

6. Жұмыспен қамтудың жекеше агенттігі:

1) кемсітушіліктің кез келген нысанына жол бермеуге;

- 2) жүгінген адамдардан алынатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- 3) бала еңбегін пайдалануға, адамдарды сексуалдық тұрғыдан және (немесе) өзгеше түрде пайдалану үшін азғырып-көндіруге жол бермеуге;
- 4) жүгінген адамдармен еңбек делдалдығы бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну туралы шарттар жасасуға;
- 5) кәсіптер (мамандықтар) бөлінісінде еңбек делдалдығы үшін жүгінген және жұмысқа орналасқан адамдардың саны туралы, сондай-ақ мансап орталықтарында тіркелген және жұмысқа орналасу үшін жұмыспен қамтудың жекеше орталықтарына жіберілген адамдар туралы ақпаратты Электрондық еңбек биржасы арқылы еңбек мобильділігі орталығына тоқсан сайын беруге міндетті.

4-параграф. Жұмыс орындарының квоталары және мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орындарын ұйымдастыру

107-бап. Жұмыс орындарының квоталары

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары белгілейтін жұмыс орындары квотасының шеңберінде жұмысқа орналасуға:

- 1) мүгедектігі бар адамдардың;
- 2) пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың;
- 3) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың;
- 4) он сегіз жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтардың құқығы бар.

2. Жергілікті атқарушы органдар ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыскерлердің тізімдік саны 50 адамнан асатын және одан жоғары жұмыс берушілерге мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерде квота белгілейді.

3. Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктеріне, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдардың саны жұмыскерлердің жылдық орташа санының жиырма пайызынан астамын құрайтын ұйымдарға квота белгіленбейді.

4. Осы баптың 1-тармағында көзделген квоталарды белгілеу кезінде жіберуші тарап жұмыскерлерінің тізімдік санында персоналды ұсыну жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған шартқа сәйкес жұмысқа тартылатын жұмыскерлер есепке алынбайды.

108-бап. Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орындарын ұйымдастыру

1. Арнаулы жұмыс орны мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру және олардың жұмыспен қамтылуын сақтау үшін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен ол құрылған кезден бастап кемінде күнтізбелік он екі ай мерзімге құрылады.

2. Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орнын құруды жұмыс беруші мансап орталықтарымен (еңбек мобильділігі орталығымен) жасалған шарт негізінде жүзеге асырады. Мүгедектігі бар адамдардың жұмыс орнының стандартын уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

5-параграф. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары

109-бап. Кәсіптік оқыту

1. Жұмыссыздар қатарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының және қандастардың екі жыл ішінде бір рет кәсіптік оқуға құқығы бар.

2. Кәсіптік оқыту кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілікті арттыруды қамтиды және:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес білім беру қызметіне құқығы бар жұмыс берушілердің жанындағы оқу орталықтарында (бұдан әрі – оқу ұйымдары) немесе жұмыс берушінің өтінімі бойынша жұмыс берушінің жұмыс орнында;

2) сұранысқа ие кәсіптер тізбесі бойынша Электрондық еңбек биржасында жүзеге асырылады.

Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру мен қаржыландыру тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

3. Кәсіптік оқытуға жолдаманы, егер:

1) қажетті кәсіптік біліктіліктің болмауы салдарынан лайықты жұмыс таңдау мүмкін болмаса;

2) кәсіптік дағдыларға сай келетін жұмыстың болмауына байланысты кәсіпті (мамандықты), кәсіп түрін өзгерту қажет болса;

3) бұрынғы кәсібі бойынша жұмысты орындау қабілеті жоғалса, мансап орталығы береді.

4. Оқуды өз бетінше, дәлелді себепсіз тоқтатқан адамдар жұмыссыз ретінде қайта тіркелген күннен бастап күнтізбелік бір жыл өткен соң, бірақ бір реттен асырмай, оқуға қайта жіберілуі мүмкін.

110-бап. Кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу

1. Уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған жеке тұлғалардың жекелеген санаттарының кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді алуға құқығы бар.

2. Кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу:

- 1) кәсіпкерлік негіздеріне оқыту;
- 2) жаңа бизнес идеяларды іске асыруға өтеусіз гранттар беру;
- 3) қайтарымды негізде микрокредит беру арқылы көрсетіледі.

3. Кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру мен қаржыландыру тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

111-бап. Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру

1. Субсидияланатын жұмыс орындарына жұмыссыздардың, денсаулыққа зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмыстарға қатысатын студенттердің және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларының оқудан бос уақытта жұмысқа орналасуға құқығы бар.

2. Жұмыс беруші мансап орталығымен шарттық негізде субсидияланатын жұмыс орындарын құрады, оларды құру кезінде тұрақты жұмыс орындарына арналған бос орындар пайдаланылмайды.

Субсидияланатын жұмыс орындары ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда құрылмайды.

3. Жұмыс беруші мен еңбек мобильділігі орталығы арасындағы субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы шарт Электрондық еңбек биржасы арқылы жасалады.

4. Субсидияланатын жұмыс орындары алған кәсібі (мамандығы) бойынша алғашқы жұмыс тәжірибесін алуға жәрдемдесу немесе қолда бар еңбек дағдыларын сақтау үшін ұйымдастырылады.

5. Еңбек мобильділігі орталығы:

1) субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға сұраныс пен ұсынысты айқындайды;

2) субсидияланатын жұмыс орындарын құруға өтінім берген ұйымдардың тізбесін және ұйымдастырылатын жұмыс орындарының санын бекітеді.

6. Субсидияланатын жұмыс орындарына жіберуге осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамның келісуімен ғана жол беріледі, бұл ретте олардың денсаулық жағдайы, жасы, кәсіби және басқа да жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Егер осы баптың 1-тармағында көрсетілген адам он сегіз жасқа толмаған болса, оны субсидияланатын жұмыс орындарына жіберуге оның заңды өкілдерінің келісімімен жол беріледі.

7. Субсидияланатын жұмыс орындарында еңбек қызметін дәлелді себептерсіз өз бетінше тоқтатқан адамдар жұмыссыз ретіндегі есептен шығарылады және жұмыссыз ретінде қайта тіркелген күннен бастап үш ай өткен соң ғана жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қайтадан қатыса алады.

8. Субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан адамдарға Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы қолданылады.

9. Субсидияланатын жұмыс орындарының тізбесін, субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылатын адамдарға қойылатын талаптарды, олардың жалақысын субсидиялау мөлшері мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

10. Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру және субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан адамдардың жалақысын субсидиялау тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

112-бап. Жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу

1. Жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу жөніндегі шараларға қатысуға жұмыс іздеуші адамдардың және (немесе) жұмыссыздардың, қандастардың, сондай-ақ жұмыс берушілердің құқығы бар.

2. Жаңа тұрғылықты жерге ерікті түрде қоныс аудару үшін:

1) он алты жастан жиырма үш жасқа дейінгі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері мен түлектері;

2) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері;

3) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлға қызметінің тоқтатылуына, жұмыскерлер санының немесе штатының қысқаруына, жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына алып келген өндірістер және орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуіне байланысты жұмыстан босатылған адамдар басым құқықты пайдаланады.

3. Еңбек мобильділігі орталықтары жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін адамдардың жаңа тұрғылықты жерге:

1) бір облыс шегінде экономикалық әлеуеті төмен ауылдардан экономикалық даму әлеуеті жоғары ауылдық елді мекендерге, моноқалаларға, аудандық (облыстық) маңызы бар қалаларға;

2) ерікті түрде қоныс аударуды көздейтін Қазақстан Республикасының көші-қон саласындағы заңнамасына сәйкес қоныс аударушыларды және қандастарды қабылдаудың өңірлік квоталары шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өңірлерге ерікті түрде қоныс аударуына жәрдемдеседі.

4. Ерікті түрде қоныс аударатын адамдарды мемлекеттік қолдау:

1) жұмыскердің көшуі жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне көшуге, тұрғын үйді жалдау (жалға алу), коммуналдық көрсетілетін

қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге субсидиялар, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен экономикалық мобильділік сертификаттары түрінде материалдық көмек беруді;

2) жұмыс беруші жұмыскерге тұрғын үй ұсынған жағдайларды қоспағанда, қызметтік тұрғынжай немесе жатақханалардан бөлме беруді;

3) жұмыс берушінің қажеттілігі болған кезде кәсіптік оқытуды;

4) жаңа тұрғылықты жерінде жұмысқа орналасуға және кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесуді;

5) жұмысқа орналасуға субсидиялар бере отырып, жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін ерікті қоныс аудару шараларына қатысатын жұмыс берушілерде жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді қамтиды.

5. Еңбек мобильділігі орталығы уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін нысан бойынша ерікті түрде қоныс аударуға қатысушы тараптармен әлеуметтік келісімшарт жасасады.

6. Жұмыс күшінің мобильділігін арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

Ескерту. 112-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.05.2024 № 82-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-параграф. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем

113-бап. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алу құқығы

1. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы осы Кодекстің 99-бабына сәйкес жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алу құқығы туындайды.

2. Мансап орталығы алушыны субсидияланатын жұмыс орнына, кәсіптік оқуға жіберген кезде оның жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алу құқығы сақталады.

3. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындауға жүгіну мерзімі жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алу құқығы туындаған күннен бастап он екі айдан аспауға тиіс.

4. Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) Қордың кінәсінан уақтылы алынбаған не толық алынбаған жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем сомасы оған құқық туындаған күннен бастап өткен уақыт үшін мерзімі шектелмей төленеді.

5. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау үшін жүгінген күннен кейін Қорға оны есептеуге қабылданған кезең үшін әлеуметтік

аударымдар түскен жағдайда, алушыға жұмысынан айырылу жағдайы бойынша тағайындалған әлеуметтік төлемдердің мөлшерін қайта есептеу жүргізілмейді.

114-бап. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау мен жүзеге асыру тәртібі

1. Әлеуметтік төлем алуға құқығы бар адамның өтініші жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындауға негіз болып табылады.

2. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы тағайындалған кезде оны тағайындау үшін өтініш беру талап етілмейді.

3. Егер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы жұмыссыз ретінде тіркелсе, оның мансап орталығының жолдамасы бойынша субсидияланатын жұмыс орындарына, кәсіптік оқуға қатысу фактісіне қарамастан, жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындалады.

4. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

115-бап. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған өтінішті қабылдаудан және оны тағайындаудан бас тарту

1. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындауға арналған өтінішті қабылдаудан бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау, жүзеге асыру, проактивті көрсетілетін қызмет арқылы оны тағайындауға өтініш беру немесе келісім беру фактілерін растайтын мәліметтерді алу;

2) өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды және (немесе) қолданылу мерзімі жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған күні аяқталатын құжаттарды ұсынуы;

3) жеке басты куәландыратын құжат бойынша мәліметтердің (мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтермен расталатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны ауыстырудан басқа) оны тағайындауға қажетті құжаттарға сәйкес келмеуі;

4) жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындауға құқығының болмауы;

5) өтініш берушінің жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау үшін талап етілетін, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге берген келісімінің болмауы;

6) жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік тәуекел туындаған айдың алдындағы соңғы жиырма төрт айда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы үшін әлеуметтік аударымдардың төленбеуі;

7) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының осы Кодекске сәйкес айқындалған жүйеге қатысу өтілінің алты айдан кем болуы.

2. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындаудан бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:

1) өтініш берушінің жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс емес екенін анықтау;

2) өтініш берушінің және (немесе) ол ұсынған, жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындауға қажетті құжаттардың және (немесе) мәліметтердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) тексеру кезінде Қор сұратып отырған, жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындауға қажетті құжатты және (немесе) мәліметтерді ұсынбауы.

116-бап. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алушының құқықтары мен міндеттері

1. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алушының:

1) осы Кодексте көзделген тәртіппен жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді алуға;

2) Мемлекеттік корпорациядан және Қордан жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау және алу тәртібі туралы ақпаратты сұратуға және тегін алуға;

3) мемлекеттік органдардың, Мемлекеттік корпорацияның және Қордың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.

2. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді алушы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау үшін толық және анық құжаттарды (мәліметтерді) ұсынуға;

2) жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді алу кезеңінде Мемлекеттік корпорацияны төлемді тоқтатуға негіз болуы мүмкін мән-жайлар туралы он жұмыс күні ішінде хабардар етуге;

3) жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларын ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда – соттың заңды күшіне енген шешімінің негізінде сот тәртібімен қайтаруды жүргізуге міндетті.

117-бап. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнен ұстап қалу

1. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнен 10 пайыз мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналары ұсталады және осы Кодекске сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жіберіледі.

2. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің алушының өтініші негізінде ұсталатын артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларын қоспағанда, жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнен ұстап қалу атқарушылық іс жүргізу тәртібімен жүргізілуі мүмкін.

3. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнен ұстап қалу төленуге тиісті сомадан жүргізіледі.

4. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнен төленуге тиісті соманың 25 пайызынан көп ұстап қалуға болмайды.

118-бап. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындаудың шарты мен мөлшері

1. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем әлеуметтік төлемге құқық туындаған күннен бастап:

ол үшін алты айдан он екі айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – ұзақтығы бір айға;

ол үшін он екі айдан жиырма төрт айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – ұзақтығы екі айға;

ол үшін жиырма төрт айдан отыз алты айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – ұзақтығы үш айға;

ол үшін отыз алты айдан қырық сегіз айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – ұзақтығы төрт айға;

ол үшін қырық сегіз айдан алпыс айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – ұзақтығы бес айға;

ол үшін алпыс және одан да көп айға әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда – ұзақтығы алты айға, бірақ міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы осы

Кодекстің 207-бабының 1-тармағында көзделген жасқа толған мерзімнен асырылмай тағайындалады.

2. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшері уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген орташа айлық кіріс мөлшерін тиісті кірісті алмастыру және қатысу өтілі коэффициенттеріне көбейту жолымен айқындалады және Қордың активтері есебінен төленеді.

3. Әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген орташа айлық кіріс мөлшері жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді алу құқығы туындаған айдың алдындағы соңғы күнтізбелік жиырма төрт ай ішінде (осы кезеңде әлеуметтік аударымдарда үзілістердің болу-болмауына қарамастан) әлеуметтік аударымдар жүргізілген кірістер сомасын жиырма төртке бөлу жолымен айқындалады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне 0 түзету коэффициенті қолданылған қызмет түрлері бойынша еңбек, кәсіпкерлік қызмет, жеке практикамен айналысу кезеңдерінде алынған кіріс төлеуші беретін кірістер туралы анықтаманың негізінде орташа айлық кіріс мөлшерін айқындау кезінде ескеріледі.

Төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары қолданылған кезеңде қызметтің шектелуіне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді алу кезеңдері орташа айлық кіріс мөлшерінің есебінен алып тасталады және орташа айлық кіріс мөлшерін айқындау кезеңі басталардың тура алдындағы басқа айлармен ауыстырылады.

Егер осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында аталған адамдар әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесін бір пайыз мөлшерінде айқындаса, онда жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді есептеу кезінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір айдағы кіріс айына нақты түскен әлеуметтік аударымдар сомасын осы Кодекстің 244-бабының 1-тармағында белгіленген әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне бөлу арқылы айқындалады.

Кірісті ауыстыру коэффициенті 0,45-ті құрайды.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы үшін қатысу өтілінің коэффициенті:

алты айдан он екі айға дейін – 0,7-ні;

он екі айдан жиырма төрт айға дейін – 0,75-ті;

жиырма төрт айдан отыз алты айға дейін – 0,85-ті;

отыз алтыдан қырық сегіз айға дейін – 0,9-ды;

қырық сегіз айдан алпыс айға дейін – 0,95-ті;

алпыс айдан жетпіс екі айға дейін – 1,0-ді құрайды;

алпыс және одан да көп айдан бастап – 1,0-ге міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілінің әрбір он екі айы үшін 0,02 қосылады, бірақ 1,3-тен аспайды.

Қатысу өтілінің коэффициентін айқындау кезінде төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары қолданылған кезеңде қызметтің шектелуіне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алу кезеңдері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне 0 түзету коэффициенті қолданылған қызмет түрлері бойынша еңбек, кәсіпкерлік қызмет, жеке практикамен айналысу кезеңдері, сондай-ақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 341-бабы 1-тармағының 51) тармақшасына сәйкес 2020 жылғы 1 сәуір – 2020 жылғы 1 қазан аралығында кірістері жеке тұлғаның салық салынуға жататын кірістерінен алып тасталған қызметті жүзеге асыру кезеңі есепке алынады.

4. Егер төлеуші артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын мерзімдерде және жағдайларда қайтаруды жүзеге асырмаған болса, жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу кезінде артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың сомалары есепке алынбайды.

5. Бұдан кейінгі жүгіну кезінде жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем бұрын алынған жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің әрбір айы үшін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысудың жалпы өтілінен он екі ай шегерілетіні негізге алына отырып тағайындалады.

6. Сот актілері мен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының актілері негізінде заңсыз деп танылған кірістен түскен, әлеуметтік төлемдердің мөлшерін айқындау кезінде ескерілген кезең үшін төленген әлеуметтік аударымдар міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау үшін кейінгі жүгінуі кезінде есепке алынбайды.

Ескерту. 118-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.07.2024 № 104-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

119-бап. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату

1. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем мынадай мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан да көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы мәлімет. Бұл ретте әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күнінен бастап қайта басталады;

2) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың, қандас куәлігінің қолданылу мерзімінің өтуі туралы мәлімет. Бұл ретте жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының

аумағында тұрақты тұратын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат, қандас куәлігі берілген күннен бастап қайта басталады;

3) өтініш берушінің жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін негізсіз айқындауға алып келген анық емес мәліметтерді ұсынуы туралы мәлімет. Бұл ретте жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күнінен бастап осы Кодекске сәйкес айқындалған мөлшерде қайта басталады.

2. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді алуға құқық сақталған жағдайда, ақпараттық жүйелерден алынған, әлеуметтік төлемді тоқтата тұруды туындатқан мән-жайлардың аяқталғанын растайтын құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде алушының өтініші бойынша қайта басталады.

3. Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем:

1) алушы қайтыс болған (соттың оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енген) жағдайда тоқтатылады. Бұл ретте жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алушының қайтыс болған айын қоса алғанда (оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген айды қоса алғанда) жүзеге асырылады;

2) алушының жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау туралы шешім қабылдауға негіз болған анық емес құжаттарды (мәліметтерді) ұсынуына байланысты тоқтатылады. Бұл ретте жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындалған күнінен бастап тоқтатылады;

3) алушының жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тоқтатуға өтініш беруіне байланысты тоқтатылады. Бұл ретте жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем өтініш берілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады;

4) мансап орталығында алушыны жұмыссыз ретінде есептен шығарған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап;

5) алушының "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатқаны туралы мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады.

11-тарау. АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

120-бап. Атаулы әлеуметтік көмек алу құқығы

1. Атаулы әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа кірісі кедейлік шегінен аспайтын Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында

тұрақты тұратын қандастарға, босқындарға, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға беріледі.

2. Адамдардың (отбасылардың) шартсыз ақшалай көмек немесе шартты ақшалай көмек түріндегі атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар.

3. Қазақстан Республикасы бойынша кедейлік шегінің мөлшерін уәкілетті мемлекеттік орган статистика саласындағы мемлекеттік орган есептейтін халықтың медианалық кірісі негізінде мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктеріне байланысты орташа есеппен жан басына шаққандағы пайыздық мәнде айқындайды.

4. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бойынша кедейлік шегін уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған кедейлік шегінің мөлшерін негізге ала отырып, жергілікті атқарушы органдар тоқсан сайын есептейді.

Бұқаралық ақпарат құралдарында:

1) жергілікті атқарушы органдар тоқсан сайын – кедейлік шегі;

2) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган жыл сайын республика, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бойынша – кірісі ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі туралы ақпаратты жариялайды.

5. Атаулы әлеуметтік көмек оны алуға құқығы бар отбасының әрбір мүшесіне тағайындалады.

Атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін отбасы құрамына:

1) мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі;

2) мерзімді әскери қызметтегі;

3) бас бостандығынан айыру орындарындағы, мәжбүрлі емдеудегі адамдарды қоспағанда, некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың өзге нысанынан туындайтын мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтармен және міндеттермен байланысқан, бірге тұратын отбасы мүшелері, сондай-ақ іс жүзінде бірге тұратын, бірақ некеде тұрмайтын адамдар енгізіледі.

Бірге тұру фактісі:

1) отбасының тұрғылықты жерінен тыс еңбек қызметін жүзеге асыратын адамдарға немесе отбасы мүшелеріне;

2) отбасында тұратын және отбасының тұрғылықты жерінде осы деңгейдегі білім беру ұйымының болмауына байланысты орта білім беру ұйымдарында оқу орны бойынша басқа елді мекенде тіркелген балаларға;

3) мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегілерді қоспағанда, интернат ұйымдарында білім алатын, сондай-ақ он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балаларға талап етілмейді.

Ескерту. 120-бапқа өзгеріс енгізілді – осы Кодекстің 263-бабынан қараңыз (01.01.2025 бастап қолданыста енгізіледі).

121-бап. Шартсыз ақшалай көмек

Шартсыз ақшалай көмек:

1) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысуға мүмкіндігі шектеулі жалғызбасты және (немесе) жалғыз тұратын кірісі аз адамдарға:

осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толуына; бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігіне;

екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі белгіленуі мүмкін ауруының болуына байланысты;

2) құрамында еңбекке қабілетті адамдары жоқ немесе еңбекке қабілетті жалғыз мүшесі үш жасқа дейінгі балаға, мүгедектігі бар балаға, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамға, бөгденің күтіміне және көмегіне мұқтаж қартқа күтімді жүзеге асыратын кірісі аз отбасыларға көрсетіледі.

122-бап. Шартты ақшалай көмек

1. Шартты ақшалай көмек осы баптың 4-тармағында көрсетілген адамдарды (отбасыларды) қоспағанда, жалғызбасты және (немесе) жалғыз тұратын еңбекке қабілетті табысы аз адамдарға, сондай-ақ құрамында еңбекке қабілетті мүшесі (мүшелері) бар табысы аз отбасыларға, оның ішінде қызметі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 213-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес тоқтатыла тұрған дара кәсіпкерлер болып табылатын жеке тұлғаларға ол (олар) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысқан жағдайда және (немесе) әлеуметтік бейімдеу қажеттілігі болған кезде көрсетіледі.

2. Әлеуметтік келісімшарт жасасу шартты ақшалай көмек тағайындаудың міндетті талабы болып табылады.

Шартты ақшалай көмекті алушылармен әлеуметтік келісімшарт шартты ақшалай көмек тағайындау кезеңіне жасалады.

Әлеуметтік келісімшарттың, жеке көмек көрсету жоспарының нысандарын уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

3. Шартты ақшалай көмек алушылармен әлеуметтік келісімшарт кірісі аз адам (отбасы) әлеуметтік келісімшарттың талаптарын және жеке жоспардың іс-шараларын, оның ішінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысу және жұмысқа орналастыру жөніндегі іс-шараларды толық көлемде орындамаған, сондай-ақ шартты ақшалай көмекті заңсыз тағайындауға және (немесе) төлеуге алып келген жалған мәліметтер және (немесе) анық емес құжаттар ұсынылған кезде бұзылады.

Әлеуметтік келісімшартты бұзу адамға (отбасына) шартты ақшалай көмектің төленуін тоқтатуға негіз болып табылады.

4. Шартты ақшалай көмекті төлеу үшін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына катысу:

1) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға;

2) күндізгі оқу нысанында оқитын оқушыларға, студенттерге, тыңдаушыларға, курсанттар мен магистранттарға;

3) екі айдан астам еңбекке уақытша қабілетсіздік мерзімі белгіленуі мүмкін ауруы бар адамдарға;

4) үш жасқа дейінгі балаға күтім жасайтын ата-ананың біреуіне, мүгедектігі бар балаға, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж, сексен жастан асқан қарттарға күтімді жүзеге асыратын адамдарға міндетті шарт болып табылмайды.

Үш жасқа дейінгі балаға, мүгедектігі бар балаға, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж, сексен жастан асқан қарттарға күтімді жүзеге асыратын адам ретінде отбасының еңбекке қабілетті бір ғана мүшесі жатқызылуы мүмкін;

5) тұрақты жұмысы бар адамдарға міндетті шарт болып табылмайды.

Ескерту. 122-бапқа өзгеріс енгізілді – осы Кодекстің 263-бабымен (01.01.2024 бастап қолданыста енгізіледі).

123-бап. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу тәртібі

1. Өтініш беруші Отбасының цифрлық картасында кірісі туралы ақпарат болмаған кезде осы тарауға сәйкес атаулы әлеуметтік көмек алу құқығын тоқсан сайын растайды.

2. Өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген мәліметтердің дұрыстығына жауапты болады.

3. Шартсыз немесе шартты ақшалай көмек оны алуға құқығы бар отбасының әрбір мүшесіне өтініш берген айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындалады және ай сайын төленеді.

Атаулы әлеуметтік көмек проактивті форматта тағайындалған кезде учаскелік комиссияның адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуге өтініш берушінің келісімін алған күн көрсетуге өтініш берілген күн болып есептеледі.

4. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттер атаулы әлеуметтік көмек алушыларға жеке жоспарды іске асыруға және олардың әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындауына жәрдемдеседі.

5. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауды атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін тиісті бюджетте көзделген сомалар шегінде атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

6. Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің жергілікті атқарушы органдары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес кірісі аз адамдарды анықтауды жүзеге асырады.

7. Өтініш беруші мен алушының қала, ауыл, ауылдық округ әкімінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) және атаулы әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі уәкілетті органның және оның лауазымды адамдарының шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жоғары тұрған органға, сотқа шағым жасауға құқығы бар.

124-бап. Учаскелік комиссиялар

1. Учаскелік комиссиялар жергілікті атқарушы органдарға және кент, ауыл, ауылдық округ әкімдеріне халыққа атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі қызметте жәрдемдеседі.

Учаскелік комиссиялар атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайы туралы қорытындылар дайындайды.

2. Учаскелік комиссиялар жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, мүлік иелері бірлестіктерінің, көппәтерлі тұрғын үйлердің жай серіктестіктерінің (жай серіктестіктер), халықтың, білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары мен уәкілетті органдарының өкілдерінен, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінен құралуы мүмкін.

3. Учаскелік комиссиялар өз қызметін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары жергілікті өкілді органдармен келісу бойынша бекітетін учаскелік комиссиялар туралы ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

Учаскелік комиссиялар туралы үлгілік ережені, сондай-ақ өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаждықты айқындау өлшемшарттарын уәкілетті мемлекеттік орган әзірлейді және бекітеді.

125-бап. Атаулы әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігінің жоқтығы туралы қорытынды шығару өлшемшарттары

1. Учаскелік комиссияның өтініш берушіге және (немесе) осы Кодекстің 120-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес келетін адамдарға атаулы әлеуметтік көмек беру қажеттілігінің жоқтығы туралы қорытынды шығару үшін мынадай өлшемшарттардың бірі:

1) барлық тұрғын үйлердің жалпы пайдалы алаңы отбасының бір мүшесіне он сегіз шаршы метрден аспайтын жағдайды, сондай-ақ тиісті актімен расталған авариялық

жағдайдағы тұрғын үйлерді қоспағанда, атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш берген кезге дейін соңғы бес жыл ішінде иеліктен шығарылған тұруға жарамды, өзіне (өздеріне) меншік құқығында тиесілі біреуден артық тұрғын үйдің болуы;

2) өзінің (өздерінің) меншігінде, иелігінде және (немесе) пайдалануында пайда алу мақсатында пайдаланылатын жекеленген үй-жайдың болуы;

3) жергілікті атқарушы орган жер учаскесін жеке меншікке өтеусіз берген жағдайды қоспағанда, өзінің (өздерінің) меншігінде тұрғын жай болған кезде, өзінің (өздерінің) меншігінде жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскесінің болуы;

4) көп балалы отбасыларды және мүгедектігі бар балаларды, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды қамтитын отбасыларды қоспағанда, өзінің (өздерінің) меншігінде бір бірліктен көп техникалық жағынан жарамды жеңіл автомобильдің болуы;

5) өзінің (өздерінің) меншігінде және (немесе) уақытша иелігінде, пайдалануында техникалық жағынан жарамды жағдайда ауыл шаруашылығы техникасының және (немесе) жолаушыларды, багажды, жүкті тасымалдауды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын автобустың және (немесе) шағын автобустың және (немесе) жүк көлігінің және (немесе) мамандандырылған және (немесе) арнаулы көлік құралының не теңіз және (немесе) ішкі су және (немесе) әуе көлігінің болуы негіз болып табылады.

Жергілікті атқарушы орган жергілікті өкілді органның келісімі бойынша өңірдің ерекшеліктерін және (немесе) адамның (отбасының) материалдық жағдайын ескере отырып, атаулы әлеуметтік көмек беру қажеттілігі немесе қажеттілігінің болмауы туралы қорытынды шығару үшін қосымша негіздерді белгілей алады.

2. Учаскелік комиссиялардың тексеру жүргізу үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратуға құқығы бар.

Ескерту. 125-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

126-бап. Атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін айқындау

1. Адамға (отбасына) атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін уәкілетті орган жан басына шаққандағы орташа кіріс пен облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада отбасының әрбір мүшесіне есептегенде белгіленген кедейлік шегі арасындағы айырма түрінде есептейді.

2. Осы Кодекске сәйкес балаларға қосымша төлем бір жастан алты жасқа дейінгі әрбір балаға қоса алғанда, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындау кезеңіне жүргізіледі.

3. Атаулы әлеуметтік көмекті алушы атаулы әлеуметтік көмек мөлшерінің өзгеруі немесе оны алу құқығы үшін негіз бола алатын мән-жайлар туындаған күннен бастап

он жұмыс күні ішінде – мансап орталығын, ал ауылдық жерде кент, ауыл, ауылдық округ әкімін хабардар етуге міндетті.

4. Өтініш жасаудан алдыңғы тоқсандағы жан басына шаққандағы орташа кіріс және тағайындалған атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері мынадай жағдайларда:

отбасының құрамы өзгерген жағдайда – отбасы құрамы өзгерген күннен бастап; өтініш берушінің атаулы әлеуметтік көмекті алу мақсатында жалған мәліметтерді және (немесе) анық емес құжаттарды беруін қоспағанда, отбасының жиынтық кірісін айқындау кезінде ескерілмеген фактілер немесе мәліметтер анықталған жағдайда өтініш жасалған айдан бастап қайта есептеледі.

Атаулы әлеуметтік көмектің артық төленген және (немесе) заңсыз алынған сомалары ерікті түрде, ал одан бас тартылған жағдайда сот тәртібімен қайтарылуға жатады.

Атаулы әлеуметтік көмектің артық төленген және (немесе) заңсыз алынған сомалары одан әрі алу кезінде келесі төлемдерден ұсталады.

5. Атаулы әлеуметтік көмек саласындағы есепті құжаттаманың нысандарын уәкілетті мемлекеттік орган әзірлейді және бекітеді.

127-бап. Жан басына шаққандағы орташа кірісті есептеу

1. Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық кірісін айқындау атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасалған кезде ұсынылған өтініштің және (немесе) Отбасының цифрлық картасының және (немесе) ұйымдардың деректері негізінде алынған мәліметтердің негізінде жүргізіледі.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, үй малын, құсты және жер учаскесін (жер үлесін) кіріс бермейді деп айқындауға құқылы.

Атаулы әлеуметтік көмекті алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық кірісін есептеу қағидаларын уәкілетті мемлекеттік орган әзірлейді және бекітеді.

2. Жан басына шаққандағы кіріс атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанда алынған жиынтық кірісті отбасы мүшелерінің санына және үш айға бөлу жолымен есептеледі.

128-бап. Атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудан бас тарту

Атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудан бас тартуға:

1) отбасының жан басына шаққандағы орташа кірісінің облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен асуы;

2) учаскелік комиссияның материалдық жағдайына тексеру жүргізуден өтініш берушінің бас тартуы;

3) адамның (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелері бойынша дайындалған, учаскелік комиссияның мұқтаждықтың жоқтығы туралы қорытындысы;

4) осы Кодекстің 122-бабының 4-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда, отбасының еңбекке қабілетті мүшесінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысудан бас тартқан күннен бастап алты ай ішінде бас тартуы;

5) алушының кінәсінен бұрын жасалған әлеуметтік келісімшартты бұзу және (немесе) әлеуметтік келісімшартта көзделген міндеттемелерді орындамау – атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға қайталап өтініш бергеннің алдындағы алты ай ішінде;

6) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін көрінеу жалған мәліметтер және (немесе) анық емес құжаттарды олар ұсынылған күннен бастап алты ай ішінде ұсыну негіз болып табылады.

129-бап. Атаулы әлеуметтік көмек төлеуді тоқтату

Атаулы әлеуметтік көмек төлеуді тоқтату үшін:

1) атаулы әлеуметтік көмекке өтініш берушінің қайтыс болуы;

2) атаулы әлеуметтік көмекке өтініш берушінің республикалық не облыстық маңызы бар басқа қалаға, ауданға немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуі;

3) әлеуметтік келісімшарттың талаптарын және жеке жоспардың іс-шараларын, оның ішінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысу және жұмысқа орналастыру жөніндегі іс-шараларды толық көлемде орындамауға байланысты әлеуметтік келісімшартты бұзу;

4) атаулы әлеуметтік көмекті заңсыз тағайындауға және (немесе) төлеуге әкеп соққан жалған мәліметтерді және (немесе) анық емес құжаттарды ұсыну негіз болып табылады.

130-бап. Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындаудың және төлеудің дұрыстығын мониторингтеу

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындаудың және төлеудің дұрыстығын мониторингтеуді уәкілетті мемлекеттік орган, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар тиісті бюджеттің атқарылуын бақылау шеңберінде жүзеге асырады.

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауды және төлеуді әдіснамалық тұрғыдан басқаруды уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

12-тарау. АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

1-параграф. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жүйесі

131-бап. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алу құқығы

Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж деп танылған адамдар (отбасылар) осы Кодексте көзделген тәртіппен және жағдайларда арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер алуға құқылы.

132-бап. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің түрлері

1. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлемін және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілгеннен тыс көлемін қамтиды.

2. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлемі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің бірыңғай тізбесі болып табылады және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж деп танылған адамдарға (отбасыларға) бюджет қаражаты есебінен беріледі.

3. Осы Кодекстің 133-бабының 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілгеннен тыс көлемі облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) жергілікті өкілді органдары бекіткен тізбе мен тәртіпке сәйкес арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметті алушының қаражаты есебінен беріледі.

4. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласындағы тиісті уәкілетті органдар мен өзге де тиісті орталық атқарушы органдар бекітетін арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес болуға тиіс.

5. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарындағы кәмелетке толмағандарға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

133-бап. Адамды (отбасын) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж деп танудың негіздері

1. Адам (отбасы) мынадай негіздер:

1) жетімдік;

2) ата-ана қамқорлығының болмауы;

3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девиантты мінез-құлық;

4) кәмелетке толмағандардың арнаулы білім беру ұйымдарында, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуы;

5) туғаннан бастап үш жасқа дейінгі балалардың ерте психофизикалық даму мүмкіндіктерінің шектелуі;

6) мүгедектік және (немесе) дене бітімі және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы;

7) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі;

8) жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмауы;

9) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездікпен қарау;

10) баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);

11) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы;

12) пробация қызметінің есебінде болу бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж деп танылады.

2. Әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездіктің болуын бағалау өлшемшарттарын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі уәкілетті мемлекеттік органмен және білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп айқындайды.

Жасалған әрекеттер бойынша қылмыстық іс қозғау фактісінің болуына қарамастан, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, адам, оның ішінде кәмелетке толмаған балалар саудасына, оларды қанаудың басқа да түрлеріне, сондай-ақ адам ұрлауға байланысты іс-әрекеттер әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездіктің нысандары болып табылады.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаждар қатарына жатпайтын адамға (отбасына), сондай-ақ әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылықты күш қолдана отырып жасаған адамға сот ерекше талаптар белгілеген кезеңде арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну көрсетілетін қызметтерді алушының қаражаты есебінен уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 133-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.04.2024 № 72-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

134-бап. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж деп танылған адамның (отбасының) құқықтары мен міндеттері

1. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж деп танылған адамның (отбасының):

1) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің көрсетілуіне жүгінуге;

2) өзінің құқықтары, міндеттері мен арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің ұсынылу шарттары туралы ақпарат алуға;

3) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер қажеттілігіне бағалау жүргізуге және оны айқындауға қатысуға;

4) ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарындағы кәметке толмағандарды қоспағанда, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген және кепілдік берілгеннен тыс көлемін көрсететін субъектілерді таңдауға;

5) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алуға немесе олардан бас тартуға;

6) лауазымды адамдардың, сондай-ақ арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынатын субъектілердің әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен жоғарғы тұрған органға, сотқа шағым жасауға;

7) лауазымды адамдарға немесе арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсететін субъектілерге мәлім болған жеке сипаттағы ақпараттың құпиялылығына құқығы бар.

2. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж деп танылған адам (отбасы):

1) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер қажеттілігін айқындау және оны көрсету туралы шешім қабылдау үшін толық және анық ақпарат беруге;

2) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау процесіне кедергі жасамауға;

3) өз денсаулығын сақтауға және нығайтуға қамқорлық жасауға және бірлесіп жауапты болуға;

4) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсету субъектілерін оларды көрсетуге әсер ететін мән-жайлардың өзгергені туралы уақтылы хабардар етуге;

5) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынатын ұйым мамандарының ұсынымдарын орындауға;

6) әлеуметтік жұмыскерлердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсету саласындағы заңнамасын сақтауға міндетті.

135-бап. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынатын субъектілердің құқықтары мен міндеттері

1. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсететін субъектілер:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған конкурстарға, стратегиялық әріптестікті іске асыруға Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік тапсырысқа, гранттарға және сыйлықақыларға қатысуға;

2) арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген және кепілдік берілгеннен тыс көлемін көрсетуге;

3) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындауды жүзеге асыруға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлардан басқа, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің көлемі мен түрлеріне бағалау жүргізу және оны айқындау үшін қажетті ақпаратты жергілікті атқарушы органдардан сұратуға және алуға құқылы.

2. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсететін субъектілер:

- 1) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсету стандарттарын сақтауға;
- 2) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсету үшін қажетті жағдайлар жасауға;
- 3) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушылардың және олардың отбасы мүшелерінің қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 4) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушыларға және олардың отбасы мүшелеріне қатысты адамгершілікпен қарауға және кемсітушілік әрекеттерге жол бермеуге;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсету кезінде құпиялылықты қамтамасыз етуге;
- 6) әлеуметтік жұмыскерлерді даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз етуге міндетті.

3. Әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді көрсететін ұйымдар қызметінің тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

Ескерту. 135-бапқа өзгеріс енгізілді – осы Кодекстің 263-бабынан қараңыз (01.01.2025 бастап қолданыста енгізіледі).

136-бап. Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын ұйымдардың тіркелімі мен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімі

1. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін ұйымдардың тіркелімі – әлеуметтік қызметтер порталында өнім берушілер ретінде тіркелген ұйымдардың электрондық тізбесі.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімі – әлеуметтік қызметтер порталында тіркелген және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың электрондық тізімі.

2. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың тіркелімі мен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен ұйымдар мен мамандарды әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында электрондық нысанда есепке алу үшін қалыптастырылады.

3. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың тіркелімінде және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімінде қамтылған мәліметтер арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар мен мамандардың келісімімен жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады.

Ескерту. 136-бап жаңа редакцияда - осы Кодекстің 263-бабынан қараңыз (01.01.2025 бастап қолданыста енгізіледі).

2-параграф. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаждықтың туындауының алдын алу

137-бап. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаждықтың туындауының алдын алу

Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаждықтың туындауының алдын алу адамды (отбасын) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж деп тану негіздерін анықтауға және олардың алдын алуға бағытталған.

138-бап. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаждықтың алдын алу бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл

Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаждықтың туындауының алдын алу жөніндегі іс-шараларды жергілікті атқарушы органдар белгіленген құзыреттері шегінде:

1) адамды (отбасын) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге ықтимал мұқтаж деп тануға болатын негіздерді анықтау;

2) адамның (отбасының) тыныс-тіршілігі жағдайларын тексеру, осы жағдайлардың нашарлауына әсер ететін себептерді айқындау;

3) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаждықтың туындауын болдырмауға ықпал ететін жеке іс-шаралар жоспарын жасау;

4) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаждықтың туындауының алдын алу нәтижелерін талдау;

5) Отбасының цифрлық картасының деректері негізінде адамның (отбасының) әлеуметтік әл-ауқатын мониторингтеу және болжамдау арқылы жүзеге асырады.

138-1-бап. Өмірде қиын жағдайға ұшыраған адамдарды (отбасыларды) ерте анықтау

Уәкілетті мемлекеттік орган өмірде қиын жағдайға ұшыраған адамдарды (отбасыларды) ерте анықтау және оларға қолдау көрсетуді, оның ішінде интеграцияланған модель арқылы қолдау көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі субъектілердің (білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер органдарының) қатысуымен ұйымдастырушылық-практикалық іс-шаралар кешенін үйлестіреді.

Ескерту. 2-параграф 138-1-баппен толықтырылды – ҚР 15.04.2024 № 72-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-параграф. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыру және көрсету

139-бап. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге жүгіну

1. Арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамға (отбасына) тұрғылықты жері бойынша Отбасының цифрлық картасының деректері негізінде арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуға келісетіні туралы хабарлама жіберіледі.

Проактивті қызмет арқылы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету үшін құжаттарды ресімдеуге жүгінген күн осы қызметті көрсетуге құжаттарды ресімдеуге келісім алған күн болып саналады.

2. Баспанасыздық (тұрғылықты жері анықталмаған адамға), әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездікпен қарау салдарынан арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж адамға (отбасына) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер тұрғылықты жеріне қарамастан ұсынылады.

3. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж адамның (отбасының) мүддесі үшін арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсету туралы өтінішті адамның (отбасының) өз бетінше бере алмау себебін көрсете отырып:

- 1) отбасының ересек мүшелерінің біреуі;
- 2) қамқоршысы (қорғаншысы);
- 3) кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі;
- 4) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сенімхаты бар адам;
- 5) мынадай:

әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездікпен қарау;

баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамға) салдарынан арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж адамға (отбасына) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынатын субъект;

б) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаждықтың туындауының алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырған ұйым жүгіне алады.

Ескерту. 139-бапқа өзгеріс енгізілді – осы Кодекстің 263-бабынан қараңыз (01.01.2025 бастап қолданыста енгізіледі).

140-бап. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау

1. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаждықты бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік жұмыскер айқындайтын арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж адамның (отбасының) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге қажеттілігін бағалау және айқындау негізінде жүзеге асырылады.

2. Мыналар:

- 1) тыныс-тіршіліктің шектелуі;
- 2) әлеуметтік бейімсіздік;

3) әлеуметтік депривация;

4) қолайсыз әлеуметтік орта арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге қажеттілікке бағалау жүргізу және оны айқындау кезіндегі өлшемшарттар болып табылады.

141-бап. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

1. Адам саудасына және баспанасыздыққа байланысты әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездікпен қарау салдарынан арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж адамдарды қоспағанда, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсыну аудандардың, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімі негізінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж адамдарға (отбасыларға) мынадай:

1) әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы жеке бағдарламаға сәйкес осы Кодекстің 133-бабы 1-тармағының 6) тармақшасында;

2) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездікпен қараудың болуын бағалау өлшемшарттарына сәйкес осы Кодекстің 133-бабы 1-тармағының 9) тармақшасында;

3) өтініш негізінде осы Кодекстің 133-бабы 1-тармағының 10), 11) және 12) тармақшаларында;

4) жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша осы Кодекстің 133-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша бюджет қаражаты есебінен ұсынылады.

2. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді алушының қаражаты есебінен арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж адам (отбасы) мен арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілер жасасатын шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

3. Осы Кодекстің 133-бабы 1-тармағының 6) және 8) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж адамдар (отбасылар) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар тіркеліміне енгізілген ұйымдардың ішінен субъектілерді тандау әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы жүзеге асырылады.

4. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынадан бас тартуға мыналар:

1) осы Кодекстің 133-бабында көрсетілген негіздерге сәйкес келмеуі;

2) ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың анық болмауы;

3) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынуға медициналық қарсы көрсетілімдердің болуы негіз болып табылады.

142-бап. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынатын субъектілерді қаржыландыру

1. Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер көрсететін субъектілерді қаржыландыру:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражаты;

2) кепілдік берілген көлемнен тыс арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынадан алынған қаражат;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынатын субъектілерді қаржыландыру уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге тарифтер белгілеу қағидалары мен әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну тарифтерін жергілікті атқарушы органдар бекітеді.

Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

4-параграф. Ұлттық алдын алу тетігі

143-бап. Ұлттық алдын алу тетігі

1. Ұлттық алдын алу тетігі ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың қызметі арқылы жұмыс істейтін, азаптау және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарым-қатынастар мен жазалау түрлерінің алдын алу жүйесі түрінде қолданылады.

2. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылар өз қызметі шеңберінде арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерге және осы қатысушылардың баруы (бұдан әрі – алдын ала бару) үшін Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын өзге де ұйымдарға барады.

3. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, сондай-ақ Үйлестіру кеңесі іріктейтін қоғамдық байқау комиссияларының және азаматтардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктердің мүшелері, заңгерлер, әлеуметтік жұмыскерлер, дәрігерлер ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылар болып табылады.

4. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың қызметін үйлестіреді, Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың қажетті әлеуеті мен кәсіптік білімін қамтамасыз ету үшін шаралар қолданады.

5. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың алдын ала бару жөніндегі шығыстарын өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

144-бап. Үйлестіру кеңесі

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қызметін тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанынан Үйлестіру кеңесі құрылады.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қоспағанда, Үйлестіру кеңесінің мүшелерін Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл құратын комиссия Қазақстан Республикасының азаматтары қатарынан сайлайды.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл:

1) Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ережені;

2) ұлттық алдын алу тетігіне қатысушыларды іріктеу тәртібін;

3) алдын ала бару үшін ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардан топтар құру тәртібін;

4) алдын ала бару жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды;

5) алдын ала бару қорытындысы бойынша жыл сайынғы жинақталған баяндаманы дайындау тәртібін бекітеді.

3. Үйлестіру кеңесі Біріккен Ұлттар Ұйымы Азаптауларға қарсы комитетінің Азаптау және басқа да қатыгездік, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарым-қатынастар мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі кіші комитетімен өзара іс-қимыл жасайды.

145-бап. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушыларға қойылатын талаптар

1. Мыналар:

1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдіктілер немесе айыпталушылар;

3) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;

4) судьялар, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер және әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері;

5) психиатрда және (немесе) наркологта есепте тұрған адамдар ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары бола алмайды.

2. Қасақана қылмыс жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған; теріс себептер бойынша мемлекеттік немесе әскери қызметтен, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған; адвокаттық қызметпен айналысуға берілген лицензиядан айырылған адамдар да ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары бола алмайды.

146-бап. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушының құқықтары

1. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушы:

1) алдын ала баруға жататын ұйымдарда ұсталатын адамдардың саны, осындай ұйымдардың саны және олардың орналасқан жері туралы ақпарат алуға;

2) алдын ала баруға жататын ұйымдарда ұсталатын адамдармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ оларды ұстау жағдайларына қатысты ақпаратқа қол жеткізуге;

3) құрылған топтардың құрамында белгіленген тәртіппен алдын ала баруды жүзеге асыруға;

4) алдын ала баруға жататын ұйымдарда ұсталатын адамдармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен куәларсыз, жеке немесе қажет болған кезде аудармашы арқылы, сондай-ақ ұлттық алдын алу тетігіне қатысушының пікірі бойынша тиісті ақпарат бере алатын кез келген басқа адаммен әңгімелесу жүргізуге;

5) алдын ала баруға жататын ұйымдарды кедергісіз таңдауға және оларға баруға;

6) азаптау және басқа да қатыгездік, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарым-қатынастар мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы хабарлар мен шағымдарды қабылдауға құқылы.

2. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы өз қызметін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болып табылады.

147-бап. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың міндеттері

1. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылар өз өкілеттіктерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндетті.

2. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың алдын ала баруға жататын ұйымдардың қызметіне араласуына жол берілмейді.

3. Алдын ала бару жөніндегі топқа кіретін ұлттық алдын алу тетігіне қатысушының бейтараптығына күмән туғызатын мән-жайлар болған кезде ол алдын ала баруға қатысудан бас тартуға міндетті.

4. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылар азаптау және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да

қарым-қатынастар мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы қабылданатын хабарлар мен шағымдарды Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл айқындайтын тәртіппен тіркеуге міндетті.

Қабылданған хабарлар мен шағымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қарауына беріледі.

Қабылданған және берілген хабарлар мен шағымдар туралы ақпарат алдын ала бару нәтижелері жөніндегі есепке енгізіледі.

5. Осы Кодекстің ережелерін бұзған ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

148-бап. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушының өкілеттіктерін тоқтату

Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушының өкілеттіктері:

- 1) осы Кодекстің ережелері бұзылған;
- 2) өз өкілеттіктерін доғару туралы жазбаша өтініші болған;
- 3) ол қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген;
- 4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 5) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;
- 6) соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар басталған кезде тоқтатылады.

149-бап. Алдын ала барудың түрлері мен кезеңділігі

1. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың алдын ала баруы:

1) төрт жылда кемінде бір рет тұрақты негізде жүргізілетін кезеңімен алдын ала бару;

2) алдыңғы кезеңімен алдын ала бару нәтижелері бойынша ұсынымдардың іске асырылуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ алдын ала баруға жататын ұйымдардың әкімшіліктері тарапынан ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылар әңгімелесу жүргізген адамдарды қудалаудың алдын алу мақсатында кезеңімен алдын ала бару аралығындағы кезеңде жүргізілетін аралық алдын ала бару;

3) азаптау және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарым-қатынастар мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы келіп түскен хабарлардың негізінде жүргізілетін арнаулы алдын ала бару болып бөлінеді.

2. Үйлестіру кеңесі бөлінген бюджет қаражаты шегінде алдын ала бару мерзімдері мен алдын ала баруға жататын ұйымдардың тізбесін айқындайды.

150-бап. Алдын ала бару тәртібі

1. Алдын ала баруды Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қағидаларға сәйкес Үйлестіру кеңесі ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардан құратын топтар жүргізеді.

2. Алдын ала бару үшін топтарды құру кезінде ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың ешқайсысын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке ұшыратуға болмайды.

3. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету алдын ала баруға жататын ұйымдардың әкімшілігіне жүктеледі. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың құқыққа сыйымсыз әрекеттері орын алған жағдайда алдын ала баруға жататын ұйымдар әкімшілігінің басшысы Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге жазбаша хабар береді.

4. Әрбір алдын ала барудың нәтижелері бойынша Үйлестіру кеңесі бекіткен нысан бойынша топтың атынан жазбаша есеп жасалады, оған алдын ала баруды жүзеге асырған топтың барлық мүшелері қол қояды. Ерекше пікірі бар топ мүшесі оны жазбаша түрде ресімдейді және есепке қоса береді.

151-бап. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың жыл сайынғы жинақталған баяндамасы

1. Үйлестіру кеңесі ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың алдын ала бару нәтижелері бойынша есептерін ескере отырып, олардың жыл сайынғы жинақталған баяндамасын дайындайды.

2. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың жыл сайынғы жинақталған баяндамасында:

уәкілетті мемлекеттік органдарға алдын ала баруға жататын ұйымдарда ұсталатын адамдармен қарым-қатынас жағдайларын жақсарту және азаптау және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарым-қатынастар мен жазалау түрлерінің алдын алу бойынша ұсынымдар;

Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар да қамтылады.

Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың жыл сайынғы жинақталған баяндамасына өткен жылғы алдын ала бару жөніндегі қаржылық есеп қоса беріледі.

3. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың жыл сайынғы жинақталған баяндамасы қарау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберіледі және Үйлестіру кеңесі бекіткен күннен бастап бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде Қазақстан

Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің интернет-ресурсында орналастырылады.

152-бап. Құпиялылық

1. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылар алдын ала бару барысында өздеріне белгілі болған адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді осы адамның келісімінсіз жария етуге құқылы емес.

2. Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың алдын ала бару барысында өздеріне белгілі болған адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді осы адамның келісімінсіз жария етуі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

153-бап. Уәкілетті мемлекеттік органдардың ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылармен өзара іс-қимылы

1. Мемлекеттік органдар және олардың лауазымды адамдары ұлттық алдын алу тетігіне қатысушыларға олардың заңды қызметін жүзеге асыруына жәрдем көрсетеді.

Бірде-бір мемлекеттік орган немесе лауазымды адам азаптау және қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарым-қатынастар мен жазалау түрлерінің қолданылу фактілері туралы ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларына хабарлағаны үшін азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге құқылы емес.

Ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың заңды қызметіне кедергі келтіретін лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

2. Уәкілетті мемлекеттік органдар ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың жыл сайынғы жинақталған баяндамасын алған күннен бастап үш ай ішінде Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге алынған баяндамаларды қарау нәтижелері бойынша қолданылған шаралар туралы жазбаша нысанда хабар береді.

3. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың алдын ала бару нәтижелері бойынша есептері негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды адамға қатысты іс жүргізуді немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді не қылмыстық істі қозғау туралы өтінішхатпен (арызбен) жүгінуге құқығы бар.

13-тарау. МҮҒЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

1-параграф. Жалпы ережелер

154-бап. Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары және міндеттері

1. Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдар:

1) әлеуметтік қорғалуға, оның ішінде абилитациялауға, оңалтуға, қоғамға интеграциялануға;

2) мектепке дейінгі тәрбие алу мен оқу, білім алу үшін жағдайлармен қамтамасыз етілуіне;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекке;

4) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлеміне;

5) кәсіптік даярлыққа және қайта даярлыққа, еңбек қабілетін қалпына келтіруге және жұмысқа орналасуға;

6) инфрақұрылым, ақпараттандыру объектілеріне, көлікке, ақпаратқа, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шараларға, спорттық сайыстарға және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қолжетімділіктің қамтамасыз етілуіне;

7) өзінің сайлау және сайлану құқығын жүзеге асыруға;

8) Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үйге;

9) мемлекеттік және өзге ұйымдарда, оның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет көрсету саласындағы ұйымдарда бірінші кезекте қызмет көрсетілуге құқықтарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде бекітілген әлеуметтік-экономикалық және жеке басының құқықтары мен бостандықтарына толығымен ие болады.

2. Мүгедектігі бар адам:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде өзінің денсаулығының жай-күйі туралы толық және анық мәліметтерді беруге;

2) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында айқындалатын тәртіппен профилактикалық медициналық қарап-тексеруден, скринингтік зерттеуден өтуге;

3) жеке бағдарламада ұсынылған іс-шараларды орындауға;

4) әлеуметтенуге және қоғамға интеграциялануға қатысуға міндетті.

155-бап. Медициналық-әлеуметтік сараптама

1. Адамның мүгедектігін, еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу уәкілетті мемлекеттік органның барып немесе сырттай медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуі арқылы жүзеге асырылады.

2. Дәрігерлік-консультативтік комиссия медициналық-әлеуметтік сараптамаға жіберуді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүргізеді.

3. Медициналық-әлеуметтік сараптама уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен куәландырылатын адамның клиникалық-функционалдық, әлеуметтік, кәсіптік және психологиялық деректерін сыныптауыш пен өлшемшарттарды пайдалана отырып талдау негізінде организмнің жай-күйін кешенді бағалау негізінде жүзеге асырылады.

4. Өтініш берушіге:

қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды тапсырған кезде;

құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған кезде;

медициналық-әлеуметтік сараптама бөліміне барып куәландыруға тұрақты тіркелмеген орны бойынша жүгінген кезде медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуден бас тартылады.

5. Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қорытындысы бойынша тыныс-тіршілік санаттарының бірінің шектелуіне алып келетін организм функцияларының тұрақты бұзылуы болмаған жағдайларда мүгедектік және (немесе) еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесі белгіленбейді.

6. Адамға мүгедектік және (немесе) еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген кезде оның себептері, мерзімдері, әлеуметтік қорғау шараларына деген қажеттілік анықталады, сондай-ақ жеке бағдарламаның әлеуметтік және кәсіби бөліктері әзірленеді.

7. Организм функцияларының бұзылу дәрежесіне, тыныс-тіршілігінің шектелуіне, оңалту болжамына және әлеуетіне қарай мынадай санаттар:

1) мүгедектікті анықтау кезінде адамға:

жеті жасқа дейін – 6 айға, 1 жылға, 2 жылға, 5 жылға немесе жеті жасқа дейін " мүгедектігі бар бала" санаты;

жеті жастан он сегіз жасқа дейін – 6 айға, 1 жылға, 2 жылға, 5 жылға немесе он сегіз жасқа дейін "бірінші топтағы мүгедектігі бар бала", "екінші топтағы мүгедектігі бар бала", "үшінші топтағы мүгедектігі бар бала" санаттары;

он сегіз жастан асқанда – 6 айға, 1 жылға, 2 жылға, 5 жылға немесе қайтадан куәландыру мерзімінсіз "мүгедектіктің бірінші тобы", "мүгедектіктің екінші тобы", " мүгедектіктің үшінші тобы" мүгедектік топтары;

2) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға еңбекке қабілеттілігінен айырылуға алып келетін әлеуметтік тәуекел туындаған кезде – жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі 30 пайыздан 100 пайызға дейінді қоса алғандағы мөлшерде 6 айға, 1 жылға, 2 жылға, 5 жылға, он сегіз жасқа толғанға дейін, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында көзделген жасқа толғанға дейін белгіленеді.

Кезекті қайта куәландыру мерзімі бар мүгедектігі бар адамға жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі осы әлеуметтік қауіп бойынша мүгедектік мерзімі аяқталғанға дейін белгіленеді;

3) еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауға байланысты өндірістік жарақат алған және (немесе) кәсіптік ауруға шалдыққан жұмыскерге – кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі 5 пайыздан 100 пайызға дейінді қоса алғанда 6 айға, 1 жылға, 2 жылға, 5 жылға немесе қайта куәландыру мерзімінсіз белгіленеді.

Кезекті қайта куәландыру мерзімі бар мүгедектігі бар адамға кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі өндірістік жарақат және (немесе) кәсіптік ауру бойынша мүгедектік мерзімі аяқталғанға дейін белгіленеді.

8. Мүгедектіктің және (немесе) еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесінің мынадай себептері:

- 1) жалпы ауру;
- 2) жұмыста мертігу;
- 3) кәсіптік ауру;
- 4) бала кезінен мүгедектік;
- 5) жеті жасқа дейінгі балалардың мүгедектігі;
- 6) жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі балалардың мүгедектігі;

7) тиісті қызмет саласындағы уәкілетті орган себеп-салдарлық байланысты белгілеген жағдайда қызметтік міндеттерін атқару кезінде, әскери қызмет өткеру кезінде, азаматтық немесе әскери мақсаттағы ядролық объектілердегі авариялардың зардабын жою кезінде не ядролық объектілердегі авариялық жағдайлар салдарынан алған, әскери қызмет міндеттерін (қызметтік міндеттерін) атқаруға байланысты емес жазатайым оқиғаның салдарынан болған жаралану, контузия, мертігу, ауру не әскери және қызметтік борышын орындауға байланысты емес ауру;

8) тиісті қызмет саласындағы уәкілетті орган себеп-салдарлық байланысты белгілеген жағдайда төтенше экологиялық жағдайлар, оның ішінде ядролық жарылыстар мен сынақтар кезіндегі радиациялық әсер етудің салдарынан және (немесе) олардың зардаптарынан болған мүгедектік айқындалады.

Осы тармақтың 7) және 8) тармақшаларындағы мүгедектік себептері себеп-салдарлық байланысты анықтаған уәкілетті органның келтірген тұжырымына қатаң сәйкестікпен шығарылады.

9. Еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауға байланысты өндірістік жарақат алған және (немесе) кәсіптік ауруға шалдыққан жұмыскерлер үшін кәсіптік еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесінің мынадай себептері:

- 1) жұмыста мертігу;
- 2) кәсіптік ауру белгіленеді.

10. Мүгедектігі бар және (немесе) еңбекке қабілеттілігінен айырылған адамдар мүгедектіктің және еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесінің белгіленген мерзімдерін сақтай отырып, қайта куәландырудан өтеді.

11. Жүргізілген медициналық-әлеуметтік сараптама нәтижелерімен келіспеген жағдайда адам және (немесе) оның заңды өкілі уәкілетті мемлекеттік органға жүгінеді.

Медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдерінің шешімдеріне шағымдануды қарауды және медициналық-әлеуметтік сараптама мәселелері бойынша бақылауды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен медициналық-әлеуметтік сараптаманың әдіснама және бақылау бөлімі жүзеге асырады.

12. Медициналық-әлеуметтік сараптаманың әдіснамасы және оны бақылау бөлімі медициналық-әлеуметтік сараптамаға анық емес құжаттарды ұсыну және (немесе) сараптама қорытындысын негізсіз шығару фактісі анықталған кезде хаттама ресімдейді, оның негізінде бақылау бойынша қайта куәландырылғанға және сараптама қорытындысы шығарылғанға дейін мүгедектікті және (немесе) еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге байланысты төлемдер мен жәрдемақылар тоқтатыла тұрады.

13. Төтенше жағдай кезеңінде қайта куәландыру мерзімі төтенше жағдай енгізілгенге дейін бір айдан аспаған және төтенше жағдай кезінде басталған және көрсетілген мерзімде қайта куәландырудан өтпеген адамдар үшін мүгедектік, еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесінің және жеке бағдарламалардың мерзімдері төтенше жағдайдың қолданылу мерзіміне автоматты түрде ұзартылады.

Төтенше жағдай режимі қолданысының аяқталу айы толығымен есептеледі.

156-бап. Сырттай проактивті куәландыру ерекшеліктері

1. Сырттай проактивті форматта мүгедектік және еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесі белгіленген кезде уәкілетті мемлекеттік орган медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге сараптамалық қызметтер көрсетуге келісімшарт негізінде медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшыларын тартады.

2. Медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшыларының тізілімін жүргізу тәртібін, сондай-ақ тізілімге енгізуді және одан шығаруды уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

3. Медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшылары жұмысының нәтижелерін бағалау тәртібі мен өлшемшарттарын уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

4. Медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшыларының қызметтеріне ақы төлеу тәртібін және медициналық-әлеуметтік сараптаманың тәуелсіз сарапшылары көрсететін қызметтерге тарифтерді уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

5. Сырттай проактивті куәландыру уәкілетті мемлекеттік орган денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп айқындаған нозологиялық нысандар тізбесі бойынша жүргізіледі.

157-бап. Жеке бағдарлама

1. Жеке бағдарлама мүгедектік белгіленген мерзімге мүгедектігі бар адамдардың жеке қажеттіліктерін бағалау негізінде әзірленеді және ол уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен организм функцияларын қалыптастыруға, дамытуға, қалпына келтіруге және (немесе) организмнің бұзылған және (немесе) жоғалған функцияларының орнын толтыруға бағытталған медициналық, әлеуметтік, кәсіптік шаралар кешенін қамтиды.

2. Жеке бағдарламада уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышына сәйкес мүгедектігі бар адам мұқтаж техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің атаулары да қамтылады.

3. Мүгедектігі бар адамға жеке бағдарламаның іс-шаралары тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің құнын өтеу үшін кепілдік берілген сома және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлемі шегінде тегін және (немесе) өтеулі негізде көрсетіледі, оны төлеуге мүгедектігі бар адам немесе жұмыста мертігуіне немесе кәсіптік ауруға шалдығуына кінәлі жұмыс беруші қатысады.

2-параграф. Мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау және оңалту

158-бап. Мүгедектігі бар адамдардың мамандандырылған ұйымдары

1. Мүгедектігі бар адамдардың мамандандырылған ұйымдары – мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері, сондай-ақ акцияларының жүз пайызы мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктеріне тиесілі ұйымдар мынадай шарттарға сәйкес келген жағдайда, осындай бірлестіктер мен ұйымдар:

мүгедектігі бар адамдардың орташа жылдық саны жұмыскерлердің жалпы санының кемінде 51 пайызын құрайды;

мүгедектігі бар адамдарға еңбекақы төлеу шығыстары бір жылға еңбекақы төлеу бойынша жалпы шығыстардың кемінде 35 пайызын құрайды.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:

1) мүгедектігі бар адамдардың мүдделерін қозғайтын шешімдерді дайындау және қабылдау;

2) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың,

облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп спорттық іс-шаралар ұйымдастыру;

3) уәкілетті аумақтық мәдениет органдарымен бірлесіп, ағартушылық және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру кезінде мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерімен және олардың уәкілетті өкілдерімен өзара іс-қимыл жасайды.

3. Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктеріне, сондай-ақ олардың ұйымдарына өздерінің меншігіндегі ғимараттар (құрылыстар, құрылысжайлар) салынған жер учаскелеріне меншік құқығын мемлекет меншігінен жеке меншікке беру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда өтеусіз жүзеге асырылады.

Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерінің қызметі тоқтатылған немесе мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерінің, олардың ұйымдарының меншігінен жылжымайтын мүлік иеліктен шығарылған жағдайда, олардың меншік иелігіндегі жер учаскелері мемлекет меншігіне қайтарылуға жатады.

4. Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдарға мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізу;

2) мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру тиімділігін бағалауға қатысу;

3) Қазақстан Республикасының әзірленіп жатқан нормативтік құқықтық актілеріне мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу жолымен мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысуға құқылы.

159-бап. Мүгедектіктің алдын алу

1. Мүгедектіктің алдын алу ерте диагностикалауға, аурулардың ерте сатыда өршуінің және олардың салдарының алдын алуға, орын алған асқынуларды, ағзалар мен тіндердің зақымдануын бақылауға бағытталған медициналық және медициналық емес іс-шаралар кешенін, сондай-ақ денсаулықты қорғау, адамның өмір сүруінің экологиялық ортасын жақсарту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, өндірісте жарақаттанудың алдын алу, кәсіптік ауруларды азайту жөніндегі іс-шараларды қамтиды.

2. Мүгедектіктің алдын алуды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар мен жұмыс берушілер жүзеге асырады.

160-бап. Медициналық оңалту (абилитациялау)

1. Медициналық оңалтуды (абилитациялауды) медициналық жұмыскерлер клиникалық хаттамаларға, медициналық көмек көрсету стандарттары мен қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

Медициналық абилитация туа біткен функционалдық шектеулері бар балалар үш жасқа толғанға дейін жүргізіледі.

2. Медициналық ұйым медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемін, оңалтуды (абилитациялауды) жүргізу түрлері мен мерзімін көрсете отырып, мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың (абилитациялаудың) жеке бағдарламасының медициналық бөлігін әзірлейді, оны орындауды жүзеге асырады.

3. Мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды санаторийлік-курорттық емдеумен қамтамасыз ету осы Кодекстің 169-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы жүзеге асырылады.

4. Осы баптың 5 және 6-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертліккен немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамға санаторийлік-курорттық емделуге шығыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс беруші өтейді.

5. Жұмыс берушіге қатысты оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертліккен немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамға санаторийлік-курорттық емдеу осы баптың 3-тармағына сәйкес беріледі.

6. Жұмыс беруші-дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған жағдайда, жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертліккен немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамға санаторийлік-курорттық емдеу осы баптың 3-тармағына сәйкес беріледі.

161-бап. Әлеуметтік абилитациялау және оңалту

1. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік абилитациялау және оңалту мыналарды:

1) техникалық көмекші (компенсаторлық) және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуді және оларды пайдалануға үйретуді;

2) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынуды;

3) жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің қызметін ұсынуды;

4) есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамға ымдау тілі маманының қызметтерін ұсынуды;

5) уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған жеке бағдарламаға сәйкес әлеуметтік абилитациялау мен оңалтудың өзге де түрлерін қамтиды.

2. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік абилитациялау мен оңалтуды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларды, оңалту

орталықтарын, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерін қоса алғанда, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау және білім беру саласында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынатын ұйымдар, сондай-ақ басқа да мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

162-бап. Мүгедектігі бар адамдарға протездік-ортопедиялық көмек, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарын беру

1. Мүгедектігі бар адамдар жеке бағдарламаға сәйкес техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және мүгедектігі бар адамдарға көрсетілетін қызметтердің сыныптаушысына сәйкес есту протезі көмегімен, протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етіледі.

2. Есту протезі көмегімен, протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда қамтамасыз ету осы Кодекстің 169-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы жүзеге асырылады.

3. Протездік-ортопедиялық көмек протездеу, мүгедектігі бар адамдарды жеке тапсырыстар бойынша дайындалатын протездік-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз ету бойынша медициналық қызметтер көрсетуден, сондай-ақ оларды пайдалануды үйретуден тұрады.

Протездік-ортопедиялық көмекті көрсетуші дайындалатын протездік-ортопедиялық құралдың сипаттамасына байланысты стационарлық протездеу қажеттілігін айқындайды.

Есту протезі көмегі протездеу бойынша медициналық қызметтер көрсетуден, кохлеарлық импланттың сөйлеу процессорын ауыстыру және теңшеу бойынша қызметтер көрсетуден, сондай-ақ оларды пайдалануды үйретуден тұрады.

Стационарлық протездеуге және (немесе) протездеуге баруға байланысты шығыстарды төлеу уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертіккен немесе кәсіптік ауру салдарынан мүгедектігі бар адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен жеке бағдарламаға сәйкес протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етіледі.

5. Жұмыс беруші-дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған, сондай-ақ оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайларда жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертіккен немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамға протездік-ортопедиялық көмек, техникалық көмекші

(компенсаторлық) құралдар және арнаулы жүріп-тұру құралдары осы баптың 1-тармағына сәйкес беріледі.

6. Техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сертификаттау жүйесінің талаптарына сәйкестігі тұрғысынан міндетті түрде сертификаттауға жатады.

163-бап. Мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтерін ұсыну

1. Мүгедектігі бар адамдарға жеке бағдарламаға сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен жеке көмекшінің және (немесе) ымдау тілі маманының қызметтері ұсынылады.

2. Жеке көмекшінің қызметтері жүріп-тұруы қиын, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен күніне сегіз сағаттан аспайтын есеппен ұсынылады.

Жүріп-тұруы қиын, бірінші топтағы мүгедектігі бар адам үшін жеке көмекшінің қызметтері оған күтім жасайтын адамға осы Кодекстің 187-бабында көзделген тәртіппен мемлекеттік жәрдемақы тағайындалған және төленген кезде ұсынылмайды.

Жеке көмекші қызметін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған шарт негізінде жүзеге асырады.

Мыналар:

1) психикалық саулық саласында медициналық көмек көрсететін мамандандырылған ұйымдарда есепте тұрған;

2) медициналық қорытынды негізінде денсаулық жағдайы бойынша қызмет көрсетуге қарсы көрсетілімдері бар;

3) он сегіз жасқа толмаған;

4) жұмыспен қамтудың белсенді шаралары шеңберінде кәсіптік оқытудан өтпеген адам;

5) бірінші топтағы мүгедектігі бар адам үшін жеке көмекші оның жақын туысы болып табылатын жағдайды қоспағанда, осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған;

6) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

7) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адам жеке көмекші бола алмайды.

3. Есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының қызметтері уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен жылына алпыс сағаттан аспайтын есеппен ұсынылады.

4. Мүгедектігі бар адамдар жеке бағдарламаға сәйкес әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы жеке көмекшіні және (немесе) ымдау тілі маманын таңдауды жүзеге асырады.

Жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтеріне ақы төлеуді жергілікті атқарушы органдар кепілдік берілген сома шегінде жүргізеді.

164-бап. Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну

1. Мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен стационар, жартылай стационар жағдайларында және үйде көрсетіледі.

2. Мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынуды осы Кодекстің 135-бабына сәйкес арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынатын субъектілер жүзеге асырады.

165-бап. Мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оңалту

1. Мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оңалту кәсіптік бағдарлауды, кәсіптік оқытуды (қайта оқытуды), жұмысқа орналастыруды қамтиды және осы Кодекстің 10-тарауына сәйкес іске асырылады.

2. Жұмыс берушінің кінәсінан жұмыста мертіккен және (немесе) кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оқытуды немесе қайта оқытуды, оларды жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орындарын құруды жұмыс беруші осы Кодекске сәйкес меншікті қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.

3-параграф. Мүгедектігі бар адамдарды тауарлармен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету тәртібі

166-бап. Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы

1. Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы – осы Кодекске сәйкес мүгедектігі бар адамдар үшін өнім берушілер ұсынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құнын жергілікті атқарушы органдардың кепілдік берілген сома шегінде өтеуі шарттарымен оларға қол жеткізудің бірыңғай нүктесін білдіретін ақпараттандыру объектісі.

2. Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталын сүйемелдеуді және жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді Еңбек ресурстарын дамыту орталығы жүзеге асырады.

3. Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мүгедектігі бар адамдар мен тауарларды және көрсетілетін қызметтерді берушілер арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен, Қазақстан Республикасының

тұтынушылардың құқығын қорғау туралы заңнамасымен, сондай-ақ нысанын уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында жасалатын шартпен реттеледі.

167-бап. Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тауарларды және көрсетілетін қызметтерді берушілер

1. Заңды тұлғалар және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді берушілер болып табылады.

2. Тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді берушілерді әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеу немесе тіркеуден шығару, сондай-ақ тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталына рұқсат беру әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы мәселелері жөніндегі комиссияның қорытындысын алғаннан кейін уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімі бойынша құрылады және өз қызметін уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталының мәселелері жөніндегі комиссия туралы үлгілік ережеге сәйкес тұрақты негізде жүзеге асырады.

4. Жергілікті атқарушы органдар мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы ұсынылатын тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің өнім беруші мәлімдеген сипаттамаларының мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдардың, арнаулы жүріп-тұру құралдарының және көрсетілетін қызметтердің сыныптауышына сәйкестігін мониторингтеуді жүзеге асырады.

5. Комиссия жергілікті атқарушы органның, мүгедектігі бар адамдардың және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркелген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді берушілердің жолданымдарын қарайды, бұзушылықтар анықталған кезде жою қажеттілігі туралы хабарлама жібереді. Хабарламада көрсетілген мерзім ішінде жойылмаған жағдайда комиссия өнім берушіні әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталынан шығару туралы шешім қабылдайды.

6. Әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында мынадай:

1) сәйкестігі міндетті растауға жататын берілетін тауарларға сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік туралы декларациясы бар;

2) мемлекеттік тіркелуге және қайта тіркелуге тиісті медициналық бұйымдарға жататын техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарын беру кезінде тіркеу куәлігі бар;

3) берілетін тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар, арнаулы жүріп-тұру құралдары және көрсетілетін қызметтер сыныптауышының талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынған;

4) салық берешегі және әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі жоқ;

5) банкроттық не тарату рәсіміне жатпайтын;

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізілмеген;

7) Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы заңнамасында көзделген сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне және (немесе) Ұлттық әл-ауқат қорының сенімсіз әлеуетті өнім берушілері (өнім берушілері) тізбесіне енгізілмеген;

8) тауарларды өткізу және (немесе) қызметтер көрсету үшін олардың шыққан жерін, сипаттамасын және бағасын растайтын құжаттарды ұсынған;

9) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айналысу үшін лицензия алу талап етілетін қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар;

10) ымдау тілі маманы қызметін көрсету кезінде біліктілігін растайтын құжаты бар өнім берушілер тіркеледі.

Осы баптың бірінші бөлігінің талаптары жеке көмекші көрсететін қызметтерге қолданылмайды.

7. Өнім беруші әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталынан тіркеуден:

1) әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеуден шығару туралы өтініш берген;

2) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға қайтыс болған немесе қызметі тоқтатылған, заңды тұлғаның қызметі тоқтатылған;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізілген;

4) Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы заңнамасында көзделген сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне және (немесе) Ұлттық әл-ауқат қорының сенімсіз әлеуетті өнім берушілері (өнім берушілері) тізбесіне енгізілген;

5) комиссия осы баптың 2-тармағына сәйкес әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталынан тіркеуден шығару туралы қорытынды шығарған жағдайларда шығарылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 3), 4) және 5) тармақшаларына сәйкес әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталынан тіркеуден шығару өнім берушіні тіркеуден шығару күніне әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы өзіне алған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көрсетілген жағдайда мүгедектігі бар адам өнім берушінің алған міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік он төрт күннен кешіктірмей әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тиісті ақпаратты орналастырады.

Комиссия осы ақпаратты орналастырылған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды, өнім беруші тарапынан бұзушылықтардың болғанын немесе болмағанын айқындайды.

Өнім беруші осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тіркеуден шығарылған жағдайда әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында кейіннен тіркеу ол туралы мәліметтер тиісті тізілімнен және (немесе) тізбеден алып тасталғаннан кейін мүмкін болады.

Өнім беруші осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасында көзделген негіздер бойынша әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталынан тіркеуден шығарылған жағдайда оны әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында кейіннен тіркеу тіркеуден шығарылған күнінен бастап кемінде бір жыл өткен соң мүмкін болады.

8. Өнім беруші әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында мүгедектігі бар адамдарға берілетін техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар, арнаулы жүріп-тұру құралдары және көрсетілетін қызметтер сыныптауышының талаптарына сәйкес келетін тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді өткізеді.

Өнім берушілер әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы сапасы тиісті емес және (немесе) ұсынылған сипаттамаларға сәйкес келмейтін тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді өткізу фактісі анықталған, сондай-ақ әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында жасалатын шарттың талаптарын орындамаған жағдайда олардың құны өнім берушілердің қаражаты есебінен өтеледі.

168-бап. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы тауарлармен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету

1. Мүгедектігі бар адамдар тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді сатып алуға тапсырыстарды жеке бағдарламадағы ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырады.

2. Мүгедектігі бар адам тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді сатып алуға тапсырыс беруді оған әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталына жеке бағдарлама іс-шараларының жіберілгені туралы хабарланған күннен бастап екі ай ішінде жүзеге асырады.

3. Мүгедектігі бар адамның тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің құнын жергілікті атқарушы органдардан өтетіп алуға, бірақ уәкілетті мемлекеттік орган

айқындаған тәртіппен белгіленетін кепілдік берілген сомадан аспайтын сомаға өтетіп алуға құқығы бар.

Мүгедектігі бар адам кепілдік берілген сома мен сатып алынған тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің нақты құны арасындағы айырмашылықты меншікті қаражаты есебінен өзі дербес төлейді.

4. Мүгедектігі бар баланы санаторийлік-курорттық емдеуге алып жүретін заңды өкілдердің бірінің санаторийлік-курорттық ұйымда болу құнын уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын, санаторийлік-курорттық емдеу құнын өтеу ретінде ұсынылатын кепілдік берілген соманың жетпіс пайызы мөлшерінде жергілікті атқарушы органдардан өтетіп алуға құқығы бар.

5. Тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің құнын өтеу ретінде ұсынылатын кепілдік берілген сома уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен және мөлшерде төленеді.

169-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды тауарлармен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету

Мүгедектігі бар адамдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мынадай:

1) комиссияның қорытындысы негізінде әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді берушілер болмаған;

2) протездік-ортопедиялық көмекпен, есту аппараттарымен қамтамасыз ете отырып, есту протезі көмегімен, кохлеарлық импланттың сөйлеу процессорын ауыстыру және теңшеу жөніндегі қызметпен, мүгедектігі бар адамдардың жеке тапсырыстары бойынша дайындалатын арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етілетін жағдайларда тауарлармен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етіледі.

4-параграф. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау

170-бап. Мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік қорғалуға құқығы

1. Мүгедектігі бар адамдардың:

1) мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;

2) еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем;

3) мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы);

4) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы) түрінде әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

2. Осы бапта көзделген құқықтар осы Кодексте көзделген тәртіппен және шарттарда іске асырылады.

3. Жергілікті атқарушы органдардың, жұмыс берушілердің және өзге де ұйымдардың шешімі бойынша мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көмектің қосымша шаралары берілуі мүмкін.

171-бап. Мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылар, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер тағайындау мен төлеу тәртібі

1. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны, күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны (бұдан әрі – мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылар) тағайындауға мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақыға құқығы бар адамның немесе оның заңды өкілінің өтініші негіз болып табылады.

Бірінші топтағы мүгедектігі бар адам қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде болған кезде қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі оған өтініш беруге жәрдемдеседі.

Бұл ретте бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған адам өзіне күтім жасайтын адамның кандидатурасын қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің басшысымен келіседі.

2. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындауға еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алуға құқығы бар міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының немесе оның заңды өкілінің өтініші негіз болып табылады.

3. Мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылар, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы тағайындалған кезде оларды тағайындау үшін өтініш беру талап етілмейді.

4. Уәкілетті мемлекеттік орган:

мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау;

еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау;

мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақыны, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау және төлеу тәртібін айқындайды.

5. Мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылар медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі белгілеген мүгедектіктің бүкіл кезеңіне тағайындалады.

Бірінші топтағы мүгедектігі бар адам қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде болған кезде оған күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның қылмыстық жазалау мерзімі аяқталғанға дейін тағайындалады.

6. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі белгілеген еңбекке қабілеттіліктен айырылудың бүкіл кезеңіне әлеуметтік төлемге құқық туындаған күннен бастап, бірақ міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында көзделген жасқа толған мерзімнен асырылмай тағайындалады.

7. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем әлеуметтік төлем тағайындауға жүгінген уақытта жұмыстың тоқтатылғанына немесе жалғастырылып жатқанына қарамастан тағайындалады.

172-бап. Мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақыларды, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындауға өтінішті қабылдаудан және тағайындаудан бас тарту

1. Мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылар, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тартуға:

1) мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақыларды, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау, жүзеге асыру, оларды тағайындау үшін проактивті көрсетілетін қызмет арқылы өтініш беру немесе келісу фактілерін растайтын мәліметтерді уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен алу;

2) өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды және (немесе) мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақыларды, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдау күніне қолданылу мерзімі өтетін құжаттарды ұсынуы;

3) жеке басты куәландыратын құжат бойынша мәліметтердің (мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтермен расталатын, оны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауыстырудан басқа) оларды тағайындау үшін қажетті құжаттарға сәйкес келмеуі;

4) мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылар, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау құқығының болмауы;

5) мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылар, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау үшін талап етілетін

қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге өтініш беруші келісімінің болмауы негіз болып табылады.

2. Мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақыларды, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындаудан бас тартуға:

1) мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылар, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау үшін өтініш беруші ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы;

2) өтініш берушінің және (немесе) мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақыларды, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) тексеру кезінде Қор сұратқан еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау үшін қажетті құжаттың және (немесе) мәліметтердің ұсынылмауы;

4) еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің есептелген мөлшерінің теріс мәні негіз болып табылады.

3. Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы тағайындаудан бас тартуға:

1) күтім жасайтын адамның кәмелетке толмауы;

2) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша күтім жасайтын адамның әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылуы;

3) күтім жасайтын адамды психикалық саулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымда есепке қою;

4) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде болуын қоспағанда, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның мемлекеттің толық қамтамасыз етуінде болуы;

5) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның және оған күтім жасайтын адамның әртүрлі елді мекендерде тұруы негіз болып табылады.

173-бап. Мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылар, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алушының құқықтары мен міндеттері

1. Мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылар, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алушының:

1) осы Кодексте көзделген тәртіппен мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуға;

2) мүгедектігі бар адамдарға төленетін мемлекеттік жәрдемақыларды алатынына қарамастан, осы Кодексте көзделген тәртіппен еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алуға;

3) Мемлекеттік корпорациядан және Қордан мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақыларды, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау және алу тәртібі туралы ақпаратты сұратуға және тегін алуға;

4) мемлекеттік органдардың, Мемлекеттік корпорацияның және Қордың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.

2. Мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылар, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алушы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылар, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау үшін толық және анық мәліметтер ұсынуға;

2) мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақыларды, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді алу кезеңінде Мемлекеттік корпорацияны мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшерін өзгерту немесе мүгедектігі бар адамдарға жәрдемақылар, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді төлеуді тоқтату үшін негіз болуы мүмкін мән-жайлар туралы он жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

Өтініш беруші мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшеріне әсер ететін мән-жайлар туралы уақтылы хабарламаған жағдайда олардың мөлшері көрсетілген мән-жайлар басталған кезден бастап, бірақ оларды тағайындаған кезден ерте емес қайта қаралады;

3) мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылардың, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің артық есептелген (төленген) сомаларын ерікті түрде, ал бас тартылған жағдайда – заңды күшіне енген сот шешімі негізінде сот тәртібімен қайтаруға міндетті.

3. Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органның және (немесе) Қордың кінәсінан уақтылы алынбаған не толық алынбаған мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылардың, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің сомалары оларға құқық туындаған күннен бастап өткен уақыт үшін мерзімі шектелмей төленеді.

174-бап. Мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылардан, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнен ұстап қалу

1. Алушының өтініші негізінде ұсталып қалатын мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылардың, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің артық есепке жазылған (төленген) сомаларын қоспағанда, мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылардан, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнен ұстап қалу атқарушылық іс жүргізу тәртібімен жүргізіле алады.

2. Мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылардан, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнен ұстап қалу төленуге тиесілі сомадан жүргізіледі.

3. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнен 10 пайыз мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналары ұсталады және осы Кодекске сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жіберіледі.

4. Мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік жәрдемақылардан, еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнен төленуге тиісті соманың 25 пайызынан артық ұстап қалуға болмайды.

5-параграф. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы

175-бап. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуға құқық және оны тағайындау шарттары

1. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар жәрдемақы тағайындауға жүгінген уақытқа жұмыстың тоқтатылғанына немесе жалғастырылып жатқанына қарамастан, мүгедектік белгіленген жағдайда тағайындалады.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуға құқығы бар.

3. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мүгедектіктің қашан – жұмыс істеу немесе қызмет ету кезеңінде, жұмысқа тұрғанға дейін немесе жұмысты тоқтатқаннан кейін болғанына қарамастан тағайындалады.

4. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мүгедектік белгіленген күннен бастап, бірақ оны тағайындауға жүгінген күнге дейін немесе "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы жәрдемақы тағайындауға келісім алған күнге дейін үш айдан аспайтын мерзімге тағайындалады.

5. Зейнетақы төлемдерін алуға құқық беретін жасқа толған мүгедектігі бар адамдарды қайта куәландыру олардың өтініші бойынша ғана жүргізіледі.

6. Мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша бір мезгілде мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алуға құқығы бар адамдарға олардың таңдауы бойынша бір жәрдемақы тағайындалады.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы немесе асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын адамның өтініші негізінде мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының бір түрінен екінші түріне ауыстыру өтініш тіркелген күннен бастап жүргізіледі.

7. Осы Кодекстің 207-бабының 1, 2 және 3-тармақтарында, 212-бабында белгіленген шарттар болған кезде мүгедектігі бойынша жәрдемақы азаматтың қалауы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жасына байланысты зейнетақы төлемдерімен немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерімен ауыстырылуы мүмкін.

176-бап. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алу құқығы бар мүгедектігі бар адамдардың санаттары

1. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуға құқығы бар мүгедектігі бар адамдарға:

1) жалпы ауруға шалдығудан, жұмыста мертігуден, кәсіптік ауруға шалдығудан болған мүгедектігі бар адамдар, жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар, жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар;

2) бала кезінен мүгедектігі бар адамдар;

3) мүгедектігі әскери қызметін өткеру кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан болған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қатарынан мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі азаматтық немесе әскери мақсаттағы ядролық объектілердегі авариялардың зардаптарын жою кезінде не ядролық объектілердегі авариялық жағдайлардың салдарынан болған адамдар;

4) мүгедектігі әскери қызметтегі міндеттерін, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметін (қызметтік міндеттерін) атқаруға байланысты емес жазатайым жағдайдың салдарынан болған мертігу не әскери және қызметтік борышын орындауға байланысты емес ауруға шалдығу салдарынан болған кезде әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің басшы және қатардағы құрамының адамдары арасынан шыққан мүгедектігі бар адамдар;

5) мүгедектігі әскери қызметті, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметті өткеру кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан болған әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, қызметтік міндеттерін атқару кезінде Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері арасынан шыққан мүгедектігі бар адамдар;

6) себеп-салдарлық байланысы анықталған жағдайда төтенше экологиялық жағдайлар, оның ішінде ядролық жарылыстар мен сынақтар кезіндегі радиациялық әсер етудің салдарынан және/немесе олардың зардаптарынан болған мүгедектігі бар адамдар жатады.

2. 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған заңнамамен мүгедектігі бойынша зейнетақы тағайындалған адамдарға 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап бюджет

қаражаты есебінен мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін іс жүзінде алып келген зейнетақы мөлшерінен кем емес мөлшерде төленеді.

177-бап. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшері

1. Мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінің өзгеруі ескеріле отырып, бюджет қаражаты есебінен ай сайын төленеді.

2. Осы Кодекстің 176-бабының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген мүгедектігі бар адамдарға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мынадай:

жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға – 1,61 ең төмен күнкөріс деңгейі;

бірінші топтағы жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға – 2,20 ең төмен күнкөріс деңгейі;

екінші топтағы жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға – 1,83 ең төмен күнкөріс деңгейі;

үшінші топтағы жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға – 1,61 ең төмен күнкөріс деңгейі;

бала кезінен бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 2,20 ең төмен күнкөріс деңгейі;

бала кезінен екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 1,83 ең төмен күнкөріс деңгейі;

бала кезінен үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 1,61 ең төмен күнкөріс деңгейі;

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 2,20 ең төмен күнкөріс деңгейі;

екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 1,76 ең төмен күнкөріс деңгейі;

үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 1,20 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерлерінде тағайындалады.

3. Осы Кодекстің 176-бабының 3) және 6) тармақшаларында көрсетілген мүгедектігі бар адамдарға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мынадай:

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 3,22 ең төмен күнкөріс деңгейі;

екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 2,75 ең төмен күнкөріс деңгейі;

үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 2,31 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде тағайындалады.

4. Осы Кодекстің 176-бабының 5) тармақшасында көрсетілген мүгедектігі бар адамдарға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мынадай:

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 3,94 ең төмен күнкөріс деңгейі;

екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 3,04 ең төмен күнкөріс деңгейі;

үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 2,31 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде тағайындалады.

5. Мүгедектік кезеңінде асыраушысынан айырылған жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға және жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшері осы Кодекстің 236-бабына сәйкес белгіленген, қайтыс болған асыраушының отбасының еңбекке қабілетсіз мүшелерінің санына сәйкес келетін асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшеріне ұлғайтылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген балаларға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы қайтыс болған асыраушының асырауында болу фактісіне қарамастан жоғары мөлшерде белгіленеді.

6. Мүгедектік кезеңінде асыраушысынан айырылған бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшері осы Кодекстің 236-бабына сәйкес белгіленген, қайтыс болған асыраушының отбасының еңбекке қабілетсіз мүшелерінің санына сәйкес келетін асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшеріне ұлғайтылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарға мүгедектігі бойынша мемлекеттік жәрдемақы осы Кодекстің 234-бабының талаптарына сәйкес аталған адамдар қайтыс болған асыраушының асырауында болған жағдайда жоғары мөлшерде белгіленеді.

7. Жұмыс істейтін жәрдемақы алушыларға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы толық мөлшерде төленеді.

8. Егер жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері мүгедектігі бар адамдардың тиісті санаттары үшін белгіленген мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшерінен аз болса, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны төлеу жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне мүгедектігі бар адамдардың осы санаты үшін белгіленген мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшеріне дейін тиісті қосымша ақылар түрінде жүргізіледі.

178-бап. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу

1. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу ағымдағы ай үшін жүргізіледі. Алушы қайтыс болған жағдайда мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы қайтыс болған айына қоса төленеді.

2. Осы Кодекстің 207-бабының 1 – 3-тармақтарында және 212-бабында белгіленген жағдайлар болған кезде мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны

төлеу тоқтатылады немесе осы Кодекстің 177-бабының 8-тармағына сәйкес жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері ескеріле отырып қайта қаралады.

3. Мүгедектік тобы өзгерген жағдайда мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны жаңа мөлшерде төлеу мүгедектік тобы өзгерген күннен бастап жүзеге асырылады.

Қайта куәландырылушы еңбекке қабілетті деп танылған жағдайда мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы оны еңбекке қабілетті деп таныған айды қоса алғанда төленеді.

4. Егер мүгедектігі бар адам белгіленген мерзімде қайта куәландыру үшін медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесіне келмесе, онда оған мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу тоқтатыла тұрады, ал оны мүгедектігі бар адам деп қайта таныған жағдайда тоқтатылған күннен бастап, бірақ бір айдан аспайтын уақыт үшін, егер медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі оны осы кезеңде мүгедектігі бар адам деп таныса, төлем қайта басталады.

Қайта куәландыру мерзімін дәлелді себеппен өткізіп алған кезде төлем тоқтатылған күннен бастап қайта куәландырудан өткен айды қоса алғанда, бірақ үш жылдан аспайтын уақыт үшін, егер медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі оны осы кезеңде мүгедектігі бар адам деп таныса, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу жүргізіледі. Бұл ретте, егер қайта куәландыру кезінде мүгедектігі бар адам мүгедектіктің басқа (неғұрлым жоғары немесе неғұрлым төмен) тобына ауыстырылса, онда көрсетілген уақыт үшін мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы бұрынғы топ бойынша төленеді.

5. Қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында тұратын және мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі адамдарға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы осы Кодекстің 177-бабына сәйкес тағайындалған жәрдемақы мөлшерінің 30 пайызы көлемінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен емес мөлшерде төленеді.

Психоневрологиялық аурулары бар адамдарға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында тұратын және мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі адамдарға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы осы Кодекстің 177-бабына сәйкес тағайындалған жәрдемақы мөлшерінің 30 пайызы көлемінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен емес мөлшерде төленеді.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының тағайындалған мөлшерінің 70 пайызы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының жеке банктік шотына немесе қолма-қол ақшаны бақылау шотына аударылады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарының көрсетілген қаражатты пайдалану тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

6. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында тұратын және мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларға мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар толық көлемде төленеді.

7. Алушы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығынан шыққан жағдайда мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу шыққан айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап толық көлемде қайта басталады.

8. Алушы уақтылы талап етпеген мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының есептелген сомасы өткен уақыт үшін, бірақ оларды алуға жүгінудің алдындағы 3 жылдан аспайтын уақытқа төленеді.

179-бап. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату

1. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан да көп ай бойы шығыс операциялардың болмауы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

2) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың, қандас куәлігінің қолданылу мерзімінің өткені туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат, қандас куәлігі берілген күннен бастап қайта басталады;

3) алушыға қатысты хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің болуы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шаралары тоқтатылған немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің күшін жою туралы сот актісі күшіне енген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

4) ата-ана құқықтарынан айыру немесе оларды шектеу туралы, бала асырап алу туралы шешімді жарамсыз деп тану немесе оның күшін жою туралы мәліметтер, оның

ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы қорғаншы (қамқоршы) болып тағайындалған адамға тоқтатыла тұрған күннен бастап төленеді. Ата-ана құқықтары қалпына келтірілген кезде мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу ата-ана құқықтарын қалпына келтіру немесе шектеудің күшін жою туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап қайта басталады;

5) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда қорғаншыны (қамқоршыны) өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы қорғаншы (қамқоршы) болып тағайындалған адамға немесе қорғаншы (қамқоршы) мәртебесі қалпына келтірілген адамға тоқтатыла тұрған күннен бастап төленеді;

6) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту немесе одан шығу фактісі шетелдіктің тұруға ықтиярхатын алғанға дейін анықталғаны туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу тоқтатыла тұрған күннен бастап, бірақ шетелдіктің ықтиярхатын алған күннен кейін қайта басталады;

7) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде мүгедектігі бойынша зейнетақы алу фактісінің анықталуы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу шығу елінде артық есептелген (төленген) зейнетақы сомалары өтелген кезде тоқтатылған күннен бастап қайта басталады;

8) медициналық-әлеуметтік сараптамаға анық емес құжаттарды ұсыну және (немесе) сараптамалық қорытындыны негізсіз шығару фактісін анықтау туралы хаттама ресімдеу туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу бақылау бойынша қайта куәландырылғанда бұрын шығарылған сараптамалық қорытынды расталған кезде тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады.

2. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу жәрдемақы төлеуді тоқтата тұруды туындатқан мән-жайлардың өткенін растайтын, ақпараттық жүйелерден алынған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде өтініш бойынша қайта басталады.

3. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу:

- 1) алушының қайтыс болғаны туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер;
- 2) шығу елінің уәкілетті органынан жәрдемақы алушының ісіне сұрау салу;
- 3) алушының ішкі істер органдарынан тіркеуден шығарылғанын растайтын құжатты ұсына отырып, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеуді тоқтату туралы өтініші;
- 4) алушының Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кету фактісінің анықталуы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер;
- 5) өтініш берушінің негізсіз тағайындауға алып келген анық емес мәліметтерді ұсыну фактісі анықталғаны туралы мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады.

Ескерту. 179-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-параграф. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем

180-бап. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алу құқығы

1. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алу құқығы медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілеген күннен бастап туындайды.

2. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем әлеуметтік төлем тағайындауға жүгінген уақытта жұмыстың тоқтатылғанына немесе жалғастырылып жатқанына қарамастан тағайындалады.

3. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді есептеу үшін қабылданған кезеңге әлеуметтік аударымдар Қорға оларды тағайындау үшін жүгінген күннен кейін түскен жағдайда алушыға еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша тағайындалған әлеуметтік төлемдердің мөлшерін қайта есептеу жүргізілмейді.

181-бап. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем мөлшері

1. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша ай сайынғы әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген кірістің орташа айлық мөлшерін әлеуметтік төлемге құқық туындаған күнге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінің 50 пайызын шегере отырып, кірісті ауыстырудың, еңбекке қабілеттіліктен айырылудың және қатысу өтілінің тиісті коэффициенттеріне көбейту арқылы айқындалады.

Бұл ретте кірісті ауыстыру коэффициенті 0,6 құрайды, ал әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген кірістің орташа айлық мөлшері осы Кодекстің 118-бабының 3-тармағына сәйкес айқындалады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы үшін қатысу өтілінің коэффициенті:

алты айдан аз – 0,1;

алты айдан он екі айға дейін – 0,7;

он екі айдан жиырма төрт айға дейін – 0,75;

жиырма төрт айдан отыз алты айға дейін – 0,85;

отыз алты айдан қырық сегіз айға дейін – 0,9;

қырық сегіз айдан алпыс айға дейін – 0,95;

алпыс айдан жетпіс екі айға дейін – 1,0;

алпыс және одан да көп айға міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілінің әрбір он екі айы үшін 1,0-ге 0,02 қосылады, бірақ ол 1,3-тен аспайды.

Қатысу өтілінің коэффициентін айқындау кезінде төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары қолданылған кезеңде қызметтің шектелуіне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алу кезеңдері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне 0 түзету коэффициенті қолданылған қызмет түрлері бойынша еңбек, кәсіпкерлік қызмет, жеке практикамен айналысу кезеңдері, сондай-ақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 341-бабы 1-тармағының 51) тармақшасына сәйкес 2020 жылғы 1 сәуір – 2020 жылғы 1 қазан аралығында кірістері жеке тұлғаның салық салуға жататын кірістерінен алып тасталған қызметті жүзеге асыру кезеңі есептеледі.

Еңбекке қабілеттіліктен айырылу коэффициенті 30 пайыздан 100 пайызға дейін белгіленген жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесіне сәйкес келеді.

2. Төлеуші уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын мерзімде және жағдайларда артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды қайтаруды жүзеге асырмаған жағдайда еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу кезінде артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың сомалары есепке алынбайды.

3. 01.01.2024 дейін қолданыста болды - осы Кодекстің 263-бабымен.

3-1. Егер осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында аталған адамдар әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесін бір пайыз мөлшерінде айқындаса, онда еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді есептеу кезінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір айдағы кіріс айына нақты түскен әлеуметтік аударымдар сомасын осы Кодекстің 244-бабының 1-тармағында белгіленген әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне бөлу арқылы айқындалады.

4. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшері жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесі өзгерген күннен бастап қайта қаралады.

5. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін арттыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде уәкілетті мемлекеттік органның ұсынысымен арттыру күніне тиісті әлеуметтік төлемдер тағайындалған адамдарға жүргізіледі.

6. Сот актілері және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының актілері негізінде заңсыз деп танылған кірістен түскен, әлеуметтік төлемдердің мөлшерін айқындау кезінде есепке алынған кезең үшін төленген әлеуметтік аударымдар міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау үшін кейінгі жүгінуі кезінде есепке алынбайды.

Ескерту. 181-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.07.2024 № 104-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

182-бап. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату

1. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан да көп ай бойы шығыс операциялардың болмауы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

2) алушының Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуі туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады.

Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді алушы болып табылатын, Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен және кері қайтып келген адам кету елінде төлем алмаған жағдайда еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем төлеу тоқтатылған күннен бастап, бірақ оны алу үшін жүгінудің алдындағы үш жылдан аспайтын уақытқа қайта басталады.

Бұл ретте еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерге кеткен кезде белгіленген мөлшерде қайта басталады. Егер кеткен кезеңде еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді арттыру жүргізілген болса, оның мөлшері барлық арттыру ескеріліп белгіленеді.

Кету елінде төлем алынған жағдайда еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасында тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелген кезде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кету кезінде белгіленген мөлшерде жүгінген күннен бастап қайта басталады;

3) қорғаншы болып табылатын алушының бас бостандығынан айыру түрінде сот тағайындаған қылмыстық жазаны өтеп жатқаны туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем қорғаншы болып тағайындалған адамға тоқтатыла тұрған күннен бастап жүргізіледі;

4) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың, қандас куәлігінің қолданылу мерзімінің өткені туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат, қандас куәлігі берілген күннен бастап қайта басталады;

5) еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алушыға қатысты хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің болуы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шаралары тоқтатылған немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің күшін жою туралы сот актісі күшіне енген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

6) алушының "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат берілген күннен бастап қайта басталады;

7) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда қорғаншыны өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші

күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем қорғаншы болып тағайындалған адамға немесе қорғаншы мәртебесі қалпына келтірілген адамға тоқтатыла тұрған күннен бастап жүргізіледі;

8) өтініш берушінің еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін негізсіз айқындауға алып келген анық емес мәліметтерді ұсынуы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем осы Кодекске сәйкес айқындалған мөлшерде тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

9) медициналық-әлеуметтік сараптамаға анық емес құжаттарды ұсыну және (немесе) сараптамалық қорытындыны негізсіз шығару фактісін анықтау туралы хаттаманы ресімдеу туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем бақылау бойынша қайта куәландырылғанда бұрын шығарылған сараптамалық қорытынды расталған кезде тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады.

2. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алуға құқық сақталған жағдайда әлеуметтік төлемнің тоқтатыла тұруын туындатқан мән-жайлардың өткенін растайтын, ақпараттық жүйелерден алынған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде өтініш бойынша қайта басталады.

3. Еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем:

1) алушы қайтыс болған жағдайда (оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда) тоқтатылады. Бұл ретте еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алушы қайтыс болған айды (оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген айды) қоса алғанда төленеді;

2) алушының еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау туралы шешім қабылдауға негіз болған анық емес құжаттарды (мәліметтерді) ұсынуына байланысты тоқтатылады. Бұл ретте еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындалған күннен бастап тоқтатылады;

3) алушының еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тоқтатуға өтініш беруіне байланысты тоқтатылады. Бұл ретте еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем өтініш берілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады;

4) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі алушыны еңбекке қабілетті деп тану туралы шешім шығарған жағдайда ол еңбекке қабілетті деп танылған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады.

Ескерту. 182-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-параграф. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы

183-бап. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны алу құқығы

1. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға, сондай-ақ жәрдемақы алу құқығы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген шетелдіктерге беріледі.

2. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы тағайындалады.

3. Отбасында мүгедектігі бар екі және одан да көп бала тұратын жағдайда мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы мүгедектігі бар әрбір балаға тағайындалады және төленеді.

4. Туған, асырап алынған, сондай-ақ қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алынған мүгедектігі бар баласы бар отбасыларға, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы бала асырап алу туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап немесе қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленген күннен бастап тағайындалады.

184-бап. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы мөлшері

1. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы ай сайын бюджет қаражаты есебінен 1,61 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде төленеді.

2. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінің өзгеруі ескеріле отырып төленеді.

185-бап. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны төлеуді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату

1. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны төлеу:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан да көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны төлеу тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

2) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы алушының Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуі туралы мәліметтер, оның ішінде

ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағына тұрақты тұруға келген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен ерте қайта басталмайды;

3) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы алушының бас бостандығынан айыру түрінде сот тағайындаған қылмыстық жазаны өтеп жатқаны туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы баланың (балалардың) заңды өкіліне тоқтатыла тұрған күннен бастап не қорғаншы (қамқоршы) болып тағайындалған адамға қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін төленеді;

4) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілгеннен тыс көлемі ұсынылатын адамды қоспағанда, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы алушының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында тұруы және мемлекеттің толық қамтамасыз етуінде болуы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны төлеу алушы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығынан шығарылған күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

5) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы алушыға қатысты хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің болуы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны төлеу хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шаралары тоқтатылған немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің күшін жою туралы сот актісі күшіне енген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

6) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны алушының шетелдіктің жеке басын куәландыратын құжатының немесе қандас куәлігінің қолданылу мерзімінің өткені туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны төлеу шетелдіктің жеке басын куәландыратын құжат, қандас куәлігі берілген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

7) алушының қайтыс болғанын растайтын құжаттың болуы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың

бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы баланың (балалардың) заңды өкіліне тоқтатыла тұрған күннен бастап не қорғаншы (қамқоршы) болып тағайындалған адамға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгіленген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін төленеді;

8) медициналық-әлеуметтік сараптамаға анық емес құжаттарды ұсыну және (немесе) сараптамалық қорытындыны негізсіз шығару фактілерінің анықталғаны туралы хаттаманы ресімдеу туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны төлеу бақылау бойынша қайта куәландырылғанда бұрын шығарылған сараптамалық қорытынды расталған кезде тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады.

2. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны төлеу мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны тоқтата тұруды туындатқан мән-жайлардың өткенін растайтын, ақпараттық жүйелерден алынған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде өтініш бойынша қайта басталады.

3. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы төлеуді тоқтатуға:

1) баланың қайтыс болуы;

2) баланы мемлекеттің толық қамтамасыз етуіне беру;

3) өтініш берушінің мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақының заңсыз тағайындалуына алып келген анық емес мәліметтерді ұсынуы;

4) мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы алушыға қатысты Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату фактісінің анықталуы;

5) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру немесе шектеу, бала асырап алуды жарамсыз деп тану немесе оның күшін жою, қорғаншыларды (қамқоршыларды) өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттетуге негіз болып табылады.

Бала (балалар) қайтыс болған жағдайда мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны төлеу бала (балалар) қайтыс болған ай өткен соң тоқтатылады.

Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны төлеу осы баптың 3-тармағының 2), 3) 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген мән-жайлар басталған күннен бастап тоқтатылады.

Ескерту. 185-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

186-бап. Алушының өзгеруі

Баланы (балаларды) мемлекеттің толық қамтамасыз етуіне беру жағдайларын қоспағанда, алушы қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған), ата-ана құқықтарынан айырылған немесе ата-ана құқықтары

шектелген, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан, хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің күші жойылған жағдайларда мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттар негізінде оларды алу үшін негіздер сақталған кезде баланың (балалардың) заңды өкіліне не қорғаншы (қамқоршы) болып тағайындалған адамға жүргізіледі.

Ескерту. 186-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8-параграф. Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы

187-бап. Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы алу құқығы

1. Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға, сондай-ақ жәрдемақы алу құқығы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген шетелдіктерге беріледі.

2. Бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға тікелей күтім жасайтын адамға онымен туыстық байланысына қарамастан күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы тағайындалады.

3. Отбасында бірінші топтағы мүгедектігі бар екі және одан да көп адам тұратын жағдайда күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы олардың әрқайсысы үшін тағайындалады және төленеді.

Сотталған адам қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бірінші топтағы мүгедектігі бар бір адамға ғана күтім жасай алады.

4. Бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға бірнеше адам күтім жасаған жағдайда күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы осы адамдардың біреуіне тағайындалады және төленеді.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға тек қана бір сотталған адам күтім жасай алады.

5. Бірінші топтағы мүгедектігі бар адам және күтім жасайтын адам бір елді мекенде тұруға тиіс.

Күтімді қажет ететін бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталғандар және оларға күтім жасайтын сотталғандар қылмыстық-атқару жүйесінің бір мекемесінде ұсталуға тиіс.

188-бап. Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы мөлшері

1. Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы ай сайын бюджет қаражаты есебінен 1,61 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде төленеді.

2. Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінің өзгеруі ескеріле отырып төленеді.

189-бап. Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы төлеуді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату

1. Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны төлеу:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан да көп ай бойы шығыс операциялардың болмауы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны төлеу тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

2) күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы алушыға қатысты хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің болуы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны төлеу хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шаралары тоқтатылған немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің күшін жою туралы сот актісі күшіне енген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен ерте қайта басталмайды;

3) күтім жасайтын шетелдіктің жеке басын куәландыратын құжаттың немесе қандас куәлігінің қолданылу мерзімінің өткені туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктің жеке басын куәландыратын құжат, қандас куәлігі берілген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

4) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда қорғаншыларды (қамқоршыларды) өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Қорғаншылық (қамқоршылық) құқығы қалпына келтірілген кезде күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны төлеу ата-ана құқықтарын қалпына келтіру немесе шектеудің күшін жою туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап қайта басталады;

5) медициналық-әлеуметтік сараптамаға анық емес құжаттарды ұсыну және (немесе) сараптамалық қорытындыны негізсіз шығару фактісін анықтау туралы хаттаманы ресімдеу туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте күтім

жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны төлеу бірінші топтағы мүгедектігі бар адам бақылау бойынша қайта қуәландырылғанда бұрын берілген сараптамалық қорытынды расталған кезде тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

6) күтім жасайтын адамның немесе бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен басқа мекемеге шығып кетуі;

7) күтім жасайтын адамды немесе бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің басқа бөлімшесіне ауыстыру туралы мәліметтер , оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады.

2. Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны төлеу бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның өтініші негізінде қайта басталады.

3. Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақы төлеуді тоқтатуға:

1) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның немесе күтім жасайтын адамның өтініші;

2) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның немесе күтім жасайтын адамның қайтыс болуы;

3) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның немесе күтім жасайтын адамның Қазақстан Республикасының басқа елді мекеніне немесе оның шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кетуі;

4) мүгедектігі бар адамның мүгедектік тобының өзгеруі;

5) бірінші топтағы мүгедектігі бар сотталған адамның немесе оған күтім жасайтын сотталушының қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде жазасын өтеу мерзімінің өтуі;

6) осы Кодекстің 172-бабының 3-тармағында көзделген жағдайлардың анықталуы негіз болып табылады.

4. Күтім жасайтын адамды ауыстыру бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның өтініші негізінде жүргізіледі.

Бірінші топтағы мүгедектігі бар адам қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде болған кезде оған күтім жасайтын адамды ауыстыру оның қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі басшысымен келісуі бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 189-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-тарау. АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНА БЕРІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

190-бап. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алу құқығы

1. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға Қазақстан Республикасы азаматтарының құқығы бар.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алу құқығын пайдаланады.

2. Бір мезгілде осы баптың 3-тармағында көзделген бірнеше негіз бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы олардың таңдауы бойынша тек бір негіз бойынша ғана төленеді.

3. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған жеңілдіктер тізбесі негізге алына отырып, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар азаматтарға:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері;

2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;

3) мәртебесі "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1) тармақшасында айқындалған, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар;

4) мәртебесі "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2) тармақшасында айқындалған жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдар;

5) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлері;

6) Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде қаза тапқан (хабарсыз кеткен) немесе жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары; бейбіт уақытта әскери қызметін, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасылары; Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасылары; сәуле ауруының салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектігі бар адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне байланысты болған азаматтардың отбасылары;

7) Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс

болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адамдар деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысына қатысушының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбы (жұбайы);

8) Кеңес Одағының батырлары, Социалистік Еңбек ерлері, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлері, "Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы" құрметті атағына ие болған адамдар;

9) "Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдар;

10) "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдар;

11) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар;

12) 1988–1989 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысушылар, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылғандар (өз еркімен кеткендер) қатарындағы адамдар;

13) осы Кодекстің 177-бабының 8-тармағында көзделген жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшеріне дейін қосымша төлем алушыларды қоспағанда, жасына байланысты зейнетақы төлемдері немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалған бірінші, екінші және үшінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын бірінші, екінші және үшінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;

14) Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын мүгедектігі бар жеті жасқа дейінгі балалар;

15) Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда, Байқоңыр қаласында тұратын жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтардағы мүгедектігі бар балалар;

16) саяси қуғын-сүргін құрбандары, саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен мүгедектігі бар немесе зейнеткерлер болып табылатын адамдар;

17) Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар жатады.

191-бап. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау тәртібі

1. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар адамның өтініші арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындауға негіз болып табылады.

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы тағайындалған кезде "Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдарға, "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау туралы өтініш беру талап етілмейді.

2. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау үшін жүгіну арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алу құқығы туындағаннан кейін қандай да бір мерзіммен шектелмей, кез келген уақытта жүзеге асырылады.

3. Осы Кодекстің 190-бабы 3-тармағының 11) тармақшасында көрсетілген адамдар үшін 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында жұмыс істегені туралы мәліметтер қамтылатын еңбек кітапшасы немесе өзге де құжаттар жұмыс өтілін растайтын құжат болып табылады.

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында жұмыс істеген фактіні растайтын құжаттар болмаған кезде жұмыс өтілін уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен құрылатын арнаулы комиссиялар белгілейді.

4. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган әзірлейді және бекітеді.

5. Уәкілетті мемлекеттік орган:

ұрыс қимылдарына қатысқан кезде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалатын ұрыс қимылдары жүргізілген қалалар мен кезеңдердің тізбесін;

ұрыс қимылдарына қатысқан кезде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалатын басқа мемлекеттердің аумағында ұрыс қимылдары жүргізілген кезеңдердің тізбесін;

ұрыс қимылдарына қатысқан кезде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалатын ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттердің, аумақтар мен кезеңдердің тізбесін;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін наградаларға жатқызылған, наградтау кезінде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалатын бұрынғы КСР Одағы медальдарының тізбесін бекітеді.

192-бап. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындауға өтінішті қабылдаудан және тағайындаудан бас тарту

1. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тартуға

:

1) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау, төлеу немесе тағайындауға өтініш беру фактілерін растайтын мәліметтерді уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен алу;

2) өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауы және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды және (немесе) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдану күніне қолданылу мерзімі өтетін құжаттарды ұсынуы;

3) жеке басын куәландыратын құжат бойынша мәліметтердің (мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтермен расталатын, оны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауыстырудан басқа) оны тағайындау үшін қажетті құжаттарға сәйкес келмеуі;

4) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау құқығының болмауы;

5) өтініш берушінің арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы негіз болып табылады.

2. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындаудан бас тартуға:

1) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындауға растайтын құжаттарды ұсынбау;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

3) өтініш берушінің және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіз болып табылады.

193-бап. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу тәртібі

1. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

2. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу ағымдағы ай үшін және оны алу құқығы туындаған күннен бастап арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындалған шарттар сақталған кезеңге жүргізіледі. Алушы қайтыс болған жағдайда арнаулы мемлекеттік жәрдемақы қайтыс болған айды қоса алғанда, ал арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда кеткен айды қоса алғанда төленеді.

3. Мүгедектік тобы өзгерген жағдайда арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу жаңа мөлшерде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алу құқығы туындаған кезден бастап мүгедектіктің тиісті тобы үшін осы Кодексте белгіленген мөлшерде жүзеге асырылады.

4. Егер мүгедектігі бар адам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде қайта куәландыруға медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесіне келмесе, онда оған жәрдемақы төлеу оны қайтадан мүгедектігі бар адам деп таныған кезге дейін тоқтатыла тұрады.

Қайта куәландыру мерзімін дәлелді себеппен өткізіп алған кезде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу, егер медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі оны осы кезеңде мүгедектігі бар адам деп таныса, төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта куәландыру күніне дейін, бірақ алты айдан аспайтын уақыт үшін жүргізіледі. Бұл ретте, егер қайта куәландыру кезінде мүгедектігі бар адам мүгедектіктің басқа (неғұрлым жоғары немесе неғұрлым төмен) тобына ауыстырылса, онда көрсетілген уақыт үшін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы бұрынғы топ бойынша төленеді.

194-бап. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері

1. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған жеңілдіктер тізбесі негізге алына отырып, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар азаматтарға белгіленеді.

2. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгеруі ескеріле отырып төленеді.

3. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне – 16,0 айлық есептік көрсеткіш;

2) "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 5-бабының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында санамаланған басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне – 6,19 айлық есептік көрсеткіш;

3) "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 5-бабының 6), 7) және 8) тармақшаларында санамаланған басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне – 4,8 айлық есептік көрсеткіш;

4) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдарға – 6,19 айлық есептік көрсеткіш;

5) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдарға – 7,55 айлық есептік көрсеткіш;

6) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне – 4,48 айлық есептік көрсеткіш ;

7) Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде қаза тапқан (хабарсыз кеткен) немесе жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасыларына; бейбіт уақытта әскери қызметін , арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасыларына; қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасыларына; Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық

немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасыларына; сәуле ауруының салдарынан қайтыс болған адамдардың немесе қайтыс болған мүгедектігі бар адамдардың, сондай-ақ белгіленген тәртіппен Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне байланысты қайтыс болған азаматтардың отбасыларына – 4,59 айлық есептік көрсеткіш;

8) Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адамдар деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысына қатысушының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына) – 2,56 айлық есептік көрсеткіш;

9) Кеңес Одағының батырларына, "Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы" құрметті атағына ие болған адамдарға – 138,63 айлық есептік көрсеткіш;

10) Социалистік Еңбек ерлеріне, үш дәрежелі Еңбек Данқы ордендерінің иегерлеріне, "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдарға – 138,63 айлық есептік көрсеткіш;

11) "Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдарға – 138,63 айлық есептік көрсеткіш;

12) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген), мемлекеттік наградалармен наградталмаған адамдарға – 2,13 айлық есептік көрсеткіш;

13) 1988–1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысушылар, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылғандар (өз еркімен кеткендер) қатарындағы адамдарға – 4,8 айлық есептік көрсеткіш;

14) осы Кодекстің 177-бабының 8-тармағында көзделген жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы мөлшеріне дейін қосымша төлем алушыларды қоспағанда, жасына байланысты зейнетақы төлемдері немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалған бірінші және

екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға – 1,71 айлық есептік көрсеткіш;

15) осы Кодекстің 177-бабының 8-тармағында көзделген жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы мөлшеріне дейін қосымша төлем алушыларды қоспағанда, жасына байланысты зейнетақы төлемдері немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалған үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға – 0,74 айлық есептік көрсеткіш;

16) Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын мүгедектігі бар жеті жасқа дейінгі балаларға – 1,10 айлық есептік көрсеткіш;

17) Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын жағдайда Байқоңыр қаласында тұратын жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі:

бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар балаларға – 1,71 айлық есептік көрсеткіш;

үшінші топтағы мүгедектігі бар балаларға – 1,10 айлық есептік көрсеткіш;

18) саяси қуғын-сүргін құрбандарына, саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен мүгедектігі бар немесе зейнеткерлер болып табылатын адамдарға – 1,23 айлық есептік көрсеткіш;

19) Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға 1,23 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалады.

195-бап. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеуді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату

1. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан да көп ай бойы шығыс операциялардың болмауы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны төлеу тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

2) хабарсыз кеткен адамдардың іздестіруде болу фактісінің анықталуы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны төлеу адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің күшін жою туралы сот актісі күшіне енген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

3) ата-ана құқықтарынан және қорғаншы (қамқоршы) құқықтарынан айыру фактілерінің анықталғаны туралы, босатылған және шеттетілген қорғаншылар (қамқоршылар) туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте арнаулы мемлекеттік жәрдемақы баланың (балалардың) заңды өкіліне тоқтатылған күннен бастап не қорғаншы (қамқоршы) болып тағайындалған адамға қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін жүргізіледі. Ата-ана құқықтары қалпына келтірілген кезде арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны төлеу ата-ана құқықтарын қалпына келтіру немесе шектеудің күшін жою туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап қайта басталады;

4) жәрдемақы алушылардың Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кету фактісінің анықталғаны туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте алушыға арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағына тұрақты тұруға келген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

5) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхатының, азаматтығы жоқ адамның куәлігінің қолданылу мерзімінің өткені туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат берілген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

б) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушының бас бостандығынан айыру түрінде сот тағайындаған қылмыстық жазаны өтеп жатқаны туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны төлеу қылмыстық-түзету жүйесінің мекемесінен босаған күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады.

Егер мұндай арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушы осы Кодекстің 190-бабы 3-тармағының б) тармақшасында көрсетілген азаматтарға жататын болса, онда арнаулы мемлекеттік жәрдемақы отбасының бұған құқығы бар басқа мүшесіне қайта ресімделуі мүмкін;

7) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілгеннен тыс көлемі ұсынылатын адамдарды қоспағанда, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылардың арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында тұруы және мемлекеттің толық қамтамасыз етуінде болуы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны төлеу алушы

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығынан шығарылған күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

8) медициналық-әлеуметтік сараптамаға анық емес құжаттарды ұсыну және (немесе) сараптамалық қорытындыны негізсіз шығару фактісінің анықталғаны туралы хаттаманы ресімдеу туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны төлеу бақылау бойынша қайта қуәландырылғанда бұрын шығарылған сараптамалық қорытынды расталған кезде тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

9) арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау үшін ұсынылған құжаттардың анық еместігі туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады.

2. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны төлеу арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы сақталған жағдайда арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны тоқтата тұруды туындатқан мән-жайлардың өткенін растайтын, ақпараттық жүйелерден алынған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде өтініш бойынша қайта басталады.

3. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу оны тағайындау үшін негіздер жойылған немесе алушы қайтыс болған жағдайда тоқтатылады.

14-1-тарау. Еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау

Ескерту. 14-1-тараумен толықтырылды – ҚР 21.12.2023 № 49-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

195-1-бап. Еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін адамдардың әлеуметтік қорғалу құқығы

1. Еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың елу бес жасқа толған және олар үшін жиынтығында кемінде сексен төрт ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген кезде мыналардан:

- 1) арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыдан;
- 2) зейнеткерлік алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемінен;
- 3) жұмыс берушінің қаражаты есебінен кәсіптік төлемнен;
- 4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемінен тұратын арнаулы әлеуметтік төлемге құқығы болады.

Осы тармақта көзделген төлемдерге құқық еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін жұмыскер еңбек қызметін тоқтатқан немесе зиянды өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын басқа жұмысқа ауысқан жағдайда туындайды.

2. Еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істемейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың елу бес жасқа толған және олар үшін жиынтығында кемінде сексен төрт ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген кезде:

1) арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыға;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлеміне құқығы болады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген құқықтар:

"Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын зейнеткерлік алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүзеге асырылатын жұмыс берушінің қаражаты есебінен кәсіптік төлемді қоспағанда, осы Кодексте көзделген тәртіппен және шарттарда іске асырылады.

195-2 бап. Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау және жүзеге асыру тәртібі

1. Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы жүгінген күннен бастап тағайындалады

Өтініштің және қажетті құжаттардың тіркелген күні немесе "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны тағайындауға өтініш берушінің келісімін алған күн арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны тағайындауға жүгінген күн болып есептеледі.

2. Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны төлеу ағымдағы ай үшін жүзеге асырылады. Алушы қайтыс болған жағдайда арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы – қайтыс болған айды қоса алғанда, ал арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны алушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда кеткен айды қоса алғанда жүзеге асырылады.

3. Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Тағайындалған, бірақ арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны алушы талап етпеген сомалар өткен уақытқа, бірақ оларды алуға жүгінген күнге дейін үш жылдан аспайтын уақытқа төленеді.

5. Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау, оны төлеуді жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

195-3-бап. Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақының мөлшері

Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақының мөлшері ай сайын республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 2,0 ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын құрайды.

Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны төлеу республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының өзгеруі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

195-4 бап. Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны тағайындауға арналған өтінішті қабылдаудан және оны тағайындаудан бас тарту

1. Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны тағайындауға арналған өтінішті қабылдаудан бас тартуға:

1) уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыға өтініш беру, оны тағайындау, төлеуді жүзеге асыру немесе "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оны тағайындауға проактивті көрсетілетін қызмет арқылы келісім беру фактісін растайтын мәліметтер алу;

2) жеке басын куәландыратын құжат бойынша мәліметтердің (мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтермен расталатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны ауыстырудан басқа) арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны тағайындауға қажетті құжаттарға сәйкес келмеуі;

3) арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау құқығының болмауы;

4) өтініш берушінің арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы негіз болып табылады.

2. Осы Кодекстің 195-1-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген шарттарға сәйкес келмеу арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны тағайындаудан бас тартуға негіз болып табылады.

195-5 бап. Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы төлеуді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату

1. Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны төлеу мынадай мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады:

1) арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны алушының банктік шоты бойынша үш және одан көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы мәлімет. Бұл ретте арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны төлеу ол тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

2) арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны алушының Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кетуі туралы мәлімет. Бұл ретте

арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағына тұрақты тұруға келген күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

3) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің өтуі туралы мәлімет. Бұл ретте арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат берілген күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

4) арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны алушыға қатысты хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуы туралы мәлімет. Бұл ретте арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны төлеу хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шаралары тоқтатылған немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің күшін жою туралы сот актісі заңды күшіне енген күннен бастап, бірақ жәрдемақы тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

5) арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны алушының "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуы туралы мәлімет. Бұл ретте арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат берілген күннен бастап қайта басталады.

2. Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны төлеу арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны тоқтата тұруға себеп болған мән-жайлардың аяқталғанын растайтын, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде өтініш бойынша қайта басталады.

3. Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны төлеу:

1) арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны алушының қайтыс болғаны туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер;

2) арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны алушының ішкі істер органдарында тіркеуден шығарылғанын растайтын құжатты ұсына отырып, арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы төлеуді тоқтату туралы өтініші;

3) Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату фактісінің анықталғаны туралы мәліметтер;

4) арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны алушының пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу фактісінің анықталғаны туралы мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады.

Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны төлеу осындай төлемді алушы осы Кодекстің 207-бабында белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін жүзеге асырылады.

15-тарау. ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

1-параграф. Жалпы ережелер

196-бап. Зейнетақымен қамсыздандырылу құқығы

1. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың:

- 1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі;
- 2) жасына байланысты зейнетақы төлемдері;
- 3) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері;
- 4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдері;
- 5) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдері;
- 6) зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша сақтандыру ұйымдарынан сақтандыру төлемдері түріндегі зейнетақымен қамсыздандырылуға құқығы бар.

2. Бір мезгілде жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің тағайындалуына құқығы бар адамдарға олардың қалауы бойынша зейнетақы төлемдерінің осы түрлерінің біреуі тағайындалады.

3. Осы бапта көзделген құқықтар осы Кодексте көзделген тәртіппен және шарттарда іске асырылады.

4. Жұмыс істеп жүрген зейнеткерлердің осы Кодексте көзделген шектеулер ескеріле отырып, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін толық мөлшерде алуға құқығы бар.

197-бап. Зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі мемлекеттік кепілдіктер

1. Мемлекет:

- 1) 1999 жылғы 1 сәуірге дейінгі зейнетақы төлемдерінің белгіленген мөлшерін сақтай отырып, 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнеткерлікке шыққан азаматтарды;
- 2) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар және осы құқығын еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындайтын және (немесе) жүзеге асыратын органдарда 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін тіркеген азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыруға кепілдік береді.

Бұл жағдайда еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері осы баптың 1-тармағы 1) тармақшасының және 3-тармағының талаптарын сақтай отырып, қызметтен босатылған күннен бастап жүзеге асырылады.

2. Ең төмен зейнетақы мөлшері осы Кодекске сәйкес әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарт болып табылады.

3. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін жыл сайын арттыру республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мөлшерде жүзеге асырылады.

198-бап. Зейнетақы төлемдерін алу құқығы бар азаматтар санаттары

Зейнетақы төлемдері азаматтардың мынадай санаттарына:

1) 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетақы алатындарға;

2) осы Кодекстің 207-бабының 1–3-тармақтарына сәйкес зейнеткерлік жасқа толғандарға;

3) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген және біліктілік сыныптары белгіленген қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдарға, олар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда төленеді.

199-бап. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау және төлеу тәртібі

1. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алу құқығы бар адамның немесе оның заңды өкілінің өтініші мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін негіз болып табылады.

2. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу (айқындау), оларды тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

3. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау жүгінген күннен бастап жүргізіледі. Өтініш пен қажетті құжаттар тіркелген күн мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтініш жасалған күн болып есептеледі.

200-бап. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтінішті қабылдаудан және тағайындаудан бас тарту

1. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тартуға:

1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау, төлеу немесе тағайындауға өтініш беру фактілерін растайтын мәліметтерді уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен алу;

2) өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауы және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды және (немесе) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдау күніне қолданылу мерзімі өтетін құжаттарды ұсынуы;

3) жеке басын куәландыратын құжат бойынша мәліметтердің (мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтермен расталатын, оны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауыстырудан басқа) оларды тағайындау үшін қажетті құжаттармен сәйкес келмеуі;

4) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау құқығының болмауы;

5) өтініш берушінің мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы негіз болып табылады.

2. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындаудан бас тартуға:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы;

2) өтініш берушінің және (немесе) мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі негіз болып табылады.

201-бап. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алушының құқықтары мен міндеттері

1. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алушының:

1) осы Кодексте көзделген тәртіппен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алуға;

2) Мемлекеттік корпорациядан мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау және алу тәртібі туралы ақпаратты сұратуға және тегін алуға;

3) осы тарауда көрсетілген мемлекеттік органдардың немесе ұйымдардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жоғарғы тұрған органға, сотқа шағым жасауға құқығы бар.

2. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алушы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін толық және анық мәліметтер ұсынуға;

2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің артық есептелген (төленген) сомаларын – ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда заңды күшіне енген сот шешімі негізінде сот тәртібімен қайтаруды жүргізуге міндетті.

3. Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органның кінәсінан уақтылы алынбаған не толық алынбаған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің сомалары өткен уақыт үшін оларға құқық туындаған күннен бастап мерзімі шектелмей төленеді.

202-бап. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және жасына байланысты зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі

1. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі және жасына байланысты зейнетақы төлемдері ағымдағы айға жүргізіледі.

2. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі және жасына байланысты зейнетақы төлемдері өмір бойына тағайындалады және қайтыс болған немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен айды қоса алғанда жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақтың 01.01.2028 бастап қолданыста енгізілетін редакциясын осы Кодекстің 263-бабынан қараңыз.

3. Қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында тұратын және мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі адамдарға жасына байланысты зейнетақы төлемдері:

1) егер жасына байланысты зейнетақы төлемінің осы нормаға сәйкес есептелген мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен аз болса, осы Кодекстің 210-бабының 6-тармағында көзделген көлемде;

2) осы Кодекстің 210-бабына сәйкес есептелген жасына байланысты зейнетақы төлемдері мөлшерінің 30 пайызы көлемінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем емес көлемде жүргізіледі.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің тағайындалған мөлшерінің 70 пайызын жеке банктік шотқа немесе арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарының қолма-қол ақшаны бақылау шотына аудару жүргізіледі.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарының көрсетілген қаражатты пайдалану тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

4. Жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне және мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға құқығы жоқ адамдарды қоспағанда, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі алушы стационар жағдайындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында тұрған кезеңіне тоқтатыла тұрады.

5. Алушы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығынан шыққан жағдайда мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі және жасына байланысты зейнетақы төлемі шыққан айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап толық көлемде қайта басталады.

6. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі және жасына байланысты зейнетақы төлемдері нотариат куәландырған сенімхат бойынша тағайындалуы және төленуі мүмкін.

7. Тағайындалған, бірақ алушы талап етпеген мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің сомалары өткен уақыт үшін, бірақ оларды алу үшін жүгінген күнге дейінгі үш жылдан аспайтын уақыт үшін төленеді.

203-бап. Зейнетақыдан ұстап қалу

1. Зейнетақыдан ұстап қалу алушының өтініші негізінде ұсталатын зейнетақы тағайындау кезіндегі қателіктер салдарынан артық төленген зейнетақы сомаларын қоспағанда, атқарушылық іс жүргізу тәртібімен жүргізілуі мүмкін.

2. Зейнетақыдан ұстап қалу төленуге тиісті сомадан жүргізіледі.

3. Төленуге тиіс соманың 50 пайыздан астамын зейнетақыдан ұстап қалуға болмайды.

204-бап. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату

1. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, жасына байланысты зейнетақы төлемдері

:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан да көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, жасына байланысты зейнетақы төлемдері тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

2) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың, қандас куәлігінің қолданылу мерзімінің өтуі туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, жасына байланысты зейнетақы төлемдері Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның, қандастың куәлігі берілген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

3) алушыға қатысты хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің болуы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, жасына байланысты зейнетақы төлемдері хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шаралары тоқтатылған немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің күшін жою туралы сот актісі күшіне енген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

4) шетелдіктің тұруына ықтиярхат алғанға дейін Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуы немесе одан шығуы фактісінің анықталғаны туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, жасына байланысты зейнетақы төлемдері тоқтатыла тұрған күннен бастап, бірақ шетелдіктің тұруына ықтиярхат алған күннен кейін қайта басталады;

5) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімге сәйкес тағайындалған зейнетақыларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде зейнетақы төлемдерін алу фактісінің анықталғаны туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, жасына байланысты зейнетақы төлемдері шыққан елінде артық есепке жазылған (төленген) зейнетақы сомалары өтелген кезде тоқтатылған күннен бастап қайта басталады.

2. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, жасына байланысты зейнетақы төлемдері ақпараттық жүйелерден алынған, төлемді тоқтата тұруды туындатқан мән-жайлардың

өткенін растайтын құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде қайта басталады

3. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, жасына байланысты зейнетақы төлемдері мынадай негіздер бойынша:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алушының қайтыс болу фактісі белгіленсе немесе ол хабарсыз кетті деп танылса;

2) алушының Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кету фактісі белгіленсе;

3) отставкадағы судьяға өмір бойы ай сайынғы қамтылымды тағайындау (қайта бастау) туралы факт анықталса;

4) уәкілетті мемлекеттік органның еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауы туралы факт анықталса;

5) шығу елінің уәкілетті органынан зейнетақы ісіне сұрау салу келіп түссе;

6) зейнетақы алушының ішкі істер органдарында тіркеуден шығарылғанын растайтын құжат ұсыныла отырып, оның зейнетақы төлеуді тоқтату туралы өтініші келіп түссе;

7) өтініш берушінің негізсіз тағайындауға алып келген анық емес мәліметтерді ұсынуы фактісі анықталса;

8) уәкілетті мемлекеттік органның әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болмаған, жұмыстан шығарылған күні еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындатуға құқығы болмаған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында және мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда осындай адамдар қатарынан зейнеткердің зейнеткерлік ісінен жасалған үзінді көшірме негізінде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындаса, тоқтатылады.

Ескерту. 204-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-параграф. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі

205-бап. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлеміне құқық

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі:

1) жасына байланысты зейнетақы төлемдері 2018 жылғы 1 шілдеге дейін тағайындалған және еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақы төлемдері 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген лауазымда болу мерзімінің өтуіне байланысты өкілеттілігі тоқтатылған, өмір бойы ай сайынғы қамтылымды алатын Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьяларын, өмір бойы ай сайынғы қамтылымды алатын отставкадағы судьяларды, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алатын әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлерін, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарды және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте еңбек сіңірген жылдары кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдарды, олар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында және мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарды қоспағанда, осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдарға беріледі.

206-бап. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін есептеу

1. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болған не болмаған кезде ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 60 пайызы мөлшерінде, оның мөлшері зейнетақы жүйесіне қатысу өтілінің он жылдан асқан әрбір толық жылы үшін 2 пайызға ұлғайтыла отырып, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 100 пайызынан аспайтын мөлшерде;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болған не болмаған кезде ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 65 пайызы мөлшерінде, оның мөлшері зейнетақы жүйесіне қатысу өтілінің он жылдан асқан әрбір толық жылы үшін 2 пайызға ұлғайтыла отырып, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 105 пайызынан аспайтын мөлшерде;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болған не болмаған кезде ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 70 пайызы мөлшерінде, оның мөлшері зейнетақы жүйесіне қатысу өтілінің он жылдан асқан әрбір

толық жылы үшін 2 пайызға ұлғайтыла отырып, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 110 пайызынан аспайтын мөлшерде;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болған не болмаған кезде ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 70 пайызы мөлшерінде, оның мөлшері зейнетақы жүйесіне қатысу өтілінің он жылдан асқан әрбір толық жылы үшін 2 пайызға ұлғайтыла отырып, бірақ республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 118 пайызынан аспайтын мөлшерде;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болған не болмаған кезде ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 70 пайызы мөлшерінде, оның мөлшері зейнетақы жүйесіне қатысу өтілінің он жылдан асқан әрбір толық жылы үшін 2 пайызға ұлғайтыла отырып, бірақ республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 120 пайызынан аспайтын мөлшерде беріледі.

Тағайындалған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері жыл сайын осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес қайта есептеледі.

2. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін беру кезінде зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне:

1) осы Кодекстің 208-бабына сәйкес есептелген, 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде істеген еңбек өтілі;

2) міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезең;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерлемелеріне 0 түзету коэффициенті қолданылған еңбек, кәсіпкерлік қызмет, қызмет түрлері бойынша жеке практикамен айналысу кезеңдері;

4) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 341-бабы 1-тармағының 51) тармақшасына сәйкес 2020 жылғы 1 сәуірден бастап 2020 жылғы 1 қазан аралығындағы кірістері жеке тұлғаның салық салуға жататын кірістерінен алып тасталған қызметті жүзеге асыру кезеңі;

5) жұмыс істемейтін ананың немесе жұмыс істемейтін әкенің (ол нақты күтімді жүзеге асырған кезде) жас балаларға күтім жасаған, бірақ әрбір бала 3 жасқа толғанға дейін жалпы жиынтығы 12 жыл шегінен аспайтын уақыт;

6) 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаға күтім жасаған уақыт;

7) әскери қызметтегі, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі кезеңдер;

8) Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметтері мен халықаралық ұйымдар қызметкерлерінің жұбайы (зайыбы) шетелде тұрған, бірақ жалпы жиынтығы 10 жылдан аспайтын кезең;

9) әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері жұбайларының (зайыптарының) мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде жұбайларымен (зайыптарымен) бірге тұрған, бірақ жалпы жиынтығы 10 жылдан аспайтын кезең;

10) "Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарындағы 1998 жылғы 1 қаңтардан кейінгі еңбек қызметінің кезеңдері;

11) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары қолданылған кезеңде қызметтің шектелуіне байланысты кірісінен айырылған жағдай бойынша төленетін әлеуметтік төлемді алу кезеңдері;

12) басқа адамның көмегіне мұқтаж бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға, екінші топтағы мүгедектігі бар жалғызбасты адамға және жасына байланысты зейнеткерге, сондай-ақ сексен жасқа толған қарт адамға күтім жасаған уақыт;

13) осы Кодекстің 248-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген адамдардың еңбек қызметінің кезеңдері есепке жатқызылады. 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап көрсетілген кезеңдер Қорға әлеуметтік аударымдар жүзеге асырылған жағдайда есепке жатқызылады.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі жасына байланысты және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін, сондай-ақ мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны алуына қарамастан беріледі.

3. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі бюджет қаражаты есебінен беріледі.

3-параграф. Жасына байланысты зейнетақы төлемдері

207-бап. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау

1. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау:

2001 жылғы 1 шілдеден бастап – ерлерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге 58 жасқа толғанда жүргізіледі.

Бұл ретте әйелдерге жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау:

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 58,5 жасқа толғанда;

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59 жасқа толғанда;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59,5 жасқа толғанда;

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жасқа толғанда;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60,5 жасқа толғанда;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жасқа толғанда;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жасқа толғанда;

2029 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жасқа толғанда;

2030 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жасқа толғанда;

2031 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда жүргізіледі.

2. Төтенше және ең жоғары радиациялық қатері бар аймақтарда 1949 жылғы 29 тамыз – 1963 жылғы 5 шілде аралығындағы кезеңде кемінде 5 жыл тұрған азаматтардың "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

1) ерлердің – 50 жасқа толғанда;

2) әйелдердің – 45 жасқа толғанда жасына байланысты зейнетақы төлемдері тағайындалуына құқығы бар.

3. 5 және одан көп бала туған (асырап алған) және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдердің 53 жасқа толғанда жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген лауазымда болу мерзімінің өтуіне байланысты өкілеттіктері тоқтатылған, өмір бойғы ай сайынғы қамтылымды алатын Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьяларына, өмір бойғы ай сайынғы қамтылымды алатын отставкадағы судьяларға жасына байланысты зейнетақы төлемдері немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалмайды.

208-бап. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу

1. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу кезінде мыналар:

1) еңбек шарттары бойынша жеке және заңды тұлғалар ақы төлейтін жұмыс;

2) әскери қызмет;

3) арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі қызмет;

4) мемлекеттік қызмет;

5) кәсіпкерлік және кірістер әкелетін өзге де қызмет;

6) басқа адамның көмегіне мұқтаж бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға, екінші топтағы мүгедектігі бар жалғызбасты адамға және жасына байланысты зейнеткерге, сондай-ақ сексен жасқа толған қарт адамдарға күтім жасаған уақыт;

7) мүгедектігі бар 18 жасқа дейінгі балаға күтім жасаған уақыт;

Ескертпе!

ҚР Конституциялық Соты 208-баптың 1-тармағы 8) тармақшасының конституциялылығын тексеру жөнінде іс жүргізу бастады.

8) жұмыс істемейтін ананың жас балаларға күтім жасаған, бірақ әрбір бала 3 жасқа толғанға дейін, жалпы жиынтығы 12 жыл шегіндегі уақыт;

9) қылмыстық жауаптылыққа негізсіз тартылған және қуғын-сүргінге ұшыраған, бірақ кейіннен ақталған азаматтардың қамауда болған, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеген және айдауда болған уақыты;

10) еңбекке қабілетті азаматтардың бұрынғы КСРО-ның уақытша басып алынған аумағында және Ұлы Отан соғысы кезеңінде басқа мемлекеттердің аумағына зорлықпен әкетілген адамдардың (жасына қарамастан), егер аталған кезеңдерде бұл адамдар Отанға қарсы қылмыс жасамаған болса, сонда болған, фашистік концлагерьлерде (геттоларда және соғыс кезеңінде мәжбүрлеп ұстайтын басқа да орындарда) ұсталған уақыт;

11) Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар жұмыс істемейтін адамдардың және оларға теңестірілген мүгедектігі бар адамдардың мүгедектікте болған уақыты;

12) бұрынғы кеңестік мекемелердің, Қазақстан Республикасының мекемелері мен халықаралық ұйымдар қызметкерлерінің зайыбы (жұбайы) шетелде тұрған, бірақ жалпы жиынтығы 10 жылдан аспайтын кезең;

13) әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері жұбайларының мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде жұбайларымен бірге тұрған, бірақ жалпы жиынтығы 10 жылдан аспайтын кезең;

14) Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жердегі жоғары оқу орындарындағы, оның ішінде даярлық курстарындағы, арнаулы орта оқу орындарындағы, училищелердегі, мектептердегі және кадрлар даярлау, біліктілікті арттыру және қайта мамандандыру курстарындағы, аспирантурадағы, докторантурадағы және клиникалық ординатурадағы, сондай-ақ рухани (діни) білім беру ұйымдарындағы оқу;

15) ведомстволық бағыныстылығына және арнаулы немесе әскери атағының болуына қарамастан, әскерилендірілген күзеттегі, арнаулы байланыс органдарындағы және тау-кендік құтқару бөлімдеріндегі қызмет;

16) Қазақстан Республикасына тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында келген этностық қазақтардың шығу еліндегі еңбек қызметі есепке алынады.

2. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін жеңілдікпен есептеу кезінде мыналар да:

1) ұрыс қимылдары кезеңінде әрекет еткен армия құрамындағы, оның ішінде әскери борышын өтеу кезіндегі әскери қызмет, сондай-ақ ұрыс қимылдары кезеңінде партизан отрядтары мен құрамаларында болуы, сондай-ақ әскери жарақат салдарынан емдеу мекемелерінде емделуде болған уақыт – әскери қызметшілерге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындаған кезде осы қызметтің мерзімдерін есептеу үшін белгіленген тәртіппен;

2) әскери бөлімдердегі жұмыс, оның ішінде еркін жалдамалы құрам ретіндегі жұмыс және осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген әскери қызметтен басқа, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қызмет – екі есе мөлшерде;

3) Ұлы Отан соғысы жылдарында 1941 жылғы 8 қыркүйектен бастап 1944 жылғы 27 қаңтар аралығында Ленинград қаласының қоршауы кезеңінде ондағы жұмыс – үш есе мөлшерде;

4) 12 жастан бастап және одан үлкен жастағы азаматтардың 1941 жылғы 8 қыркүйектен бастап 1944 жылғы 27 қаңтар аралығында Ленинград қаласының қоршауы кезеңінде онда болған уақыт – екі есе мөлшерде;

5) Ұлы Отан соғысы кезеңінде басқа мемлекеттердің аумақтарына зорлықпен әкетілген адамдардың, егер аталған кезеңдерде бұл адамдар Отанға қарсы қылмыс жасамаған болса, сонда болған уақыты, сондай-ақ фашистік концлагерьлерде (геттоларда және соғыс кезеңінде мәжбүрлеп ұстайтын басқа да орындарда) болған уақыт – екі есе мөлшерде;

6) қылмыстық жауаптылыққа заңсыз тартылған және қуғын-сүргінге ұшыраған, кейіннен ақталған азаматтардың, күзетпен қамауда ұсталған, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеген, айдауда болған, бас бостандығын шектеумен мәжбүрлеп еңбекке тартылған, колония-қоныста және психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымда мәжбүрлеп емдеуде болған уақыт – үш есе мөлшерде;

7) Семей ядролық сынақ полигонына іргелес жатқан аудандарда 1949 жылғы 29 тамыздан бастап 1963 жылғы 5 шілде аралығы кезеңіндегі жұмыс және әскери қызмет – үш есе мөлшерде, ал 1963 жылғы 6 шілдеден бастап 1992 жылғы 1 қаңтар аралығындағы жұмыс және әскери қызмет – бір жарым есе мөлшерде;

8) алапеске қарсы және обаға қарсы мекемелерде, адамның иммун тапшылығы вирусын жұқтырған немесе ЖҚТБ-мен ауырған адамдарды емдеу жөніндегі инфекциялық аурулар мекемелеріндегі жұмыс – екі есе мөлшерде, сот-медициналық сараптаманы және патологиялық-анатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын ұйымдардағы жұмыс – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жұмыстар тізбесі бойынша – бір жарым есе мөлшерде есепке алынады;

9) толық навигациялық кезең ішінде су көлігіндегі жұмыс бір жылғы жұмыс болып есептеледі;

10) ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, өнеркәсіптің маусымдық салалары ұйымдарындағы толық маусым ішіндегі жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізім бойынша бір жылғы жұмыс өтіліне есептеледі.

209-бап. Еңбек өтілін растау

1. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін еңбек өтілі 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезең үшін есепке алынады.

2. Еңбек өтілі еңбек кітапшасымен расталады, ал еңбек кітапшасы немесе онда тиісті жазбалар болмаған кезде жұмысы туралы мәліметтерді растайтын құжаттар не соттың шешімі негізінде белгіленеді.

210-бап. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу

1. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін толық көлемде есептеу осы Кодекстің 211-бабына сәйкес айқындалатын орташа айлық кірістің 60 пайызы есебінен жүргізіледі.

2. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыстағы үзілістерге қарамастан, қатарынан кез келген үш жыл ішіндегі орташа айлық кіріс негізге алына отырып жүзеге асырылады.

Осы баптың 3-тармағына сәйкес айқындалатын кірісті қоспағанда, орташа айлық кірістің мөлшері уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары, Қорға әлеуметтік аударымдар жүзеге асырылған кіріске сай белгіленеді.

3. "Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген адамдарға 1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерлемелеріне 0 түзету коэффициенті қолданылған қызмет түрлері бойынша еңбек, кәсіпкерлік қызмет, жеке практикамен айналысқан кезеңдері үшін, сондай-ақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 341-бабы 1-тармағының 51) тармақшасына сәйкес 2020 жылғы 1 сәуірден бастап 2020 жылғы 1 қазан аралығында кірістері жеке тұлғаның салық салуға жататын кірістерінен алып тасталған қызметті жүзеге асыру кезеңі үшін орташа айлық кірістің мөлшері кірістер туралы анықтамамен расталатын кіріске сәйкес белгіленеді.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін жүгінген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына қатысты ресми бағамы бойынша Ресей Федерациясының валютасымен төленген кіріс мөлшері негізге алына отырып жүргізіледі.

4. Жасына байланысты зейнетақы төлемдері толық көлемде осы Кодекстің 207-бабының 1 – 3-тармақтарында белгіленген жасқа толғанда азаматтардың мынадай санаттарына:

1) ерлерге – 1998 жылғы 1 қаңтарда кемінде жиырма бес жыл еңбек өтілі болған кезде;

2) әйелдерге – 1998 жылғы 1 қаңтарда кемінде жиырма жыл еңбек өтілі болған кезде тағайындалады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақтың 01.01.2028 бастап қолданыста енгізілетін редакциясын осы Кодекстің 263-бабынан қараңыз.

5. Талап етілетін еңбек өтілінен артық 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жұмыс істеген әрбір толық жыл үшін жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 1 пайызға ұлғайтылады, бірақ бұл жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін есепке алынатын кірістің 75 пайызынан аспайды.

Егер жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің толық көлемде есептелген мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін ең төмен зейнетақы мөлшерінен аз болса, жасына байланысты зейнетақы төлемдері ең төмен зейнетақы мөлшерінде тағайындалады.

6. Жасына байланысты зейнетақы төлемдері толық емес көлемде осы Кодекстің 207-бабының 1 – 3-тармақтарында көрсетілген азаматтардың санаттарына олардың жасына байланысты зейнетақы төлемін толық көлемде алу құқығы болмаған кезде, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек өтілінің болуына қарай тағайындалады.

7. Жасына байланысты толық емес көлемдегі зейнетақы төлемдері жасына байланысты толық көлемдегі зейнетақы төлемінің үлесі ретінде 1998 жылғы 1 қаңтардағы еңбек өтіліне барабар түрде есептеледі.

8. Жасына байланысты зейнетақы төлемдері бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

211-бап. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін кірісті айқындау

1. 3 жылғы жұмысқа зейнетақы төлемдерін есептеу үшін кіріс қатарынан күнтізбелік 36 айдағы жұмыс кірісінің жалпы сомасын отыз алтыға бөлу арқылы айқындалады.

Өтініш берушінің қалауы бойынша Қазақстан Республикасында төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары қолданылған айлар орташа айлық кірістің мөлшерін айқындаған кезде алып тасталады және көрсетілген кезеңнің тура алдындағы немесе одан кейінгі басқа айлармен ауыстырылады.

2. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін кіріс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 55 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

4-параграф. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері

212-бап. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алу құқығы

1. Мыналардың:

1) әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде жиырма бес жыл еңбек сіңірген және қызметтен босатылған кезде қызметте болудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекті жасына толған;

2) әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде жиырма бес жыл еңбек сіңірген , штаттың қысқартылуына немесе өз еркі бойынша немесе денсаулық жағдайына байланысты не құқық қорғау органы таратылған кезде шығарылған;

3) жиырма бес және одан көп жыл жалпы еңбек өтілі бар, оның кемінде он екі жыл және алты айын үзіліссіз әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдардағы және құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі қызмет құрайтын және әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте болудың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекті жасына толуына не штаттың қысқартылуына немесе денсаулық жағдайына байланысты не құқық қорғау органы таратылған кезде шығарылған әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

2. Мыналар:

1) әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде жиырма бес жыл еңбек сіңірген және арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу, сондай-ақ нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған кезде тіркелген арнаулы атақ, сыныптық шен бойынша құқық қорғау қызметінде болудың шекті жасына сәйкес келетін жасқа толған;

2) әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарында қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде жиырма бес жыл еңбек сіңірген , штаттың қысқартылуына байланысты не құқық қорғау органы таратылған кезде, не өз еркі бойынша, не жұмысын жалғастыруға кедергі келтіретін денсаулық жағдайы салдарынан атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеуіне байланысты шығарылған;

3) жиырма бес және одан көп жыл жалпы еңбек өтілі бар, оның кемінде он екі жыл және алты айын үзіліссіз әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет құрайтын және штаттың қысқартылуына байланысты не құқық қорғау органы таратылған кезде, не жұмысын жалғастыруға кедергі келтіретін денсаулық жағдайы салдарынан атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына сәйкес келмеуіне байланысты шығарылған не арнаулы атақтарға және сыныптық шендерге ие болу, сондай-ақ нысанды киім киіп жүру құқықтары жойылған кезде тіркелген арнаулы атағы, сыныптық шені бойынша

құқық қорғау қызметінде болудың шекті жасына сәйкес келетін жасқа толған, арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

3. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған адамдарға, олар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, штаттың қысқартылуына байланысты не денсаулық жағдайы салдарынан, не Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы лауазымы қысқартылған кезде арнаулы атағы бойынша құқық қорғау қызметінде болудың шекті жасына сәйкес келетін жасқа толуына байланысты жұмыстан шығарылған адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алу құқығы жалпы еңбек өтілі жиырма бес және одан көп жыл болған, оның кемінде он екі жыл және алты айын үзіліссіз әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет құраған кезде туындайды. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдарға, олар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне жеңілдіктерді сақтау қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

4. Қызметтен босатылған күнге 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған заңнама нормаларына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау шарттары болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған, қызметке 1998 жылғы 1 қаңтардан кейін алғаш рет кірген және 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қызметтен босатылған адамдардың қызметтен босатылған кездегі еңбек сіңірген жылдары және ақшалай қамтылымы ескеріле отырып, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің тағайындалуына құқығы бар.

5. Қызметтен шығарылған күні еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің тағайындалуына құқығы болмаған әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және

нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болмаған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда осындай адамдарға жасына байланысты зейнетақы төлемдері осы Кодекске сәйкес тағайындалады.

6. Әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда осындай адамдар қатарынан еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушыларды әскери (арнаулы) атақ, сыныптық шен бере отырып, мемлекеттік қызметке қабылдау, оларға біліктілік сыныбын белгілеу кезінде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері қызметке қабылданған күннен бастап қызмет өткеру кезеңіне тоқтатыла тұрады.

7. Осы баптың 6-тармағында аталған және қайтадан 3 жыл қызмет еткен адамдар қызметтен қайта босатылған кезде қызметтен қайта босатылған кездегі еңбек сіңірген жылдары және ақшалай қамтылымы ескеріле отырып, осы баптың 1-тармағына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемінің тағайындалуын не еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тоқтатыла тұрған кезең ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізілген арттыруларды ескере отырып, еңбек сіңірген жылдары үшін бұрын тағайындалған зейнетақы төлемдерін қайта бастатуды таңдауға құқығы бар.

Осы тармақ осы баптың 6-тармағында көрсетілген, "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап 2015 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде прокуратура органдарынан қызметтен қайтадан босатылған адамдарға қолданылады.

8. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің әскери қызметшілері, ішкі істер органдарының қызметкерлері қатарынан жиырма бес жылдан аз еңбек сіңірген, қызметтен босатылған күнге қызметте болудың шекті жасына толған не штаттың қысқартылуына, денсаулық жағдайына байланысты қызметтен босатылған, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген, осы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалған адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар.

9. Пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен міндетті зейнетақы жарналары аударылған адамдар үшін осы баптың 1 – 4-тармақтарына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алу құқығы әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасының 50 пайызы қайтарылған жағдайда туындайды.

10. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақымен қамсыздандыруды жүзеге асыратын органның кінәсінан уақтылы алынбаған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің сомалары өткен уақыт үшін мерзімі шектелмей төленеді.

11. 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін толық емес көлемде тағайындалған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасының 50 пайызы қайтарылған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен олардың толық көлемге дейін жеткізілуі ескеріле отырып қайта есептеледі.

2016 жылғы 1 қаңтарға дейін әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1

қаңтардан бастап жойылған адамдар зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда бюджет қаражаты есебінен қалыптастырылған, жеке зейнетақы шотында қалған міндетті зейнетақы жарналарының сомасы қайтарылуға жатады.

213-бап. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін есептеу

1. Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері ақшалай қамтылымының елу пайызы есебінен белгіленеді.

Әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте жиырма бес жылдан артық еңбек сіңірген жылдарының әрбір толық жылы үшін осы Кодекстің 212-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларына және 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес тағайындалған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері – ақшалай қамтылымының екі пайызына, қызметтен босатылған күнге жинақталған еңбек өтілінің әрбір толық жылы үшін ақшалай қамтылымының бір пайызына ұлғайтылады.

Қызметтен босатылған күнге жинақталған жиырма бес жылдан асатын жалпы еңбек өтілінің әрбір толық жылы үшін осы Кодекстің 212-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына және 2-тармағының 3) тармақшасына және 3-тармағына сәйкес тағайындалған зейнетақы төлемдерінің мөлшері ақшалай қамтылымының бір пайызына ұлғайтылады.

2. Әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру үшін есепке алынатын ақшалай қамтылымның мөлшеріне лауазымдық айлықақысы, әскери (арнаулы) атағы, сыныптық шені, белгіленген біліктілік сыныбы бойынша айлықақысы (қосымша ақы) кіреді.

3. Әскери қызметшілерді, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру үшін

есепке алынатын ақшалай қамтылымның мөлшері қызметтен босатылған (жеке құрам тізімдерінен алып тасталған) күні айқындалады және соңғы қызмет орны бойынша тиісті органның белгіленген үлгідегі анықтамасымен расталады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің әскери қызметшілері, ішкі істер органдарының қызметкерлері қатарынан адамдарды зейнетақымен қамсыздандыру үшін есепке алынатын ақшалай қамтылымның мөлшері Қазақстан Республикасы әскери қызметшілерінің, ішкі істер органдары қызметкерлерінің ұқсас не теңестірілген лауазымы бойынша қызметтен босатылған (жеке құрам тізімдерінен алып тасталған) күні айқындалады.

4. Арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарды және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарды зейнетақымен қамсыздандыру үшін есепке алынатын ақшалай қамтылымның мөлшері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен айқындалады.

5. Осы Кодекстің 212-бабының 8-тармағында аталған адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері еңбек сіңірген жылдарының әрбір толық жылы үшін ақшалай қамтылымның 2 пайызы есебімен белгіленеді.

6. Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін айлық зейнетақы төлемдерінің ең жоғары мөлшері осы баптың 2 – 5-тармақтарына сәйкес айқындалатын ақшалай қамтылымның 65 пайызынан және республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 109 еселенген мөлшерінен аспайды.

7. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

214-бап. Еңбек сіңірген жылдарды және жалпы еңбек өтілін есептеу

Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүргізіледі.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдар күнтізбелік жылдар бойынша есептеледі.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекетте есептелген еңбек сіңірген жылдары қайта қарауға жатпайды.

Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың жалпы еңбек өтілін есептеу осы Кодекстің 208-бабына сәйкес жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға ұқсас жүргізіледі.

215-бап. Әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыруды жүзеге асыратын органдар

Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген

жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды тиісті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

216-бап. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру мерзімдері

1. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері қызметтен босатылған (жеке құрам тізімдерінен алып тасталған) күннен бастап, бірақ ақшалай қамтылым төленген күннен кейін және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін жүгінген күнге дейін үш жылдан аспайтын мерзімге тағайындалады және жүзеге асырылады.

Өтініш пен қажетті құжаттар тиісті мемлекеттік органда тіркелген күн еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін жүгінген күн болып есептеледі.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны немесе жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алған жағдайда еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін жүгінген күннен бастап жүзеге асырылады, бірақ мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны немесе жасына байланысты зейнетақы төлемдерін төлеу тоқтатылған күннен ерте жүзеге асырылмайды.

2. Осы Кодекстің 212-бабының 4-тармағында аталған адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін жүгінген күннен бастап тағайындалады.

3. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері жүгінген күннен бастап, бірақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекетте зейнетақы төленген күннен кейін жыл сайынғы индексациялар ескеріле отырып тағайындалады (қайта басталады).

4. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері ағымдағы айға жүргізіледі және қайтыс болған немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен айды қоса жүзеге асырылады.

5. Тағайындалған, бірақ алушы талап етпеген еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің сомалары өткен уақыт үшін, бірақ оларды алу үшін жүгінген күнге дейін үш жылдан аспайтын мерзімге төленеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-тармақтың 01.01.2028 бастап қолданыста енгізілетін редакциясын осы Кодекстің 263-бабынан қараңыз.

6. Стационар жағдайындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін орталықтарда тұратын және мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері осы Кодекстің 213-бабына сәйкес тағайындалған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері мөлшерінің 30 пайызы, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен аз болмайтын көлемде жүргізіледі.

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің тағайындалған мөлшерінің 70 пайызын аудару жеке банктік шотқа немесе арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін орталықтардың қолма-қол ақшаны бақылау шотына жүргізіледі.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін орталықтардың көрсетілген қаражатты пайдалану тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

Алушы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін орталықтардан шыққан жағдайда еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемі шыққан айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап толық көлемде қайта басталады.

5-параграф. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті зейнетақы жарналарынан берілетін зейнетақы төлемдері

217-бап. Зейнетақы активтерінің сақталуы бойынша кепілдіктер

1. Мемлекет зейнетақы төлемдерін алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған тәртіппен инфляцияның деңгейін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген мөлшерде сақталуына кепілдік береді.

2. Зейнетақы активтерінің сақталу кепілдігі:

1) міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына шоғырландыру;

2) зейнетақы активтері есебінен инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметтің шарттары мен тәртібін белгілеу;

3) инвестициялық портфельді басқарушыларға осы Кодекске және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес есептелген, инвестициялық портфельді

басқарушы алған зейнетақы активтерінің номиналдық кірістілігі мен зейнетақы активтері кірістілігінің ең аз мәні арасындағы теріс айырманы меншікті капиталы есебінен өтеу жөнінде қойылатын талаптарды белгілеу;

4) инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына берілген зейнетақы активтерін қоспағанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің инвестициялық басқаруды жүзеге асыруы;

5) зейнетақы жарналарын тартуға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға қатысты тиісті талаптарды белгілеу арқылы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін реттеу;

6) тиісті нормалар мен лимиттерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарды белгілеу арқылы ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу;

7) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтайшыларына, акционерлеріне және басшы қызметкерлеріне, сондай-ақ олардың жарғылық капиталының мөлшері мен құрамына қойылатын талаптарды белгілеу;

8) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды белгілеу;

9) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін кастодиан-банкте сақтау жөніндегі талаптарды белгілеу;

10) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдары мен ақшаны ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларымен үлестес емес кастодиан-банктерде ғана сақтауына қойылатын талаптарды белгілеу;

11) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті қаражаты мен зейнетақы активтерін бөлек есепке алуды жүргізу, сондай-ақ олардың мақсатты орналастырылуына бақылау орнату;

12) зейнетақы активтерін орналастыру кезінде әртараптандыруға және тәуекелдерді азайтуға қойылатын талаптарды белгілеу;

13) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, инвестициялық портфельді басқарушылар, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры алатын комиссиялық сыйақы мөлшерін белгілеу;

14) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының аудитін жыл сайын жүргізудің міндеттілігі;

15) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдар алдындағы жүйелі есептілігі;

16) міндетті зейнетақы жарналарын салымшыға, ол үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы

жарналары аударылған жеке тұлғаға (зейнетақы төлемдерін алушыға) оның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат беру;

17) ол үшін ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаға (зейнетақы төлемдерін алушыға) ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған өзінің зейнетақы жинақтарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына немесе ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына немесе бір ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан басқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына ауыстыруға мүмкіндік беру;

18) міндетті зейнетақы жарналары салымшысының, ол үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның (зейнетақы төлемдерін алушының) таңдауы бойынша зейнетақы жинақтарын толық көлемде немесе ішінара ерікті сақтандыру;

19) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен зейнетақы активтерін есепке алу мен бағалауды жүзеге асыру арқылы да қамтамасыз етіледі.

218-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сақталуы бойынша мемлекеттік кепілдік төлемін алу құқығы

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сақталуы бойынша мемлекеттік кепілдік инфляцияның деңгейі ескеріле отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерінде:

1) осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдарға;

2) осы Кодекстің 220-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында, 221-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдарға қамтамасыз етіледі.

2. Осы Кодекстің 220-бабының 3-тармағында көрсетілген, сондай-ақ 37-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға аударуды жүзеге асырған адамдарға мемлекет инфляция деңгейін ескере отырып, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында зейнетақы жинақтарын алып қойған күннен не зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға аударған күннен басталатын кезең үшін осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында белгіленген жасқа толғанға дейін жүзеге асырылған нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуына кепілдік береді.

3. Мемлекет осы Кодекстің 220-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында және 221-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген адамдарға міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан кезден бастап осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында белгіленген жасқа толғанға дейінгі кезең үшін жүзеге асырылған, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде инфляция деңгейін ескере отырып, сақталуына кепілдік береді.

4. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының сақталуы бойынша мемлекеттік кепілдік осы Кодекстің 220-бабының 3-тармағында көрсетілген адамдарға зейнетақы жинақтары сомасында төленген міндетті зейнетақы жарналарының сомасына қолданылмайды.

219-бап. Мемлекеттің кепілдігі бойынша айырманы төлеуді ұйымдастыру

Осы Кодекстің 218-бабының 1-тармағында көрсетілген адамдарға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сақталуы бойынша мемлекеттік кепілдік инфляция деңгейі ескеріле отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен осы Кодекстің 220-бабы 1-тармағының 1) – 3) тармақшаларына және 221-бабы 1-тармағының 1) – 3) тармақшаларына сәйкес зейнетақы төлемдеріне құқық туындаған күнгі міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырма төлемі түрінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Егер инфляция деңгейі ескеріле отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырма нөлді құраса немесе теріс мәнге ие болса, онда айырманы төлеу жүргізілмейді.

220-бап. Міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдерін алу құқығы

1. Міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жинақтары бар:

1) осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында көрсетілген;

2) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;

3) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға;

4) қырық бес жасқа толған кезде осы Кодекстің 225-бабына сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 70 пайызынан төмен болмайтын сақтандыру төлемін қамтамасыз ету үшін сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде беріледі.

1-1. Адамдар елу бес жасқа толған және олар үшін жиынтығында кемінде сексен төрт ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген кезде, еңбек жағдайлары зиянды жұмыстардағы еңбек қызметін тоқтатқан немесе зиянды өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын басқа жұмысқа ауысқан жағдайда олардың Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқығы болады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармақтың 01.01.2028 бастап қолданыста енгізілетін редакциясын осы Кодекстің 263-бабынан қараңыз.

2. Егер осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген адамдардың зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төмен зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаса, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы жинақтарының сомасы бір рет төленеді.

3. Өзінің немесе жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында және (немесе) өзі немесе жұбайы (зайыбы) немесе жақын туыстары үшін емделуге ақы төлеу үшін біржолғы зейнетақы төлемдері мынадай шарттардың бірі болған кезде:

егер міндетті зейнетақы жарналары салымшысының жеке зейнетақы шотындағы міндетті зейнетақы жарналары есебінен жинақталған зейнетақы жинақтарының сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен әдістемеге сәйкес айқындалған зейнетақы жинақтарының ең аз жеткіліктілік шегінен асса;

егер осы Кодекстің 207-бабының 1, 2 және 3-тармақтарында көрсетілген адамдар үшін зейнетақы мөлшері, сондай-ақ осы Кодекстің 207-бабының 4-тармағында көрсетілген адамдардың ай сайынғы қамтылым мөлшері Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен айқындалатын, алушының орташа айлық табысын 40 пайыздан төмен емес деңгейде алмастыру коэффициентін қамтамасыз етсе, жүргізіледі. Орташа айлық табысты алмастыру коэффициентін есептеу кезінде алушының зейнеткерлікке шығу күнінің алдындағы, бірақ республика бойынша орташа айлық кірістен аспайтын табысы ескеріледі;

егер міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасса;

егер салымшы еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушы болып табылса, жүргізіледі.

4. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

Ескерту. 220-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.12.2023 № 49-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

221-бап. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алу құқығы

1. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жинақтары бар:

1) осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында көрсетілген;

2) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;

2-1) осы Кодекстің 195-1-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген жағдайлар басталған кезде;

3) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының тыс жерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға;

4) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары жиынтығында кемінде күнтізбелік алпыс ай төленген адамдарға, қырық жасқа толған кезде республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген және сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу арқылы тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төмен күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан кем емес сақтандыру төлемін қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде төленеді.

2. Егер осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген адамдардың зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төмен зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаса, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы жинақтарының сомасы бір рет төленеді.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

Ескерту. 221-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.12.2023 № 49-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

222-бап. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алу құқығы

1. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдері жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары жиынтығында кемінде күнтізбелік алпыс ай аударылған адамдарға:

- 1) осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде;
- 2) егер мүгедектік мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға беріледі.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін пайдаланылатын параметрлерді жыл сайын белгілейді.

3. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемінің ең жоғары мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 2 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

4. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері өмір бойына тағайындалады, ағымдағы ай үшін төленеді және қайтыс болған немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге шыққан айды қоса алғанда жүзеге асырылады.

5. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін айқындау және оларды жүзеге асыру қағидаларын уәкілетті мемлекеттік орган әзірлейді.

223-бап. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы төлемдері

1. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдері бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жинақтары бар:

- 1) елу жасқа толған;
- 2) мүгедектігі бар адамдар болып табылатын;
- 3) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдері төленеді.

2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында ерікті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

3. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алу тәртібін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларына сәйкес алушы дербес айқындайды.

224-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін ұйымдастыру

1. Міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдері:

1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан осы Кодекстің 220-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында, 221-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген адамдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен белгіленген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері түрінде;

2) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен осы Кодекстің 220-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында, 221-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген адамдарға зейнетақы жинақтары есебінен зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру ұйымынан сақтандыру төлемдері түрінде жүзеге асырылады.

2. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы зейнетақы жинақтарынан төленетін ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен әдістемеге сәйкес айқындалады.

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерінің мөлшері мен кезеңділігін зейнетақы төлемдерін алушы дербес белгілейді.

3. Осы Кодекстің 220-бабы 1-тармағының 1) – 3) тармақшаларында, 1-1 және 4-тармақтарында және 221-бабы 1-тармағының 1) – 3) тармақшаларында, 3-тармағында көрсетілген адамдарға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы жинақтарын төлеу "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жүзеге асырылатын жеке табыс салығы түріндегі ұстап қалулар ескеріле отырып, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған, алушыда бар зейнетақы жинақтары шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Осы Кодекстің 220-бабының 3-тармағында көрсетілген адамдарға міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдері Қазақстан Республикасының салық

заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын жеке табыс салығы түріндегі ұстап қалулар ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған біржолғы зейнетақы төлемінің мөлшері:

осы Кодекстің 220-бабы 3-тармағының екінші абзацында көрсетілген адамдарға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы алушының міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы жинақтарының сомасы мен зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегі арасындағы айырма сомасынан аспауға тиіс;

осы Кодекстің 220-бабы 3-тармағының үшінші абзацында көрсетілген адамдарға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы алушының міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы жинақтары мөлшерінің 50 пайызынан аспауға тиіс;

осы Кодекстің 220-бабы 3-тармағының төртінші және бесінші абзацтарында көрсетілген адамдарға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы алушының міндетті зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы жинақтарының мөлшерінен аспауға тиіс.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдері үшін уәкілетті оператор ашқан арнаулы шоттарға аударады.

5. Уәкілетті оператор міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен төленетін зейнетақы жинақтарының сомаларын аударуға, есепке жатқызуға және төлеуге байланысты банктік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді, оларды айырбастау, біржолғы зейнетақы төлемдерін есепке жатқызуға және (немесе) кейіннен аударуға байланысты банктік қызметтерге ақы төлеу сомаларын қоспағанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырады.

Уәкілетті оператордың көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу, оның ішінде осы Кодекстің 220-бабының 3-тармағында көрсетілген адамдарға міндетті зейнетақы жарналары есебінен біржолғы зейнетақы төлемдерімен байланысты банктік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу көрсетілген адамдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 224-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.12.2023 № 49-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-параграф. Сақтандыру ұйымдарынан төленетін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі

225-бап. Зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша сақтандыру ұйымдарынан төленетін сақтандыру төлемдері

1. Осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағында, 220-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында және 221-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген адамдар міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалана отырып, сақтандыру ұйымымен сақтандыру төлемдерін өмір бойы жүзеге асыру туралы зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға құқылы.

Міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған жағдайда зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары пайдаланылуы мүмкін.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған жағдайда осы Кодекстің 221-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген адамдардың зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалануға құқығы бар.

2. Сақтандыру ұйымынан төленетін айлық сақтандыру төлемінің мөлшері зейнетақы аннуитеті шартын жасасу күні қолданылатын ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 70 пайызынан (екі адам зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,4 еселенген мөлшері) төмен болмауға тиіс.

Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандырылушылардың біреуі қайтыс болған жағдайда екінші сақтандырылушы үшін сақтандыру ұйымынан төленетін айлық сақтандыру төлемінің мөлшері зейнетақы аннуитеті шартын жасасу күні қолданылатын ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 70 пайызынан төмен болмауға тиіс.

226-бап. Зейнетақы аннуитеті шарттарын жасасу және сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі

1. Зейнетақы аннуитеті шарттары осы Кодекстің талаптарында айқындалған мерзімге жасалады.

2. "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес ерлі-зайыптылар немесе жақын туыстар және бір мезгілде сақтандырушылар болып табылатын екі сақтанушы (сақтандырылушы) зейнетақы аннуитеті шартының тарапы бола алады.

3. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасатын адам сақтандыру ұйымын еркін таңдай алады.

4. Зейнетақы аннуитеті шарты жазбаша нысанда жасалады.

Сақтандыру сыйлықақысын есептеу және сақтанушыны (сақтандырылушыны) сәйкестендіру үшін қажетті деректерді қамтитын сақтанушының (сақтанушылардың) немесе міндетті зейнетақы жарналары салымшысының (салымшыларының) және (немесе) өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның өтініші зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

Міндетті зейнетақы жарналары сақтанушының (салымшының) және (немесе) өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғаның қалауы бойынша зейнетақы аннуитеті шарты сақтандырушыға жазбаша түрде жүгіну не сақтандырушының интернет-ресурсын немесе сақтандыру бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның қатысуымен құрылған интернет-ресурсты пайдалана отырып, міндетті зейнетақы жарналарының сақтанушысы (салымшысы) және (немесе) өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлға мен сақтандырушы арасында ақпарат алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

Зейнетақы аннуитеті шартын жасасу кезінде сақтандыру ұйымына және интернет-ресурстарға қойылатын талаптар "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-2-бабында белгіленеді.

5. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен сақтандыру ұйымы арасында, бір сақтандыру ұйымы мен екінші сақтандыру ұйымы арасында зейнетақы аннуитеті шарттарын жасасу және бұзу, қолданыстағы зейнетақы аннуитеті шарттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде ақпарат алмасу қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен сақтандыру бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым арқылы жүзеге асырылады.

6. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым осы Кодекстің және "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде сақтандыру бойынша дерекқорды қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады.

7. Зейнетақы аннуитеті шарты бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) сақтандыру ұйымы сақтандыру сыйлықақысының сомасын сақтандыру ұйымына толық көлемде аударған кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

8. Басқа сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан жағдайда, бірақ ол жасалған күннен бастап екі жылдан кейін не Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету фактісін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам болып табылатын сақтанушы (сақтандырылушы) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен жағдайда сақтанушының (сақтандырылушылардың – зейнетақы аннуитеті шартын екі адам жасасқан жағдайда) бастамасы бойынша ғана зейнетақы аннуитеті шартын бұзуға болады.

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған жағдайда сақтандыру төлемдерінің мөлшері, сондай-ақ зейнетақы аннуитеті шартын бұзу, зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тәртібі осы баптың 2-тармағына сәйкес жасалған зейнетақы аннуитеті шартында белгіленеді.

Зейнетақы аннуитеті шартын бұзу кезінде:

1) онда көзделген сатып алу сомасы жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің және сақтандыру ұйымының істі жүргізуге жұмсаған шығыстарының сомасы шегеріле отырып, төленген сақтандыру сыйлықақысының сомасынан кем болмауға тиіс;

2) жаңадан жасалған зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан төленетін ай сайынғы сақтандыру төлемінің мөлшері жаңадан жасалған зейнетақы аннуитеті шарты күні қолданылатын ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 70 пайызынан төмен болмауға тиіс.

9. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы және (немесе) өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлға, зейнетақы төлемдерін алушы зейнетақы аннуитеті шартын жасасқаннан кейін зейнетақы шотында қалған және (немесе) сақтандыру ұйымымен басқа зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін жаңадан қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалануға құқығы бар.

10. Қолданыстағы зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген жағдайда:

1) сақтандыру төлемдерінің кезеңділігі осы баптың 12-тармағына сәйкес айқындалады;

2) зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан төленетін мерзімді сақтандыру төлемінің мөлшері зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген күні қолданылатын ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының 70 пайызынан төмен болмауға тиіс.

11. Сақтандыру ұйымы сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеуді қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген әдістемеге сәйкес жүзеге асырады.

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейін, сондай-ақ сақтандыру төлемін индекстеу мөлшерлемесін белгілейді.

Сақтандыру төлемдері "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес жеке табыс салығы түріндегі ұстап қалуларды және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне төленген жарналар ескеріле отырып, деректемелері зейнетақы аннуитеті шарттарында көрсетілетін алушының банктік шотына аударылады.

Сақтандыру төлемдерінің сомаларын аударуға, есепке жатқызуға және төлеуге байланысты банктік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу сақтандыру ұйымының меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдері ай сайын жүзеге асырылады.

Сақтандыру ұйымы бірінші ай сайынғы сақтандыру төлемін зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының сомасы сақтандыру ұйымына аударылған кезден бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ сақтанушы:

ерлер – 55 жасқа;

әйелдер:

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 52 жасқа;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 52,5 жасқа;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 53 жасқа;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 53,5 жасқа;

2029 жылғы 1 қаңтардан бастап – 54 жасқа;

2030 жылғы 1 қаңтардан бастап – 54,5 жасқа;

2031 жылғы 1 қаңтардан бастап – 55 жасқа;

осы Кодекстің 221-бабының 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген адамдар – 50 жасқа толғаннан кейін жүзеге асырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13-тармағының күші осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған зейнетақы аннуитеті шарттарынан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады - осы Кодекстің 263-бабын қараңыз.

13. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан адамдар оны жасасқан күннен бастап екі жылдан кейін сақтандыру төлемдерінің мөлшерін азайту бөлігінде шарттың талаптарын өзгерту және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына ақшаны қайтару туралы өтінішпен сақтандыру ұйымына жүгінуге құқылы.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтарылуға жататын ақша сомасы зейнетақы аннуитеті шарты бойынша оған өзгерістер енгізілген күнгі сатып алу сомасы және зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген күнгі осы Кодекстің 225-бабының 2-тармағында айқындалған төлем мөлшері негізге алына отырып есептелген сақтандыру сыйлықақысының сомасы арасындағы айырмаға тең болады.

14. Зейнетақы аннуитеті шартын жасасуға байланысты сатып алу сомаларын бір сақтандыру ұйымынан басқа сақтандыру ұйымына, зейнетақы аннуитетінің шарты бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына ауыстыру тәртібі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

227-бап. Зейнетақы аннуитеті шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушының:

1) сақтандыру ұйымы жүргізген сақтандыру төлемдері мөлшерінің есептерімен танысуға;

2) сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу немесе қолданыстағы шарттарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде сақтандыру сыйлықақысын төлеу үшін зейнетақы жинақтарын пайдалануға;

3) егер зейнетақы жинақтарының сомасы сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан немесе қолданыстағы шарттарға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде сақтандыру сыйлықақысын төлеу үшін жеткіліксіз болса, меншікті қаражатын тартуға;

4) сақтандыру ұйымынан сақтандыру төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүргізу үшін тәуелсіз актуарийлерді тартуға;

5) зейнетақы аннуитеті шартының көшірмесін алуға құқығы бар.

2. Сақтанушы:

1) зейнетақы аннуитеті шарты жасалған немесе зейнетақы аннуитеті шартына өзгерістер енгізілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осындай шартты және (немесе) зейнетақы аннуитеті шартына қосымша келісімнің түпнұсқасын ұсына отырып, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын хабардар етуге;

2) зейнетақы аннуитеті шарты бұзылған кезде зейнетақы аннуитеті шартын бұзу туралы өтінішпен жүгінуге және жаңа зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жаңа сақтандыру ұйымымен жасалған шарттың түпнұсқасын ұсынуға міндетті.

3. Сақтандыру ұйымы зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес сақтандыру сыйлықақысының сомасын бір рет және толық көлемде алады.

4. Сақтандыру ұйымы:

1) сақтанушыны сақтандыру ұйымынан төленетін сақтандыру төлемдері мөлшерінің есептерімен таныстыруға;

2) зейнетақы аннуитеті шартын осы Кодексте және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен ресімдеуге;

3) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және мерзімде сақтандыру бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйыммен жасалған шарттар бойынша деректер алмасуды жүзеге асыруға;

4) сақтандыру бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жаңа сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу туралы мәліметтер алынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сатып алу сомасын жаңа сақтандыру ұйымына аударуға;

5) зейнетақы аннуитеті шартында көзделген, сақтандыру ұйымынан төленетін сақтандыру төлемдері уақтылы жүзеге асырылмаған кезде құқықтары бұзылған сақтанушыға немесе сақтандырылушыға өткен әрбір күн үшін төленбеген соманың 1,5 пайызы мөлшерінде, бірақ төленбеген соманың 50 пайызынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге;

6) осы Кодекстің 226-бабының 13-тармағында көзделген өтінішті алған кезден бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде қайтаруға жататын ақша сомасын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға міндетті.

228-бап. Зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару тәртібі

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры сақтандыру ұйымымен жасасқан зейнетақы аннуитеті шарты туралы мәліметтерді алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры алушының алдында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Ескерту. 228-бапқа өзгеріс енгізілді – осы Кодекстің 263-бабымен (01.01.2024 бастап қолданыста енгізіледі).

16-тарау. АСЫРАУШЫСЫНАН АЙЫРЫЛҒАН АДАМДАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

1-параграф. Жалпы ережелер

229-бап. Асыраушысынан айырылған адамдардың әлеуметтік қорғалу құқығы

1. Туыстары мен жақындарының қайтыс болуына байланысты адамдардың мынадай :

1) қайтыс болған асыраушысының асырауында болған отбасының еңбекке жарамсыз мүшелеріне асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар;

2) егер қайтыс болған асыраушы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы болып табылса, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер түрінде әлеуметтік қорғауға құқығы бар.

2. Осы бапта көзделген құқықтар осы Кодексте көзделген тәртіппен және шарттарда іске асырылады.

3. Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша асыраушысынан айырылған адамдарға қосымша әлеуметтік көмек шаралары ұсынылуы мүмкін.

230-бап. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тағайындау және төлеу тәртібі

1. Асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлем алуға құқығы бар адамның немесе оның заңды өкілінің өтініші асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем (бұдан әрі – асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақы және әлеуметтік төлем) тағайындау үшін негіз болып табылады.

2. Асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақы және әлеуметтік төлем тағайындауға өтінішті ұсыну олар "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы тағайындалған кезде талап етілмейді.

3. Уәкілетті мемлекеттік орган:

асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау;

асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем мөлшерін есептеу (айқындау), оны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау тәртібін айқындайды.

231-бап. Асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемді тағайындауға өтінішті қабылдаудан және оларды тағайындаудан бас тарту

1. Асыраушысынан айырылған адамдар үшін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемді тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тартуға мыналар:

1) уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемді тағайындау, жүзеге асыру, оларды тағайындауға проактивті көрсетілетін қызмет арқылы өтініш немесе келісім беру фактілерін растайтын мәліметтер алу;

2) өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауы және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың және (немесе) асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданатын күні қолданылу мерзімі өтетін құжаттарды ұсынуы;

3) жеке басын куәландыратын құжат бойынша мәліметтердің (мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтермен расталатын, Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес оны ауыстырудан басқа) оларды тағайындауға қажетті құжаттарға сәйкес келмеуі;

4) асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемді тағайындау құқығының болмауы;

5) асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақы және әлеуметтік төлем тағайындау үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге өтініш берушінің келісімінің болмауы негіз болып табылады.

2. Асыраушысынан айырылған адамдар үшін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемді тағайындаудан бас тартуға мыналар:

1) асыраушысынан айырылған адамдар үшін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемді тағайындау үшін өтініш беруші ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы;

2) өтініш берушінің және (немесе) асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлем тағайындау үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) тексеру кезінде Қор сұратқан асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау үшін қажетті құжатты және (немесе) мәліметтерді ұсынбауы;

4) асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің есептелген мөлшерінің теріс мәні негіз болып табылады.

232-бап. Асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақы және әлеуметтік төлем алушылардың құқықтары мен міндеттері

1. Асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақы және әлеуметтік төлем алушылардың:

1) асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуына қарамастан, осы Кодексте көзделген тәртіппен асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алуға;

2) Мемлекеттік корпорациядан және Қордан асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемді тағайындау және алу тәртібі туралы ақпаратты сұратуға және тегін алуға;

3) мемлекеттік органдардың, Мемлекеттік корпорацияның және Қордың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.

2. Асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемді алушылар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемді тағайындау үшін толық және анық мәліметтер ұсынуға;

2) асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемді алу кезеңінде асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлем мөлшерін өзгерту немесе оларды төлеуді тоқтату үшін негіз болатын мән-жайлар туралы Мемлекеттік корпорацияға он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

Өтініш беруші асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемнің мөлшеріне әсер ететін мән-жайлар туралы уақтылы хабарламаған жағдайда олардың мөлшері көрсетілген мән-жайлар туындаған кезден бастап, бірақ олар тағайындалған кезден кейін ғана қайта қаралады;

3) асыраушысынан айырылған адамдар үшін артық есептелген (төленген) жәрдемақы мен әлеуметтік төлем сомаларын – ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде сот тәртібімен қайтаруды жүргізуге міндетті.

3. Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органның және (немесе) Қордың кінәсінен уақтылы алынбаған не толық алынбаған асыраушысынан айырылған адамдар үшін жәрдемақы мен әлеуметтік төлем сомалары оларға құқық туындаған күннен бастап өткен уақыт үшін мерзімі шектелмей төленеді.

233-бап. Асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақыдан және әлеуметтік төлемнен ұстап қалу

Алушының өтініші негізінде төленуге тиіс сомадан ұсталатын асыраушысынан айырылған адамдар үшін жәрдемақының, әлеуметтік төлемдердің артық есептелген (төленген) сомаларын қоспағанда, асыраушысынан айырылған адамдарға төленетін жәрдемақыдан және әлеуметтік төлемнен ұстап қалу жүргізілмейді.

2-параграф. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы

234-бап. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алу құқығы және оны тағайындау шарттары

1. Қайтыс болған асыраушының асырауында болған отбасының еңбекке қабілетсіз мүшелерінің асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуға құқығы бар. Бұл ретте балаларға және осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген адамдарға жәрдемақылар олар асыраушының асырауында болған-болмағанына қарамастан тағайындалады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

2. Мыналар:

1) он сегіз жасқа толмаған және егер он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедектігі бар адамдар болып танылса, осы жастан асқан балалары (оның ішінде асырап алған балалары, өгей балалары), аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары) және немерелері, бұл ретте, егер еңбекке қабілетті ата-аналары болмаса – аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары) және немерелері, егер ата-аналарынан алимент алмаса – өгей балалары отбасының еңбекке қабілетсіз мүшелері болып есептеледі.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алу құқығы бар кәмелетке толмағандар бұл құқықты өздері асырап алынған кезде де сақтайды;

2) егер осы Кодекстің 207-бабына сәйкес зейнеткерлік жасына жетсе – әкесі, шешесі (оның ішінде асырап алушылар), зайыбы, жұбайы;

3) егер қайтыс болған асыраушысының сегіз жасқа толмаған балаларын, інілерін, сіңлілерін (қарындастарын) немесе немерелерін күтумен айналысса және жұмыс істемейтін болса – жасы мен еңбекке қабілеттілігіне қарамастан ата-аналардың немесе жұбайлардың біреуі не атасы, әжесі, аға-інісі немесе апа-сіңлісі (қарындасы);

4) егер олар осы Кодекстің 207-бабына сәйкес зейнеткерлік жасқа жетсе және оларды асырауға міндетті адамдары болмаса және өмір сүру үшін басқа қаражат көздері жоқ болса, атасы мен әжесі отбасының еңбекке қабілетсіз мүшелері болып есептеледі.

3. Академиялық демалыста болу кезеңін қоса алғанда, күндізгі оқу нысаны бойынша жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша оқитын он сегіз жастан асқан азаматтардың оқу орнын бітіргенге дейін, бірақ жиырма үш жастан асырмай асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуға құқығы бар.

4. Қайтыс болған адамның отбасы мүшелері, егер олар оның толық асырауында болса немесе одан өздері үшін өмір сүрудің тұрақты және негізгі қаражат көзі болған көмекті алып тұрса, оның асырауында болған деп есептеледі.

5. Ата-анасының екеуінен де айырылған балаларға (тұлдыр жетімдерге) тағайындалған асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар олардың заңды өкіліне төленеді.

6. Осы параграфтың қайтыс болғандардың отбасыларына қатысты барлық нормалары, егер бұл фактілер сот тәртібімен белгіленген болса, тиісінше хабарсыз

кеткендердің немесе қайтыс болды деп жарияланғандардың отбасыларына да қолданылады.

7. Бір мезгілде мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға құқығы бар адамдарға олардың таңдауы бойынша бір жәрдемақы тағайындалады.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы немесе асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын адамның өтініші негізінде уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен өтініш барлық қажетті құжаттарымен бірге Мемлекеттік корпорацияда тіркелген күннен бастап мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының бір түрінен екіншісіне ауыстыру жүргізіледі.

8. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы жәрдемақыға құқығы туындаған күннен бастап, бірақ барлық қажетті құжаттармен бірге жәрдемақы тағайындауға өтініш жасаған күнге дейін он екі айдан аспайтын уақытқа немесе "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы жәрдемақы тағайындауға келісім алған күнге дейін тағайындалады.

9. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы осы бапқа сәйкес қайтыс болған адамның отбасы мүшесі еңбекке қабілетсіз болып есептелетін бүкіл кезеңге, ал осы Кодекстің 207-бабына сәйкес зейнетақы төлемдерін алу құқығын беретін жасқа толған отбасы мүшелеріне өмір бойына белгіленеді.

10. 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған заңнамаға сәйкес асыраушысынан айырылу бойынша зейнетақы тағайындалған адамдарға 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап бюджет қаражаты есебінен 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін іс жүзінде алған зейнетақы мөлшерінен кем емес мөлшерде асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төленеді.

235-бап. Отбасының барлық мүшесіне асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша бір мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау

1. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алуға құқығы бар отбасының барлық мүшесіне ортақ асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша бір мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындалады.

2. Отбасы мүшесінің талап етуі бойынша оның асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы үлесі бөлінеді және оған жеке төленеді.

3. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының үлесін бөлу оны бөлуге жүгінген күннен бастап жүргізіледі.

4. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақымен қамтамасыз етілетін отбасы мүшелерінің саны өзгерген кезде оның мөлшері жәрдемақыға құқығы бар отбасы мүшелерінің санына қарай тиісінше ұлғайтылады немесе азайтылады.

5. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшерін нақ сондай қайта қарау отбасының бір мүшесіне оны төлеу тоқтатыла тұрған немесе төлеуді тоқтата тұруға алып келген мән-жайлар өткеннен кейін қайта басталған жағдайларда да белгіленеді.

236-бап. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері

1. Асыраушысынан айырылған адамдарға мемлекеттік жәрдемақы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінің өзгеруі ескеріле отырып төленеді.

2. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының ең жоғары мөлшері оның отбасының еңбекке қабілетсіз барлық мүшесіне 3,00 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде тағайындалады.

3. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік жәрдемақының мөлшері:

отбасының еңбекке қабілетсіз бір мүшесі болған кезде – ең төмен күнкөріс деңгейінен 0,92;

екі мүшесі болған кезде – барлық еңбекке қабілетсіз отбасы мүшелеріне 1,70 ең төмен күнкөріс деңгейі;

үш мүшесі болған кезде – барлық еңбекке қабілетсіз отбасы мүшелеріне 2,25 ең төмен күнкөріс деңгейі;

төрт мүшесі болған кезде барлық еңбекке қабілетсіз отбасы мүшелеріне 2,60 ең төмен күнкөріс деңгейі;

бес мүшесі болған кезде – барлық еңбекке қабілетсіз отбасы мүшелеріне 2,75 ең төмен күнкөріс деңгейі тағайындалады.

Отбасының еңбекке қабілетсіз алты және одан да көп мүшесі болған кезде жәрдемақының мөлшері әрқайсысына 3,00 ең төмен күнкөріс деңгейінің тең үлесі ретінде есептеледі.

4. Ата-анасының екеуінен де айырылған жағдайда жетім балаларға асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша айлық жәрдемақы әрбір балаға 1,54 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде, отбасының еңбекке қабілетсіз мүшелеріне – 0,62 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде, бірақ отбасының еңбекке қабілетсіз барлық мүшелеріне 2,92 ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын мөлшерде тағайындалады.

5. Қызметтік міндеттерін атқару немесе әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру кезінде қаза тапқан немесе жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар, ішкі істер органдары және Қазақстан Республикасының бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің отбасы мүшелеріне асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша айлық жәрдемақының мөлшері жүгінген

күннен бастап отбасының еңбекке қабілетсіз әрбір мүшесіне 0,29 ең төмен күнкөріс деңгейіне, бірақ отбасының барлық мүшелеріне 2,92 ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын мөлшерге ұлғайтылады.

6. Егер отбасының еңбекке қабілетсіз мүшесі алатын жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша алатын айлық жәрдемақының мөлшерінен аз болса, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша айлық жәрдемақы төлеу жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне отбасының еңбекке қабілетсіз осы мүшелері үшін белгіленген, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша айлық жәрдемақы мөлшеріне дейінгі тиісті қосымша төлемдер түрінде жүргізіледі.

237-бап. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу

1. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу ағымдағы ай үшін жүргізіледі. Алушы қайтыс болған жағдайда жәрдемақы қайтыс болған айына қоса төленеді.

2. Қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында тұратын және мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі адамдарға асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы:

егер тағайындалған жәрдемақы мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен болса, осы Кодекстің 236-бабында көзделген мөлшерде;

осы Кодекстің 236-бабына сәйкес тағайындалған жәрдемақы мөлшерінің 30 пайызы көлемінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен емес мөлшерде төленеді.

Стационар жағдайында психоневрологиялық аурулары бар және мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі адамдарға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында тұратын адамдарға асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы осы Кодекстің 236-бабына сәйкес тағайындалған жәрдемақы мөлшерінің 30 пайызы көлемінде, бірақ ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен емес мөлшерде төленеді.

Тағайындалған жәрдемақы мөлшерінің 70 пайызын аудару жеке банктік шотқа немесе арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарының қолма-қол ақшаны бақылау шотына жүргізіледі.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарының көрсетілген қаражатты пайдалану тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

3. Стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында тұратын және мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі, тірек-қимыл аппараты

бұзылған мүгедектігі бар балаларға асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы толық көлемде төленеді.

4. Алушы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарынан шыққан жағдайда асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны төлеу шыққан айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап толық көлемде қайта басталады.

5. Алушы уақтылы талап етпеген асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының есептелген сомасы өткен уақыт үшін, бірақ оларды алуға өтініш берудің алдындағы 3 жылдан аспайтын уақыт үшін төленеді.

238-бап. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеуді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату

1. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан да көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны төлеу тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

2) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың, қандас куәлігінің қолданылу мерзімі өткені туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат, қандастың куәлігі берілген күннен бастап қайта басталады;

3) алушыға және (немесе) асырауындағыларға қатысты хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің болуы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны төлеу хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шаралары тоқтатылған немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің күшін жою туралы сот актісі күшіне енген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

4) ата-ана құқықтарынан айыру немесе шектеу туралы, бала асырап алу туралы шешімді жарамсыз деп тану немесе оның күшін жою туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік

әлеуметтік жәрдемақы қорғаншы (қамқоршы) тағайындаған адамға тоқтатыла тұрған күннен бастап төленеді. Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру кезінде асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны төлеу ата-ана құқықтарын қалпына келтіру немесе шектеулерді жою туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап қайта басталады;

5) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда қорғаншыны (қамқоршыны) өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету туралы шешімдердің бірін қабылдау туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы қорғаншы (қамқоршы) тағайындаған адамға немесе қорғаншы мәртебесі қалпына келтірілген адамға тоқтатыла тұрған күннен бастап төленеді;

6) хабарсыз кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған адамдардың жеке зейнетақы шоттарына міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару немесе азаматтың тірі болу фактісін растайтын ақпараттың түсуі фактісінің анықталуы туралы мәліметтері, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте, егер азаматтың тірі болу фактісі расталса, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны төлеу тоқтатылады, расталмаған жағдайда – асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны төлеу тоқтатылған күннен бастап қайта басталады;

7) қайтыс болған асыраушының балаларын, аға-інілерін, апа-сіңлілерін (қарындастарын) немесе немерелерін бағып-күтумен айналысатын адамдардың жұмысқа орналасу фактісінің анықталуы туралы мәліметтері, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте, егер жұмысқа орналасу фактісі расталмаса, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны төлеу тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

8) он сегіз жастан асқан асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыны білім беру ұйымынан шығару туралы немесе оны сырттай оқу нысанына ауыстыру туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны төлеу білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында оқуды қайта бастаған күннен бастап қайта басталады;

9) шетелдіктің тұруға ықтиярхатын алғанға дейін Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылу немесе одан шығу фактісінің анықталуы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы

бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны төлеу тоқтатыла тұрған күннен бастап, бірақ шетелдіктің тұруға ықтиярхатын алған күннен кейін қайта басталады;

10) Қазақстан Республикасынан тыс жерде асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша зейнетақы алу фактісінің анықталуы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны төлеу тоқтатыла тұрған күннен бастап шығу елінде артық есептелген (төленген) зейнетақы сомалары өтелген кезде қайта басталады.

2. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеуді тоқтата тұруға алып келген мән-жайлардың аяқталғанын растайтын, ақпараттық жүйелерден алынған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде өтініш бойынша жәрдемақыны төлеу қайта басталады.

3. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны төлеу мынадай мәліметтер келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады:

- 1) қайтыс болу туралы, оның ішінде ақпараттық жүйелерден түскен мәліметтер;
- 2) кету елінің уәкілетті органынан жәрдемақы алушының ісін сұрату;
- 3) жәрдемақы алушының ішкі істер органдарында тіркеуден шығарылғанын растайтын құжатты ұсына отырып, жәрдемақы төлеуді тоқтату туралы өтініші;
- 4) жәрдемақы алушының Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кету фактісінің анықталуы туралы, оның ішінде ақпараттық жүйелерден түскен мәліметтер;
- 5) өтініш берушінің оны негізсіз тағайындауға алып келген анық емес мәліметтерді ұсыну фактісінің анықталуы туралы мәліметтер.

Ескерту. 238-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-параграф. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін әлеуметтік төлем

239-бап. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алу құқығы

1. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алу құқығы қайтыс болуы туралы куәлікте немесе хабарламада көрсетілген қайтыс болу күнінен бастап не міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап, не оны хабарсыз кетті деп тану немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімінде көрсетілген күннен бастап туындайды.

Бұл ретте, егер қайтыс болған асыраушының қайтыс болуы туралы куәлігінде қайтыс болу күнін нақты анықтау мүмкін болмауына байланысты қайтыс болу кезеңі

көрсетілсе, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алу құқығы қайтыс болу кезеңі басталған күннен басталады.

2. Қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының асырауында болған отбасының мынадай мүшелері:

1) он сегіз жасқа толмаған және егер олар он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедектігі бар адамдар деп танылса, осы жастан асқан балалардың, оның ішінде асырап алған балалардың, аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің (қарындастарының) және немерелерінің асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындалуға және оны алуға құқығы бар.

Бұл ретте аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары) мен немерелері – егер олардың еңбекке қабілетті ата-аналары болмаса немесе олар ата-аналарынан алименттер алмайтын болса.

Осы тармақшада көрсетілген он сегіз жастан асқан:

академиялық демалыста болу кезеңін қоса алғанда, күндізгі оқу нысаны бойынша жалпы орта, техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша оқитын немесе оқыған адамдардың оқу бітірген уақытқа дейін, бірақ жиырма үш жастан асырмай асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің тағайындалуына және оны алуға құқығы бар;

бірінші және екінші топтағы бала кезінен мүгедектігі бар адамдар болып табылатын адамдардың мүгедектікті белгілеу мерзіміне асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің тағайындалуына және оны алуға құқығы бар;

2) егер қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушысының үш жасқа толмаған балаларын, бауырларын, апа-сіңлілерін (қарындастарын) немесе немерелерін күтумен айналысатын болса, жасына және еңбекке қабілеттілігіне қарамастан, ата-анасының бірінің немесе жұбайының (зайыбының) не атасының, әжесінің, аға-інісінің немесе апа-сіңлісінің (қарындасының) асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің тағайындалуына және оны алуға құқығы бар.

3. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша тағайындалған әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) әрбір айырылып қалған ата-анасы үшін жүргізіледі.

4. Қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің тағайындалуына және оны алуға құқығы бар отбасының барлық мүшелеріне бір әлеуметтік төлем тағайындалады.

5. Қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшесінің жазбаша өтініші бойынша оның әлеуметтік төлемінің үлесі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен бөлінеді және оған бөлек төленеді.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің үлесін бөлу Қорға жүгінген күннен бастап жүргізіледі.

6. Қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелерінің саны өзгерген жағдайда Қор уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді қайта есептеу туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік төлемдерді алуға құқығы бар отбасы мүшелерінің санына сәйкес ұлғайтылады немесе азайтылады.

Егер қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелерінің бірі асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемге жүгіну құқығын іске асырмаса, онда ол көрсетілген адамға осы баптың 5-тармағына сәйкес асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем бөлген жағдайда Қорға жүгінген күннен бастап, ал бөлінбеген жағдайда – асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алу құқығы туындаған күннен бастап тағайындалады.

7. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындауға жүгіну:

он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедектігі бар адам деп танылған адамдарды қоспағанда, әлеуметтік төлем тағайындауға жүгінген күні қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған балаларының, оның ішінде асырап алған балаларының, аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің (қарындастарының) және немерелерінің жиырма үш жасқа толуы;

жасына және еңбекке қабілеттілігіне қарамастан, ата-анасының бірі немесе жұбайы (зайыбы) не атасы, әжесі, аға-інісі немесе апа-сіңлісі (қарындасы) күтумен айналысқан, қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының балаларының, аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің (қарындастарының) немесе немерелерінің үш жасқа толуы мерзімінен аспауға тиіс.

8. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді есептеу үшін қабылданған кезең үшін әлеуметтік аударымдар Қорға оларды тағайындауға жүгінген күннен кейін түскен жағдайда алушыға асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша тағайындалған әлеуметтік төлемдердің мөлшерін қайта есептеу жүргізілмейді.

240-бап. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін әлеуметтік төлемнің мөлшері

1. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша ай сайынғы әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген кірістің орташа айлық мөлшерін әлеуметтік төлемге құқық туындаған күні республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінің 50 пайызын шегеріп, кірісті алмастырудың тиісті коэффициенттеріне, асырауындағы адамдар санына және қатысу өтіліне көбейту арқылы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен айқындалады.

Егер осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында аталған адамдар әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесін бір пайыз мөлшерінде айқындаса, онда асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді есептеу кезінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген әрбір айдағы кіріс айына нақты түскен әлеуметтік аударымдар сомасын осы Кодекстің 244-бабының 1-тармағында белгіленген әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне бөлу арқылы айқындалады.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған оның отбасы мүшелеріне қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының отбасы мүшесі (мүшелері) әлеуметтік төлем алу құқығын сақтайтын уақыт кезеңі ішінде ай сайын жүргізіледі.

2. Асырауындағылар санының коэффициенті асыраушының – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының қайтыс болғанға дейін асырауында болған адамдардың санына қарай айқындалады және асырауында бір адам болғанда 0,5; асырауында екі адам болғанда – 0,65; асырауында үш адам болғанда – 0,8; асырауында төрт және одан да көп адам болғанда – 1,0 құрайды.

Бұл ретте кірісті алмастыру коэффициенті 0,6-ны құрайды, ал әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген кірістің орташа айлық мөлшері осы Кодекстің 118-бабының 3-тармағына сәйкес айқындалады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы үшін қатысу өтілінің коэффициенті:

- алты айдан кем болғанда – 0,1;
- алтыдан он екі айға дейін – 0,7;
- он екіден жиырма төрт айға дейін – 0,75;
- жиырма төрт айдан отыз алты айға дейін – 0,85;
- отыз алты айдан қырық сегіз айға дейін – 0,9;
- қырық сегіз айдан алпыс айға дейін – 0,95;
- алпыстан жетпіс екі айға дейін – 1,0;

алпыс және одан да көп айдан бастап – 1,0-ге міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілінің әрбір он екі айы үшін 0,02 қосылып отырады, бірақ 1,3-тен аспайды.

Қатысу өтілінің коэффициентін айқындау кезінде төтенше жағдайдың, шектеу іс-шараларының қолданылу кезеңіне қызметтің шектелуіне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді алу кезеңдері, еңбек, кәсіпкерлік қызмет кезеңдері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне 0 түзету коэффициенті қолданылған қызмет түрлері бойынша жеке практикамен айналысу кезеңдері, сондай-ақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 341-бабы 1-тармағының 51) тармақшасына сәйкес 2020 жылғы 1 сәуір – 2020 жылғы 1 қазан аралығында кірістері жеке тұлғаның салық салуға жататын кірістерінен алып тасталған қызметті жүзеге асыру кезеңі есептеледі.

3. Егер төлеуші артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын мерзімде және жағдайларда қайтаруды жүзеге асырмаса, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін есептеу кезінде артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың сомалары есепке алынбайды.

4. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін арттыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде уәкілетті мемлекеттік органның ұсынысы бойынша арттыру күні тиісті әлеуметтік төлемдер тағайындалған адамдарға жүргізіледі.

5. Сот актілері мен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының актілері негізінде заңсыз деп танылған кірістен түскен, әлеуметтік төлемдер мөлшерін айқындау кезінде есепке алынған кезең үшін төленген әлеуметтік аударымдар міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау үшін кейіннен жүгінуі кезінде есепке алынбайды.

Ескерту. 240-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.07.2024 № 104-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

241-бап. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату

1. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем мынадай мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден:

1) алушының банктік шоты бойынша үш және одан да көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

2) алушының Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кетуі туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алушы болып табылатын Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен және кері қайтып келген адамға шығу елінде төлем алмаған жағдайда асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тоқтатылған күннен бастап, бірақ оны алуға жүгінудің алдындағы үш жылдан аспайтын уақытқа асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем қайта басталады.

Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кеткен кезде белгіленген мөлшерде қайта басталады. Егер кету кезеңінде асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді арттыру жүргізілсе, оның мөлшері осы арттыруларды ескере отырып белгіленеді.

Шығу елінде төлемдерді алған болса, Қазақстан Республикасындағы тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелген жағдайда асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем жүгінген күннен бастап, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кету кезінде белгіленген мөлшерде қайта басталады;

3) алушының бас бостандығынан айыру түрінде сот тағайындаған қылмыстық жазаны өтеуі туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем қорғаншы (қамқоршы) тағайындаған адамға тоқтатыла тұрған күннен бастап жүргізіледі;

4) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжатының, қандас куәлігінің қолданылу мерзімінің өтуі туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат, қандастың куәлігі берілген күннен бастап қайта басталады;

5) алушыға және (немесе) асырауындағыларға қатысты хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің болуы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шаралары тоқтатылған немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің күшін жою туралы сот актісі күшіне енген күннен бастап, бірақ тоқтатыла тұрған күннен кейін қайта басталады;

6) Алушының "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуы туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжат берілген күннен бастап қайта басталады;

7) он сегіз жастан асқан алушыны (асырауындағы адамды) білім беру ұйымынан шығару туралы немесе оны сырттай оқу нысанына ауыстыру туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында оқуды қайта бастаған күннен бастап қайта басталады;

8) алушының қайтыс болуы (оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі) туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем қамқоршы (қорғаншы) тағайындаған адамға тоқтатыла тұрған күннен бастап жүргізіледі;

9) алушыны ата-ана құқықтарынан айыру немесе шектеу туралы, баланы асырап алу туралы шешімді жарамсыз деп тану немесе оның күшін жою туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте қамқоршы (қорғаншы) болып тағайындалған адамға асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап жүргізіледі. Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру кезінде асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем ата-ана құқықтарын қалпына келтіру немесе шектеулердің күшін жою туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап қайта басталады;

10) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда қамқоршыны (қорғаншыны) өз міндеттерін атқарудан босату немесе шеттету туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем қамқоршы (қорғаншы) болып тағайындалған адамға немесе қамқоршы (қорғаншы) мәртебесі қалпына келтірілген адамға тоқтатыла тұрған күннен бастап жүргізіледі;

11) хабарсыз кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған адамдардың жеке зейнетақы шоттарына әлеуметтік аударымдардың, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының келіп түсуі немесе азаматтың тірі болу фактісін растайтын ақпараттың келіп түсуі туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші

күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте, егер азаматтың тірі екені расталса, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тоқтатылады, расталмаған жағдайда – әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта басталады;

12) өтініш берушінің асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін негізсіз айқындауға алып келген анық емес мәліметтер бергені туралы мәліметтер, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтер түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап осы Кодекске сәйкес айқындалған мөлшерде қайта басталады.

2. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем күтім бойынша әлеуметтік төлем алу құқығы сақталған жағдайда асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тоқтата тұруды туындатқан мән-жайлардың аяқталғанын растайтын, ақпараттық жүйелерден алынған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің негізінде өтініш бойынша қайта басталады.

3. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем:

1) алушының асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау туралы шешім қабылдауға негіз болған анық емес құжаттарды (мәліметтерді) ұсынуына байланысты тоқтатылады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем оның тағайындалған күнінен бастап тоқтатылады;

2) алушының асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді тоқтатуға өтініш беруіне байланысты тоқтатылады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем өтініш берілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады;

3) қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған жалғыз адамның қайтыс болуына байланысты тоқтатылады. Бұл ретте асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем қайтыс болған айды қоса алғанда жүзеге асырылады;

4) қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған адамның мүгедектігін белгілеу мерзімі аяқталған күннен бастап тоқтатылады;

5) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі қайтыс болған (сот хабарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған адамды еңбекке қабілетті деп тану туралы шешім шығарған жағдайда, ол еңбекке қабілетті деп танылған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады.

Ескерту. 241-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 04.07.2023 № 15-VIII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-тарау. АЗАМАТТАРДЫҢ КЕЙБІР САНАТТАРЫНА ЖЕРЛЕУГЕ АРНАЛҒАН БІРЖОЛҒЫ ТӨЛЕМДЕР

242-бап. Жерлеуге арналған біржолғы төлемдер

1. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алушы немесе мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушы қайтыс болған жағдайда оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға республикалық бюджет қаражатынан республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 35 еселенген мөлшерінде жерлеуге арналған біржолғы төлем жүргізіледі.

Ұлы Отан соғысының ардагері болып табылатын жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алушы қайтыс болған жағдайда оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 36,6 еселенген мөлшерінде жерлеуге арналған біржолғы төлем жүргізіледі.

2. Егер жерлеуге арналған біржолғы төлем алуға өтініш зейнетақы немесе жәрдемақы алушы қайтыс болған күннен кейін үш жылдан кешіктірілмей берілсе, оның мөлшері алушы қайтыс болған кезде айқындалады.

3. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры оның отбасы мүшелеріне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 94 еселенген мөлшері шегінде, бірақ қайтыс болған адамның жеке зейнетақы шотында бар қаражаттан аспайтын мөлшерде, қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтары қаражаты есебінен жерлеуге арналған біржолғы төлем жүргізеді.

Егер жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін қайтыс болған адамның жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен аспайтын соманы құраған жағдайда бұл қалдық жерлеуге арналған төлем ретінде қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне төленеді.

4. Сақтанушы қайтыс болған жағдайда сақтандыру ұйымы меншікті қаражаты есебінен отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға зейнетақы аннуитеті шартында белгіленген мөлшерде, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде 35 еселенген мөлшерінде жерлеуге арналған біржолғы төлемді жүзеге асырады.

5. Республикалық бюджет қаражатынан жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау және жүзеге асыру тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

4-БӨЛІМ. ӘЛЕУМЕТТІК АУДАРЫМДАР ЖӘНЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ

18-тарау. ӘЛЕУМЕТТІК АУДАРЫМДАР

243-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандыруға жататын адамдар

Міндетті әлеуметтік сақтандыруға:

1) жұмыскерлер, ақы төленетін өзге де жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген), оның ішінде Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде еңбек қызметін жүзеге асыратын адамдар;

2) дара кәсіпкерлер, оның ішінде шаруа және фермер қожалықтарының басшылары, сондай-ақ олардың он сегіз жасқа толған мүшелері;

3) жеке практикамен айналысатын адамдар;

4) нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық агенттерімен жасасқан азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін жеке тұлғалар (бұдан әрі – азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын жеке тұлғалар);

5) 01.01.2024 дейін қолданыста болды - осы Кодекстің 263-бабымен.

6) осы Кодекске сәйкес жеке көмекшілер;

7) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес арнаулы мобильдік қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын және осы Кодекстің 102-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес орындаушылар болып табылатын дара кәсіпкерлер жатады.

Осы Кодекстің 207-бабында көзделген жасқа толған адамдар міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатпайды.

Осы баптың күші қандастарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және Қазақстан Республикасының аумағында кіріс алып келетін қызметті жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең дәрежеде қолданылады.

Ескерту. 243-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.07.2024 № 104-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

244-бап. Әлеуметтік аударымдардың мөлшерлемесі

1. Осы Кодекстің 102-1-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, төлеушілер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін және (немесе) өз пайдасына Қорға төлеуге тиісті әлеуметтік аударымдар әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің 3,5 пайызы, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің 5 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

2. 01.01.2024 дейін қолданыста болды - осы Кодекстің 263-бабымен.

3. Бірыңғай төлем құрамында әлеуметтік аударымдарды төлеуді таңдаған салық агенттері үшін әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің 3,2 пайызы, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісінің 4,5 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 776-3-бабының 1-тармағында белгіленген бірыңғай төлем мөлшерлемесіндегі әлеуметтік аударымдардың үлесі:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 16,0 пайызды;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 14,9 пайызды;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 18,9 пайызды;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 18,1 пайызды;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 17,4 пайызды;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 17,1 пайызды құрайды.

Ескерту. 244-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.07.2024 № 104-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

245-бап. Әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі

1. Әлеуметтік аударымдар төленбейтін кірістерді қоспағанда, жұмыскерлер мен осы Кодекстің 243-бабының 1) тармақшасында көрсетілген адамдар үшін жұмыс берушінің еңбекке ақы төлеу ретінде кірістер түрінде төлейтін шығыстары әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі болып табылады.

Жұмыс берушінің шығыстарына әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ақшалай жабдықтылығы енгізіледі.

Бұл ретте бір төлеушіден әлеуметтік аударымдарды есептеудің ай сайынғы объектісі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 7 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Егер бір төлеушіден күнтізбелік ай үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген жалақының ең төмен мөлшерінен аз болса, онда әлеуметтік аударымдар жалақының ең төмен мөлшері негізге алына отырып есептеледі, төленеді.

Осы тармақтың төртінші бөлігінің ережесі осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында аталған адамдарға қолданылмайды.

2. Осы Кодекстің 243-бабының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі мыналар:

өзі және шаруа немесе фермер қожалықтарының мүшелері үшін – Қорға әлеуметтік аударымдар төленбейтін кірістерін қоспағанда, өз пайдасына әлеуметтік аударымдарды есептеу мақсаттары үшін өздері дербес айқындайтын, өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын аудару үшін айқындалатын кіріске тең, бірақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес салық салу мақсаттары үшін айқындалатын кірістен аспайтын алатын кірісінің сомасы болып табылады.

Бұл ретте айына әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін алынатын кіріс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 7 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Егер аталған адамдардың кірісі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген жалақының ең төмен мөлшерінен аз болса, онда олар өз пайдасына республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген жалақының ең төмен мөлшерінен әлеуметтік аударымдарды төлейді;

жалдамалы жұмыскерлер үшін – осы баптың 1-тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып, Қорға әлеуметтік аударымдар төленбейтін кірістерді қоспағанда, жұмыскерге еңбекке ақы төлеу ретінде кірістер түрінде төленетін шығыстар болып табылады.

3. Осы Кодекстің 243-бабының 4) тармақшасында көрсетілген адамдар үшін осы баптың 1-тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып, Қорға әлеуметтік аударымдар төленбейтін кірістерді қоспағанда, нысаналы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша алынатын кіріс сомасы әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі болып табылады.

4. 01.01.2024 дейін қолданыста болды - осы Кодекстің 263-бабымен.

5. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 776-2-бабында айқындалған қызметкердің кірісі бірыңғай төлемді есептеу объектісі болып табылады.

Бірыңғай төлемнің құрамына кіретін әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу бірыңғай төлем төлеушінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

Бұл ретте бірыңғай төлемнен әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін алынатын ай сайынғы кіріс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 7 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

6. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 319-бабының 2-тармағы 31) тармақшасының тоғызыншы абзацына сәйкес жергілікті атқарушы органдар және өзге де заңды

тұлғалар осы Кодекстің 243-бабының б) тармақшасында көрсетілген адамдарға төлейтін материалдық пайда олар үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі болып табылады.

7. Қорға әлеуметтік аударымдар:

1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 319-бабы 2-тармағының 3), 4) тармақшаларында және 31) тармақшасының тоғызыншы абзацында көрсетілген кірістерді қоспағанда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 319-бабының 2-тармағында белгіленген;

2) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 341-бабы 1-тармағының 9), 10), 12), 14) тармақшаларында, 17) тармақшасының алтыншы абзацында, 21) және 50) тармақшаларында көрсетілген кірістерді қоспағанда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 341-бабының 1-тармағында белгіленген;

3) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 484-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында белгіленген кірістерден төленбейді.

Осы тармақтың қолданысы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 89-1-тарауына сәйкес бірыңғай төлем есептелетін жұмыскерлердің кірісіне, сондай-ақ осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында аталған адамдардың кірісіне қолданылмайды.

Ескерту. 245-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.07.2024 № 104-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

246-бап. Әлеуметтік аударымдарды төлеу

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, төлеуші Қорға әлеуметтік аударымдарды есепті айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей, әлеуметтік аударымдар төленетін айды көрсете отырып, уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен ай сайын есептейді және төлейді.

2. Патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) көзделген мерзімде патенттің құнын әр ай үшін бөлек төлеу үшін әлеуметтік аударымдарды төлейді.

3. Салық агенттері азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алған жеке тұлғалар үшін әлеуметтік аударымдарды кіріс алған айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей төлейді.

4. 01.01.2024 дейін қолданыста болды - осы Кодекстің 263-бабымен.

5. Салық агенттері "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 776-4-бабының 5-тармағында белгіленген мерзімде бірыңғай төлемнің құрамына кіретін әлеуметтік аударымдарды төлеуді жүргізеді. Бірыңғай төлемнің артық (қате) төленген және (немесе) бірыңғай төлемді уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың сомаларын төлеу, аудару және бөлу, сондай-ақ қайтару тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен, сондай-ақ салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі, денсаулық сақтау саласындағы және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша айқындайды.

6. Қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылатын әлеуметтік аударымдарды төлеу күні – банктен немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымнан әлеуметтік аударымдар сомасына төлем тапсырмасының акцептін алған күн қолма-қол нысанда төлеушінің банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға әлеуметтік аударымдарды енгізген күн болып есептеледі.

7. Әлеуметтік аударымдар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төленеді.

8. Осы Кодекстің 256-бабы 1-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес есепке жазылған әлеуметтік аударымдардың және (немесе) өсімпұлдың толық және уақтылы төленуін бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.

9. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар Мемлекеттік корпорацияға, Қорға жүгінген кезде олар әлеуметтік аударымдардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпаратты уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен береді.

247-бап. Артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлды қайтару

1. Төлеушінің артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың сомалары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен және жағдайларда қайтарылуға жатады.

2. Мыналар:

1) Қорға міндетті түрде төленуге жататын әлеуметтік аударымдар мен өсімпұл сомалары;

2) осы Кодекстің 78-бабының 4-тармағына, 85-бабының 4-тармағына, 118-бабының 4-тармағына, 181-бабының 2-тармағына, 240-бабының 3-тармағына сәйкес әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу кезінде ескерілмеген, артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың сомаларын қоспағанда, әлеуметтік төлемді тағайындау үшін ескерілген кезең үшін есептелген артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдардың сомалары қайтарылуға жатпайды.

19-тарау. ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ

248-бап. Міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын агенттер осы Кодексте айқындалатын мөлшерлемелер бойынша төлеуге тиіс.

2. Міндетті зейнетақы жарналарын:

1) жұмыскерлер, ақы төленетін өзге де жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген) адамдар, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін адамдар;

2) нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын, салық агенттерімен жасасқан азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, шет мемлекеттердің Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін адамдар бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төлейді;

Агенттер міндетті зейнетақы жарналарын осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдардың кірістерінен осы Кодексте көзделген тәртіппен ұстайды және төлейді.

Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және аудару және олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін уәкілетті мемлекеттік орган әзірлейді.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары, судьялар үшін қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын олар теріс

себептермен лауазымынан босатылған жағдайда алып қою және бюджетке аудару қағидаларын уәкілетті мемлекеттік орган әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Мыналар:

1) осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдар;

2) егер мүгедектік мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеу осы тармақшада көрсетілген адамдардың өтініші бойынша жүзеге асырылады;

3) әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар ;

4) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушылар бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады.

4. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді :

1) дара кәсіпкерлер, оның ішінде шаруа және фермер қожалығының басшылары, олардың он сегіз жасқа толған мүшелері, сондай-ақ өз пайдасына жеке практикамен айналысатын адамдар;

2) нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын, салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғалармен жасасқан азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалар;

3) Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалар өздері дербес жүзеге асырады.

5. Агенттер еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін, кәсіптері уәкілетті мемлекеттік органдар бекітетін өндірістердің, жұмыстардың, жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесінде көзделген жұмыскерлер үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлейді.

Агент:

1) осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдар үшін;

2) әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар үшін;

3) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушылар үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады.

6. Агенттер, осы тармақтың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыскерлер, өзге де ақы төленетін жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген) адамдар үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төлейді.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына есептеу (есепке жазу) және аудару және олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін уәкілетті мемлекеттік орган әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Агент:

1) осы Кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдар үшін;

2) егер мүгедектік мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін;

3) әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар үшін;

4) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушылар үшін;

5) Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген лауазымда болу мерзімінің өтуіне байланысты өкілеттіктері тоқтатылған, ай сайынғы өмір бойы жабдықталымдарды алатын Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары, ай сайынғы ақшалай жабдықталымдарды алатын отставкадағы судьялар үшін;

6) 1975 жылғы 1 қаңтарға дейін туған адамдар үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады.

7. Міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төленеді.

8. Міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеуге арналған кіріске еңбекке ақы төлеудің ақшалай түрдегі барлық түрлері және өзге де кірістер енгізіледі.

9. Ұсталған (есептелген) міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Мемлекеттік корпорацияға аударылады.

Міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді:

1) дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар (осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген адамдардан басқа), жеке практикамен айналысатын адамдар нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыскерлерге, сондай-ақ жеке тұлғаларға төленген кірістерден кірістер төленген айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей;

2) дара кәсіпкерлер (осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген дара кәсіпкерлерден басқа), шаруа және фермер қожалықтары, жеке практикамен айналысатын адамдар өз пайдасына – есепті айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей;

3) патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер патент құнын төлеу үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) көзделген мерзімде;

4) Мемлекеттік корпорация – әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылған айдан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей;

5) сақтандыру ұйымы – жалақыны (кірісті) жоғалтуға байланысты зиянды өтеу ретінде сақтандыру төлемін жүзеге асырған айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей;

6) осы баптың 4-тармағында аталған тұлғалар – егер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) өзгеше көзделмесе, кірістер төленген айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей;

7) 01.01.2024 дейін қолданыста болды - осы Кодекстің 263-бабымен.

8) Оператор – егер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) өзгеше көзделмесе, кірістер төленген айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей жүзеге асырады.

10. Бірыңғай төлемге енгізілген, ұстап қалынған міндетті зейнетақы жарналарының және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын бірыңғай төлемді есептеу (есепке жазу), аудару жөніндегі агенттер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 776-4-бабының 5-тармағында белгіленген мерзімде Мемлекеттік корпорацияға аударды. Бірыңғай төлемнің және (немесе) бірыңғай төлемді уақтылы және (немесе)

толық төлемегені үшін өсімпұлдың артық (қате) төленген сомаларын төлеу, аудару және бөлу, сондай-ақ қайтару тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен, сондай-ақ салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі, денсаулық сақтау саласындағы және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша айқындайды.

11. Осы Кодекстің 256-бабының 1-тармағына сәйкес есепке жазылған міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарды төлеудің толық және уақтылы жүзеге асырылуын бақылауды осы баптың 4-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдардың міндетті зейнетақы жарналарын төлеуін қоспағанда, мемлекеттік кіріс органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

12. Міндетті зейнетақы жарналары басқа адамдардың пайдасына төленуі мүмкін емес.

13. Резидент – заңды тұлғаның шешімі бойынша оның филиалдары, өкілдіктері агент ретінде қаралуы мүмкін.

Ескерту. 248-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.07.2024 № 104-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

249-бап. Міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналары:

1) осы Кодекстің 248-бабының 2-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын ай сайынғы кірісінің 10 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Бұл ретте бір агенттен міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын ай сайынғы кірісі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс;

2) осы Кодекстің 102-1-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 248-бабы 4-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген адамдар үшін міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кірістің 10 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кіріс деп міндетті зейнетақы жарналары төленбейтін, бірақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес салық салу мақсаттары үшін айқындалатын кірістен аспайтын кірістерді

қоспағанда, адамның әлеуметтік аударымдарды төлеу үшін өзі дербес айқындайтын алатын кірісі түсініледі. Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін айына алынатын кіріс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Егер аталған адамдардың кірісі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 1 еселенген мөлшерінен кем болған жағдайда, олар республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 1 еселенген мөлшерінен міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге құқылы;

3) осы Кодекстің 248-бабы 4-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кірістің 10 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын кіріс деп міндетті зейнетақы жарналары төленбейтін, бірақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес салық салу мақсаттары үшін айқындалатын кірістен аспайтын кірістерді қоспағанда, адамның әлеуметтік аударымдарды төлеу үшін өзі дербес айқындайтын алатын кірісі түсініледі.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін айына алынатын табыс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс;

4) 01.01.2024 дейін қолданыста болды - осы Кодекстің 263-бабымен.

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 89-1-тарауында көрсетілген бірыңғай төлем құрамында міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді таңдаған салық агенттері үшін бірыңғай төлем мөлшерлемесіндегі міндетті зейнетақы жарналарының үлесі:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 50,0 пайызды;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 46,5 пайызды;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 42,0 пайызды;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 40,3 пайызды;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 38,8 пайызды;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 38,0 пайызды құрайды.

Ескерту. 249-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.07.2024 № 104-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

250-бап. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі және оларды жүзеге асыру тәртібі

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына осы Кодекстің 248-бабының 5-тармағында көрсетілген адамдар үшін төленуге жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын жұмыскердің ай сайынғы кірісінің 5 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

2. Агенттер еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін, кәсіптері уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен өндірістердің, жұмыстардың, жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесінде көзделген жұмыскерлердің пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырады.

Өндірістік объектілерді аттестаттау нәтижесімен расталған зиянды еңбек жағдайлары жойылған жағдайда, агенттер міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асырмайды.

251-бап. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі және оларды жүзеге асыру тәртібі

1. Жұмыс берушінің бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналары агенттің, өзге де ақы төленетін жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген) адамдардың меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын жұмыскерлердің ай сайынғы табысынан:

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 1,5 пайыз мөлшерінде;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2,5 пайыз мөлшерінде;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 3,5 пайыз мөлшерінде;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 4,5 пайыз мөлшерінде;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 5 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

2. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын табыс осы Кодекстің 249-бабына сәйкес белгіленеді.

Бұл ретте жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын ай сайынғы кірісі жалақының ең төмен мөлшерінен кем болмауға және республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

3. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 89-1-тарауында көрсетілген бірыңғай төлем құрамында жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді таңдаған салық агенттері үшін жалақыдан бірыңғай төлем мөлшерлемесіндегі жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының үлесі:

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 6,95 пайызды;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 10,5 пайызды;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 14,1 пайызды;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 17,4 пайызды;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 19,0 пайызды құрайды.

4. Агенттер жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғалардың тізімдерін қоса бере отырып, Мемлекеттік корпорация арқылы төлейді.

Ескерту. 251-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

252-бап. Ерікті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі

1. Ерікті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті зейнетақы жарналарының салымшылары – жеке тұлғалар ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен камсыздандыру туралы шарт жасасқан кезде ол өз пайдасына өз кірісі есебінен енгізеді.

2. Ерікті зейнетақы жарналарының салымшысы ерікті зейнетақы жарналарын төлеу үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын тандауға құқылы.

3. Жеке және заңды тұлғалар алушының пайдасына ерікті зейнетақы жарналарының салымшылары бола алады.

4. Ерікті зейнетақы жарналарының мөлшері мен оларды төлеудің мерзімділігін ерікті зейнетақы жарналарының салымшысы өзі дербес айқындайды.

253-бап. Кепілдік берілетін депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке жатқызу

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры кепілдік берілетін депозит бойынша кепілді өтеудің талап етілмеген сомасын депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым ұсынған кепілдік берілген депозиттер бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомалары бар салымшылардың (алушылардың) тізімі негізінде ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотына "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым арасында жасасқан келісімде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде есепке жатқызады.

254-бап. Аударылған міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары туралы мәліметтерді ұсыну

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, агенттер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан

Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мерзімде міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының есептелген, ұстап қалынған (есепке жазылған) сомалары бойынша мәліметтерді көрсететін жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларация ұсынады.

Декларацияның нысанын және оны жасау тәртібін салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган белгілейді.

2. Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияда осы Кодекстің 248-бабына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуден босатылған адамдарға қатысты міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бөлігіндегі мәліметтер көрсетілмейді.

5-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ. ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ. ӨТПЕЛІ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

20-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАСЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

255-бап. Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

256-бап. Төлеушінің әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін, агенттің міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын уақтылы ұстап қалмағаны және аудармағаны үшін жауаптылығы

1. Уақтылы және (немесе) толық көлемде төленбеген әлеуметтік аударымдардың сомаларын мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады немесе төлеуші мерзімі өткен әрбір күн үшін (Қорға төлеу күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің 1,25 еселенген мөлшерінде есептелген өсімпұлмен аударуға тиіс.

Жұмыскер нақты төлеген және табыс алған жағдайда міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының агент уақтылы ұстап қалмаған (есепке жазбаған) және (

немесе) аудармаған сомаларын мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады немесе агент міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының пайдасына, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленетін жұмыскерлердің пайдасына мерзімі өткен әрбір күн үшін (Мемлекеттік корпорацияға жарналарды төлеу күнін қоса алғанда) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің 1,25 еселенген мөлшерінде есептелген өсімпұлмен аударуға тиіс.

2. Мемлекеттік кіріс органы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес тәуекел деңгейі жоғары немесе орташа санатына жатқызылған, төлеушіде әлеуметтік аударымдар бойынша, агентте міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек түзілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей төлеушіге немесе агентке берешек сомасы туралы хабарлама жібереді.

Хабарламаның нысанын салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган бекітеді.

3. Әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек өтелмеген жағдайда мемлекеттік кіріс органы:

Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес тәуекелдің жоғары деңгейі санатына жатқызылған төлеушіге немесе агентке хабарлама табыс етілген күннен бастап бір жұмыс күні өткен соң;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес тәуекелдің орташа деңгейі санатына жатқызылған төлеушіге немесе агентке хабарлама табыс етілген күннен бастап он жұмыс күні өткен соң төлеушінің немесе агенттің банктік шоттары және кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.

Мемлекеттік кіріс органдарының өкімі бойынша банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен төлеушілердің немесе агенттердің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға және әлеуметтік аударымдарды, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және өсімпұлды аударуға қатысты нұсқауларды орындауға міндетті.

Мемлекеттік кіріс органының касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімін төлеуші немесе агент Қорға немесе Мемлекеттік корпорацияға келіп түскен қолма-қол ақшаны олар келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей аудару арқылы бұлжытпай орындауға тиіс.

Төлеушінің, агенттің кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімнің нысанын салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган бекітеді.

4. Мемлекеттік кіріс органының төлеушінің немесе агенттің банктік шоттары мен кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдерінің күшін осындай өкімдер шығарған мемлекеттік кіріс органы әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек өтелген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жояды.

5. Әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек өтелмеген жағдайда пайдасына әлеуметтік аударымдар бойынша берешек өндіріп алынатын міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың немесе пайдасына міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек өндіріп алынатын жеке тұлғалардың тізімдерін:

1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес тәуекелдің жоғары деңгейі санатына жатқызылған төлеуші немесе агент – өзіне хабарлама табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес тәуекелдің орташа деңгейі санатына жатқызылған төлеуші немесе агент өзіне хабарлама табыс етілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде хабарламаны жіберген мемлекеттік кіріс органына ұсынады.

6. Осы баптың 5-тармағына сәйкес төлеуші немесе агент ұсынған тізімдер негізінде мемлекеттік кіріс органы әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек сомаларын тізімдерді алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей төлеушілердің немесе агенттердің банктік шоттарынан мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алады.

Әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша төлеушілердің немесе агенттердің банктік шоттарынан берешекті өндіріп алу төлеуші немесе агент ұсынған тізімдер қоса беріле отырып, мемлекеттік кіріс органының инкассалық өкімі негізінде жүргізіледі.

Банктік шотта (шоттарда) клиентке қойылатын барлық талаптарды қанағаттандыру үшін ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда банк Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген кезектілік тәртібімен клиенттің ақшасын алып қоюды жүргізеді.

Төлеушінің немесе агенттің банктік шотында ұлттық валютадағы ақша болмаған жағдайда әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешекті өндіріп алу мемлекеттік кіріс органдары ұлттық валютада берген инкассалық өкімдер негізінде төлеушінің немесе агенттің шетел валютасындағы банктік шоттарынан жүргізіледі.

7. Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар әлеуметтік аударымдардың, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомаларын осы сомалар төлеушілердің немесе агенттердің банктік шоттарынан есептен шығарылған күні Мемлекеттік корпорация арқылы аударуға міндетті.

8. Мемлекеттік кіріс органдары төлеушінің немесе агенттің сәйкестендіру нөмірін, басшысының тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек сомасын көрсете отырып, әлеуметтік аударымдар, міндетті зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешегі бар төлеушілердің, агенттердің тізімдерін жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

257-бап. Дауларды шешу

Осы Кодексті орындау бойынша жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар, Қор, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік корпорация арасында туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

21-тарау. ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ

258-бап. Негізгі ережелер

1. Қазақстан Республикасының мынадай салаларда:

мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау;

халықты жұмыспен қамту;

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;

әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде міндетті әлеуметтік сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру салаларындағы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға, жолын кесуге және жоюға және олардың сақталуын тексеруге бағытталған шаралар кешені әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау болып табылады.

2. Жеке тұлғалар және меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалар халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау субъектілері болып табылады.

3. Берілген құзырет шеңберінде әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды:

мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде әлеуметтік төлемдердің уақтылы және дұрыс тағайындалуы, Мемлекеттік корпорацияның алушыға әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуы бөлігінде зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша – уәкілетті мемлекеттік орган;

мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау (жұмыс берушілердің міндеттері бөлігінде) және халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша – мемлекеттік еңбек инспекциясы органдары;

бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметтері бөлігінде зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган;

салық агенттері мен дара кәсіпкерлердің өзі үшін міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды және (немесе) өсімпұлдарды есептеуді, ұстап қалуды және аударуды толық және уақтылы жүзеге асыруын бақылау бойынша мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.

4. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бақылау және тексеру нысанында және (немесе) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Ескерту. 258-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.11.2023 № 40-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

259-бап. Әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар

1. Әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды мемлекеттік әлеуметтік қорғау инспекторлары, мемлекеттік еңбек инспекторлары, уәкілетті органдардың лауазымды адамдары жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік әлеуметтік қорғау инспекторларына:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік қорғау бас инспекторы – уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамы;

2) мемлекеттік әлеуметтік қорғау бас инспекторлары – уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамдары;

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік әлеуметтік қорғау бас инспекторы – уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған лауазымды адам;

4) мемлекеттік әлеуметтік қорғау инспекторлары – уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған лауазымды адамдар жатады.

3. Мемлекеттік әлеуметтік қорғау инспекторлары Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес берілген бақылау функцияларын іске асырады.

4. Мемлекеттік әлеуметтік қорғау инспекторына қызметтік міндеттерін атқаруға кедергі келтіретін адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

5. Мемлекеттік әлеуметтік қорғау инспекторларының нұсқамаларын бақылау субъектілері орындауға міндетті.

260-бап. Мемлекеттік әлеуметтік қорғау инспекторларының құқықтары мен міндеттері

1. Мемлекеттік әлеуметтік қорғау инспекторларының мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 154-бабының 1-тармағында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген құқықтардан басқа:

1) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер беруге;

2) тексеру субъектілерінен өздеріне жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті түсініктемелерді сұратуға және алуға;

3) Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша басқа да мемлекеттік органдармен, сондай-ақ жеке және (немесе) заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауға құқығы бар.

2. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік әлеуметтік қорғау бас инспекторы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы тексеру нәтижелері негізінде бақылау субъектісіне анықталған бұзушылықтарды жою, олардың профилактикасы, оларды болғызбау, жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау туралы нұсқама шығаруға құқылы.

3. Мемлекеттік әлеуметтік қорғау инспекторлары Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 154-бабының 3-тармағында көрсетілген міндеттерден басқа:

1) тексеру нәтижелері бойынша уақтылы шаралар қабылдауға және әлеуметтік қорғау саласында бұзушылық фактілері анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген ден қою актілерін шығаруға;

2) әлеуметтік жұмыскер біліктілік талаптарына және арнаулы әлеуметтік қызмет алушылардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, өздеріне қойылатын

талаптарға сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда әлеуметтік жұмыскерді жұмыстан уақытша шеттету туралы нұсқама шығаруға;

3) арнаулы әлеуметтік қызмет алушылардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін фактілер анықталған жағдайда тексерілетін субъектінің лауазымды адамдары мен жұмыскерлерін жұмыстан уақытша шеттету туралы нұсқама шығаруға міндетті.

261-бап. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау

Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жоғары тұрған органға, сотқа шағым жасалуы мүмкін.

22-тарау. ӨТПЕЛІ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

262-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін туындаған құқықтық қатынастар осы Кодекске сәйкес регламенттеледі.

2. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін айқындалған "Алтын алқа" алқасымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналарға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері осы Кодекстің 94-бабында көзделген мөлшерге сәйкес қайта есептелуге жатады.

3. Зейнетақы жинақтары зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру шеңберінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына берілген жеке тұлғалар бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шоттары ашылған күннен бастап міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарға қосылған болып есептеледі.

Жинақтаушы зейнетақы қоры деп Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен лицензиясының қолданысы тоқтатылған, зейнетақы жарналарын және зейнетақы төлемдерін тарту жөніндегі қызметті жүзеге асырған заңды тұлға түсініледі.

4. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры осы баптың 3-тармағына сәйкес зейнетақы жинақтары бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына берілген жеке тұлғалар алдындағы жинақтаушы зейнетақы қорларының барлық міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқор болып табылады.

5. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында атына жеке зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаның сұрау салуы бойынша, осы

Кодекстің 55-бабында көзделген ережелерді ескере отырып, осы баптың 3-тармағына сәйкес зейнетақы жинақтары бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылған зейнетақы жинақтарының жинақтаушы зейнетақы қорында болу кезеңіндегі зейнетақы жинақтары туралы ақпаратты төлемақы алмай ұсынады.

6. 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін:

1) осы Кодекстің 27-бабы 2-тармағының бірінші абзацының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғаларды қоспағанда, төлеуші:";

2) осы Кодекстің 256-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінің қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бөлік мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалардың төлемдерін қоспағанда, әлеуметтік аударымдардың уақтылы және (немесе) толық көлемде төленбеген сомаларын мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады немесе мерзімі өткен әрбір күн үшін (Қорға төленген күнді қоса алғанда) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің 1,25 еселенген мөлшерінде есептелген өсімпұлмен төлеушінің аударуына жатады.";

3) осы Кодекстің бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есептеу (есебіне жазу) және аудару, олар бойынша өндіріп алу, оларды сақтау және есепке алу, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, сондай-ақ шартты зейнетақы шоттарының құпиясы мәселелерін реттейтін нормаларының қолданысы тоқтатыла тұрсын.

7. Мыналардың:

1) осы Кодекстің 1-бабы 1-тармағының 18) тармақшасы бірінші абзацының қолданысы 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, бұл абзац 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"18) әлеуметтік аударымдарды төлеуші (бұдан әрі – төлеуші) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын жұмыс беруші, дара кәсіпкер, соның ішінде шаруа және фермер қожалығы, жеке практикамен айналысатын адам, сондай-ақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлға;"

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"18) әлеуметтік аударымдарды төлеуші (бұдан әрі – төлеуші) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын жұмыс беруші, дара кәсіпкер, соның ішінде шаруа және фермер қожалығы, жеке практикамен айналысатын адам.";

2) осы Кодекстің 243-бабы 4) тармақшасының, 245-бабы 3-тармағының, 246-бабы 3-тармағының қолданысы 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.

263-бап. Осы Кодексті қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Кодекс 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Кодекстің 226-бабы 13-тармағының күші осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған зейнетақы аннуитеті шарттарынан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

3. Мыналар:

1) осы Кодекстің 17-бабы 1-тармағының 23), 24), 25), 26) тармақшалары, 78-бабы 2-тармағының төртінші және бесінші бөліктері, 85-бабы 1-тармағының бесінші және алтыншы бөліктері, 113-бабы 1-тармағының екінші бөлігі, 181-бабының 3-тармағы, 240-бабының 1-тармағының екінші және үшінші бөліктері, 243-бабының 5) тармақшасы, 244-бабының 2-тармағы, 245-бабының 4-тармағы, 246-бабының 4-тармағы, 248-бабы 9-тармағының 7) тармақшасы, 249-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады;

2) осы Кодекстің 35-бабы 2-тармағының 24) және 25) тармақшалары, 226-бабы 4) тармағының үшінші және төртінші абзацтары, 5-тармағы, 227-бабы 4-тармағының 3) және 4) тармақшалары 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі;

3) осы Кодекстің 138-бабының 5) тармақшасы, 142-бабының 2-тармағы, 156-бабы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі;

4) осы Кодекстің 1-бабы 1-тармағының 53) тармақшасы 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі деп белгіленсін.

4. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) 40-баптың 5-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"5. Агенттер:

1) міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын уақтылы есептеуге, ұстап қалуға (есептеуге) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төлеуге;

2) пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын бойынша берешек өндіріп

алынатын жеке тұлғалардың тізімдерін осы Кодекстің 255-бабының 5-тармағында белгіленген мерзімдерде мемлекеттік кіріс органдарына ұсынуға міндетті.";

2) 122-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1. Шартты ақшалай көмек осы баптың 4-тармағында көрсетілген адамдарды (отбасыларды) қоспағанда, жалғызбасты және (немесе) жалғыз тұратын еңбекке қабілетті табысы аз адамдарға, сондай-ақ құрамында еңбекке қабілетті мүшесі (мүшелері) бар табысы аз отбасыларға, оның ішінде қызметі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 213-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес тоқтатыла тұрған дара кәсіпкерлер болып табылатын жеке тұлғаларға ол (олар) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысқан жағдайда және (немесе) әлеуметтік бейімдеу қажеттілігі болған кезде көрсетіледі."

3) 228-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры сақтандыру ұйымымен жасасқан зейнетақы аннуитеті шарты туралы мәліметтерді алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға міндетті."

5. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) 120-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3. Қазақстан Республикасы бойынша кедейлік шегінің мөлшерін уәкілетті мемлекеттік орган статистика саласындағы мемлекеттік орган есептейтін халықтың медианалық кірісі негізінде мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктеріне байланысты орташа есеппен жан басына шаққандағы пайыздық мәнде айқындайды.";

2) 135-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған конкурстарға, стратегиялық әріптестікті іске асыруға Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік тапсырысқа, гранттарға және сыйлықақыларға қатысуға;"

3) 136-бап мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"136-бап. Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсынатын ұйымдардың тіркелімі мен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімі

1. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін ұйымдардың тіркелімі – әлеуметтік қызметтер порталында өнім берушілер ретінде тіркелген ұйымдардың электрондық тізбесі.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімі – әлеуметтік қызметтер порталында тіркелген және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың электрондық тізімі.

2. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың тіркелімі мен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен ұйымдар мен мамандарды әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталында электрондық нысанда есепке алу үшін қалыптастырылады.

3. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардың тіркелімінде және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мамандардың тізілімінде қамтылған мәліметтер арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар мен мамандардың келісімімен жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады.";

4) 139-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1. Арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамға (отбасына) тұрғылықты жері бойынша Отбасының цифрлық картасының деректері негізінде арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуға келісетіні туралы хабарлама жіберіледі.

Проактивті қызмет арқылы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету үшін құжаттарды ресімдеуге жүгінген күн осы қызметті көрсетуге құжаттарды ресімдеуге келісім алған күн болып саналады.";

5-1. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) 1-баптың 1-тармағы 119) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"Осы Кодекстің 102-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған интернет-платформа операторы осы Кодекстің 243-бабы бірінші бөлігінің 7) тармақшасында аталған адамдар үшін міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент ретінде қарастырылады;"

2) 17-баптың 1-тармағының 22-2) тармақшасы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"22-2) интернет-платформа операторы жүргізген әлеуметтік аударымдардың, міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының және (немесе) оларды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың қате (артық) төленген сомаларын қайтаруды жүзеге асыруды;"

3) 102-1-баптың 1 және 4-тармақтары мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1. Оператор арнаулы мобильдік қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлер болып табылатын орындаушылардың кірістерінен осы Кодекске сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті әлеуметтік

медициналық сақтандыруға жарналарды және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес жеке табыс салығын ұстап қалуды және ұсталған сомаларды аударуды жүргізеді";

"4. Орындаушының осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес әлеуметтік аударымдар мен міндетті зейнетақы жарналарының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналардың мөлшерлемелерін айқындауының, сондай-ақ Оператордың осы бапта көрсетілген жеке табыс салығын, міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарды ұстап қалуы мен аударуының тәртібін денсаулық сақтау саласында, салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету, ақпараттандыру салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органдармен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

6. 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) 1-баптың 1-тармағының 75) және 79) тармақшалары мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"75) зейнетақы жинақтарының ең төмен жеткіліктілік шегі – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен әдістемеге сәйкес айқындалған, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын жасына байланысты ең төмен зейнетақы мөлшерінен төмен емес ай сайынғы зейнетақыны қамтамасыз ету үшін қажетті, міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының ең төмен мөлшері;"

"79) ең төмен зейнетақы мөлшері – осы Кодекстің 205-бабында көрсетілген адамдар үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері;"

2) 202-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"3. Қарттарға және мүгедектігі бар адамдарға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында тұрып жатқан және мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі адамдарға жасына байланысты зейнетақы төлемдері:

1) егер осы нормаға сәйкес есептелген жасына байланысты зейнетақы төлемінің мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген жасына байланысты зейнетақының ең төмен мөлшерінен төмен болса, осы Кодекстің 210-бабының 6-тармағында көзделген көлемде;

2) осы Кодекстің 210-бабына сәйкес есептелген, жасына байланысты зейнетақы төлемдері мөлшерінің 30 пайызы көлемінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген жасына байланысты зейнетақының ең төмен мөлшерінен кем емес көлемде жүргізіледі.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің тағайындалған мөлшерінің 70 пайызын аудару жеке банктік шотқа немесе арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарының қолма-қол ақшаны бақылау шотына жүргізіледі.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарының көрсетілген қаражатты пайдалану тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.";

3) 210-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"5. 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін талап етілетін еңбек өтілінен тыс жұмыс істеген әрбір толық жыл үшін жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 1 пайызға ұлғаяды, бірақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін ескерілетін кірістің 75 пайызынан аспайды.

Егер жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің есептелген мөлшері толық көлемде республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін жасына байланысты зейнетақының ең төмен мөлшерінен төмен болса, жасына байланысты зейнетақы төлемдері жасына байланысты зейнетақының ең төмен мөлшерінде тағайындалады.";

4) 216-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"6. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында стационар жағдайында тұрып жатқан және мемлекеттің толық қамтамасыз етуіндегі адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері осы Кодекстің 213-бабына сәйкес тағайындалған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері мөлшерінің 30 пайызы көлемінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген жасына байланысты ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем емес мөлшерде жүргізіледі.

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің тағайындалған мөлшерінің 70 пайызын аудару жеке банктік шотқа немесе арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарының қолма-қол ақшаны бақылау шотына жүргізіледі.

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарының көрсетілген қаражатты пайдалану тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

Алушы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығынан шыққан жағдайда шыққан айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемі толық көлемде қайта басталады.";

5) 220-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы жинақтарының сомасы осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген адамдардың

зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын жасына байланысты ең төмен зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда бір рет төленеді.

7. Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының;

2) "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының;

3) "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының;

4) "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының;

5) "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының;

6) "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының;

7) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының;

8) "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының;

9) "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының;

10) "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп танылсын.

Ескерту. 263-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 01.07.2024 № 104-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ. ТОҚАЕВ